

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.УТЕМИСОВА



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойына арналған  
**«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАСЫ: ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЗЕРДЕЛЕУ»**  
атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның **МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

*27 наурыз 2020 жыл*



**1150 ЖЫЛ**

**СБОРНИК СТАТЕЙ**  
республиканской научно-практической конференции  
**«НАУЧНОЕ И ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АБУ НАСЫРА АЛЬ-ФАРАБИ:  
ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ»**  
посвященной 1150-летию юбилею Абу Насыра аль-Фараби

*27 марта 2020 года*

Орал-Уральск, 2020

**Ұйымдастыру комитетінің төрағасы / Председатель организационного комитета:**

**Ахмеденов К.М.** – г.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры / к.ғ.н., ассоциированный профессор (доцент), проректор по НР и МС ЗКГУ им. М.Утемисова

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері / Члены организационного комитета:**

**Имашев Э.Ж.** – философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылым бөлімінің жетекшісі / доктор философии (PhD), руководитель отдела науки ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Нестеренко Г.И.** – э.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ тарих, экономика және құқық факультетінің деканы / к.э.н., доцент, декан факультета истории, экономики и права ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Муханбеткалиев А.С.** – п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ филология факультетінің деканы / к.п.н., декан филологического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Габдрахманова Ш.Т.** – п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ педагогика факультетінің деканы / к.п.н., декан педагогического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Кульжумиева А.А.** – ф.-м.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ физика-математика факультетінің деканы / к.ф.-м.н., декан физико-математического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Кажимова К.Р.** – философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚМУ мәдениет және өнер факультетінің деканы / доктор философии (PhD), декан факультета культуры и искусства ЗКГУ им. М.Утемисова;

**Тургумбаев А.А.** – э.ғ.м., М.Өтемісов атындағы БҚМУ жаратылыстану-география факультетінің деканы / м.э.н., декан естественно-географического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова.

**Ә 19 Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми және рухани мұрасы: тарих және заманауи зерделеу / Научное и духовное наследие Абу Насыра аль-Фараби: история и современное осмысление:** Респ. ғыл.-прак. конф. мақ. жин. / Сб. ст. респ. науч.-прак. конф. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2020. – 279 б.

**ISBN 978-601-266-474-4**

Жинаққа «Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми және рухани мұрасы: тарих және заманауи зерделеу» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысқан авторлар мақалаларының мәтіндері енді. Мақалаларда отандық ғалымдардың әр түрлі ғылыми бағыттар бойынша зерттеу нәтижелері қамтылған.

Жинақ жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлеріне, оқытушыларына, докторанттарына, магистранттарына және студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, сонай-ақ қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

В сборник вошли тексты статей авторов, принимавших участие на республиканской научно-практической конференции «Научное и духовное наследие Абу Насыра аль-Фараби: история и современное осмысление». В статьях представлены результаты исследований отечественных ученых по различным научным направлениям.

Сборник предназначен для научных сотрудников, преподавателей, докторантов, магистрантов и студентов высших учебных заведений, учителей школ, а также для всех заинтересованных читателей.

ӘОЖ 1/14  
КБЖ 87

**ISBN 978-601-266-474-4**

©М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

«Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми және рухани мұрасы: тарих және заманауи зерделеу» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Шығыс пен түркі әлемінің ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойына арналған ғылыми шараларының бірі болып табылады. Оның ғылыми еңбектері әлем тарапынан бағаланып, ортағасырлық шығыс философиясының, музыкатану, филология, астрономия, математика және басқа да жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Әлбетте, әл-Фарабидің ғылыми мұрасы Қазақстанның ғылымы мен білімі үшін де үлкен маңызға ие.

Конференция жинағы Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қостанай, Нұр-Сұлтан, Талдықорған және Орал қалаларының ғылыми-білім беру мекемелерінің ғалымдарының, оқытушыларының, мұғалімдерінің, докторанттарының, магистранттары мен студенттерінің, жалпы саны 133 қатысушының 90 мақаласын тоғыстырып отыр. Қатысушылардың материалдары конференцияның төменде келтірілген негізгі бағыттары бойынша ұсынылған:

- «Қазақстандық қоғамды жетілдіру аясындағы әл-Фарабидің философиялық және қоғамдық-саяси көзқарастары»;
- «Педагогикалық ғылым: әл-Фараби мұрасы және қазіргі жағдайы»;
- «Әл-Фараби мұрасындағы түркі әлемінің музыкатану ілімінің аспектілері»;
- «Жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуындағы әл-Фараби еңбектерінің маңызы»;
- «Әл-Фараби еңбектеріндегі адамның танымдық іс-әрекетінің психологиялық және педагогикалық аспектілері»;
- «Әл-Фарабидің гуманистік идеялары және жастардың қазіргі дене тәрбиесі»;
- «Әл-Фараби мұрасы және қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері».

Аталған ғылыми жинақты даярлау ісіне өзіндік зияткерлік үлес қосқан авторларға алғыс білдіремін.

*Құрметпен, Н.Х. Серғалиев,  
М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, б.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор (доцент)*

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Республиканская научно-практическая конференция «Научное и духовное наследие Абу Насыра аль-Фараби: история и современное осмысление» является одним из научных мероприятий Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова, посвященной 1150-летию юбилею выдающегося ученого Востока и тюркского мира Абу Насыра аль-Фараби. Его научные труды получили мировое признание и способствовали становлению и развитию средневековой восточной философии, музыковедения, филологии, астрономии, математики и других естественных наук. Безусловно, научное наследие аль-Фараби имеет большое значение для науки и образования Казахстана.

Сборник конференции объединяет 90 статей 133 ученых, преподавателей, учителей, докторантов, магистрантов и студентов научно-образовательных учреждений городов Актөбе, Алматы, Атырау, Костанай, Нур-Султан, Талдықорған и Уральск. Материалы участников представлены по следующим основным направлениям конференции:

- «Философские и общественно-политические взгляды аль-Фараби в контексте модернизации казахстанского общества»;
- «Педагогическая наука: наследие аль-Фараби и современное состояние»;
- «Аспекты музыковедения тюркского мира в наследии аль-Фараби»;
- «Значение трудов аль-Фараби в становлении и развитии естественных наук»;
- «Психологические и педагогические аспекты познавательной деятельности человека в трудах аль-Фараби»;
- «Гуманистические идеи аль-Фараби и современное физическое воспитание молодежи»;
- «Наследие аль-Фараби и актуальные проблемы современной филологической науки».

Выражаю благодарность авторам, внесшим интеллектуальный вклад в подготовку данного научного сборника.

*С уважением, Н.Х. Серғалиев,  
ректор ЗКГУ им. М.Утемисова, к.б.н.,  
ассоциированный профессор (доцент)*

## 1 СЕКЦИЯ

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖЕТІЛДІРУ АЯСЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

### ФИЛОСОФСКИЕ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АЛЬ- ФАРАБИ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

УДК 340.12

Батыров Б.Ж., Сералинов Д.Т.  
*г. Костанай*

#### АЛЬ-ФАРАБИ И ТЮРКСКОЕ ПРАВО

Сведения о жизни Фараби скудны. Часть сведений о Фараби, как и о других выдающихся исторических личностях, является легендарными. Достоверно известны только годы смерти Фараби и его переезда в Дамаск, остальные даты приблизительны. Такая ситуация вызвана тем, что доступные источники, содержащие биографические сведения о Фараби, были созданы достаточно поздно, в XII-XIII веках. Среди биографов Фараби можно указать Бейхаки, Кифти, Ибн Аби Усейбия, Ибн Хелликана. Позднейшие авторы опираются на биографические сведения, сообщённые в работах указанных авторов. Существуют упоминания более ранней биографии Фараби, приведённой в справочном труде о великих мудрецах прошлого, составленного Абу Саидом ибн Ахмадом, автором XI века, но этот труд не дошёл до нашего времени, и известен только по цитатам и ссылкам в других источниках.

Для однозначного определения этнической принадлежности Фараби имеющихся фактов недостаточно [1].

Считается, что аль-Фараби родился в местности Фараб (современный Отрар, Южный Казахстан), там где река Арыс впадает в Сырдарью [2]. Современник Фараби, Ибн Хаукал, указывал, что к числу городов Фарабского округа принадлежит Весидж, из которого происходит Абу-Наср аль Фараби.

Предполагают, что первоначальное образование Фараби получил на родине. Существуют сведения о том, что до своего отъезда из Средней Азии Фараби побывал в Шаше (Ташкент), Самарканде и Бухаре, где некоторое время учился и работал [5; 6].

Продолжать образование философ отправился в Багдад, столицу и культурный центр Арабского халифата. По пути он побывал во многих городах Ирана: Исфахане, Хамадане, Рее (Тегеран). В Багдаде Фараби поселился во время правления халифа ал-Муктадира (908-932) и приступил к изучению различных отраслей науки и языков. Относительно имён учителей Фараби не наблюдается согласия. Известно, что он изучал медицину, логику и греческий язык.

Багдад был центром притяжения для интеллектуалов того времени. Именно здесь работала знаменитая школа переводчиков, в которой значительную роль играли несториане. Они переводили и комментировали произведения Платона, Аристотеля, Галена, Евклида. Шёл параллельный процесс освоения культурных достижений Индии. Такая работа стимулировала и самостоятельную творческую активность. Наставниками Аль-Фараби в Багдаде оказались Юханна ибн Хайлан и знаменитый переводчик античных текстов на арабский язык Абу Бишр Матта. О Юханне ибн Хайлане, по сообщению Усейбия, Аль-Фараби рассказывал как о человеке, который был приобщён к живой традиции передачи наследия Аристотеля от учителя к ученикам через целый ряд поколений. Абу Бишр Матта преподавал логику, но, как говорят средневековые источники, ученик довольно быстро превзошёл учителя. Следует отметить одно обстоятельство из годов учения Аль-Фараби в Багдаде: он получил возможность ознакомления со «Второй Аналитикой» Аристотеля, которую теологически настроенные несториане пытались «прикрыть», поскольку там развивались теоретико-познавательные взгляды, не оставлявшие места для религиозного откровения.

Вскоре Фараби стал известным учёным. В 941 году перебрался в Дамаск, где провёл оставшуюся часть жизни, занимаясь научной работой. В Дамаске Фараби завершает начатый

ранее «Трактат о добродетельном городе». Очевидно, что в первые годы жизнь Фараби в Дамаске не была легкой. В литературе существуют рассказы, что он был вынужден работать садовым сторожем, а научной деятельностью занимался лишь по ночам, при свете купленной на заработанные деньгами свечи. Однако вскоре он находит покровителя – халебского правителя Сайф ад-Даула Али Хамдани (943-967), который покровительствовал передовым людям своего времени, в частности поэтам из различных стран Востока, в числе которых Абу Фирас, Абул Аббас ан-Нами, Абул Фарадж ал-Вава, Абул Фатх Кушуджим, ан-Наши, ар-Раффи, Ибн Нубата, ар-Раки, Абдуллах ибн Халавейхи, Абу-т-Тайиб ал-Лугави ал-Фариса и др. Впрочем, придворным учёным Фараби не стал и не перебрался в Халеб, лишь приезжал туда из Дамаска. В 949-950 годах Фараби побывал в Египте.

Существуют две версии смерти Фараби. Согласно первой версии, он умер естественной смертью в Дамаске, согласно второй – убит грабителями при поездке в Аскалан [3]. Также известно, что Фараби был похоронен без участия духовенства [7]. В то же время отдельные мусульманские авторы стремятся показать Фараби правоверным мусульманином [8].

Упомянуты ученики Фараби – Яхья ибн Ади в Багдаде и Ибрагим ибн Ади в Алеппо, которые после смерти учителя продолжили комментарии как его трактатов, так и работ греческих философов.

Чем глубже корни и основания того или иного объекта приложения человеческих знаний и умений, а тем более если речь идет о нормах гражданского права, тем авторитетнее предстает данная отрасль знаний и практики. Возраст отечественной юриспруденции официально исчисляется последними несколькими веками, тогда как зачатки знаний и представлений мыслителей о правилах общежития формировались и, более того, закрепились письменно, гораздо раньше, чем принято думать.

В этой связи хотелось бы обратить внимание на тот пласт культуры межчеловеческих отношений и взаимодействия государства и подданных, который исследовал средневековый гуманист, мыслитель, создатель трактатов, ценимый в европейской научной традиции как усердный трактователь трудов античных философов на Востоке.

Учение аль-Фараби, его актуальность и многожанровость не вызывают сомнений. Более того, его квинт-эссенция, а именно: счастье как смысл человеческого существования, может и должна браться за основу социально-гуманитарных исследований. Мыслитель средневековья аль-Фараби пользовался большой популярностью, будучи личностью с обширным кругозором и со знанием дела штудировавшим труды античных авторов [4]. Его трактаты раскрывают системную творческую лабораторию ученого; она базировалась на уважении к человеку как центру мироздания, желании актуализировать суть его миссии на земле. Современное научное видение закономерно пришло к аналогичному выводу: только человеческий разум способен справиться с глобальными вызовами. И это лишний раз подтверждает целостность мировоззрения аль-Фараби и его влияния на последующий процесс познания в тюркской научной среде как лепту в традицию преемственности.

Философ, исследователь, музыковед, целитель аль-Фараби остается безусловным брендом и непреходящей гордостью тюркского и мирового сообщества. Своими трудами и духовностью он сумел поднять на достойный уровень, возвысил общетюркское право, язык и культуру. Ведь трактаты ученого напрямую касались обустройства социума, взаимоотношения, в котором строятся людьми, а людей можно научить правильному управлению. Эта рациональная сторона трудов аль-Фараби являлась почти революционной в период средневековья, тогда как она выражена им весьма условно, опосредованно размышлениями о миссии и свойствах так называемого «города». Под городом аль-Фараби подразумевает, вне сомнений, более широкое понятие, а именно: «государство», «социум». Не случайно он подразделяет виды городов - от «невежественного» до «добродетельного». Далее раскрываются качества вкладываемые им в те или иные разновидности «городов». Было бы ошибочным игнорировать наследие аль-Фараби, который обладал богатым воображением и даром научного предвидения, высветив, под видом урбанистического коллажа, будущую социальную эволюцию.

Противники такой концепции могут выдвинуть контраргумент, что античный период, который преимущественно служил пищей для научных диспутов, содержал это понятие «город-государство», который не может переноситься на средние века и последующие этапы всемирно-исторической спирали. Однако, можно возразить уже потому, что города-государства как реальность присутствовали в контексте развития на протяжении того участка Шелкового

пути, что пересекал южные области Казахстана. Такие города, как Сыгнак, Сауран, Алмалык и другие, в силу обусловленности природно-климатических условий приобрели форму моногородов, или городов-крепостей [9]. Этническая наполняемость стационарных поселений, окруженных полупустынями и враждебными иноэтническими обществами, также соответствовала дефиниции «город-государство». Таким образом, будет справедливым заметить, что аль-Фараби экстраполировал знания об античности на современные азиатские города-поселения, и данный объект исследований поглощал его воображение и предоставлял благодатное поле для практических опытов.

Поскольку с предметом изысканий мыслителя более-менее все ясно, то возникает вполне уместный вопрос, насколько близко подошел аль-Фараби к изучению и усовершенствованию правовых отношений в тюркском социуме? Безусловно, сама постановка вопроса имеет место быть, ведь декларируя категорию «доброто» города, ученый априори закладывал в его базис защиту прав горожан?! Противники версии легко возразили бы, что средневековая схоластика и юриспруденция – вещи несовместимые, но только не в отношении такой масштабно мыслившей фигуры, каким являлся аль-Фараби, при жизни признанный учеными собратьями «вторым после Платона»! Он никогда не занял бы эту отведенную ему достойную нишу – рядом с именами Авиценны и Ибн Рушда, – без присущей оригинальности и умения всесторонне рассмотреть интересовавший предмет. Правовые отношения, или умение договариваться, присутствуют в любом даже низшем социуме, и вполне могли быть предметом диспутов во времена аль-Фараби. Мыслитель, претендовавший на создание трактатов о счастье рода человеческого, был вправе обратиться к данной отрасли познания в целях научения последователей его учения правилам, без которых нельзя обходиться в социуме. Таким образом, тюркское право в некоторой степени обязано аль-Фараби, во-первых, проявленным им интересом, во-вторых, огромной верой в то, что соотечественники придут когда-либо к совершенным формам взаимных контактов, преодолевая невежество и инстинкты военной демократии.

Тюркское право – тема, действительно редко рассматриваемая в специальной литературе, тогда как значение ее выходит за рамки простой интерпретации общетюркского наследия [10]. Глобализация стимулирует интеллектуалов Центральной Азии (ЦА) заняться поисками если не заветного «философского камня», то оптимальных подходов к практике принятия решений в самых различных сферах человеческого общения, от внутристрановых до региональных и межконтинентальных. В сфере международных отношений, которые становятся все более непредсказуемыми и хрупкими, роль региона ЦА обозначается все более зримее в силу зависимости сообщества от капризов глобального климата, киберпреступности, религиозного экстремизма и терроризма. В силу транзитного географического расположения ЦА подвержена антиправовым влияниям весьма ощутимо. Поиск совместных решений из ситуации вполне под силу на базе междисциплинарных исследований.

Обратившись к наработкам предшественников в лице аль-Фараби, Ибн Рушда, потомки вправе искать ответы на глобальные вызовы и на сакральном уровне. На рубеже 19-20 вв. к теме роли и влияния тюркского права в историко-культурном дискурсе обращались казахские исследователи и сочинители Шокан Уалиханов, Абай Кунанбаев и Шакарим Кудайбердыев, Машгур-Жусип Копеев. Репрессии унесли жизни выдающихся юристов начала 20 столетия: Жакыпа Акпаева, Алихана Букейханова, других видных представителей алашевцев, что отодвигает на неопределенное время возможность познакомиться с их видением места и роли тюркского наследия в региональном и всемирном масштабах. Однако, четкое понимание ими ситуации и апелляцию к здравому смыслу историки реконструируют по тем действиям, которые были реализованы руководством Алаш (участие в Государственной Думе России, разработка основ Конституции будущей автономии, позиция в годы первой мировой войны и восстания в Казахстане 1916 года, поиск компромисса и альянс с Советской властью и др.). Модель «доброто» города-государства, изложенная в средние века аль-Фараби, должна была воплотиться в жизнь Казахстана через проект Алаш.

В годы тоталитаризма любые реверансы в сторону мусульманских ученых-теологов были под «табу». Рукописи на арабской вязи не сразу были «реабилитированы» после многих лет запрета и уничтожения. Очень осторожно в науку возвращена была ранее малоисследованная тюркская предыстория. Благодаря многолетним поискам Льва Гумилева и «евразийцев» на основе артефактов были доказаны наличие письменности и начата дешифровка надписей на каменных изваяниях [13]. Позже, казахстанские и российские этнографы А.Х. Маргулан, Х.А.

Аргынбаев, востоковеды-тюркологи С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов, А. Сейдимбек и др. детально реконструировали отголоски древнего права тюрков в анналах истории Евразии. Немаловажно обратиться к публицистике Мустафы Шокая, прозе и поэзии Магжана Жумабаева, Мухтара Ауэзова, Ильяса Есенберлина, чтобы прочувствовать в специфической мелодике тюркской словесности особый гуманизм. Философское наследие аль-Фараби обрело новую жизнь благодаря казахстанцам А. Касымжанову и его последователям. Переводы трактатов аль-Фараби по музыке и медицине на русский язык сделали их достоянием народов Союза и позволили во всей красоте продемонстрировать спектр интересов ученого.

Из исторической науки в сферу юриспруденции, благодаря замечательным трудам академика Салыка Зиманова по обычному праву казахов, были внесены ценные источники и положения для дальнейшего изучения темы на конкретно-историческом примере [12]. Можно утверждать, что методологические разработки С.З. Зиманова легли в основу последующего развития и совершенствования права в государствах тюркского мира, в частности традиции гуманизма и историзма. При условии координации исследований, современные наработки в области права в Казахстане, СНГ и дальнем зарубежье со временем позволят создать фундаментальный труд и раскрыть общие и особенные черты формирования нормативно-правовой базы в истории государственности тюрков. Априори среди них должны быть выделены: гуманизм, авторитет и уважение к старшим, почитание национальных традиций. В тюркской традиции обычного права строго следуются: поведение, приведшее к разрушению семьи, унижение женщины, нарушение традиций, посягательство на природное начало и т.п. Перечисленные моменты легко идентифицируются в нарративных тюркоязычных источниках, эпических текстах, фольклоре [11].

Сакральный характер и методологическую миссию обозначенных норм права метафизически сумел закрепить аль-Фараби в своих трудах, созданных им во благо поколений. Это важно донести и до нового поколения обучающихся, чтобы помочь им осознать преемственность и бесценность учения аль-Фараби в продвижении общечеловеческих норм общежития. К тому же, благодаря изучению праистории юриспруденции, право как отрасль знания и науки в Республике Казахстан и тюркском социуме в целом обретет, на наш взгляд, дополнительную устойчивость в плане фундаментальности. Безусловно, междисциплинарные усилия крайне необходимы в деле изучения тюркского научного наследия. Труды аль-Фараби известны в современных европейских научных кругах не в должной мере, соответственно задача казахстанских востоковедов, философов, правоведов, историков науки и культуры исправить эту «погрешность».

### Литература

1. Gutas D. Farabi Encyclopaedia Iranica. Дата обращения: 04.04.2010 г.
2. Бартольд В.В. Сочинения. Т. 1. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – С. 234-236.
3. Хайруллаев М.М. Абу Наср ал-Фараби. – М.: Наука, 1982. – С. 41, 48.
4. Касымжанов А.Х. Абу-Наср аль-Фараби. – М.: Мысль, 1982. – 189 с.
5. John R. Pottenger. Reaping the Whirlwind: Liberal Democracy and the Religious Axi. – Washington, DC: Georgetown University Press, 2007. – 342 p.
6. Edward A. Allworth. The Modern Uzbeks: From the Fourteenth Century to the Present: A Cultural History. – Hoover Institution Pres, 1990. – 424 p.
7. Али Ахбар Хусейни. Мажму ал-авлиё / Рукописный фонд Института востоковедения им. Беруни АН Республики Узбекистан. – Л. 230а.
8. Абдугаффар Казвини. Нагаристани Гаффари. – Бомбей, 1858. – С. 92.
9. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
10. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1989.
12. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Ғылым, 1994.
13. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины 19 века. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 296 с.
14. Муканова Г.К. Отражение международных контактов тюрков в текстах VIII в. (на примере памятника Кюльтегина) // Материалы Международной научно-теоретической конференции «Древнетюркская цивилизация - памятники письменности». – Астана: ЕврНУ, 2001. – С. 219 - 223.

### ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұпаққа өтіп келе жатқан ардагер азаматтар тарихта аса көп емес. Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұятап қоныс тебеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзентерінің бірі – Әбу-Насыр Әл-Фараби.

Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб (қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қала) қаласында дүниеге келді. Ғұлама ойшылдың толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби.

Әбу-Насыр Әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы (арабша “Муаллими ас-сани”) атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиеті, ақын.

Әл Фараби заманында бүкіл ОртаАзия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болған. Соған байланысты қала халқы сауда саттық мәселесінде ислам қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Соның ішінде рухани, ғылыми тіл араб тілі болған. Сондықтан осы қалада сауат ашып, осы қалада білімге, ғылымға деген құмарлығы оянған Әл-Фарабидің осы үш тілді жетік білуі заңдылық еді. Ол кейін білім ғылым іздеп, көп жерді аралайды. Ақыры сол кезде әлемнің ғылым дүниесінің орталығы болған Бағдадқа келіп, сонда тұрақтап қалады. Сол кездің әйгілі ғалымдарымен кездесіп, олармен сырлас болады. Грек, латын, санскрит және басқа тілдерді үйренеді. Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларының бәріне, өнеріне өзіндік үлес қосып, елеулі із қалдырады.

Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білім, әдебиет теориясы т.б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ.

Фарабидің “Ақылдың мәні туралы тарихтан”, “Данышпандықтың інжу маржаны”, “Ғылымдардың шығуы”, “Философияны оқу үшін алдымен не білу керек”, “Аристотель еңбектеріне түсіндірме” (“Поэтика”, “Риторика”, “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, бірінші және екінші “Аналитика”) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Әрине Әбу-Насыр әл-Фараби ең алдымен кезінде «Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философ болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетпен таныстыруда зор роль атқарды.

Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық проблемаларды шешуге қабілетті ең басты күш-ақыл-парасат деп біледі. Мысалы, Әл-Фараби “білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді” деп ескертеді.

Әл-Фараби өзінің “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы” атты кітабында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз етеді. Мұндағы “қала” деп отырғаны – мемлекет. Ғалым бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы менсідіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моралдық бейнесі, мұндай қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әрбір адамның бақытқа жетуі үшін бүкіл қоғам болып, бірігіп тіршілік етуі керектігі, т.б. мәселелер жайындағы өз пікірін ортаға салады. Алайда Фараби өз дәуірінің перзенті еді.



Сонымен Фараби болашақ қоғамда адамдардың емін-еркін өмір сүретін, қоғам мүшелерінің бәрі тең, бірін-бір құрметтейтін, бақытты қоғам ретінде суреттейді. Бүкілхалықтық бақытқа жетудің бірден – бір жолы ғылымды, білімді игеруде деп білді. Үлкен ғұлама, ойшыл ретінде қайырымды мемлекет барша халықтың бақыты туралы армандады. Ал, енді Фараби ұлы гуманист феодалдық соғыстарға, ел-жұртты тонауға, тақ пен тәж үшін болған қан төгістерге, әділетсіздікке қарсы шықты, адамның еңбекке, білімге, бейбіт өмірге деген құжын қорғауға әрекет жасады.

Фараби Аристотель еңбектерін барлық қорынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Фараби ғылымының салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Фараби ғылымының философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі. Әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізілді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы кесек еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерология тәріздес жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі озық және тозық қағидаларды талдады.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, “Риторика”, “Поэтика”, бірінші және екінші “Аналитика”, “Топикасы” және тағы басқа да еңбектерін түсіндірген.

Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да “Кеменгерлік меруерті”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мәселелердің түп мазмұны”, “Ғалымдардың шығуы”, “Бақытқа жету”, “Азаматтық саясат”, “Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері” сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары т.б. туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін өз қағидасы бар. өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп ғылымның бүгіні мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі – баршаға бірдей ортақ қазына. Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаның бірі – қазақ топырағынан шыққан данышпан Абу Насыр Әл –Фараби. Мәдени мұрасын талдап, іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, халыққа жеткізу – кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті.

### Әдебиеттер

1. Кобжов А. Әл-Фараби. – Алматы, 1971.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.

ӘОЖ 929(09)045

**Карабалина С.С., Қалыбаев А.Б.**  
*Орал қ.*

### ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА ФИЛОСОФЫ – ӘЛ-ФАРАБИ

*...Адам денесінің жетілуі –оның саулығы;  
егер адам сау болсағ онда оны сақтау керек,  
ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек.  
Әл-Фараби.*

Елімізде ең басты құндылық – адам болғандықтан, адам өмірінің мәні мықты да салауатты денсаулықта. Денсаулық сақтаудың басты негізі салауатты өмір салтын қалыптастыруды жүзеге асыру болып табылады.

Қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру — қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Адамның өз денсаулығына көзқарасын өзгертуі, ең алдымен, тәрбиелік мәселе. Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұзақ үрдіс, бірақ бұл нағыз денсаулықты сақтайтын және нығайтатын жолдардың бірі. Ол адамзаттың өз денсаулығын сақтауға жауапкершілігін едәуір дәрежеде арттырады.

Қимыл белсенділігі — бұл салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Денсаулықты сақтау жөніндегі көптеген мәліметтер бізге Шығыстың, Мысырдың, Қытайдың, Гректің, Тибеттің, Израилдың, Ливанның ежелгі қолжазбалары (папирустар) арқылы жетті. Бұл қолжазбаларда Ежелгі Шығыстың хан сарайындағы емшілер сол ханның денсаулығы болған күндеріне ғана ақы алғандығы туралы қызық фактілер сақталған. Сол ежелгі кездерде-ақ емдік шөптер қолданылып, тұратын жерді, ішетін суды қорғаудың гигиеналық ережелері, өлген адамдарды дұрыс жерлеудің ережелері құрылған. Ежелгі кездің Гиппократ, Аристотель, Ибн Сина (Авиценна), Корнелий Цельс, Әл-Фараби сияқты ғалым-философтары денсаулық сақтаудың тәсілдерін зерттеген. Ибн Сина дұрыс тамақтанудың пайдасы туралы: « Тағам – денсаулықтың дұрыс болуының кепілі. Тәбетсіз ішкен нәрсенің қорытылуы да қиын болар » - деп жазған. Гиппократ (б.э.д. 460-377 жж.) әлемге «медицина атасы» ретінде белгілі. Ол ең алғашқылардың бірі болып организмнің құрылысы мен функциясын (қызметін) зерттей бастады, аурулардың туындау себептерін ашып, ауруларды емдеу туралы жазды. Гиппократ жаттығу жасау, дене шынықтыру қажеттігі туралы көп айтты. Әрбір адам өзінің жұмыс қабілетін, денсаулығын, толыққанды және қызықты өмірін сақтап қалғысы келетін болса, онда бұл дағдылар күнделікті үйреншікті ісіне айналуы тиіс деп есептеді. Аристотель – (б.з.д. 384-322 жж.) ежелгі кездің ұлы дарындылардың бірі. Ол «денсаулық» және «ауру» ұғымдарына анықтама беруге талпыныс жасады. Әл-Фараби медицинаны тек ауруларды емдеу туралы ғана емес, денсаулықты сақтау туралы да ғылым деп есептеді. Ол денсаулықты нығайту тәсілдерін зерттеп, көптеген аурулардың емі туралы жазды [2].

Әбу Насыр әл-Фараби - Аристотельден кейінгі ойшыл, кемеңгер философ. Ертеде және орта ғасыр да философиялық және медициналық білім бірімен-бірі тығыз байланысты болған. Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды. Оны сол кезде «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына "Медицина каноны" атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған "Бесінші трактатында" адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, мида жүйке орталықтары мен сезімтал және қозғалтқыш жүйкелер болатындығы туралы пиар айтады. Ол «Медицинаның міндеті - тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Әл-Фарабидің медицинаға ерекше көңіл бөліп адам ағзасының (организмінің) кейбір тұстарын зерттегенінен мысал келтірейік: «Қайырымды кала» еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, «жүрек - табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді» және т. б. Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім тоқтата алмайды. Әл-Фараби тек өз пікірлерін айтып қана қоймай, ұлылардың ұлысы Аристотель, К. Галеннің зерттеулеріне өз көзқарасын білдірген. Әл-Фараби - артына ірілі-ұсақты 150- ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан. Жаратылыстануға қатысты «Адам ағзасындағы мүшелер», «Жануарлар ағзасындағы мүшелердің құрылысы мен қызметі» және т. б. еңбектер жазған [3].

Ол түріктердің жерінен шыққан дана тұлғалы дәрігер болған. Бағдатта медицина, астрономия саласы бойынша қызмет етіп кейін Мысыр еліне қоныс аударып онда Зафир Исмайл (1133-1154 ж.ж.) әмірге қызмет еткен. Бүгінде қолымызда аталмыш ғалымның «Нассан Тиббиян – әл-Кәфи фи сана ат-тиб» атты еңбегі бар. Ол Мысырда хижра жылы бойынша 510 жылы жазылған және қазіргі уақытта «Катар ұлттық кітапханасында» сақталған. Оның мазмұнында адамның күнделікті өмірде табиғатпен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар бас, көз, тері аурулары секілді 900-ден астам аурудың түрі мен емі ұсынылған. Баса айта кететін нәрсе ұсынылған емнің барлығына дерлік табиғи дәрі-дәрмектерді қолдану керектігі ескерілген. Бұған қоса тамақ ішу әдебі мен шарттары да баяндалған. Автор «Нассан Тиббиян – әл-Кәфи фи сана ат-тиб» кітабында адамның денсаулығы

табиғатпен, қоршаған ортамен тығыз байланысы барын көрсетуге тырысқан. Сондай-ақ, қандай да бір ауруға шалдыққан адам құрамында химиялық элементтері бар дәрі-дәрмекке емес керісінше дәстүрлі әрі табиғи жолмен емдеу әдістерін көрсеткен. Бұған қоса ғалым қолжазбаның алғашқы бетінде медицина екі түрге яғни, теория мен практикаға бөлінетінін тілге тиек еткен. Одан кейін осы екі бағыт бойынша жан-жақты анықтамалар берген. Жалпы, Шейх Мұхаммед Әбунасер Аднан әл-Фарабидің қолжазбасында адам ағзасына қажетті көптеген пайдалы кеңестер мен емдік жолдар жан-жақты талқыланып баяндалған. Бұл өз кезегінде ғалымның медицина саласында білімінің жоғары екеніндігін айқындайды. Бұған қоса аталмыш еңбек қазіргі экологиясы бұзылған, химиялық қоспасы бар дәрі-дәрмек пен сапасыз азықтың саны артқан қоғам үшін аса маңызды болса керек. Өйткені, бүгінгі ортада аталмыш дәрі-дәрмектен гөрі дәстүрлі емдеу жолдарын іздейтін науқастардың саны аз емес [2].

Салауатты өмір салтын ұстануды тек деннің саулығы үшін деп қарау қателік. Ол жан саулығымен тән саулығының үйлесімділік табуы. Ал тән саулығының қалыптастыруда адам баласы білім мен ғылымға ұмтылып, өзін жан-жақты жетілтіруі жатыр. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып, тәрбиені елеусіз қалдырсақ, ұтарымыздан ұтыларымыз көп болатындығын ғұлама әл-Фараби анықтап айтып кеткен. Адам бойындағы адалдық, адамгершілік, ізгілік қасиеттері мен мінез-құлық, ақыл-ой интеллектісі жайлы Әл-Фарабидің еңбектері көп- ақ.

Әл-Фарабидің этикалық рухани дүниетанымына тоқталсақ, этиканы ол ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің негізі жатыр, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік сұлулық хақында былай дейді: оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады. Бір сөзбен айтқанда Фараби адамдардың көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін өзі жетілдіріп отыруға тиіс екен, адам ақиқатты, тек айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фарабидің азаматтық саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары да, өзінің «Фусул ал-мадани», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әртүрлі болса да негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның ара-қатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – денелік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Фараби «Азаматтық саясатта» адам қоғамдарын талдауды қаладан бастаса, «Нақыл сөздерде...» ол мұны ең кішкене ұядан – отбасынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан мұндада үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз. Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені, жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады [4].

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты. «Қайырымды қала» еңбегінде дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Әл-Фараби: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен

бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды. Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді. Дәл сол секілді қала бірлестіктері де қабілеттеріне байланысты бөлінеді. Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Қала басшылары қала бірлестігінің мүшелері болуы үшін тек табиғи қасиеттерімен ғана емес, өнер секілді қасиеттерімен де мүшелікке енеді. Ал қала бірлестігінің басшысы бойындағы қасиеттерімен өзгелерден кемелді болғандықтан жоғары тұрады және мәртебелі. Әл-Фараби қайырымды қала деген сау әрі ешбір мінсіз адам мінезіне ұқсас дейді. Себебі, оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір-біріне көмектесіп өмір сүреді. Бірақ адам денесіндегі мүшелер бір-біріне табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтындығы сияқты, қала тұрғындары да өздерінің қызметі мен қоғамдағы орны бойынша айырмашылық жасайды. Әрбір отбасын қоғамның кішкене бөлшегі ретінде қарастырған әл-Фараби оның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады. «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөзінде» ол отбасы мүшелерін бірнеше бөлікке бөледі. Олар ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-ана мен балалары, мүлкі және оның иелері. Үйдің өзіне тән мақсатын қала белгілейтін ортақ мақсатқа жұмылдыруын әл-Фараби адамдардың адамгершілік қасиеттерінің көрінісі деп есептейді. Ал адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байланысты, шын ақыл-парасатқа, ізгілікке, игілікке тек адам ғана қабілетті, бұл адамның қолы жете алатын ең биік бағыт деп ой қозғайды ұлы ойшыл. Жоғарыда айтылғандай, «Қайырымды қала» еңбегінде адамның дене мүшелерінің байланысы арқылы қала тұрғындарының әлеуметтік топтарының байланысын айтады. Ал басқару жүйесін талдай келе адам бойындағы қасиеттердің, олардың қоғам үшін маңызыдылығын философиялық ойларымен жеткізеді. Тек осы еңбегінің өзі арқылы жан саулығы мен тән саулығының байланысын көрсетіп адамзатқа үлкен нұсқаулық мұра қалдырғандай [1].

Әрбір қоғамның негізі, болашағы ұлттық тәрбиеге тәуелді, ұлттық тәрбие болмаса дұрыс қоғамдық ортада қалыптаспайды. Қалыптаспаған қоғам мемлекетке, оның болашағы- ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды, бұндай орта тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі уақытқа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтанда өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойында кісілік қасиеттердің орын алуымен көрінеді. Әл-Фараби жазып кеткендей, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, қайырымдылық, әділеттілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік көтереді, рухани құндылықтары ғана сақтай алады. Енді осы құндылықтармен қатар адам денінің саулығын қоссақ әр елдің тұғыры биік мемлекет болары сөзсіз.

Дана ойшылдарымыздың дәл осындай еңбектері мұра боп жеткенде, өркениеті даму үстіндегі біздің қоғамға ақыл ойы келісті дамыған дені сау ұрпақ тәрбиелеу зор міндет болып табылады!

### Әдебиеттер

1. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала». – Алматы: RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.
2. Медицина саласындағы әл-Фараби туралы не білеміз? – <https://kazislam.kz/медицина-саласындағы-әл-фараби-турал/?lang=ru>
3. Ойнет жаңалықтар сайты. – <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=38&id=6990>
4. Орта ғасырлық Шығыстағы саяси ойлар әл-Фараби. – <https://allrefrs.ru/4-6337.html>
5. Әл-Фарабидің медицина жайлы трактаттары және бүгінгі телевизиямен сабақтасытығы. – [https://massaget.kz/blogs/omirdin\\_oz/21284/](https://massaget.kz/blogs/omirdin_oz/21284/)

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

*«Дана бабамыздың еңбектерінің факсимелерін әлем кітапханаларынан жатпай-тұрмай іздеу, табу, қазақ ойының, қазақ ғылымының басты міндеті саналуы тиіс. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі. Әл-Фарабидің теңдессіз еңбектері Деһшти-Қытшақ руханиятының қайнар көзі болғанын қашанда жадымызда ұстайық.»*  
**Қасым-Жомарт Тоқаев [1, 12 б.].**

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби.

Шығыстың ұлы ойшылының шығармашылық мұрасына деген үлкен қызығушылық бүкіл әлемде және Қазақстанда да толассыз артып келеді. Әл-Фарабидің өзінен кейінгі мәдениетке, Шығыс және Орталық Азия халықтары, соның ішінде дүйім түркі жұрты мен қазақ халқының мәдениетінің дамуына ықпалы ұзақ және жан-жақты болды.

Фараби дүниетанымы жаратылыстаны, философия, этика, саясат мәселелерін түгел қамтыған үйлесімді жүйе болып табылады. «Екінші Ұстаздың» адеміне қамтылған пайда болуы, мемлекеттік құрылым, әлеуметтік болмыстың түрлі формалары, ақыл-ой мен этикалық мінез-құлық нормалары туралы ойлары өзі өмір сүрген дәуірдің мәнін айқындайды. Әбу Насыр Әл-Фараби шығармашылығы негізінде қалыптасқан рухани және мәдени кеңістік идеялары қазақ даласының ұлы ғұламалары – Абай мен Шәкәрім ойларында үндестік тапты [1, 14 б.].

Әл-Фарабидің пайымдауынша, философияның маңызы өте зор, өйткені нағыз бақытқа жол сілтейтін философиялық білім қатып қалған ілімдердің жиынтығы емес. Әрбір жаңа ұрпақ арқылы еселеніп, толығып отыратын білім арқылы толысатын даналық.

Әл-Фарабидің дүниеге көзқарасы – социология, этика, эстетика мәселелерін бірге қамтитын іргелі жүйе. «Мемлекет қайраткерінің афоризмдерінде», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактатында Әл-Фараби өз заманында сирек кездесетін соны пікірлер айтады, тіршілік пен ой-пікірдің тарихи негіздерін қайта құру тұрғысынан алғанда аса маңызды қағидалар ұсынады; мұнда адам қоғамының тегі туралы, мемлекеттік құрылыс туралы, қоғамдық тіршіліктің түрлі формалары, адамның этикалық және басқа мінез-құлық ережелері туралы баяндалады [2, 67 б.].

Әл-Фараби трактатында былай дейді: Адам толығымен дамып жетілуі үшін ол көптеген нәрселерге тәуелді. Себебі ол барлық өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды, әрі қол жеткізе алмайды дейді. Сондықтан адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек, және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады дейді [1, 233 б.].

Бірақ ол басқа адамдарға қатысты да қоғамдастықтың құраушысы болып табылады, және басқалардың жоғын тауып беруші болып келеді дейді. Осылайша қоғамдастықтың әрбір мүшесінің іс-әрекеті оның әрбір мүшесіне қажетті нәрселердің барлығын тауып береді дейді. Жалпы адам қоғамдастығын ғалым екі түрге бөліп көрсетеді: толық және толық емес. Толық қоғамдастықтың өзін ол үш түрге бөледі: үлкен, орташа, кіші. Үлкен қоғамдастық деп ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығы деп көрсетеді. Ал орташа қоғамдастық дегеніміз белгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастықты ол белгілі бір қала ретінде көрсетеді.

Толық емес қоғамдастыққа келсек Әл-Фараби оларды төртке бөліп көрсеткен. Олар – квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамына кірмегенімен ол қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам болып табылады. Жоғары деңгейдегі даму мен игілікке адам ең бірінші ретте ең кіші дегенде қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсетіледі. Кез келген нәрсеге

шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап талаптанып жетуге болатындықтан кез-келген қалада бақытқа қол жеткізуге болады дейді. Мен Әл-Фарабидің бұл айтқанымен толықтай келісемін. Қазіргі ХХІ ғасырда адамдар өмірдегі өз мақсаттарын анықтай алса, қай ел, қай жер болмасын ол өзін бақытты сезінетін болады. Алайда қазіргі қазақ жастарының көбісінде шетелге барсам барлық мақсаттарым орындалады деп ойлайды. Және сол ойларының жетегімен шетелге кетеді. Әрине шетелге барып өз мақсаттарына қол жеткізгендер де бар, алайда шетелден ештеңеге қол жеткізе алмай келгендер қаншама... сол себепті қазіргі қазақ жастарына Әл-Фараби атамyzдың осы ойын жеткізу керек.

Геометрия пәніне мектеп оқушыларының басым көпшілігін қызығушылығы айтарлықтай жоғары емес екендігі баршамызға мәлім. Мұның себептерінің бірі әлі күнге дейін өзінің пәндік ерекшелігіне байланысты бұл пәннің консервативті тұрғыда өтілетіндігі даусыз. Соңғы бір-екі он жылдықта басқа көптеген пәндерді оқыту үдерісінде, ақпараттық технологиялар негізінде оқушылардың пәнді игеруге деген ынтасын арттыру мақсатында айтулы өзгерістер сипат алды. Геометрия пәнінің материалдарының абстрактілі сипаты, ақпараттық технологияларды пайдаланудың аясын едәуір тарылтады.

Осыған байланысты соңғы жылдары қандай да бір геометриялық нысанның өзгерісіне сәйкес басқа геометриялық нысандардың өзгерісін қамтамасыз ететін, компьютерлік бағдарламалық жабдық болып табылатын, интербелсенді геометриялық орталар пайда бола бастады.

Осындай мақсатқа қол жеткізу үшін, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен, профессор Е.І. Бидайбековтың ғылыми жетекшілігі бойынша әл-Фараби бабамыздың математикалық мұралары заманауи тұрғыдан зерттелініп, алынған нәтижелер ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқытуға негізделініп жатқан жайы бар.

Сонымен, үшінші «Рухани айлалы тәсілдер мен геометриялық фигуралардың табиғи сырлары туралы кітабының» екінші бөліміндегі (мақалат) зерттелген бірқатар есептерді Әл-Фараби берген алгоритм бойынша салу жолымен оларды заманауи математикалық тұрғыдан негіздей отырып қарастырған болатынбыз. Математикалық тұрғыдан негізделген бірқатар есептерді оқытуға арналған электрондық құралдар жасалынды мәселен, берілген кесінді бойынша дұрыс бесбұрышты циркуль мен сызғыштың көмегімен Әл-Фараби берген алгоритм бойынша салуды оқытудың электрондық құралының жасалыну жолдары мен нәтижесі туралы айтар болсақ.

#### **Дұрыс бесбұрыш:**


Есептің қойылуы: Берілген АВ кесіндісі бойынша дұрыс бесбұрыш салу керек. Яғни бесбұрыштың қабырғасы ұзындығы берілген АВ кесіндісінің ұзындығына тең болуы керек.

1-қадам. АВ кесіндісіне перпендикуляр және ұзындығы АВ кесіндісінің ұзындығына тең АС кесіндісін саламыз.

2-қадам. АВ кесіндісінің қақ ортасын D деп алып, С мен D нүктелерін қосамыз.

3-қадам. D нүктесін центрі етіп алып, радиусы DC кесіндісіне тең  $w_1$  шеңберін саламыз (1-сурет).


4 -қадам. АВ кесіндісін А нүктесінен  $w_1$  шеңберімен қыйылысқанша созып, қыйылысу нүктесін E деп белгілейміз (сурет 1).



Сурет 1 – Алғашқы үш қадамның нәтижесі

5-қадам. Радиустары EB кесіндісіне тең, центрі А нүктесі болатын  $w_2$  шеңберін және центрі В нүктесі болатын  $w_3$  шеңберін сызамыз.

6-қадам.  $w_3$  пен  $w_2$  шеңберлерінің қыйылысу нүктесін G деп белгілеп, АВG тең бүйірлі үшбұрышын аламыз (сурет 1).



Сурет 2 – Алғашқы алты қадамның нәтижесі

7-қадам. В және G нүктелерін центрлері етіп алып, радиусы АВ кесіндісіне тең  $w_4$ ,  $w_5$  шеңберлерін сызып, олардың қыйылысу нүктесін H деп аламыз.

8-қадам. А нүктесін центрі етіп алып, радиусы АВ кесіндісіне тең  $w_6$  шеңберін сызып, оның  $w_5$  шеңберімен қыйылысу нүктесін F деп аламыз.

9-қадам. А, F, G, H және В нүктелерін қосатын болсақ, нәтижесінде дұрыс бесбұрыш шығады (3-сурет).

Ал, өз кезегінде геометриялық салу есептерін игеру барысында оқушылар тек қана таза геометриялық ұғымдармен ғана емес, алғашқы математикалық түсініктер пайда болу үдерістерінен хабар бола бастайды. Яғни, бұл тұрғыдан айтатын болсақ, циркуль мен сызғышты пайдаланып орындалатын салу есептерін ақпараттандыруды математикалық білім беруді ақпараттандырудың бастамасы ретінде қарастыра аламыз.

### Әдебиеттер

1. Аль-Фараби. Математические трактаты. – Алма-Ата, 1972.
2. Бейсенов А. Әл – Фарабидің тұжырымдары // Ақиқат журналы. – 2006. – №6. – Б. 70-73.
3. Бидайбеков Е.Ы., Джанабердиева С.А. Образовательные аспекты труда аль-Фараби по геометрическим задачам на построения // Сборник VII Международной научно-практической конференции на тему «Информация и образование: границы коммуникаций» INFO'15 (5-8 июля 2015 г.). – Горно-Алтайск, 2015.



4. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Ғ., Джанабердиева С.А. Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру аясында // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2015. – №2/1(51). – Б. 443-447.

5. Жусанбаева Г. Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі // Қазақстан тарихы. – 2004. – №11. – Б. 49-52.

6. Медетбаев Т.С. Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы / Автореферат. – Алматы, 1998. – 32 б.

7. Фараби ойлары. Әлеуметтік этикалық трактаттар // Парасат журналы. – 1994. – №4. – Б. 2-3.

ӨОЖ 514.01

**Жумағалиева А.Е., Егінбаев Е.С.**

*Орал қ.*

## **ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ КЕЗІНДЕ ТАЛҚЫЛАУ ЛОГИКАСЫ МЕН КӨРНЕКІЛІГІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

*Қандай ғылым болса да, ол – адам санасына  
дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды.  
Әл- Фараби*

Ғұлама ғалым, әлемдік ұстаз Әбунасыр Әл- Фарабидің киелі деп санаған ғылымы – геометрия. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары, ал геометрияны олардың түптамыры деп есептейді. Геометрия саласының біраз бөлігі Әл-Фараби тұжырымдаған қағидалардан бастау алады. Әл- Фараби геометрия саласының мектеп геометриясында көптеген зерттеулер жасап, жаңалықтар ашты. Мектеп геометриясын зерттеу кезінде біз сызбалар мен суреттерді қолданамыз: олар бізге теорема мен есептегі мәтінді елестетуге, сипаттауға, түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, геометрияны қатаң түрде зерттеу кезінде сурет тіпті ол өте керемет деңгейде салынса да, дәлелділікке негіз болмайды. Бірақ, егер фигураның тұрғызылуы есеп шарты бойынша фигураның сипаттау кезінде параллель жобалау қасиеттері мен логикалық қатаңдыққа негізделген дәлелдемелермен орындалса, онда дұрыс, көрнекі және жақсы орындалған сурет (сызба) есептің шешуі кезінде сенімді көмекші болады. Осылайша сурет түрінде жүзеге асқан интуитивті кеңістіктік елестету ойлаудың қатаң логикалық сәйкестенуімен – бұл геометрияны үйренуде кілт болып табылады. Сондықтан геометриялық есептерді шешпес бұрын айтылып тұрған фигураны дұрыс суреттеп және елестетіп, көрнекі түрде болжай білу қажет. Оқушыларда фигуралардың бейнесін тұрғызу қадамдарының дәлелденген түсіндірілуі геометриялық есептерді шешуде өзіндік талдау құрайды және оның шешімі үшін жол ашатындығы жөнінде түсінік қалыптастыру қажет: бұл түсіндірілу кезінде суреттелген фигуралардың элементтері арасындағы қатынастар, қажетті координаттық және метрикалық өзара байланыстар орнатылады.

«Есептің суреті» үшін ең маңыздысы оның қарапайымдылығы мен қысқаша сипаттамасы болып табылады. Суретте берілген есепті шешу кезінде қажетті болатын фигураларды (нүктелер, кесінділер, шеңберлер және т. б.) ғана бейнелеген дұрыс.

Стереометриялық есептерді шеше отырып оқушылар қарастырылатын геометриялық «суреттің» көрнекілігі мен айқындығына жүгіне отырып ішкі түйсікке негізделген тұжырымдарды айта алады. Бірақ бұл тұжырымдар дұрыс болғанның өзінде де, олардың әрқайсысы логикалық дәлділікті негіздеуді қажет етеді. Геометриялық есептерінің логикалық негізделмеген шешімі оқушының білімінің төмендеуіне алып келеді. Мәтіндік геометриялық есептерді шешу процесінде үш бірлікті логика қатысады: синтетикалық геометрия логикасы, құрылымдық геометрия логикасы, есептеу логикасы. Сондықтан геометрияны зерттеудің алғашқы сабақтарынан бастап оқушыларда логикалық, құрылымдық және есептеу сипатындағы негіздемелерге қатысты кез келген тұжырымды негіздеу дағдысын қалыптастыру қажет.

Оқушы стереометриялық есептерді шешуде жетістікке жету үшін оның шешу процесінде пайда болатын әрбір тұжырымды дұрыс негіздеп, есеп шартында берілген фигураны тез және дұрыс суреттей білуді қалыптастыруы маңызды. Кез келген геометриялық есепті шешуді оның

шартына сәйкес суреттен (сызбадан) бастау дұрыс болады. Көрнекі әрі есеп шартына сәйкес қарапайым дұрыс сызбаны сызу әртүрлі қиындық деңгейіндегі жеткілікті көптеген есептерді шешу кезінде игеріледі.

Бірақ есепті шешу үшін шартта берілген фигуралардың тұрғызылуын жай ғана орындау жеткіліксіз. Есепті шешу процесінде тұрғызылған сызбада қосымша құрастырылымдар тұрғызу қажеттілігі туындайды. Оларсыз есептің шешімі күрделі немесе мүмкін емес болады.


Орта мектептерде, педагогикалық жоғарғы оқу орындарының математика мамандығы студенттеріне геометрияны оқытудың аса маңызды міндеттерінің бірі олардың кеңістік жөніндегі түсінігін жан – жақты дамыту, сондай – ақ кеңістіктегі объектілерді ойша көз алдына елестетіп, оларға әр түрлі амалдар қолдана білу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Дайын формулалардың көмегімен жазықтықтағы фигуралардың аудандарын, кеңістіктегі денелердің беттерінің ауданын, көлемін оңай есептегенмен, кейбір білім алушылар кеңістіктегі жай фигуралар арасындағы қатынастарды анықтауда қиналады. Білім алушылардың кеңістік жөніндегі түсінігін дамытуда стереометриялық салу есептерінің де маңызы зор. Геометриялық есептердің шығарылуы өзінің көрнекілігімен ерекшелінеді, өйткені алынған нәтижелер айқын, әрі түсінуге оңай. Графикалық, яғни геометриялық бейнені пайдалану қазіргі ақпараттарды компьютер арқылы іске асыру мақсатын көздейді.

Біз стереометриялық есептерді шешуде есептің шартына сай геометриялық кескінін салуды, оны көре білу және сол кескін арқылы есепті шешу жодарын мысалмен қарастырамыз.

Есеп [2]. Бір жағы  $24\sqrt{2}$  – ге тең болатын  $ABCD$  квадрат болатын  $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$  7 жақты фигура берілген.  $A_1, B_1, C_1$  және  $D_1$  төбелері  $ABC$  жазықтығына қатысты  $AA_1 = 18$ ,  $BB_1 = 26$ ,  $CC_1 = 20$  және  $DD_1 = 40$  қабырғалары оған перпендикуляр болатындай бір жартылай жазықтықта орналасқан.  $AA_1, BB_1, CC_1, DD_1$  қабырғаларының ешқайсысымен бір жақта жатпайтын қабырғаның ұзындығын табыңыз.

Шешімі. Құрастырамыз: берілген  $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$  көпжақтың негізінде жатқан квадраттың бейнесін – горизонталь жазықтықтағы  $ABCD$  параллелограмын, сонан соң бұл негіздің жазықтығына перпендикуляр болатын берілген көпжақтың бүйір қырларын суреттейтін  $AA_1, BB_1, CC_1$  және  $DD_1$  кесінділерін тұрғызамыз. Берілген көпжақтың бейнесін  $A_1 B_1, B_1 C_1, C_1 D_1, D_1 A_1, B_1 D_1$  қабырғалар – кесінділерді жүргізумен аяқтаймыз.



Сурет 1

Берілген суретті Geogebra бағдарламасы арқылы салып, интерактивті тақтада фигураны барлық жағынан көруге мүмкіндік аламыз. Есептің шартынан (1 - сурет): тақтада берілген көпжақтың  $AA_1, BB_1, CC_1$  және  $DD_1$  қабырғаларының ешқайсысымен бір жақта жатпайтын жалғыз қабырға  $B_1 D_1$  болып табылатындығы шығады. Бұл қабырғаның ұзындығын табамыз.

$BB_1 \perp (ABC)$ ,  $DD_1 \perp (ABC)$  перпендикулярлығынан:  $BB_1 \parallel DD_1$  шығады. (бір жазықтыққа перпендикуляр екі түзу жөніндегі теорема бойынша) [1].

$DD_1 \perp (ABC)$ ,  $BD \subset (ABC)$  болғандықтан, онда  $DD_1 \perp BD$  болады (жазықтыққа түсірілген перпендикуляр түзуінің қасиеті бойынша) [1].

$DD_1$  сәулесінде  $DK = BB_1$  кесіндісін саламыз, онда  $BB_1KD$  төртбұрышы – тіктөртбұрыш болады, мұндағы  $B_1K = BD$  (бұл тіктөртбұрыштың қарама қарсы қабырғалары сияқты).

$ABCD A_1 B_1 C_1$  берілген көпжақтың негізі ретінде қабырғасы  $AB = 24\sqrt{2}$  болатын  $ABCD$  квадраты болғандықтан, онда оның  $BD$  диагоналы:  $BD = AB\sqrt{2} = 48$  болады.  $B_1K \perp DD_1$  болғандықтан, онда үшбұрыш  $B_1 D_1 K$  – тікбұрышты үшбұрыш болады, мұндағы  $D_1 K = DD_1 - DK = 40 - 26 = 14$ . Онда бұл үшбұрышта Пифагор теоремасы бойынша табамыз:  $B_1 D = \sqrt{B K_1^2 + D_1 K^2} = \sqrt{48^2 + 14^2} = 25$ .

Жауабы: 25

Ескерту. Шешу кезінде мүмкін болатын 7 жақты фигураның біреуі қарастырылған. Басқасы егер  $B_1 D_1$  қабырғасының орнына  $2\sqrt{577}$  – ге тең болатын  $A_1 C_1$  қабырғасын жүргізетін болсақ, алынады (ол дөңес емес болады).

### Әдебиеттер

1. Қайдасов Ж., Гусев В., Қағазбаева Ә. Геометрия 10-сынып. – Алматы: Мектеп, 2006.
2. Потоскуев Е.В., Звавич Л.И. Математика. Алгебра и начала математического анализа Геометрия. 11 кл. Углубленный уровень. Учебник. – М.: Дрофа, 2017.

ӘОЖ 519. 233

Жумағалиева А.Е., Едіге Н.Б.  
Орал қ.

### ПАРАМЕТРГЕ ТӘУЕЛДІ ЕСЕПТЕР

*Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш.*  
Әл-Фараби

Параметрлермен берілген тапсырмаларды шешу кезеңі қарапайымнан күрделіге сатылайтын есептерді зерттеуден, дәйекті пайымдаулар жасап, тапсырманың құрылымын логикалық ой жүйесінен өткізуден басталады. Бұл тапсырмалар мектеп бағдарламасында 8-сыныптан бастап кездеседі.

Физикалық процестерді зерттеу көп жағдайда параметрі бар теңдеулер мен теңсіздіктерді қарастыруға әкеледі. Ондай теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің негізгі бөлігі параметрдің мәніне байланысты процесті зерттеу болып табылады.

Егер теңдеуде (теңсіздікте) кейбір коэффициенттер нақты сан арқылы емес әріппен берілсе, онда оларды параметрлер, ал теңдеуді (теңсіздікті) параметрі бар теңдеу (теңсіздік) деп атайды.

Параметрі бар теңдеу немесе теңсіздікті шешу үшін:

1) Параметрдің қандай мәнінде теңдеудің немесе теңсіздіктің шешімі болатынын анықтау керек;

2) Параметрдің әрбір мүмкін мәндер жүйесі үшін сәйкес шешімдер жиынын табу қажет.

Параметрі бар теңдеулерді шешудің негізгі принципі: параметрдің өзгеруі барысында шыққан теңдеулер бірдей тәсілмен шешілетіндей параметрдің өзгеру облысын аралықтарға бөлу қажет. Әрбір жеке аралықта параметр арқылы өрнектелген теңдеудің түбірлері табылады. Ол үшін санды коэффициенттермен берілген теңдеулерді шешу әдістері қолданылады [1].

Сондықтан мұндай тапсырмалар — логикалық ойлауды жаттықтыру үшін таптырмас құрал. Олардың шешімі қарапайым, параметрлерсіз берілетін жаттығуларды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары математиканың теориялық материалдарын меңгеруде және алған

білімдерін қолдану барысында осындай есептердегі математикалық талдаулар маңызды қызмет атқарады.

Параметрлік есептерді шешу барысында білім алушыда көптеген қиындықтар туындайды. Бұл қиындықтар есептегі параметрдің мүмкін мәндерін анықтауда, айқындалмай берілген жағдайда, есепте әріптік белгілеулер көп кездескенде (мысалы, параметрлі теңдеу мен теңсіздіктер де айнамалылар және параметрдің болуы) ,шешімнің параметрге тәуелді болуына, т.б. байланысты. Кей жағдайларда тіпті осындай тапсырмалардың қиындық туғызатыны соншама, тіпті шешімі жоқ деп ойлайды. Сондықтан параметрмен берілген есептерді шешу үшін өз ойының тұжырымын, бар білімін дұрыс пайдалану қажет, онда шешім қарапайым және түсінікті болады.

Мысалы,  $x^2 - (a+1)x + a \leq 0$  параметрлік теңсіздігінің шешімі ұзындығы 3-тен үлкен кесінді болатындай етіп  $a < 1$  параметрінің мәндерін анықтау керек.

Осы есепті шешуді неден бастаймыз? Жоғарыда айтылғандай, дұрыс ой қалыптастыру қажет! Егер айнымалы  $a$  параметрінің орнына есепке белгілі бір сан қоятын болсақ, мысалға  $-4$  саны, онда теңсіздік  $x^2 + 3x - 4 \leq 0$  түрінде шығады. Бұл теңсіздікті оқушы оңай шеше алады.

$x^2 + 3x - 4 = 0$  түріндегі көпмүшенің түбірін табамыз, ал бұл сандар  $x_1 = -4$ ,  $x_2 = 1$ . Теңсіздікті мына түрде өрнектейміз:  $(x + 4)(x - 1) \leq 0$ .

Есепті шешуде өзімізге белгілі интервалдар әдісін қолданып,  $x \in [-4, 1]$  шешімін аламыз.  $[-4, 1]$  кесіндісінің ұзындығы 5-ке тең, олай болса  $-4$  саны есептің шартын қанағаттандырады. Осы схема бойынша айнымалы параметрдің жалпы жағдайын қарастырайық.

$$x^2 - (a+1)x + a$$

көпмүшенің түбірін табамыз. Ол үшін  $x^2 - (a+1)x + a = 0$  теңдеуін шешеміз. Дискримант  $(a+1)^2 - 4a = (a^2 + 2a + 1) - 4a = a^2 - 2a + 1 = (a-1)^2$ -ге тең. Сондықтан түбірі

$x_{1,2} = \frac{(a+1) \pm (a-1)}{2}$  тең, осыдан  $x_1 = a$ ,  $x_2 = 1$ -ге тең саны шығады. Бастапқы теңсіздікті

мына түрде жазуға болады:  $(x-a)(x-1) \leq 0$ . Есептің шарты бойынша  $a < 1$ , демек, интервал әдісін қайта пайдалана отырып, біз осы теңсіздіктің шешімі ретінде  $[a, 1]$  кесіндіні аламыз. Кесінді ұзындығы  $1-a$ -ға тең, егер  $1-a > 3$  болса, онда  $a < -2$  болады және есептің шарты толық орындалады.

Интервалдар әдісін қолдану нақты осьте нүктелерді орналастыру кезінде автоматты түрде анықталу облысын есепке алуды көздейді. Анықталу облысын анықтау, қоятын шарттарды тексеру шешімнің маңызды құрамдас бөлігі.

Оқушыда көбіне көп параметрге тәуелді есептер тек теңделер мен теңсіздіктерге қатысты деген жалған ой қалыптасуы мүмкін. Сондықтан әр тақырыпқа сәйкес параметрге қатысты зерттеу есептерін қарастыру білім алушының тақырыптың терең түсінуіне көмек болады.

Мысалы, берілген  $y = \sin\left(4x + \frac{a\pi}{100}\right)$  функциясы  $x_0 = \pi$  максимум нүктесінде  $a$ -ның қандай ең үлкен теріс мәнін қабылдайды?

Шешуі: Осы есеп функцияның ең үлкен, ең кіші мәндеріне, тригонометриялық функцияларға қатысты теорияны қайталауға, оларды есепте қолдануға жаттықтырады.

$\sin t$  функциясының максимум нүктесі -  $\pi/2 + 2\pi n$ ,  $n \in Z$ . Демек, берілген функцияның  $x_0 = \pi$  нүктесінде максимумы болуы үшін

$$24\pi + \frac{a\pi}{100} = \frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z \Leftrightarrow \frac{a}{100} = \frac{1}{2} + 2m, m \in Z \Leftrightarrow a = 50 + 200m, m \in Z$$

орындалатындай  $n \in Z$  саны болуы керек. Енді бізге  $a = 50 + 200m$  сандарынан ең үлкен теріс санын таңдауымыз ғана қалды,  $m \in Z$ .  $m \geq 0$  болса, онда  $50 + 200m \geq 50$  теңсіздігінен  $m = -1$  болғанда санымыз  $-150$ -ге тең болатынын аламыз.

Байқағанымыздай бұл өте қарапайым да және күрделі де емес, әрбірімізге түсінікті есептер.

Мақаланы жазу параметрмен берілген есептерді шешу әдістерін меңгертуге көмектесу. Сондықтан ең бірінші қарапайым есептен бастадық.

### Әдебиеттер

1. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін А39 мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / А. Әбілқасымова, В. Корчевский, А. Абдиев, З. Жұмағұлова. – Өнд., толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2011. – 216 б.
2. Козко А.И., Чирский В.Г. К59 Задачи с параметром и другие сложные задачи. – М.: МЦНМО, 2007. – 296 с.
3. Әл-Фарабидің нақыл сөздері. – <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/60626/>

УДК 781

**Замалютдинова С.В.**  
*г. Уральск*

### РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МУЗЫКИ

По своей удивительной способности вызывать в человеке творческую активность, искусство занимает, безусловно, первое место среди всех многообразных элементов, составляющих сложную систему воспитания человека. Комплексный подход к воспитанию творческой личности охватывает широкий круг вопросов, относящихся к проблемам общеэстетического и нравственного воспитания. Неразрывное единство идейно-мировоззренческого, духовного и художественного является неотъемлемым условием личности подрастающего человека, разносторонности и гармоничности ее развития. Ценность творчества, его функции, заключаются не только в результативной стороне, но и в самом процессе творчества. Все это в полной мере относится к музыкальному искусству и школьным урокам музыки.

Именно уроки музыки могут способствовать развитию креативности у учащихся. Под креативностью мы понимаем развитие творческих умений в восприятии (слушательской деятельности), сочинении, исполнении, импровизации, размышлении о музыке. Это также умения ритмопластического интонирования и свободное владение музыкальными знаниями, умениями, навыками в разных областях учебной деятельности. Этим определяется актуальность избранной нами темы дипломного исследования. Много таланта, ума и энергии вложили в разработку педагогических проблем, связанных с творческим развитием личности, в первую очередь личности ребенка учителя музыки.

Объект – деятельность учащихся на уроках музыкального искусства в начальной школе и развитие креативности. Предмет – влияние системы творческих заданий на процесс активизации художественно-творческих навыков и креативности в процессе музыкальных занятий. Гипотеза – уроки музыки, построенные на системе специальных творческих заданий способствуют развитию креативности детей. При этом важно соблюдать следующие условия: Учитель музыки должен стать творческим лидером, истинным творцом, понимающим высокое художественное назначение уроков музыки. Стержнем каждого урока музыки должны стать свободные творческие проявления ребенка, организуемые специальными заданиями на креативность.

Не зная подлинных ценностей, дети легко принимают ценности лживые, мнимые. Основной целью образования является подготовка подрастающего поколения к будущему. Творчество – это тот путь, который может эффективно реализовать эту цель. Показателем творческого развития является креативность. Под креативностью обозначают комплекс интеллектуальных и личностных особенностей школьника, способствующих самостоятельному выдвижению проблем, генерированию большого количества оригинальных идей и нестандартному их решению.

Необходимо рассматривать креативность как процесс интеллектуальных и личностных особенностей, присущий многим личностям. Детям младшего школьного возраста изначально присуща талантливость. Начальный период обучения считается важнейшим в приобщении к прекрасному. Музыка здесь выступает в роли универсального средства эстетического и

нравственного воспитания, формирующего внутренний мир ребенка. Издавна музыка признавалась важным средством формирования личностных качеств человека, его духовного мира. Современные научные исследования свидетельствуют о том, что музыкальное развитие оказывает незаменимое воздействие на общее развитие: формируется эмоциональная сфера, совершенствуется мышление, ребенок становится чутким к красоте в искусстве и в жизни, а отсутствие полноценных музыкально-эстетических впечатлений в детстве с трудом восполнимо впоследствии. Творческие задания на уроках музыки способствуют общему творческому развитию личности, что, в свою очередь, воспитывает отзывчивость, художественное воображение, образно-ассоциативное мышление, активизирует память, наблюдательность, интуицию, формирует внутренний мир ребенка.

Многие из детей быстро утомляются, устают. Им не хватает силы воли для того, чтобы постоянно удерживать себя в определенном состоянии, управлять собой. Продуктивные образы-представления результата новой комбинации некоторых элементов появляются у детей в процессе специальных творческих заданий.

Основные виды деятельности, которыми большей частью занят ребенок данного возраста в школе и дома: учение, общение, игра и труд. Каждый из четырех видов деятельности, характерных для ребенка младшего школьного возраста: учение, общение, игра и труд – выполняет специфические функции в его развитии. Учение способствует приобретению знаний, умений и навыков, развитию креативности (при специально организованном обучении, включающим систему творческих заданий). Немаловажное значение для успехов в учении имеют коммуникативные черты характера ребенка, в частности, его общительность, контактность, отзывчивость и покладистость, а также волевые черты личности: настойчивость, целеустремленность, упорство и другие. Особенно важную позитивную роль в интеллектуальном развитии младших школьников играет труд, который представляет для них сравнительно новый вид деятельности.

Труд совершенствует практический интеллект, необходимый для самых разных видов будущей профессиональной творческой деятельности. Он должен быть достаточно разнообразным и интересным для детей. Любое задание по школе или по дому желательно делать интересным и достаточно творческим для ребенка, предоставив ему возможность размышления и принятия самостоятельных решений. Поощряться в труде должен инициативный и творческий подход ребенка к делу, а не только выполненная им работа и ее конкретный результат. Музыкально-художественная деятельность протекает в форме учебной деятельности тогда, когда школьники воспроизводят сам процесс рождения музыки, самостоятельно осуществляют творческий отбор выразительных средств, интонации, которые, по их мнению, лучше и полнее раскрывают художественное содержание произведения, творческий замысел автора (и исполнителя), благодаря чему музыка перед школьниками предстает как отражение художественного произведения диалектика жизни. Расширение сферы и содержания со взрослыми, которые для школьников выступают в роли учителей, служат образцами для подражания и основным источником разнообразных знаний.

Как сказал К.Ушинский: «Каждый из нас более человек в том, как он чувствует, чем как он думает.» Современный опыт ведения урока в школе показывает, что учитель может быть истинным творцом только тогда, когда ежеминутно связывает неразрывной нитью, сыгранное, пропетое или высказанное со своим внутренним миром, со своим отношением к звучащему, со своим жизненным опытом.

Древние римляне считали, что корень учения горек. Но когда учитель призывает в союзники интерес, когда дети заражаются жаждой знаний, стремлением к активному творческому труду, корень умения меняет свой вкус и вызывает у детей вполне здоровый аппетит. Интерес в обучении связан с чувством удовольствия и радости. Радость познания необходима, чтобы ребенок чувствовал себя счастливым. Важную роль на уроках музыки играет обучение учащихся на различных музыкальных инструментах. Так, как инструментальное музицирование тесно связано со слушанием музыки, вокально-хоровым исполнением, импровизацией. Ученики проявляют желание выступить перед ребятами своего класса прямо на уроке, заинтересовать одноклассников, подарить им частичку своей души. А в 7-8 классах учащиеся берут в руки гитару. И звучат песни бардов, свои песни, пробуждая в ребятах интерес, активность, а главное желание творить. И важно чтобы в творческом музицировании ( пении, игре на инструментах, пластическом танце) ребенок «выплескивал»

свое состояние, субъективно «проживал» настроение в музыке, а не выполнял технически задание учителя.

Конечно же, здесь роль учителя изменяется от руководителя к помощнику. Он должен сам уметь общаться, ставить цели и мотивировать учащихся достигать их, учить проводить анализ и самоанализ, то есть демонстрировать свое собственное компетентное поведение.

При этом учащиеся проникают в произведение, познавая саму природу музыкального творчества, музыкального знания, раскрывают в целостном самоценном искусстве явление действительности, его сущностные внутренние связи и отношения, благодаря чему музыка перед школьниками предстает как отражение, художественное произведение, диалектики жизни. Расширение сферы и содержания общения с окружающими людьми, особенно взрослыми, которые для школьников выступают в роли учителей, служат образцами для подражания и основным источником разнообразных знаний. Коллективные формы работы на уроках музыки, стимулирующие общение, являются полезными для общего развития и обязательными для детей. Общение улучшает обмен информацией, совершенствует коммуникативную структуру интеллекта, учит правильно воспринимать, понимать и оценивать детей.

Целью обучения учащихся сейчас становится и сам процесс, и достижение учащимися определенного результата. Меняются формы и методы организации занятий. Но все эти формы обучения направлены на то, чтобы ввести ученика в социальные и профессиональные роли так, научить его быть успешным и в том и в другом. Это поможет ему, затем самостоятельно повышать свой профессиональный уровень, обучаться на протяжении всей жизни. Поиск развития креативности у учащихся на уроках музыки имеет просто неограниченные возможности.

УДК 373 + 37.01

<sup>1</sup>Каримова Ф.Х., <sup>2</sup>Каримова К.Р.  
<sup>1</sup> г. Уральск <sup>2</sup>г. Казань, Россия

## ГУМАНИСТИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ГАРМОНИЧНОЙ ЛИЧНОСТИ

Преимущество педагогических идей и методов – залог успешного распространения и укрепления гуманистических ценностей в обществе, развития наук и, в конечном итоге, улучшение благосостояния человечества. В восточной традиции накопилось богатое интеллектуальное наследие, применение которого и в современных условиях способно найти решение множеству социальных проблем с помощью науки.

И, конечно же, первостепенную роль среди этих наук выполняет педагогика, как система воспитания человека с самого раннего этапа развития. Ценности и ориентиры, заложенные в ребенка, со временем реализуются в его сознательной жизни и окажут влияние на внешнюю среду, окружающую повзрослевшего ребенка.

Безусловно ценными и актуальными в современных условиях являются педагогические идеи ученого-энциклопедиста времен раннего Средневековья Абу-Нарс аль-Фараби.

Педагогическое наследие аль-Фараби изучалось различными учеными в разных точках мира. Исследование идей аль-Фараби с точки зрения их воспитательной компоненты осуществил А.К. Кубесов. Философские идеи ученого изучались такими авторами как С.Н. Григорьян, М.М. Хайруллаев, А.Ф. Касышсанов и другие. В трудах зарубежных авторов, посвященных творческому наследию аль-Фараби, также проанализированы философские взгляды мыслителя. Можно назвать таких авторов как Мирва Хусаин, Салиба Джамиль, Фарух Омар, Дзидан Джерди, Аль Джинди Назих Ахмад и другие.

Гуманистические ценности, которые прослеживаются во всем творческом наследии Абу-Нарс аль-Фараби, делают его труды важным источником педагогических и образовательных методик для современных социальных институтов. Несмотря на то, что многие его трактаты воспринимаются как философские, воспитательная компонента, как отмечают многие исследователи, в них занимает важнейшую роль и отражает его взгляды на формирование принципов жизни достойного человека.

Как пишет Аль Джинди Назих Ахмад, в ряде произведений ученого-энциклопедиста, таких как «Гражданская политика», «Указание путей достижения счастья», «Взгляды жителей добродетельного города» отражаются мысли аль-Фараби об идеальном обществе, где нет месту таким порокам как невежество, религиозный фанатизм, униженное положение народных масс. В то же время, построение гармонически развитого общества, по мнению аль-Фараби, возможно лишь через «распространение научного знания, которое призвано уничтожить насилие и восстановить справедливость» [1].

В системе воспитания и образования, предложенной аль-Фараби, в качестве основы представляются человеческое совершенство и достоинство. В то время как цель воспитания, по его мнению, это формирование и развитие в личности стремления к общечеловеческим ценностям - сохранению накопленных обществом добродетелей, добра и красоты, которые открывают дорогу к счастью.

Среди практических рекомендаций аль-Фараби для процесса воспитания можно выделить два педагогических метода:

1. «Мягкий» (применяется в том случае, если воспитуемые проявляют желание к изучению науки и ремесла).

2. «Твердый» (если ученики проявляют своеволие и непослушание) [3].

Ребенок, по мнению ученого, с самого рождения предрасположен к приобретению знания и, в то же время, зависим от влияния людей, которые его окружают. И здесь актуальным становится влияние учителя, педагога, нравственные ориентиры которого должны быть безупречно высокими.

К квалификации педагога ученый формулировал вполне конкретные требования: как считал аль-Фараби, он должен обладать хорошей памятью, смелостью, справедливостью, развитой логикой, наблюдательностью, воздержанностью к чревоугодию, любовью к правде и познанию, равнодушием к деньгам и прочим благам мирской жизни [2].

Цель учителя, по мнению ученого, подготовить детей к поискам путей для достижения счастья. Наряду с получением знаний, все же, на первое место он ставит нравственное воспитание молодежи, ведь именно оно гарантирует достижение человеком наивысшего совершенства.

По значимости для общества педагог и глава государства, по мнению ученого, обладают одинаковой ценностью.

«Норма поведения преподавателя заключается в том, что он не должен проявлять ни излишней строгости, ни чрезмерного потворства, так как суровость восстанавливает против наставника, потворство приводит к неуважению его персоны, нерадению к его преподаванию и его науке» [4].

В работах ученого мы видим появление такой категории как счастье, которое возможно лишь посредством серьезной работы личности над своим характером, после обретения рационального знания и гармоничного применения синтеза нравственных качеств и интеллекта на благо своего общества.

Поэтому, как отмечает Аль Джинди Назих Ахмад, счастье в наследии аль-Фараби - это не только этическая, но и педагогическая категория [1].

В итоге аль-Фараби приходит к выводу, что основная цель воспитания - научить человека «побеждать в себе отрицательные черты характера и способствовать формированию положительных черт, что может быть достигнуто в том случае, если этическое воспитание будет начинаться с ранних лет» [1].

В педагогических идеях аль-Фараби заметно стремление создать систему, которая бы помогла сформировать гармоничную личность через получение теоретических рациональных знаний, а также с помощью эстетического воспитания через искусство – поэзию, рисование, музыку.

«Воспитание - это способ наделения народов этическими добродетелями и искусством, основанном на знании», - говорил аль-Фараби [3].

Выявив основные педагогические идеи и методы воспитания аль-Фараби можно сделать следующие выводы:

1. Педагогическое наследие аль-Фараби обладает важной ценностью и актуальностью и на современном этапе развития человечества.

2. Фундаментальной ценностью в педагогических методах аль-Фараби является их гуманистическая направленность.



3. Цель педагогического воздействия на человека – содействие личности в обретении счастья.

4. Счастье, по мнению аль-Фараби, заключается в гармоничном развитии личности и его мирном сосуществовании с обществом.

5. Гармоничная личность формируется только в работе над своими недостатками и укреплении лучших человеческих качеств.

6. Добродетель человека формируется на основе синтеза рациональных знаний, нравственного развития и эстетического совершенства.

7. Цель воспитания – формирование гармоничных, счастливых, добродетельных людей, общность которых закономерно формирует гармоничное и добродетельное государство.

### **Литература**

1. Аль Джинди Назих Ахмад. Педагогические идеи Абу Наср аль-Фараби / Дисс....канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 1991.

2. Черенкова Б.В. Педагогическая мысль народов Средней Азии / Б.В. Черенкова, А.О. Бурмистрова // Молодой ученый. – 2016. – №13.2 (117.2). – С. 69-71.

3. Педагогические идеи Абунасыр Мухаммеда аль-Фараби // Публичная онлайн библиотека учебных материалов. – <https://thelib.info/pedagogika/953196-pedagogicheskie-idei-abunasyr-muhammeda-al-farabi-873-950/> (дата обращения: 10.02.2020 г.).

УДК 373

**Карнасюк А.В.**

*г. Уральск*

### **СУММАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ, КАК СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ОЦЕНКЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ, УЧАЩИХСЯ В ШКОЛЕ**

Одной из самых сложных проблем, возникающих с введением обновленного образования, является проблема оценивания образовательных результатов учащихся. Возникновение этой проблемы обусловлено тем, что выдвигаются новые требования к образовательным результатам учащихся:

- требования оценивания не только предметных, но и метапредметных результатов;
- декларируется необходимость создания системы оценивания образовательных результатов учащихся в каждом образовательном учреждении.

Направленность содержания образования на достижение целостной совокупности предметных, метапредметных и личностных результатов учащихся проявляется в том, что:

- возрастает роль процедурных и оценочных знаний;
- уменьшается доля информационных знаний;
- вводятся рефлексивные знания;
- расширяются межпредметный контекст знаний.
- При использовании традиционной системы оценивания в таких условиях возникает целый ряд противоречий:
  - между непрерывностью процесса обучения и дискретностью процесса оценивания;
  - между функцией оценки и невозможностью ее реализации в полной мере в существующей системе оценивания;
  - между необходимостью разработки системы оценивания образовательных результатов и недостаточным пониманием педагогами ее возможностей как условия развития универсальных учебных действий (УУД) учащихся;
  - между необходимостью развития УУД учащихся и отсутствием теоретических основ системы оценивания как условия их развития;
  - отсутствие прогнозирования и формирующего характера оценки.

Для того, чтобы избежать вышеназванных противоречий необходимо, чтобы оценка обладала следующими свойствами:

- оценка должна отражать степень достижения учащимися учебной цели, фиксировать допущенные ошибки, указывать на их причины, способствовать преодолению ошибок;
- быть инструментом адекватной педагогической оценки и средством самооценки учащегося, помогать ученику самостоятельно применять оценочные критерии, анализировать причины неудач и понимать условия достижения успеха;
- характеризовать разные стороны учебных достижений школьника, акцент с оценки знаний должен быть смещен на оценку результатов учебной деятельности, предметом
- оценивания должны стать учебные действия и их результаты;
- учитывать индивидуально-психологические особенности учащихся, быть ориентированной на зону ближайшего развития ребенка;
- быть результатом сотрудничества учителя и ученика, основанного на взаимном уважении и доверии, при этом должны быть исключены прямые оценки личности самого учащегося.

Именно такими свойствами обладает суммативное оценивание [1].

Суммативное (или итоговое) оценивание – это оценивание, которое используется для обобщения (подведения итогов) на том или ином этапе процесса обучения. В рамках знаниевой парадигмы образования оценивание фокусировалось на знаниях (факты, даты, события, правила, формулы) или, точнее, на способности учащихся запоминать и воспроизводить их. Переход к компетентностной парадигме образования предполагает проверку навыков более высокого порядка, когда «ученик может объединить факты и идеи, затем синтезировать, обобщить, объяснить, предположить или прийти к какому-либо выводу, или интерпретировать информацию. Работа с информацией и идеями, с использованием обозначенных выше процессов, позволяет ученикам решать проблемы, достигать понимания и открывать что-то новое для себя» [2]. Суммативное оценивание предполагает проведение различного вида контрольно-проверочных работ. При разработке контрольно-проверочных работ необходимо учитывать то, что они должны включать в себя вопросы и задания, которые проверяют не только и не столько запоминание фактов или пройденного материала, а навыки более высокого уровня. При разработке таких заданий можно опираться на уровни учебных целей, предложенных в таксономии (классификации) Б.Блума (1956) [3]. Основной целью оценивания учебных достижений учащихся является определение степени соответствия полученных образовательных результатов предварительно запланированным.

Оценивание осуществляется для того, чтобы:

- обращать внимание учащегося на цели обучения и критерии достижения успеха;
- направлять действия учителя на совершенствование технологий индивидуального развития каждого ученика, а именно:
  - предоставлять учащемуся информацию, необходимую для принятия решения по дальнейшему обучению (на что направить свои усилия, на что обратить внимание, что улучшить, а что исправить, над чем поработать);
  - формировать навыки самооценки учащегося;
  - регулярно устанавливая обратную связь с учениками;
  - мотивировать учащегося к дальнейшему целенаправленному обучению;
  - формировать политику отчетности общей по школе и стране.

Для гарантирования того, что все формы и методы обучения будут высоко цениться в школьной среде, суммативное оценивание включает оценивание практических работ, устной и письменной компетенции. Перечисленные виды работ и компетенций являются наиболее важными для предметов науки и языковых предметов. Перечисленные компетенции также являются важными для эффективного участия в мире скоростного взаимодействия, где экспериментирование, критическое мышление, решение задач и групповая работа являются важными для достижения успеха. Суммативное оценивание определяет процедуры и шаги для разработки материалов оценивания, и определяет роли различных индивидуумов и групп. Она также определяет процессы выставления баллов, модерации и отчета различных форм оценивания, и процесс обзора и валидации.

Оценивание в форме практического компонента используется в предметах по наукам. Суммативные работы составляют весомый элемент оценивания по естественным наукам и другим предметам. Недостаточность технического оснащения может вызвать трудности при краткосрочной организации подобной формы оценивания. Однако, при долгосрочной

подготовке проведение практических заданий повысит квалификации оценивания и поможет в получении международного признания [2].

### Литература

1. Департамент образования. – Квинсленд, 2002.
2. Шакиров Р.Х., Буркитова А.А., Дудкина О.И. Методическое руководство. – Б.: «Билим», 2012. – 80 с.
3. Лорин А., Кратвол Д. Таксономия от изучения к обучению. Пересмотр образовательных целей таксономии Блума. – NY: Addison-Wesley-Longman, 2000.

ЭОЖ 371

**Кожаналиева А.О.**  
*Нұр-Сұлтан қ.*

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Kipicne.* Қазіргі уақытта Қазақстанда және басқа да достастық елдерінде бірыңғай білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесі қалыптасуда. Өскелең ұрпақты сапалы оқыту мен тәрбиелеу еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады және оның қазіргі әлемде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді [1].

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту алдына басты мақсат қояды, яғни білім беру бағдарламасын жаңарту контекстінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Жаңартылған білім беру жүйесі - Д. Брунердің когнитивті теориясына негізделген спиральды білім беру нысанын дамытуға негізделген. Оқытудың спиральді түрі бүкіл мектепте оқыту барысында қиындататын материалды қайта қарау дәстүрлі оқыту түрлеріне қарағанда қазіргі заманғы оқушының дамуында үлкен артықшылық береді деп болжайды [2].

Д.Брунер - баланы танымдық іс-әрекеттің белсенді субъектісі, қоршаған ортаны зерттеуші деп тану қажеттігін тұжырымдайды. Мектептің басты мақсаты - оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, тез өзгеретін әлемде өмір сүруге қажетті қасиеттерді қалыптастыру. Осыған байланысты ол оқушылардың интуитивті ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін әзірледі, білім алуға қызығушылықты ынталандыру, оқыту процесінде дербес ашылулар әдісін қолдану бойынша еңбектері жарияланды

Қоғамда болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім берудегі құндылық бағдарының өзгеруіне алып келді. Білім берудің басты мақсаты -менгерген білім мен біліктердің көлемі емес, адамның бірегей мүмкіндіктерін іске асыруға ықпал ететін тұлғаның үйлесімді жан-жақты дамуы, баланы өмірге дайындау, оның психологиялық және әлеуметтік бейімделуі.

Бастауыш сынып оқушыларының дамуында жетекші рөл – оқу қызметі, ал олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда оқу-шығармашылық қызметті атқарады. Оқу шығармашылық қызметі оқыту процесінің құрамдас бөлігі, кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың жобаланған моделі болып табылатындықтан, оқыту процесінің құрылымын көрсетеді және мақсатты, нормативтік, мазмұнды, ұйымдастырушылық, бағалау-түзету блоктарын қамтиды [3].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру моделінің мақсатты компонентінің мазмұны келесі міндеттерді құрады:

- мотивациялық (шығармашылық қызметке қосылуға қызығушылық пен ұмтылу, шығармашылыққа эмоционалды-оң көзқарас);
- когнитивті (бағдарламалық білім, білік, дағды және пән бойынша қосымша мәліметтер);
- оқушылардың шығармашылық қабілеттері компоненттерінің операциялық міндеттер (логикалық және шығармашылық тәсілдер, қиял, жалпы оқу іскерліктері, шығармашылықтағы дербестігі және табандылығы) болып табылады.

Шығармашылық қабілеттер – адамның шығармашылық шешімдер қабылдау, қағидатты жаңа идеяларды қабылдау және құру қабілеті. Күнделікті өмірде шығармашылық қабілеттер тапқырлық ретінде көрінеді - мақсатқа жету, жағдайды, заттар мен мән-жайларды пайдалана отырып, көрінбейтін жағдайдан шығу қабілеті. Кең мағынада - проблеманы ерекше және өткір шешу, әдетте мамандандырылмаған құралдармен немесе ресурстармен шешіледі.

Қазіргі заманғы жалпы білім беретін орта мектептер мен осындай үлгідегі мекемелерде оқушыларды оқыту процесін ұйымдастыруда, атап айтқанда, осы пәндерді зерделеуге бөлінген уақыт санының артуы есебінен мектеп және жоғары оқу орындарының пәндерін оқытуды тереңдету немесе ғылыми білім мен өнердің белгілі бір салаларына сәйкес келетін жекелеген пәндерді неғұрлым толық меңгеру есебінен оқушыларды мақсатты («мамандандырылған») дамыту сияқты үрдістер айқын көрінеді.

Білім беруді жетілдіру, оқыту сапасын арттыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін мақсатты дамыту қажеттілігіне Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында» көрсетіледі. Білім беру парадигмасының ауысуы білім беру мазмұнының өзін, оның құрылымы мен ұйым формаларын қайта пайымдаумен байланысты кәсіби дамудың әртүрлі нысандарын құруға алып келді [4].

Біздің балаларымыздың шығармашылық қасиеттерін дамыту қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бірақ, өкінішке орай, мұғалімдердің басым көпшілігі шығармашылық ойлауды дамыту мүмкіндігіне күмән келтіреді.

Шығармашылық ойлауды қалыптастырудың мүмкін жолдарының бірі біз дамыта оқыту жүйесінде шығармашылық дербес жұмыстарды ұйымдастырумен байланыстырамыз. Оқушылардың жеке қабілеттерін және таланттарын пайдалануға, көрсетуге және дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық өзіндік жұмысы оқу процесінде тұлғаның өзін-өзі іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, шығармашылық жұмысты ұйымдастыру оқушылардың өзін-өзі іске асыру қажеттілігі мен мұғалім тарапынан педагогикалық әсер ету арасындағы қайшылықтарды шешуге ықпал етеді. Педагог ретінде біздің міндетіміз-білім беру процесінде оқушының дамуына қолайлы жағдай жасау, қоршаған ортаны белсенді тануға бағыттау, оған жаңа білімді өз бетінше меңгеруге мүмкіндік беру.

Бізге, зерттеу тақырыбымызға байланысты, бастауыш сынып мұғалімі ретінде білім берудің бастауыш сатысына қатысты жаңартулардың қаншалықты жаңартылуы қызықты болды, осыған байланысты білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу деңгейі ерекше маңызға ие болып отыр. Ал, 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау бастауыш мектепте оқыту үшін балалардың даярлық сапасының басты шарты ретінде психологиялық, педагогикалық, физикалық, физиологиялық талаптарды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Жалпы орта білім берудің 1 сатысы (1-4 сыныптар). Оқуды бастау жасы -6 жыл. Оқу ұзақтығы -4 жыл, 1 сатының негізгі мақсаты - білім алушының жеке даралығын ашу және олардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін алу, қоршаған шындық туралы білімді ұғыну, білім алу ниеті мен іскерлігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті шынайы танымдық уәждеме жасау, бастауыш сынып оқушыларының біртұтас оқу қызметін қалыптастыру.

Бастауыш мектепте оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, оқу, жазу, есеп дағдыларын үйрету, шығармашылық ойлау элементтерін меңгеру, жеке гигиена және денсаулық сақтау негіздері **баланың жеке тұлғасының қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтас дамуын қамтамасыз ету болып табылады.**

Оқушылардың өз оқу іс-әрекетіне, сондай-ақ кез келген басқа тұлғаға шығармашылық қарым-қатынасын қалыптастыру міндетін шешу өз кезегінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі, олардың кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейіне жету қажеттілігі, тәжірибені тереңдету және кәсіби шеберлікті, жеке-іскерлік кәсіби маңызды қасиеттерді жетілдіру, қызмет уәждемесінің жоғары деңгейіне қол жеткізу.

В.Н. Дружинин шығармашылық қабілеттер мәселесіне кем дегенде үш негізгі тәсіл бар екенін айтады [6]:

- Шығармашылық қабілеттер жоқ. Зияткерлік дарындылық тұлғаның шығармашылық белсенділігінің қажетті, бірақ жеткіліксіз шарты ретінде әрекет етеді. Шығармашылықта басты рөл мотивация, құндылықтар, жеке қасиеттер ойнайды. Шығармашылық тұлғаның негізгі қасиеттерінің қатарына когнитивті дарындылық, мәселелерге сезімталдық, белгісіз және күрделі жағдайларда тәуелсіздік жатады. Жеке тұлғаның креативті түрі барлық жаңашылдарға,

қызмет түріне қарамастан - сынаушы-ұшқыштарға, суретшілерге, музыканттарға, өнертапқыштарға тән.

- Шығармашылық қабілеті - ақыл-ойдан тәуелсіз дербес қабілетті. Жұмсақ нұсқада бұл теория интеллект деңгейі мен креативтілік деңгейі арасында шамалы корреляция бар, яғни интеллекті төмен креативтер жоқ, бірақ креативтілігі төмен зияткерлер бар.

- Интеллект дамуының жоғары деңгейі шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейін және керісінше болжайды. Психикалық белсенділіктің ерекше түрі ретінде шығармашылық процесс жоқ. Бұл көзқарасты ақыл-ой психологиясы саласындағы барлық мамандар, атап айтқанда, Г.Айзенк өз еңбектерінде бөліседі [7].

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың ең маңызды бағыттарының бірі-балалардың жан-жақты дамуы, олардың танымдық қызығушылықтары, жалпы оқу іскерліктері, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына әкелетін өздігінен білім алу дағдылары. Адамның шығармашылық әлеуетін дамыту білім беру процесіне жаңа білім беру технологияларын, әдістемелік қағидаттарды енгізуді талап етеді, олар баланы белсенді шығармашылық процеске қосуды көздейді.

Сонымен қатар, шығармашылық зерттеулер үш негізгі бағытта жүргізіледі:

- Бірінші бағыт - ғылыми өмірді бірінші дәрежелі жаңалықтармен байытқан және өз еңбегінің сипаты туралы айтуға ұмтылған ғалым-зерттеушілердің есебі.

- Екінші бағыт - модельдік эксперименттер әдісі. Шығармашылық үдеріске тек мәселені шешу ғана емес, сондай-ақ мәселелерді іздеуде ерекше қырлылық та кіреді. Бұл қоршаған әлемдегі сәйкессіздіктер мен оқшылықтарға, ең алдымен қабылданған теориялық түсініктемелер мен шындық арасындағы айырмашылыққа ерекше сезімталдық.

- Шығармашылық зерттеудің үшінші жолы - психологиялық тестілеу, сауалнамалық әдіс, статистика қолданылатын шығармашылық тұлғаның ерекшеліктерін зерттеу.

Қазіргі заманғы мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – алынған білім мен дағдыларды шығармашылық тұрғыдан ойлау және жүйелеу, сонымен қатар оларды іс жүзінде қолдану, оқушылардың қабілеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі. Сонымен қатар жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған шығармашыл, рухани ой-өрісі кең жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетіде тұр. Мұғалімнің арсеналында осы мәселеге көмектесетін көптеген технологиялар бар. Соның бірі – білім беру квесттерінің технологиясы.

Квест (Eng. *Quest*) - «іздеу, іздеу тақырыбы, оқиғаларды іздеу». Мифология мен әдебиетте «ізденіс» ұғымы сюжетті құрудың бір әдісін - кейіпкерлердің қиындықтарды жеңу арқылы белгілі бір мақсатқа жету жолын білдіреді [1; 2].

Оқу квесті - ең алдымен Интернет-ресурстарды қажет ететін рөлдік ойын элементтерімен проблемалық тапсырмалар жиынтығын қамтитын педагогикалық технология. Бұл оқыту және өздігінен білім алуды жақсарту және оқу сапасын арттырудың тиімді жолы болып саналады. Оқу үрдісінде сонымен қатар білім беру Web-квестері де кең пайдаланылады. Web-квест дегеніміз – Интернеттің ақпараттық ресурстары қолданылатын рөлдік ойын элементтерімен проблемалық тапсырма [3].

Интернетті оқу процесінде қолданудың әртүрлі деңгейлеріндегі әртүрлі білім беру пәндеріне максималды интеграциялау үшін квесттер жасалады. Олар бір мәселені, тақырыпты қамтуы мүмкін, сонымен қатар пәнаралық сипатта бола алады. Квест технологиясын студенттер, ата-аналар және әріптестермен жұмыс жасау үшін пайдалануға болады.

Алғашқы ізденістер ежелгі өркениет дәуірінде пайда болды және адамзат тарихымен бірге жүрді деп болжауға болады. Өйткені, квест – бұл жұмбақ, ал адамдар әрдайым жұмбақтарды шешуге мәжбүр болды. Әр түрлі уақытта адамдар қазба-байлықтарды іздеп, шифрланған картаны қалдырған қазынаны табуға тырысты немесе ертегі ағашын немесе бақыт әкелетін кез-келген затты таба аласыз дегенге сенген және т.б.

Белгілі бір уақытқа дейін квест технологиясы мен педагогика қатар жүрді және бір-бірімен байланысты емес еді. Бұл мәселедегі революция компьютерлік техниканың арқасында болды. Квест технологиясы педагогикаға компьютерлік ойындар әлемінен XX ғасырдың соңында келді. «Sierra» компьютерлік компаниясы өткен ғасырдың 90-жылдары геймерлерге ұнайтын King's Quest, Space Space, Police Quest т.б. ойындарының сериясын шығарды. Мұның бәрі басты кейіпкер белгілі бір мәселені шешуге, мысалы, айдаһарды залалсыздандыруға арналған тапсырмалардан басталды. Осы (немесе басқа да) мақсатқа жету үшін кейіпкер бірнеше қосымша тапсырмаларды орындауы керек еді (айталық, қылыш тауып немесе айдаһарды құлату үшін ұйықтайтын дәрі алу керек), және бұл

міндеттердің орындалуы, өз кезегінде, келесі әрекеттердің бірқатарымен және т.б. байланысты болды.

«Квест» терминін алғаш рет білім беру технологиясы ретінде 1995 жылы жазда Сан-Диего университетінің (АҚШ) білім беру технологиясының профессоры Берни Додж ұсынған. Ғалым білім берудің әртүрлі деңгейлерінде әртүрлі пәндерді оқытуда оқу процесіне интеграциялау үшін инновациялық Интернет қосымшалары қолданылады. Тапсырма ретінде проблемалы тапсырмасы бар және Интернеттен тәуелсіз іздеуді ұсынатын сайт ұсынылады [4; 5].

Web-квест үшін тапсырмалардың төмендегідей түрлері бар:

- артқа тарту – жаңа форматтағы әртүрлі көздерден алынған материалдарды ұсыну негізінде тақырыпты түсінудің демонстрациясы: презентация, постер, әңгіме құру;
- жоспарлау және дизайн – белгіленген шарттар негізінде жоспар немесе жоба жасау;
- консенсусқа қол жеткізу – өткір мәселенің шешімін жасау;
- бағалау – белгілі бір көзқарастың негіздемесі;
- журналистік зерттеу – ақпараттың объективті ұсынылуы (пікірлер мен фактілерді бөлу);
- сендіру – қарсыластарды немесе бейтарап адамдарды олардың жағына тарту;
- ғылыми зерттеулер – әртүрлі құбылыстарды, ашылуларды, бірегей интернеттегі дереккөздерге негізделген фактілерді зерттеу.

Квест (немесе Web-квест) оқушыларға кез-келген мәселені екіұштылықпен шешуге ынталандыру үшін маңызды интернет-ресурстарға сілтемелер мен түпнұсқа тапсырмаларды қолдана отырып, тіректер негізінде құрылған оқу құрылымы, сол арқылы ақпаратты іздеуде және оны неғұрлым күрделі білімге (түсінуге) айналдыруда жеке және топта (соңғы кезеңде) жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Тапсырмалардың ең жақсысы оқушыларға тақырыптық байланыстардың байлығын түсіне бастайтын, оқу процесіне оңай араласатын және өзіндік таным процесі туралы ойлауға үйренетін етіп жетеді [6].

Негізінен іздестіру іс-әрекетінің бұл түрі мұғалім беретін «тіректерді» қажет деп санайды. Тірек – бұл оқушыларға нақты дағдыларынан тыс жұмыс істеуге көмектеседі. Оқушыларға зерттеу жоспарын дұрыс құруға, оларды мәселені шешуге тартуға және назардың маңызды аспектілеріне бағыттауға көмектесетін іс-шаралар тіректердің мысалдары бола алады [7].

Веб-квест үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – басты бет, онда білім беру квестінің атауы, сонымен қатар келесі қадамдарға сілтемелер көрсетіледі. Веб-квесттің екінші бөлімінде ақпараттық мәліметтер, ереже немесе көмек парағы беріледі. Берілген ақпараттарды немесе алгоритмді қолдана отырып, қатысушы өзіне қажетті мәліметтерді таба алады, оқу тапсырмаларын этап бойынша орындап, есеп жазады. Веб-квест 3-5 этаптан тұруы мүмкін. Барлық этап бірі бірімен логикалық байланыста болуы қажет.

Биология сабағында квест тапсырмалары сызықтық, шабуылдық және шеңбер тәрізді маршрутпен орындалады. Яғни сызықтық маршрутта, қатысушылар бір тапсырманы орындағаннан кейін ғана 2-тапсырманы орындауға көшеді, осылай маршрут аяқталғанша жалғасады. Шабуылдық маршрутта тапсырмалар мен оларды орындау алгоритмі немесе көмек парағы бірден беріледі, ал қатысушылар қайсысынан бастауын өздері таңдайды, маршрут түгелдей аяқталуы қажет. Сақиналы маршрут бірнеше сызықтық маршруттан тұрады, олар тұйықталған болуы керек.

Квест технологияны бағалауға мынадай өлшемдер қолданылады:

- ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстар;
- жұмыстың өзіндік ерекшелігі және дәлелдеу сапасы;
- микротоптар құрамында жұмыс жасау дағдылары;
- ауызша презентация және талқылау, сұрақтарға жауап беру мәдениеті;
- мультимедиялық презентация;
- жазбаша мәтін және т.б.

Қазіргі уақытта Қазақстанда квест технология биология сабақтарда Интернетті сәтті қолданудың бір әдісі және оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың әдісі ретінде кең қолдана бастады.

### Әдебиеттер

1. Панфилова Т.С. Игровое моделирование в деятельности педагога. – М.: Изд. центр «Академия», 2006. – 368 с.

2. Панина Т.С. Современные способы активизации обучения. – М.: Изд. центр «Академия», 2008. – С. 69-72.
3. Жиженина Л.М., Бусарова Н.В., Решетина Т.К. Использование образовательного Web-квеста на уроках биологии // Материалы IX международной научно-практической конференции «Модернизация естественнонаучного образования: методика преподавания и практическое применение». – Самара: СГСПУ, 2019. – С. 82-90.
4. Руководство для учителя. «Эффективное обучение». ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Астана, 2016. – 326 с.
5. Кувырталова М.А., Фадеева З.В. Применение инновационных технологий в преподавании биологии / М. А. Кувырталова // Инновационные педагогические технологии: Материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.). – Казань: Бук, 2016. – С. 165-167.
6. Андреева М. В. Технологии веб-квест в формировании коммуникативной и социокультурной компетенции // Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранным языкам. Тезисы докладов I Международной научно-практической конференции. – М., 2004. – 107 с.
7. Сокол И.Н. Использование квест-технологии для повышения ИКТ-грамотности педагогов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2013. – №12. – С. 36–40.

УДК 78:373.3

**Павлова А.Б.**  
г. Уральск

## **УРОК МУЗЫКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ**

Сегодня, в условиях модернизации социально-экономической жизни страны, вся система образования ориентирована на создание условий, способствующих развитию личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики формированию физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан, развитие конкурентоспособного *человеческого капитала*. Все это требует новых подходов к содержанию образовательного процесса, содержанию учебных программ, нацеленных на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации. Обновленных подходов требует и организация учебного процесса, эффективно использующего новые педагогические и информационные технологии, отражающие уровень современной науки и практики, а также способствующие самостоятельному добыванию знаний, их обработке и применению в конкретных ситуациях.

Особого внимания требует современный урок музыки, который является частью целостного образовательного процесса в начальной школе. Его содержание ориентируется на стандарты школьного образования и реализуется на основе программы по музыке. Школьный урок содержит обязательные требования к уровню подготовки учащихся, это означает, что урок не должен стать только фактом встречи ребенка со знанием, его результатом должны стать изменения в самом ребенке.

На основе современной дидактики можно заключить, что урок музыки – это такая форма организации педагогического процесса, при которой учитель в течении точно установленного времени руководит коллективной, музыкальной и иной деятельностью, постоянной группы учащихся (класса) с учетом особенностей каждого из них, используя виды, средства и методы работы создающие благоприятные условия для овладения всеми учащимся основами предмета «Музыка». На уроке реализуются цели и задачи музыкального образования; предусмотренного государственным стандартом начального общего образования.

Особенностью урока музыки является то, что он объединяет разные виды детской музыкальной деятельности (музыкальное восприятие, музыкальное исполнительство, музыкально-творческая деятельность, музыкально-познавательная работа), что требует выстраивания целостности урока. Содержание урока музыки обусловлено необходимостью смены видов деятельности в силу возрастных особенностей детей. Учитель должен четко осознавать, что процесс усвоения информации на эмоциональном уровне нуждается как в яркости первоначального восприятия, так и в его дальнейшем закреплении, в том числе путем

повторения, на основе которого возможно и расширение, и углубление полученных знаний, умений, впечатлений, а также потребность осмысления их на новом уровне. Определение учителем типа урока – вопрос педагогической техники.

Педагоги-исследователи выделяют три формы организации учебной деятельностью учащихся на уроке музыки в начальной школе:

*Индивидуальная работа* – это самостоятельная деятельность учащихся по выполнению задания каждого ученика (работа по карточкам, с доски, с учебником, эссе о музыке). Недостатком этой работы является ограничение их общение между собой;

*Групповая форма* организации обучения – работа по группам (3-6 человек из числа учеников разного уровня) для решения конкретных учебных задач с одинаковым или дифференцированными заданиям. Групповая форма способствует эффективности усвоения учебного материала, благотворно влияет на взаимоотношения внутри группы, развивает личностные качества – инициативность, любознательность, коммуникабельность;

*Фронтальная форма* организации учебной работы по одновременному выполнению одинакового общего для всех задания в форме беседы, обсуждения, сравнения. От учителя требуется умение организовать работу всего класса, тактично корректировать ответы учащихся. Фронтальная работа позволяет установить доверительные отношения с классом.

Урок музыки – урок искусства, художественно – педагогический замысел (драматургия) которого раскрывается во взаимодействии субъектов образовательного процесса (действующих лиц) музыка, учитель, учащиеся. Учебно-познавательная деятельность учащихся эмоционально окрашена; уроку необходимо специальное оборудование, программного обеспечения, творческий характер выполнения классных и домашних заданий.

Урок музыки имеет свою композицию – особое построение, обусловленное его содержанием, характером, назначением, восприятием. В дидактике сложилась традиционная структура урока, которая включает следующие этапы: организационный момент, повторение пройденного, объяснение новой темы и итог урока. Структура урока (рис. 1) как организационное построение учебной работы имеет принципиальное значение, поскольку в значительной степени определяет эффективность обучения, его результативность.



Рисунок 1. Структура урока музыки

Творческий подход учителя к структуре урока делает ее гибкой, а урок интересным и неповторимым. Деятельность учителя и учащихся является живым процессом, который невозможно предусмотреть во всех деталях. Мастерство учителя заключается в умении перестроить урок на ходу в силу неожиданных обстоятельств, ситуаций и достичь цели урока в результате принятого решения намеченной структуры.

Урок музыки – цельная динамическая композиция в единстве драматургических элементов, как: завязка, проблемы и действия; развитие и ход решения проблемы; кульминация как самая яркая точка урока.

Вступление (настроить учащихся на взаимодействие с музыкой) способствует раскрытию содержания урока музыки от введения и погружения в тему, до ее обобщения. Педагогическое проектирование урока музыки есть деятельность по предварительной разработке субъектов педагогического процесса – учителя и учащихся, - направленного на (овладение) учебным материалом программы «Музыка» в соответствии с поставленной целью.

Педагогическое проектирование позволяет упорядочить деятельность учителя и учащихся на основе разработанного плана действий.



Рисунок 2. Элементы художественной драматургии урока музыки

В качестве композиционного построения урока музыки предлагается логика сонатной формы представлена на рисунке 3.




Рисунок 3. Композиция урока музыки в логике сонатной формы

Соблюдение в планировании разработка среднесрочных и краткосрочных планов позволяет учителю видеть цель конкретного урока во взаимосвязи с целями преподавания предмета «Музыка» в целом. План урока музыки находит свое отражение в конспекте (сценарии урока), который представляет собой деятельность учителя и учащихся, и включает описание целей, этапов урока, содержание действий учителя и учащихся на каждом этапе урока, домашнее задание, общую оценку деятельности учащихся на уроке.

Особое значение в организации урока отводится оборудованию, умелого применения которого во многом зависит успешное проведение урока музыки. В оборудование современного урока входит: музыкальный инструмент, записи музыки, синтезатор, например, «Yamaha», «Casio» и технические средства – музыкальный центр, компьютер, ноутбуки для работы в группах, DVD проектор, видеокамера, программное обеспечение MovieMaker Audacity, сборник музыкальных произведений, музыкальные инструменты, наглядные средства, пособия.

Примеры интерфейсов компьютерных программ, используемых на уроке музыки, рисунок 4.




Рисунок 4. Примеры интерфейсов компьютерных программ, используемых на уроке музыки

В современном образовании сформировались новые подходы к оцениванию результатов учебной деятельности способствующие повышению учебной мотивации, самостоятельности учащихся, что реализуется в формативном и суммативном видах оценивания.

Важнейшая функция оценивания – поддерживать, стимулировать учащихся на уроке музыки. Таким образом, современный урок музыки внедряющий новые технологии, адаптированный под новые реалии, способен выступить формой музыкального воспитания младших школьников, воспитанию подлинно свободной личности, свободной самостоятельно мыслить, добывать и применять знания, быть открытой для новых контактов и культурных связей.

ӘОЖ 371.3:53

Сырым Ж.С., Кожахметова М.М.  
Орал қ.

## КӘСІПТІК ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕРДЕ МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Кәсіптік және техникалық мекемелерде оқытылатын кәсіптер мен мамандықтардың алуандануына аса көңіл аударып отыр. *Елбасымыз жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, экономиканың қажеттілігімен байланыстырылуы керек екендігін атап өтуде.* Кәсіптік техникалық колледждерде білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор.

Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет, ХХІ ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет» дегеніндей, қазіргі кезде Республикамызда Елбасының тапсыруымен кәсіптік және техникалық білім берудің жүйесі жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Білім беру жүйесіне енгізілген түбегейлі өзгерістер білім берудің мазмұнын жанартып, жаңа көзқарас туғызады. Қазіргі ғылыми – техникалық үрдістің үздіксіз, қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінің алдына жаңа талаптар қойылып отыр. Осыған орай, ең бірінші, әлемдегі алдыңғы қатарлы өркениетті, бәсекеге қабілетті елдермен терезе теңестірудегі тұлға – жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру. Кәсіби мамандарды дайындауда Қазақстан Республикасының



жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартын жүзеге асырудың негізгі міндеті – ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыру. Тәжірибе барысында болашақ маман өзінің кәсіби мамандығы бойынша алғашқы тәжірибесін жинақтай бастайды. Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, іскер, бәсекеге қабілетті маман даярлауда әрбір білім алушыны жан-жақты ізденуге, өздігінен тың жаңалықтар ашуға, қай салада болмасын, ғылыми жұмысқа деген бейімділігін қалыптастыру көзделуде [4].

Жалпы және кәсіптік-техникалық білім беруде физиканың рөлі зор. Физика ұғымдары мен заңдылықтары бүкіл жаратылыстану үшін негіз болып табылады, оның әдістері әр түрлі жаратылыстану ғылымдарында жиі қолданылады. Физика технологиямен және өндіріспен тығыз байланысты. Олардың көптеген салалары энергетика, радиоэлектроника, ракета, атом энергиясы, лазерлік технологиялар және т.б. физика саласынан туды. Физика әлемнің қазіргі заманғы ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан физика пән ретінде, ең алдымен, жалпы білім беру сипатына ие.

Ғылыми-технологиялық революция дәуірінде, ғылымның жетістіктері өнеркәсіп пен ауылшаруашылықтың техникасы мен технологиясының негізі болғанда, еңбек сипаты да өзгереді, ол зияткерлік және шығармашылыққа айналады. Сондықтан физика пәнін жоғары ғылыми деңгейде оқытудың ерекше практикалық маңызы зор.

Физика саласындағы теориялық білімдердің кенеуі студенттердің политехникалық білім беру және кәсіптік даярлау міндеттерін ойдағыдай орындауға ықпал етеді.

Орта кәсіптік-техникалық колледждерде физика тек жалпы білім беретін пән ретінде оқытылып қана қоймайды, сонымен қатар студенттерді кәсіптік даярлау мақсатында қызмет етеді.

Кәсіптік техникалық колледждерде молекулалық физика бөлімін оқыту мазмұны, негізгі түсініктерді беру жолдары, модельдер, тәжірибелер арқылы оқыту әдістерін келтіреміз. Заттың молекулалық пен атомдық құрылысы және осы құрылыстан заттың физикалық қасиетінің (механикалық, жылулық, электрлік, магниттік, оптикалық) тәуелділігі және олардың арасындағы әсерлесу күштері физиканың барлық курсынан қарастырылатын мәселе болып табылады [3].

Молекулалық физиканы оқыту «Молекулалық физика» бөлімінен басталады деп айтуға болады. Бұл жерде классикалық атомдық-молекулалық деңгейдегі заттың тек серпімді-механикалық және жылулық қасиеттері талданады.

Оқушыларға жаңа нәрсе ретінде статистикалық әдіс туралы білім болады. Молекулалық физика және жылуға арналған бөлімде екі әдіс: термодинамикалық және статистикалық әдістер енгізіледі және қолданылады.

Орта оқу орындарында физиканың жалпы курсынағы статистикалық әдісті оқуда мына сұрақтар негізгі болып табылады:

1. Элементар актілердің кездейсоқ сипаты кезіндегі (қозғалыстың, жылдамдықтың, соққының және т.б. бағыты) жүйені құрайтын бөлшектердің барлық ірі жиынтығының анықталған статистикалық заңдылығы (мысалы, жылдамдық бойынша – модулі бойынша молекулалар таралуының максвелдік заңы).

2. Бөлшектерді сипаттайтын физикалық шамалардың орташа мәндері туралы түсінік: орташа жылдамдық, кинетикалық энергия.

3. Зат параметрлерінің, нақтысында газдың, орташа мәндерінің түсінігі: қысым және температура.

4. Орташа молекулалық шамалар мен зат параметрлерінің арасындағы байланыс [1].

Молекулалық физиканы оқыту заттың тек газ күйіндегі қасиеттерін түсіндіруге алып келеді. Қазіргі техникада қатты денелер мен сұйықтардың молекулалық сипаттамаларын білу өте қажетті болып саналады. Бұндай сәйкес білім негізі кәсіптік-техникалық колледждерде оқытылу керек.

Төменгі сыныптарда алған заттың үш агрегаттық күйінің қасиеттері туралы білім жалғастырылады; заттың механикалық және жылулық қасиеттерінің оның құрылысынан тәуелділігі және осы қасиеттерді өзгерту мүмкіндіктері оқытылады; яғни оларды басқару және қажетті қасиеттерді алу; фазалық алмасулар және оларды қолдану қарастырылады, мысалы металлургияда және жыллуэнергетикада.

Сұйықтар мен қатты денелердің қасиеттері физика курсының бір тақырыбында оқытылады. Кристалдар мен сұйықтар серпімді көлемге ие, нақты газдармен салыстырғанда молекулалық күштері, беттік энергиялары бойынша үлкен болады. Кристалдар мен

сұйықтардың бірігіп оқылуы материалдардың қазіргі технологиясында кең қолданыс тапқан дисперсиялық жүйенің кейбір қасиеттерін табиғи жағынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сұйықтардың қасиеттерінен беттік керілу мен капиллярлықтан басқа танымдық және практикалық қызығушылығы бар механикалық қасиеттері де оқылады. Оларды қатты денелердің қасиеттерімен салыстыру кезінде қарастырады.

Аморфты денелер аса салқындатылған сұйық болып табылады. Бірақ олардың кейбіреулері қаттылыққа ие (мысалы, шыны). Қатты дененің қасиеттеріне (сынғыштық, пластикалық) ие жоғары молекулалық қосылыстар (каучук, талшықтар, пластмассалар) кең қолданылуда. Құрылыс саласында техникада қатты денеге жататын бетон, кірпіш, ағаш, шыны және басқа материалдар қолданылады.

«Молекулалық физика және жылу» бөлімінде қатты денелердің механикалық және жылулық қасиеттерін серпімділікпен, сынғыштықпен, жылуөткізгіштікпен және басқа қасиеттерімен шектеп қарауға болмайды. Осы қасиеттердің байланысын микроқұрылыммен және молекулалық күштермен түсіндіру талап етіледі. Бұл физика-химиялық сұрақтар болып табылады. оқушылардың химия пәні бойынша алған білімдерін физиканы оқытуда қолдану қажет. Ғылыми-техникалық төңкерісте жаңа технологиялық үдерістер тек механикалық қана емес, сонымен бірге физика-химиялық болып табылады. Бұның барлығы кәсіптік техникалық колледждерде конденциялық жүйе қасиеттерін оқуда жаңа әдістемелік тәсілді талап етеді. Ол политехникалық мағынаны береді.

Физика бойынша оқу бағдарламасына сәйкес қатты денелердің құрылымы және олардың механикалық қасиеттері – серпімділігі, пластикалығы, сынғыштығы, беріктігі және материалдың күйреуі оқытылу тиіс. Кристалдардан бастаған орынды. Қатты дененің тек механикалық қана емес, басқа да қасиеттерін тәуелді кристалдар құрылымының ақауы туралы түсініктен бастаған маңызды.

Молекулалық физиканың жалпы курсына жылу да оқытылады. Бұл жерде температура, жылу және жұмыс, тепе-теңдік күй және изопроцестер (изохоралық, изобаралық, изотермиялық, адиабаталық), бірінші текті фазалық ауысулар сияқты маңызды физикалық түсініктер қалыптастырылады. Изопроцестерді, фазалық ауысуларды және басқа да жылулық құбылыстарды талдау үшін термодинамиканың бірінші заңы оқытылады [3].

Молекулалық физика және жылуды оқу кезінде графиктерді кең қолдану ұсынылады. Бұлар мұғалімге таныс, сондықтан бұл жерде оқыту үдерісінде көңіл бөлуді қажет ететін олардың кейбір ерекшеліктері айтылады.

Оқушыларға графиктерді салуды және оқуды, графиктерді қолданып есептер шығаруды, тәжірибеден алынғандардың негізінде графиктер тұрғызуды үйрету өте маңызды. Графиктерден газдың және будың жұмысын анықтау, энергияны жұтумен және шығарумен жүретін процестерді, газдың бір күйден екінші күйге әртүрлі жолдармен өтуді, дөңгелек үдерістерді талдау ұсынылады.

Әртүрлі агрегаттық күйдегі денелердің құрылысын салыстырудан оқушылар қарапайым физикалық жүйе газ екендігіне көздері жетеді. Оны ары қарай оқу үшін идеал газ және молекулалық хаос түсініктерін енгізу қажет. Оқу материалын осы көлемде беру қажет.

Идеал газ молекулалардың үлкен санынан ( $10^{20}$  молекула) тұрады. Олардың арасындағы арақашықтық (қалыпты қысымда  $10^{-9}$  м) молекула өлшемімен ( $10^{-10}$  м) салыстырғанда өте үлкен, яғни 10 есе үлкендей. Сиретілген газдарда бұл арақашықтық одан да көп. Бұндай жағдайларда молекуланы оның анықталған геометриясы мен құрылымына (оның атомдары түзу бойымен үшбұрыштың, пирамиданың төбелерінде орналасады, ұзын, соның ішінде иілген тізбекті құрайды) қарамай материалдық нүкте деп қараған дұрыс.

Молекулалар үздіксіз және хаосты (броундық қозғалыс) қозғалады. Молекулалар арасындағы молекулалар өлшемімен салыстырғанда үлкен арақашықтықтан олардың арасындағы әсерлесуді ескермеуге болады. Санақ жүйесіндегі молекулалар қозғалысының соқтығысулар арасындағы интервал инерция бойынша бірқалыпты деп есептеледі.

Молекулалардың әсерлесуі олардың өзара және ыдыс қабырғасымен соқтығысуы кезінде болады. бұл соқтығысулар абсолют серпімді. Еркін жүру уақыты молекулалардың әсерлесу уақытынан көп.

Молекулалық қозғалыс – заттың табиғи күйі. Ол тәртіпсіз, хаосты және үздіксіз. Бұл молекулалық хаос молекулалар қозғалысының барлық бағытының тең ықтималдығымен сипатталады, ал жылдамдықтары Максвелл ашқан анықталған заң бойынша таралған. Газдағы әсерлесу нәтижесінде қандай да бір мезетте молекулалардың бір бөлігі қалаған бағытта

қозғалады немесе олардың жылдамдықтары өзгереді, бұл әсерлесулер тоқтағаннан кейін молекулалардың соқтығысуы нәтижесінде (бір-бірімен және ыдыс қабырғасымен) қайтадан жылулық тепе-теңдік (термодинамикалық түсінік) және молекулалық хаос (статистикалық түсінік) орнайды.

Газдағы молекулалық хаос газдың ыдыста тұрған тұрмағаны қарамастан пайда болады. Жердің ауа атмосферасы бүкіләлемдік тартылыс заңы әсерінен қандай да бір көлемді алады. Газдың осы физикалық моделі негізінде газдың кинетикалық теориясының негізгі теңдеуін енгізуге болады. Бұл теңдеу молекулаларды сипаттайтын шамалардың (жылдамдық, кинетикалық энергия) мәні мен газды тұтасымен сипаттайтын физикалық шамалардың (қысым, температура) мәні арасындағы байланысты түсіндіреді [2].

#### Әдебиеттер

1. Миронова Г.А., Брандт Н.Н., Салецкий А.М. Молекулярная физика и термодинамика в вопросах и задачах. – СПб.: Лань, 2012. – 480 с.
2. Наркевич И.И. Физика. – Минск: Новое знание, 2004. – 679 с.
3. Резников Л.И. Преподавание физики в средних профессионально-технических училищах. – М.: Высшая школа, 1977. – 207 с.
4. Самалбаев Б.Б. Кәсіптік-техникалық білім беру – келешек кепілі. – <https://bilim-all.kz/article/4986-Kasiptik-tehnikalyq-bilim-beru-keleshek-kepili>.

ӘОЖ 929(09)045

Утаубаева А.У., Кажалаева Н.  
Орал қ.

#### ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ҒИБРАТТАРЫ

Заманауи дүниені жіті танып, білу, жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу, жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін, біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жан-жақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ұлы данышпан сонау бір ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған [1].

Араб философиясының атасы атанған ғұлама данышпан Әл-Фарабидің педагогикалық, дидактикалық көзқарастары оның философиялық, жаратылыстану, өнер туралы пікірлері, қағидалары ізденістерімен араласып, астасып жатады. Ғұлама ғалымның педагогикалық жүйесіндегі темірқазық болып саналатын – этикалық категория әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізінде философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі кіршіксіз пәк тазалықты, әдемілікті бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады. Ал, философияны, былайша айтқанда, бүкіл ғылым негіздерін меңгеру, оқу, оқыту арқылы келеді.

Әл-Фарабидің педагогикалық ілімі бойынша тәрбие мен тәлім, білім беру мәселелері өзара тығыз байланысты бір-бірін толықтыра жүргізілуі тиіс. «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде ол ғылым мен философияны жетік меңгеру үшін бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын, әдеп-тәрбиелігін қояды.

Әл-Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанымен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады. Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие-білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді...”.

Әл-Фарабидің пайымдауы бойынша оқу — философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие — ол мұғалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, құлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысына басты мән береді. Ғұлама тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді [1].

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған болуы керек. Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құрал, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық, қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, ары қарай дамытып өкетеді. Ол адамда жақсы әдет-мінез қалыптастыруда ерік- қайратына көп мән береді, өйткені сезім мен рухани нәпсі мен парасат мұқтаждықтары бір-біріне қарама-қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзін-өзі билеуге тіреледі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі. Бұл айтылғандар Фарабидің “Бақытқа жол сілтеуінде” былай дәйектеледі: “Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады.

Біз, мінез -құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре-тұра пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез- құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе — әдет болады, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйрену жолдары сияқты. Мысалы, жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Басқа өнерлердің де келу жолы дәл осындай...

Абзал әрекет жөнінде де істің жайы осылай сияқты ол адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін оның өзінің табиғатына біткен әлеуметке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет. Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасуы үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек”..

Фараби мұнан басқа жүйелі түрде жаттығу, машықтану, сендіру, еліктіру, үлгі көрсету т.б. тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолдануды ұсынады. Практикалық дағды, шеберліктерді, жақсы мінез-құлықты дарытуда ол тәрбиеленушінің мінезін және басқа жағдайларды ескере отырып екі педагогикалық әдісті — жұмсақ және қатаң әдісті ұштастыра қолдануды талап етеді. Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. “Жаман қылық — ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек” — дейді ғұлама. Фарабидің “Бақытқа жету жолы” атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды [3].

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да тілегей – теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім – тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Оның арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай – ақ педагогика, методика мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да жоғарыда айтылғанымыздың айғағы. Оның оқу – білім, тәлім – тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі.

Ғалым Фараби рухани күш табиғатын анықтауға көп мән берген. Ол өзінің «Даналық негіздері» атты еңбегінде адам табиғатының қасиеттеріне қарай оның сыртқы және ішкі дүниесінің бар екенін айтады. Қоршаған ортаның құбылыстарын тани алатын физиологиялық

дене құрылысы мен бітім болмысын құрайтын сыртқы тән сезімдері ішкі дүниеге де әсерін тигізеді. Ал ішкі құпия дүние дегеніміз - адамның рухани күштері. Өз кезегінде, даму процесінің үш түрі бар. Ол адамның, жануардың және өсімдіктің дамуы. Дамуды осылай жіктеген Әл-Фараби дамудың мазмұнын түсіндіруде: «Өсімдіктерше өз ұрпағын, өзіне тән құрылыс сипатын сақтап қалуды ғана мақсат тұту немесе жануарларға өзінен басым күштермен күресу сияқты мінез-құлықтармен қорғанатын даму мен таным барысындағы ортақ ұқсастықтар адамзат баласының өрісін кеңейте алмайды. Адамның тіршілік етіп дамуы, оның пайдалы, ізгі, игі мақсаттарға бағытталған жолды таңдауына, шындыққа ұмтылуына байланысты. Мұндай үлкен мақсаттарға жетелейтін адамның санасы ғана» [2].

Оның еңбектерінде адам баласының ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесі арасалмағына ерекше мән беріледі. Ғалымның айтуынша, рухы әлсіз адамдардың ішкі әлемін құрайтын сезім күйлерінің терең өріс алуы оның сыртқы дүниесінің белсенділігін өшіреді, яғни дүние құбылыстарын дұрыс табиғи тепе-теңдікте қабылдай алмайтындай жағдайға жеткізеді. Ал білім жайлы кемеңгер бабамыз оның нұрымен кемелденген рухқа ешқандай күш кедергі, тосқауыл бола алмайтынын баяндайды. Адам рухының тұрақтылығы, ең алдымен, оған нәр беретін, дәлелді тәжірибе мен терең ой толғаныстарының сүзгісінен өткен, сөйтіп орнықты пікірге ие болған санаға байланысты дей келіп, рухты сананың сәулесі түсіп тұрған айнаға теңейді.

«Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады..» деп пайымдаған ұлы бабамыздың ізі өшпес ғибраттары бүгінгі күнде де өзекті болып табылады; тәлім-тәрбие берудегі нақылдарының рухани күші адамзатты өз өмірлерін бағалауға, ақылдылыққа шақырады; адамзат тарихында ұлы ғұлама ілімінің мәңгілік ізі жарқырайтыны ақиқат!

### Әдебиеттер

1. Әл-Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнам. сериясы. – Алматы, 2006. – 397 б.
2. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2013. – 164 б.
3. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары. – [https:// baribar.kz](https://baribar.kz)

ӨОЖ 94.(574)

Утаубаева А.У., Малышева А.Р.  
Орал қ.

### ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТЕКТІЛІК, САЛТ-ДӘСТҮР, ТӘРБИЕ ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ОЙЛАР

Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб, қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қаласында дүниеге келді. Ғұлама ойшылдың толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби. Ол әулетті отбасыда өмірге келді. Оның әкесі әскери қолбасшы болған. Орта ғасырда Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ордасы еді. Мұнда Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасты. Осының арқасында Әл-Фараби ондағы құнды қолжазбалар және кітаптармен танысуға мүмкіндік алды. Ғұлама ғалым түркі тайпасынан шыққан. Бұған дәлел оның толық аты-жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Ғалымның туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар "Барба-Фараб" деп атап кеткен. Сондықтан "әлемнің екінші ұстазы" атанған ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Тарихи деректерде Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Көптеген ғалымдар зерттеулерімен танысқан кезімде Әбу Насыр атамыздың бала күнінен ғылымға үйір болып өскені көрінеді. Ол кезінде Бұхарада, Самарқанда, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Мәдина, Мекке қалаларында болып, білімін тереңдеткен [1].

Әл-Фараби жүзден астам философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырған. Ғалым философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Ғұлама ойшыл ғылымды 2 топқа бөлген: Бірінші: теориялық ғылымдар. Бұл топқа жаратылыстану

ғылымдары мен метафизиканы енгізген. Екінші: практикалық ғылымдар. Бұл топқа этика, фикһ, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызған. Өз заманындағы білім, ғылым, өнер салаларының бәрінде де өшпес із қалдыра білген. Ол – астрономия, биология, астрология, математика, логика, музыка, дәрігерлік, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия-риторика, философия сияқты ғылым салалары бойынша жүзден астам ғылыми еңбектер жазған [4]. Ел-аузындағы ғұлама атамыз туралы мына бір аңыз-әңгімелер желісімен таныса отырсақ: «Бір күні әлде кім Әбу Насыр әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен [3]. Осы әңгімеге орай халқымыздың арасында кең тараған мына өлең шумақтары да дәл осы Ұлы ғұламаның айтқандарымен астасып жатқан жоқпа?

Текіден текті туады,  
Тектілік тұқым қуады.  
Тектілердің тұяғы,  
Таңдайды күз-қияны.  
Шын тектілер халқы үшін,  
Өлімге басын қияды.  
Жақсы, жаман деместен,  
Жанына жұртын жияды...».

Биология саласындағы қаншама ғалымдар зерттеулерінен бұрын-ақ тектілік құбылыстың тәрбиеге көнбейтінін, ол атаның қаны, ананың сүтімен дарып, сүйекке бітетін асыл қасиет екенін қазақ халқы алыстан аңғарды. Сайып келгенде, ұлттың тектік қорын (генофондын) күшейту мақсатында жеті атаны сақтау, құдандалы болу, атастыру, қалың мал, әменгерлік, т.с.с. ата дәстүрлерді сары майдай сақтап, шынжырлы-текті тұқымдардың тамырын үзіп алмай, ұрпақтарға сабақтастыруда бай тәжірибе жинақтаған [6].

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан некелік - отбасылық қатынастың негізгі өзегі бозбала мен бойжеткеннің арасындағы тамыры жоқ арзан сезім емес, жарық дүниеге, ақыл-ойы зерек, дені сау, аяқ-қолы балғадай текті ұрпақ әкелу философиясымен байланысып жатыр. Өйткені қай кезде-де ұрпақтың денсаулығы мен зердесі мемлекеттің ең үлкен қазынасы екені сөзсіз. Демек, ата-бабаларымыз дәл қазіргідей тек қорын толық зерттемесе де, жақын адамдардың отбасылы болуынан сан алуан дерттің етек алатынын жетік білген. Тұқымқуалаушылықтың заңдары тұрғысынан алғанда туыс адамдардың некелесуі дұрыс емес екенін өзге ұлттардан ерте біліп, қан тазалығына ерекше мән бергенін мақтанышпен айта аламыз.

Бүгінде сирек кездесетін сырқаттар негізінен генетикалық аурулар екендігі анықталып, медициналық тілмен айтқанда орфандық аурулар мәселесін дәрігерлер соңғы жылдары дабыл қағып көтере бастады. Әсіресе, мутацияға ұшыраған нәрестелер санының көбеюі қоғамды алаңдатып отыр. Дамыған елдерде адамның тұқым қуалайтын 50–55 түрлі ауруларына тест жасайтын генетикалық консультациялардың жұмыс істеуінің өзі көп нәрсені, аңғартады. Бүгінгі таңда ерекше назар аударарлық нәрсе, АҚШ және Батыс Еуропаның онға жуық мемлекеті заңдастырып үлгерген бір жыныстылардың некесі, киенкілер мен қызтекелер деген сорақылықты және өзге-де ұлттық ділімізге жат көріністерді мамандар түптеп келгенде қан тазалығын сақтамаудың салдарымен байланыстырып жүр. Өйткені еуропалық мәдениетте тек туралы түсінік жоқ, оларда отбасы ұғымы ғана бар. Соңғы жылдары шетелдіктердің өзгеден гөрі қазақ балаларын көптеп асырап алуының да негізгі сыры тектік қорымыздың тазалығымен астасып жатыр. Алаш баласының некелік-отбасылық түсінігіне мүлде жат, небір азғындықты білдіретін анайы көріністер адамзат тарихында жеткілікті.

Қазақтың ар мен намыс туын биік ұстаудың нәтижесінде бабаларымыз өз елін, кең даласын сақтай білді. Тұтастығы бұзылмады, туы жығылмады. Ол қазақтың қанына сіңген намыс пен иманның арқасы. «Өлімнен ұят күшті» дейді, бабаларымыз. Бұл нақыл күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. «Жарлы болма, арлы бол» деген бабалар сөзін әр ұрпақ есте бекем сақтау керек. Атам қазақ «жеті атасын білмеген жетесіз» демекші адам өзінің шыққан тегін жақсы білуі келер ұрпақ алдындағы борышы. Баласына әулетінің шежіресін үйретуі тиіс. Адам баласының шыққан тегі оның түп тамыры. Жемісті ағаш мәуелі болуы үшін тамыры тереңде бойлауы тиіс. Адам да бар құнарын ата-бабасы тәлімінен алады.

Заманында Бұқар жырау: «Жал, құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз. Қалың малы арзан деп, Жаман қатын алмаңыз. Жабыдан айғыр салсаңыз, Жауға шабар ат тумас, Жаман қатын алсаңыз, Топқа кірер ұл тумас. Жақсыдан жаман туса да, Жаманнан жақсы туса да, Тартпай қоймас негізге!» – деп тектің қоғам мен әлеумет өміріне қаншалықты әсер ететінін айтқан.

Мына бір аңыз әңгімеде жолы түсіп, туған жері Отырарға қайта оралған бір шақта Әл-Фараби төңірегіне ел балаларын жинап, оларды оқытуды ниет етеді. Сондай күндердің бірінде бір жас бала сабаққа келгенде, оның атын сұраса, айтпайды. Жас шәкірт екі қолын көкірегіне басып, тағзым етіп тұрып былай дейді: – О, қадірлі ұстазым, өз есімімді өзім атай алмауыма мен жазықты емеспін. Ата-анам біле тұра маған сіз сияқты ұлы адамның атын қойыпты. Осы атым үшін талай рет опық жедім. Біреулер – қандай жақсы есім, Екінші ұстазға ұқсасаң игі десе, енді біреулер – қорашыл төбетті бербасар атаса да тазы болмас деп, мазақ етеді. – Жақсы, балам, есімің Әбу-Наср екен, одан әрі қалай еді? – деп сұрайды Фараби. – Осыған Исмаил Хаммедұлы дегенді қоссаңыз болады. – Дұрыс, – дейді Фараби, – Әбу Наср Исмаил бин Хаммед. Бір Әбу-Наср оқытты, екінші Әбу-Наср оқыды, онда тұрған не бар. Бір Жауһариден (Ғаббас бин Саид әл-Жауһари Отырардан Бағдатқа барған математик, астроном, Бәйт ел-Хикметте профессор болған) оқыдым, екінші жауһариді оқыттым деп, мен де айтып жүрейін. Өмірің ұзақ болғай! Балам, Ғаббас Жауһаримен қандай жақындығың бар? – Ол кісі бабаммен – туажат екен, әкеммен – жүрежат, менімен – тумайжат болады. Біздің арғы бабаларымыз – аталас, тіптен, құлажат – бір ауыл екенбіз. Жазғы жайлауымыз бір, тайпамыз – қаңлы. Неге екенін білмеймін, көбінесе қыпшақ дейтінін естіп жүрмін, – депті шәкірт бала [2].

Әл-Фарабиден оқыған осы бала кейін көрнекті ғалым болады. Бағдатта ұстаздық етіп, «Сыхақ фи-л-лұғат» деген кітап жазады. Осы еңбегі араб тілінің көптеген кейінгі сөздіктеріне негіз болады. Әбу-Наср Исмаил бин Хаммед әл-Жаһари (937-1003 жылдар шамасы) өз заманының белгілі қайраткері де болған. Қазақ есімдерін зерттеуші ғалым Телқожа Жанұзақтың пайымдауынша, қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен заманнан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді. Есімдерді таңдап, талғап қоюда түрлі белгі, нышан, жағдаяттар, ырым мен дәстүрлердің уәжділігі байқалады. әбиге ат қоюдағы салт-дәстүр. Негізінен, қазақ халқында балаға ат қойғанда ата-аналардың арқа сүйейтін ең басты он бес салт-дәстүрі бар. Олар: 1. Балаға тіл-көз тимейді деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, Тезекбай. 2. Баланың дені сау, жаны берік болуы үшін ат қою. Есімдері: Тасболат, Тастемір, Шымырбай. 3. Бала-шағаларының өмірі ұзақ болсын, көп жасасын деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жанұзақ, Жүзбай, Жүзжасар, Мыңжасар, Өмірбек, Сексенбай, Тоқсанбай, Ұзақбай. 4. Елдің ардақты аза-маттарының атын солардай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен жаңа туылған балаға ат қою. Есімдері: Абай, Абылай, Ғабит, Жәнібек, Исатай, Қазыбек, Махамбет, Сәбит, Сәкен, Ыбырай т.б. 5. Қыз аттарына аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат маталардың, нәзік өсімдіктердің атын қою. Есімдері: Айман, Еңлік, Жібек, Жұлдыз, Күміс, Мақпал, Меруерт, Раушан, Шолпан, Шынар т.б. Халқымыз сәбиге ат қою дәстүріне атам заманнан аса жауапкершілікпен қараған. Балаға мағынасы дұрыс, құлаққа жағымды, көркем ат қоюға тырысқан [5].

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әр адам ұрпағымен мың жасайды. Ұрпақ артта қалған із, сондықтан балаға есім таңдауды талғаммен қарап, ел тізгінін берік ұстайтын азаматтар көп болсын дегіміз келеді.

Аль-Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын “Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды “деп тұжырымдайды.

Фараби “еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет ” деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді. Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде “Қатты әдіс” пен “Жұмсақ әдісті” ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда “қатты әдіс” деп отырғаны жазалау, ал “жұмсақ әдіс” деп отырғаны-мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым.

Сонымен қатар, ұлы ғұлама адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Әл-Фараби педагогикалық ғылымдарға арифметика мен геометрияны, астрономия мен дыбыстар туралы ғылымдарды қосып есептеген. «Мұның мәнісі – бұл төрт ғылым оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады», - деп пайымдаған Фарабидің ілімі бойынша, адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама [9].

Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды [8]. Әл-Фараби өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін алып, баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды [7].

В практике открытой разработки месторождения наблюдается немало случаев, когда в следствии неправильной оценки устойчивости и принятия завышенных значений углов наклона бортов карьера происходили крупные оползни и обрушения. Устойчивость прибортовых массивов определяются степенью их трещиноватости. Технология упрочнения трещиноватого массива должна обеспечить полное заполнение трещин в массиве различной композицией и надежно скрепить отдельные структурные блоки в единое целое.

Одним из известных способов упрочнения трещиноватых пород является их цементация. На карьерах цементация пород применяется следующим образом. С верхней площадки уступа бурятся вертикальные и наклонные скважины на расстоянии 4-6 м от друг друга и в них нагнетается цементный раствор до полного насыщения массива. Цементный раствор готовят на основе воды и цемента. Для безопасной отработки месторождения на нижележащих горизонтах, с целью предотвращения осыпей, нами разработан раствор, состав которого приводится ниже.

В основу изобретения положена задача создания раствора для укрепления трещиноватых горных пород, обладающего низкой стоимостью, достаточной текучестью для заполнения мелких трещин и адгезией к горным породам, высокой прочностью полученного материала и позволяющего утилизировать отходы горного производства - хвосты обогатительных фабрик. Для достижения этого результата композиция для укрепления трещиноватых горных пород, содержащий цемент, наполнитель и воду, согласно изобретению, в качестве наполнителя содержит хвосты обогатительных фабрик и дополнительно содержит дисперсионный полимерный порошок мовилит при следующем соотношении компонентов, мас. %:

цемент	30-35
хвосты обогатительных фабрик	45-50
дисперсионный полимерный порошок мовилит	3-4

Указанное соотношение компонентов получено экспериментально и является оптимальным. С одной стороны, необходимой текучести раствора и адгезии, а с другой стороны, для получения материала необходимой прочности после схватывания его с горными породами.

В результате исследования разработана принципиально новая, не загрязняющая окружающую среду, технология переработки отходов и производства раствора для укрепления трещиноватых пород, что позволит снизить техногенную нагрузку на окружающую среду и обеспечить рациональное использование вторичного сырья. Техническая новизна созданных инновационных методов и способов подтверждены патентами РК на изобретение [4].

Таким образом, «Зеленая» экономика, на наш взгляд, начинается с каждого из нас. Она не терпит лозунгов и призывов, заверений, предпочитая конкретные и эффективные действия, исходящие от нас, людей, по внутреннему убеждению.

### Литература

1. Естемесов З.А., Бек Ш.Ш. Твердые бытовые отходы и использование их в производстве строительных материалов. – Алматы: ЦЕЛСИМ, 2009. – 190 с.
2. Акмалаев К.А., Бек А.А. Твердые отходы и использование их в производстве строительных материалов // Маркшейдерия и недропользование. – 2015. – №4. – С. 12-18.

3. Естемесов З.А., Бек Ш.Ш. Методические указания по управлению отходами производства и потребления в Казахстане. – Алматы: КазНТУ, 2010. – 50 с.

4. Нурпеисова М.Б., Кыргызбаева Г.М., Бек А.А. Патент на полезную модель. №1573 РК. Состав для укрепления трещиноватых горных пород / Оpubл. от 02.01.2016 г.

ӘОЖ 582.746.11(574.1)(a13)

Дарбаева Т.Е., Туқенова Г.А.  
Орал қ

### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КӨНЕ АУМАҚТАРЫНДА, ОРМАН ҚОРЛАРЫНДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖӘНЕ ЖОЙЫЛЫП КЕТУ ҚАУПІНДЕГІ ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІ

Қазақстан экожүйесі тұтастай алғанда континентте биологиялық алуантүрлілік бірегейлігімен ерекшеленеді.

Соңғы он жылдықта табиғатта жүздеген жануарлар және өсімдіктер дүниесі құрып кетті, әліде жоғалуда, табиғи кешендер бұзылуда. Бұл тенденция үлкен үрей туғызуда. Алуантүрлі түрлерінің азайуы экожүйенің тұрақсыздануына әкеліп және флора мен фаунаың кедейленуі адамзатқа үлкен әсерін тигізеді. Биоалуантүрлілікті іс жүзінде жоғалтудың негізгі себебі өмір сүру ортасының жойылуы мен тозуы, ең бастысы ормандарды жою, топырақтың эрозиясы, өсімдіктер мен жануарлар түрлерін көп тұтыну болып табылады.

Биоалуантүрлілікті сақтау үшін Қазақстан Республикасы 1994 жылы Биоалуантүрлілік жөнінде конвенцияны бекітті, биологиялық әртүрлілікті сақтау және теңгермелі пайдалану жөніндегі ұлттық стратегия мен іс – қимыл жоспарын әзірледі [4].

Дүние жүзінде 500 мыңнан астам жоғары сатыдағы гүлді өсімдіктер түрлері кездесе, Қазақстан Республикасында 5600 түр, ал Батыс Қазақстан облысында 1200 түрі тіркелген. Соның ішінде 31 түрі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген.

Осы 31 өсімдік түрінің 12 түрі облысымыздың жазық аймағында кездеседі. Бұл өсімдік түрлеріне тоқталатын болсам, ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens* L), көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis* (Сурет 3)), бор сылдыршөбі (*Silene cretacea*), Разумовский тиынтағы (*Hedysarum razoumovianum*), бор сиякөгі (*Linaria cretacea*), сопақша допшагүл (*Globularia punctata*), Талиев гүлкекіресі (*Centaurea taliewii*), Корнух- Троцкий өгізкөзі (*Anthemis trotzkiana*), қос гүлді қызғалдақ (*Tulipa biflora*), Шренк қызғалдағы (*Tulipa screnkii*), Фишер құссүттігені (*Ornithogalum fischerianum*), қатты жапырақты дұғаш (*Koeleria sclerophylla*) жатады [1; 5].

Біздің облысымыздағы ең көне аумақтарда Орал үстірті және Жалпы Сырт территорияларында бұл өсімдіктердің кездесуі де әртүрлі (Кесте 1).

Кесте 1 – Орал үстірті мен Жалпы Сыртта кездесетін өсімдік түрлері

Орал үстірті	Жалпы Сырт
<i>Adonis vernalis</i> L Көктем жанаргүлі	<i>Adonis vernalis</i> L Көктем жанаргүлі
<i>Anthemis trotzkiana</i> . Claus Корнух- Троцкий өгізкөзі	<i>Anthemis trotzkiana</i> . Claus Корнух- Троцкий өгізкөзі
<i>Centaurea taliewii</i> . (Клеоров) Талиев гүлкекіресі	<i>Centaurea taliewii</i> . (Клеоров) Талиев гүлкекіресі
<i>Crambe tatarica</i> L. Татар қатыраны	<i>Crambe tatarica</i> L. Татар қатыраны
<i>Dianthus andrzejowskianus</i> (Zapal.) Андрежевский қалампыры	<i>Dianthus andrzejowskianus</i> (Zapal.) Андрежевский қалампыры
<i>Hedysarum razoumovianum</i> DC Разумовский тиынтағы	–
–	<i>Globularia punctate</i> . (Lapeyr) Сопақша допшагүл

–	Quercus robur. L Кәдімгі емен
Ornithogalum fischerianum L Фишер құсқуттігені	Ornithogalum fischerianum L Фишер құсқуттігені
Oxytropis niedzweckiana L Недзвецкий кекегі	Oxytropis niedzweckiana L Недзвецкий кекегі
Lepidium meyeri L Мейер шытырмағы	Lepidium meyeri L Мейер шытырмағы
Linaria cretacea. (Fisch. Ex Spreng) Бор сиякөгі	Linaria cretacea. (Fisch. Ex Spreng) Бор сиякөгі
Koeleria sclerophylla L Қатты жапырақты дұғаш	–
Pulsatilla patens. L Ашық құндызшөп	Pulsatilla patens. L Ашық құндызшөп
Silene cretacea. L Бор сылдыршөбі	–
Tulipa screnkii. Regel Шренк қызғалдағы	Tulipa screnkii. Regel Шренк қызғалдағы

Орал үстіртінде кездесетін өсімдік түрлеріне тоқталатын болсақ, бұл аумақта ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens*. L), көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis*), бор сылдыршөбі (*Silene cretacea*), Разумовский тиынтағы (*Hedysarum razoumovianum*), бор сиякөгі (*Linaria cretacea*), Талиев гүлкекіресі (*Centaurea taliewii*), Корнух- Троцкий өгізкөзі (*Anthemis trotzkiana*), Шренк қызғалдағы (*Tulipa screnkii*), Фишер құсқуттігені (*Ornithogalum fischerianum*), қатты жапырақты дұғаш (*Koeleria sclerophylla*), татар қатыраны (*Crambe tatarica* L.), Андрежевский қалампыры (*Dianthus andrzejowskianus* (Zaral.)), Недзвецкий кекегі (*Oxytropis niedzweckiana*), Мейер шытырмағы (*Lepidium meyeri*) кездеседі [2].

Ал, Жалпы Сырт территориясынан кездестіруге болатын өсімдіктер қатарына ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens*. L), көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis*), кәдімгі емен (*Quercus robur*), бор сиякөгі (*Linaria cretacea*), сопақша допшагүл (*Globularia punctata*), Талиев гүлкекіресі (*Centaurea taliewii*), Шренк қызғалдағы (*Tulipa screnkii*), Фишер құсқуттігені (*Ornithogalum fischerianum*), татар қатыраны (*Crambe tatarica* L.), Андрежевский қалампыры (*Dianthus andrzejowskianus* (Zaral.)), Мейер шытырмағы (*Lepidium meyeri*), Недзвецкий кекегі (*Oxytropis niedzweckiana*), Корнух- Троцкий өгізкөзі (*Anthemis trotzkiana*) жатады [2].

Салыстырып қарайтын болсақ, Орал үстірті Жалпы Сыртқа қарағанда өсімдіктер қорымен бай болып келеді. Себебі, Орал үстіртіндегі өсімдіктер жамылғысы 45,1%-ды көрсетсе, Жалпы Сыртта 41,9%- дық көрсеткіш көрсетіліп тұр.

Жер бедері бойынша Жайық өзені 5 орман қорымен ерекшеленеді және онда сирек кездесетін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлер кездеседі. Жайық өзені маңында Бөрлі, Январцев, Орал, Теректі, Ақжайық орман қорлары бар. Батыс Қазақстан облысы бойынша Қызыл кітапқа енгізілген өсімдік түрлерінің осы орман қорларында кездесуін анықтадым. 31 өсімдіктің ішінен тек 15 өсімдік түрі ғана орман қорларында кездеседі (Кесте 2) [6].

Кесте 2 – Жайық өзені бойындағы өсімдіктердің орман қорларында орналасуы

№	Өсімдіктер тізімі	Орман қорлары				
		Бөрлі	Январцев	Орал	Теректі	Ақжайық
1	2	3	4	5	6	7
1	<i>Nymphaean alba</i> L Ақ тұңғиық	+	+	+	+	+
2	<i>Pulsatilla patens</i> L Ашық құндызшөп	–	+	–	–	–
3	<i>Adonis vernalis</i> L Көктем жанаргүлі	+	+	+	+	–
4	<i>Delphinium cuneatum</i> L	+	+	–	–	–

	Сына жапырақты тегеурінгүл					
5	<i>Quercus robur</i> Кәдімгі емен	+	+	-	-	-
6	<i>Alnus glutinosa</i> Жабысқақ қандыағаш	-	+	-	-	-
7	<i>Euonymus verrucosa</i> Сүйелді қабыржық	-	+	-	-	-
8	<i>Tulipa biflora</i> Қос гүлді қызғалдақ	-	-	-	-	+
9	<i>Tulipa screnkii</i> Шренк қызғалдағы	+	+	+	+	+
10	<i>Ornithogalum fischerianum</i> Фишер құсұттігені	+	+	+	+	+
11	<i>Convallaria majalis</i> L Мамыр меруертгүлі	+	+	+	+	-
12	Қара қандағаш <i>Alnus glutinosa</i> L.	-	+	-	-	-
13	<i>Corylus avellana</i> L. Кәдімгі шаттауық	-	+	-	-	-
14	<i>Crataegus ambigua</i> L. Күмәнді долана	+	+	+	+	+
15	<i>Koeleria sclerophylla</i> Қатты жапырақты дұғаш	+	-	-	-	-

Әр орман қорларында кездесетін сирек өсімдік түрлерін атап айтатын болсақ, ақ тұңғиық (*Nymphaea alba*) Бөрлі, Январцев, Орал, Теректі, Ақжайық орман қорларында кездеседі. Ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens*), қара қандағаш (*Alnus glutinosa* L.), Кәдімгі шаттауық (*Corylus avellana* L.) тек Январцев орман қорында, көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis*) Бөрлі, Январцев, Орал, Теректі орман қорларында, сына жапырақты тегеурінгүл (*Delphinium suneatum*), кәдімгі емен (*Quercus robur*) Бөрлі және Январцев орман қорларында, жабысқақ қандыағаш (*Alnus glutinosa*), сүйелді қабыржық (*Euonymus verrucosa*) Январцев орман қорында, қос гүлді қызғалдақ (*Tulipa biflora*) Ақжайық орман қорында, Фишер құсұттігені (*Ornithogalum fischerianum*) барлық орман қорларында, мамыр меруертгүлі (*Convallaria majalis*) Бөрлі, Январцев, Орал, Теректі орман қорларында кездеседі. Бор сылдыршөбі (*Silene cretacea*), Разумовский тиынтағы (*Hedysarum razoumovianum*), бор сиякөгі (*Linaria cretacea*), сопақша допшагүл (*Globularia punctata*), Талиев гүлкекіресі (*Centaurea taliewii*), Корнух-Троцкий өгізкөзі (*Anthemis trotzkiana*), қатпар баршынгүл (*Gladiolus imbricatus*), телпек сүйсін (*Orchis militaris*), қатты жапырақты дұғаш (*Koeleria sclerophylla*), таспа боз (*Stipa anomala*) өсімдіктері барлық орман қорларында кездеспейді [3; 7].

#### Әдебиеттер

1. Баландин С.А., Абрамова Л.И., Березина Н.А. Общая ботаника с основами геоботаники: Учебное пособие для вузов. 2-е изд., испр. и доп. – М.: ИКЦ «Академкнига», 2006. – 293 с.
2. Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы. – Орал, 2008. – 121 б.
3. Иванов В.В. Определитель растений Северного Прикаспия. – Л., 1964-1989. – 141 с.
4. Қазақстан Республикасының биологиялық ресурстарын сақтау мен дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. – Астана, 2015. – [htt://fnc.kz/conventions/ files/kz- nbsap-rus](http://fnc.kz/conventions/files/kz-nbsap-rus).
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 қаулысы. – [htt://adilet.zan.kz// kaz/ docs/ P060001034](http://adilet.zan.kz//kaz/docs/P060001034).
6. Серебряков Н.Г. Жизненные формы высших растений и их изучение // Полевая геоботаника. – 1964. – С. 111- 130.
7. СССР флорасы. – Л., 1935-1961. – С. 23- 26.

## РЕАКТ ФРЕЙМВОРКІ ВЕБ-ДАМЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛЫ

Веб-бағдарламалау технологиялары белсенді дамуда. JavaScript-ті қолдана отырып, компоненттерге бағытталған пайдаланушы интерфейстерін құруға болатын қазіргі заманғы тиімді веб-құралдардың біріне шолу. Негіздемелер бағдарламалау әлемін түбегейлі өзгертті және даму процесінің ажырамас бөлігі. Біз React шеңберінің сипаттамаларын, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ интерактивті интерфейсті құру және құру үшін оны пайдалану мүмкіндігін қарастырамыз. React фрейворкінің басты ерекшелігі - компоненттер талқыланады. Қосымшаны құру кезінде React қадам бойынша көрсетіледі.

Кілт сөз: JavaScript, фреймворк, React, веб-программалау JavaScript жасау үшін кеңінен қолданылатын бағдарламалау тілі веб-қосымшалар, масштабталатын және ыңғайлы дамыту интерфейстер, нақты уақыт режимінде веб-сайттарды өзгерту және басқа да маңызды міндеттер қаралады.

Веб-сайтты немесе JavaScript негізіндегі қосымшаны құру кезінде жоба үшін қажетті құралдарды таңдау өте маңызды. Бұл процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

Кодты жазу, жұмыстың уақтылы орындалуын және дайын өнімнің жалпы жетістігін қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта JavaScript негіздері осындай тиімді құралдар болып табылады.

Фреймворк – жүйенің құрылымын анықтайтын бағдарламалық платформаға арналған шаблон (бос); әзірлеу мен интеграцияны жеңілдететін бағдарламалық қамтамасыз ету және веб-жобаның әртүрлі модульдері [1].


Қолайлы JavaScript қосымшасын таңдау өнімнің бастапқы мақсаттарына, жобаның талаптарына, жалпы функционалдылыққа, оның әр нақты салада қолданылуына байланысты болады. JavaScript шеңберлік технологиялары бар әзірлеушілер әлемдік еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие.

React.JS 2019 жылға арналған ең жақсы JavaScript фреймдер тізімінде бірінші орын алады. React – құрамдас бағдарланған реттелетін шеңбер. JavaScript қолданатын интерфейстер. React парақты қайта жүктеместен деректерді автоматты түрде жаңарта және көрсете алатын әр күй үшін пайдаланушы интерфейсінің қайта пайдаланылатын құрамдас бөліктерін құруға қызмет етеді.

Пайдалану статистикасы. 475 мың веб-сайт React-пен жұмыс істейді.

JavaScript әзірлеушілерінің 64,8% -ы қазіргі уақытта React-ті қолданады.

Ол JS State сауалнамасында дайын JavaScript шеңберлері арасында танымалдығы бойынша бірінші орынға ие (суретті қараңыз).



Сурет 1 – JS JavaScript фреймворк State Of JS рейтингі [2]



React артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайық.

Артықшылықтары:

*Жоғары өнімділік* - React өзінің жоғары өнімділігі мен икемділігімен танымал. Оны басқа платформалармен еш қиындықсыз біріктіруге болады. Реакцияны клиент жағынан да, сервер жағынан да қолдануға болады.

*Үйлесімділік* – ескіден жаңа нұсқаларға оңай ауысу.

*Құрамдас бөліктердің құрылымының оңайлығы* - компоненттерге негізделген архитектура кең көлемді жобаларда кодты қайта пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетуге көмектеседі.

*Деректердің бір бағыттылығы* – ағынды басқару элементтері арқылы байланыстырылатын бір бағыттағы мәліметтер, еншілес элементтердің құрылымына енгізілген кез-келген өзгерістер ата-аналық элементтердің құрылымына әсер етпейтініне көз жеткізуге көмектеседі.

*Рендеринг.* Көптеген React негізделген фреймворктар тікелей DOM-мен жұмыс істейді. Интерфейстер өз кезегінде күрделене түсуде. DOM-мен өзара әрекеттесу қолдану жылдамдығына тікелей әсер етеді. Virtual DOM тұжырымдамасын енгізу арқылы бұл мәселені шешіңіз.

Кемшіліктері:

*Пайдалану қиын* – көптеген әзірлеушілер React-ті басқа фреймворкпен салыстырғанда олардың мақсаттары үшін өте күрделі деп санайды. Қосымша қиындықтар шағын жобалар үшін қажет болмауы мүмкін.

*Ресми құжаттаманың болмауы.* React-тің жылдам дамуы белгілі бір құрылымы жоқ тиісті құжаттамаға орын қалдырмайды, өйткені көптеген әзірлеушілер оған жүйелік тәсілсіз жеке өзгерістер енгізеді.

*Құрастыру құралдарына қажеттілік.* React дұрыс жұмыс істеуі үшін сізге басқа кітапханалармен және орталармен үйлесімділікті құруға арналған көптеген құралдар қажет болады. Қолданыстағы оқшылықтармен React ол қойылған мақсаттарды орындайды.

Барлық React қосымшалары пайдаланушы интерфейсін кіретін компоненттерге негізделген. Сондықтан, React көмегімен қосымшалар құрғанда, көптеген тәуелсіз және қайта пайдалануға болатын компоненттер жасалады, содан кейін олар күрделі пайдаланушылық интерфейсдерді құру үшін біріктіріледі. Әрбір React қосымшасында кем дегенде бір үлкендік компоненті болады. Ол негіз болып табылады және бөліктері басқа компоненттерін қамтиды. Осылайша, React әр қосымшасы компоненттердің иерархиясы болып табылады.

Компоненттерді қолданудың ең үлкен артықшылығы - құрамдас бөлікті кез келген уақытта қалғандарына әсер етпей өзгертуге болады. Бұл мүмкіндік деректерді жиі өзгертетін үлкен қолданбаларда қолданған кезде тиімді. Кез келген деректер қосылған сайын, React күйі өзгерген нақты компонентті автоматты түрде жаңартады. Бұл өзгерістерді көрсету үшін браузерді бүкіл қолданбаны қайта жүктеуден сақтайды.

Реакция деректердің екі түріне ие: тірек және күй. Күйдің негізгі ерекшелігі - бұл жеке деректер түрі және оны құрамдас бөліктен өзгертуге болады. Тірек, керісінше, сыртқы болып табылады және оны компоненттің өзі басқара алмайды. Олар мәліметтерді басқаратын иерархиядағы жоғарыда тұрған компоненттермен беріледі.

React-та қосымшаны құру кезеңдері [3].

Интерфейсті компоненттерге бөліңіз. Орналасуда әр компоненттің (және подкомпоненттің) функционалдығын анықтап, оларға ат қою керек. Егер уақыт өте келе компоненттің функционалдығы жоғарыласа, оны ішкі компоненттерге бөлу керек.

React-та статикалық нұсқа құру. Енді барлық компоненттер иерархиялық ретпен орналастырылғандықтан, қосымшаны іске қосудың уақыты келді. Ең қарапайым тәсілі - деректер моделін қолданатын және интерфейсін ұсынатын, бірақ интерактивті емес нұсқаны құру. Бұл қадамның соңында деректер моделін көрсететін қайта пайдалануға болатын компоненттердің кітапханасы пайда болады.

Интерфейс күйінің минималды (бірақ толық) дисплейін анықтау. Бағдарламаны интерактивті ету үшін сіз өзіңіздің негізгі деректер үлгісіңізге өзгертулер енгізе аласыз. React күйін(state) қолдану арқылы мұны жеңілдетеді. Күй өзгертуге жататын қосымшаның бөліктері болып табылатын объект. Әрбір компоненттің осы күйге ие болуы мүмкін, ол this.state объектісінің меншігінде болады.

Қолданбалар иерархиясының қай деңгейде орналасқанын анықтаңыз, яғни. өтінімнің минималды жағдайы анықталғаннан кейін осы күйдің қай компонентке иелік ететіндігін және оны өзгертетінін анықтау қажет.

Кері деректер ағынын қосу.

Осылайша, компоненттер мен қосымшалар React көмегімен жасалады.

Жалпы алғанда, React шеңбері қолданушы интерфейсінің құрудың тиімді құралы болып табылады. Оның функционалдығы дамуды жылдамдатады, бұл жазу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, бұл жасаушылар үшін үлкен артықшылық. Netflix, Yahoo, Instagram, Facebook, WhatsApp, Сбербанк, PayPal, Microsoft, BBC сияқты ірі компаниялар веб-интерфейсі үшін негізгі құрал ретінде React пайдаланады.

### Әдебиеттер

1. Cambridge English Dictionary [Электронный ресурс]. — Электрон. баспа. — Кіру режимі: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/frameworkworks>.

2. Front-end Frameworks. – Overview [Электрондық ресурс]. — Электрон. баспа. — Кіру режимі: <https://2018.stateofjs.com/front-end-frameworks/overview/>.

3. React – A JavaScript library for building [Электрондық ресурс]. — Электрон. баспа. — Кіру режимі: [reactjs.org/docs/getting-started.html](https://reactjs.org/docs/getting-started.html)

4. Is React.js the Best Javascript Framework [Электронный ресурс] / D. Kostrzewa. — Электрон. баспа. — Кіру режимі: [hackernoon.com/is-react-js-the-best-javascript-framework-in-2018](https://hackernoon.com/is-react-js-the-best-javascript-framework-in-2018).

ӘОЖ 595.1:504.53

**Жақсыгерей Г.А.**

*Орал қ.*

### ТОПЫРАҚТЫ ҚОПТЫСУДАҒЫ ЖАУЫН ҚҰРТТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Топырақта жауын құрттарының болуының өзі топырақ қасиетін, құнарлылығын арттырады. Жауын құрттары топырақта неғұрлым терең қуыс жасаса, топыраққа су мен ауа тез сіңіп, топырақ соғұрлым құнарлы болады. Топырақтағы бірқатар химиялық процестер үшін бұл өте қажет, ең бастысы, ауа мен су топырақ организмдерінің өмірі үшін міндетті жағдай туғызады, бұл ең алдымен бактериялар мен саңырауқұлақтар үшін қажетті.

Топырақ қарашірігі заттары микроорганизмдердің әсерінен ерігіш химиялық қосындыларға айналып, өсімдіктердің тамырының көмегімен азот, фосфор, калий және басқа да элементтерге ие болады. Топырақта ауаның маңызы жоғары және азот қосындысын алудың қайнар көзі болып табылады, ал бұл ерекше топырақ бактериялары арқылы жүзеге асады. Осылайша, жауын құрттары топырақта ауа айналымын жеңілдеті отырып және оны топырақтың терең қабатына ендіре отырып, азот айналымы процесіндегі осы елеулі звеноның да жүзеге асуына септігін тигізеді.

Жауын құрттың жерді қопсыту барысын бақылау үшін арнайы шыныдан жасалған террариумды пайдаланады. Бақылау барысында құрт алдымен топыраққа тереңірек еніп, басқа жерден саңылау жасап қайта топырақ бетіне шығады. Екінші күні құрт тереңге қайта оралып, сол жерде горизонтальды жол салады да, қайта топырақ бетіне шығады. Әрі қарай бұрынғы ескі жолымен жүріп отырып, жаңа жол қазады және 21 күн өткен соң түрлі бағытқа бастайтын күрделі жүйе пайда болады. Бағыт қабырғалары судың шайып кетуінен сақтайтын шырыш қабығымен және құрттың қиымен жабылған. Бұл топырақта болатын кездейсоқ жарықтармен салыстырғанда беріктік, мықтылық береді.

Бұл экспериментті методикалық тұрғыда қолданатын болсақ, оны мектепте, яғни сыныпта демонстрация ретінде өткізген дұрыс. Экспериментте оқушыларға топырақты қопсытудағы жауын құрттардың ролімен танысу ұсынылады.

Нысандар және құралдар: 5-10 жауын құрты; 2-3 литрлік банка; қарашірікті жер, құм.

Эксперимент жасау. Банкаға немесе қамбаға қарашірік салынады да, содан соң 2-3 см құм салады. Топырақ пен құмды дымқылдап, осы ылғалдықты тәжірибе жасау кезінде ұстап тұрады. Банкаға немесе қамбаға 5-10 құртты салады да қараңғы жерге қояды. Құрттарға үнемі

піскен картоп, шәй жапырақтарын, үккіштен өткен сәбіз беріп отыру керек. Тәжірибе барысында ыдыстағы құрттарды қарап, тексеріп, байқалған өзгерістерді, олардың топырақ бетіне ішегінен өткізген жер бөлшектерін шығарғандары жазылып отырады. Топырақ пен құм арасындағы шекара бірте-бірте жоғалып, ай өткен соң бірігіп кетеді. Тәжірибе жасаған кезде арнайы бақылау парағына толтырылып отырады (кесте 2).

Кесте 1 – Люмбрицидтің салыстырмалы сипаттамасы

Жауын құртының түрлері	Түсі	Ұзындығы	Тіршілік ортасы, сипаттамасы, топыраққа ену тереңдігі
Үлкен қызыл құрт	Қошқыл-қызыл күлгін реңді	32-ден 37 см-ге дейін	Тереңге бойлайды, 2 метрге дейін
Шағын қызыл құрт	Шие-қызыл түсті	27-ден 32 см-ге дейін	Топырақтың сыртқы бетінде болады, тереңге бойламайды.
Соқа құрт	сұр	27-ден 34 см-ге дейін	Топырақтың қалың жерінде 5-16 см тереңдікте болады
Қи құрты	Қошқыл-қызыл немесе қызғылт-қоңыр	22-ден 31 см-ге дейін	Қидың үйінділерінде, шіріген сабанда, шірік томарда, шіріген жапырақ арасында, өзен мен жылға жағасында
Эйзения Норденшельд	Қошқыл-шиө түсті, қызыл түсті	22-ден 28 см-ге дейін	Топырақтың қалың жерінде, тереңге бойлайды.

Желдегілмеген және құрғатылмаған топырақта құрт болмайтындықтан, агрономиялық тұрғыдан алғанда өте төменгі сапалы болатыны белгілі. Олардың сапасыз болуы құрттың болмауынан емес. Құрттардың кездеспеуі топырақтың химиялық ерекшеліктеріне байланысты. Егер топырақ құрттардың тіршілік етуіне жарамды болса, онда мұндай топырақтың құндылығы құрттың қопсытуының арқасында одан бетер артады.

Топырақтағы құрттардың болуының тағы бір маңызды себебін айтып кетпеске болмас. Құрғақ дала аймақтарда өсімдіктерге өте қатты тереңдіктен дымқыл алу үшін өсімдік тамырына кеуіп кеткен топырақтың қалың қабытанан өтіп барып жетуі керек. Г.Н. Высоцкий айтқандай, тамырлар құрттың көмегімен ғана сулы қабатқа жете алады. 2 метр тереңдікте өз бетімен өзіне жол салып алатындай бірде-бір тамыр болмайды, олар жауын құрттарының салған жолдары арқылы өтеді.

Кесте 2 – Сыныптағы тәжірибе барысында бақыланған құбылыстар

Бақыланған құбылыстар	Бақылау жасалған күн
Құмда алғашқы топырақ кесектерінің пайда болуы	
Құм мен топырақ арасындағы шекараның жоғалуы	
Құм мен топырақ арасындағы шекараның толық жоғалуы	

Жауын құрттарының жерді араластырып және оны сыртқы бетке шығарудағы ықпалына тоқталар болсам, жауын құрттар топырақты құрғатып қана қоймайды, сонымен қатар құрттардың жерді араластырып, оны сыртқы бетке шығару процесіндегі ролі ауқымды екені көптеген зерттеулер арқылы дәлелденген. Бұл процестерді кезінде Чарльз Дарвин зерттеген болатын. Ол жер бетінде жатқан заттар біраз уақыт өткен соң жердің астына түсетінін байқаған, оның үстіне ол заттардың салыстырмалы салмағы да маңызды емес.

Дарвиннің бақылауы көрсеткендей, тегіс учаскеде шашылған тас көмір қалдығының 15 минут өткен соң тереңдігі 6,25 см жер астына түскенін байқауға болады. Алты жарым жыл өткен соң дала екінші рет зерттеледі және қалдық қабаты 10-нан 12,5-ге дейін тереңдікке түскен. Осылайша, топырақ қабаты жыл сайын шамамен 0,5 см-ге түсіп отырған. Бұл құбылыстың себептерін анықтай отырып, Дарвин құрттардың қызметінен басқа бұл жерде жел,

жауын сулары, басқа жануарлардың әсері (әсіресе көртышқандар мен құмырскалар) секілді басқа да факторлардың әсер ететінін жақсы түсінген.

Бұл қорытындыны Дарвин бақылаған жасанды жағдай құбылыстарында жасалған сансыз тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сол тәжірибелердің бірі тегіс шыны ыдыстың жартысына топырақ төселіп, ал екінші жартысына құрт өте алмайтындай ірі қиыршық тас салынды. Топырақ пен қиыршық тас жоғарғы беті тік төрт бұрышты пластинкамен жабылады. Топыраққа жауын құрттары салынып, оларға азық беріліп тұрады. Сол жерде қажетті ылғал тұрақты болады. Біршама уақыт өткен соң пластинкалар топырақтың астынан тереңнен бір шығады, ал ыдыстағы құрт жете алмайтын бөлігіндегі бұрынғы қалпында сыртқы бетінде қалады.

Жоғарыда сипатталған құбылыс жауын құрттарының топырақты жұтатынының нәтижесін білдіреді. Топырақ құрттың шегінен өткен соң топырақтың ірі кесектері копролит (грек сөзі- *kopros* – «қи» - «тас») түрінде сыртына шығады. Копролиттер 1-5 мм болатын топырақтың ірі түйірлері. Жаңадан шығарылған копролиттердің сыртқы беті тегіс, олар 20 мм және одан да үлкен агрегатты бір-бірімен желімдеп тастау мүмкіндігіне ие. Копролиттерді жауын құрттар 3-15 мм биіктіктегі түйірлер түрінде шығарып тастайды, дей тұрғанмен, копролиттердің елеулі мөлшері жер асты жолдарында қалады.

Осылайша, жауын құрттардың тынымсыз еңбегінің арқасында топырақ қабаты араласады. Олардың топырақты жұтып, жер бетіне шығарып тастауы топырақтың беткі қабатының үздіксіз пайда болу процесін көрсетеді, осының арасында небір тереңдіктегі топырақ бөлігінің бір-бірімен мұқият араласуы анықталды.

Топырақ қабатының араласуы оның бір бөлігінің тереңнен сыртқы бетке шығып қалуынан ғана емес, бұл жерде беткі қабаттың тереңге ауыстырылуы да маңызды роль атқарады. Бұл жағдай гумустық қабатты жаңбыр суының жауын құрттардың жолымен айдауының нәтижесінде де болады.

Жауын құрттың басым бөлігінің сыртқы бетке шығарылуы топырақтың құрғатылған қабатында да болады. Ол туралы И.Н. Понаморованың мәліметін келтіруге болады. Жауын құрттарының топырақты араластыру процесін күрделі емес, бірақ аса көрнекті тәжірибені жасай отырып бақылауға болады. Тік шыны ыдысқа ұсақ ашық түсті топырақ салынады (мысалы, сарғыш топырақ), ал сыртқы бетіне қарашірікке бай сүзгіден өткізілген осы көлемдегі күңгірт топырақ салынады. Ыдысқа 6 жауын құрты жіберіледі де, олардың қалыпты тіршілік етуіне жағдай туғызылады. 17 күн өткен соң сарғыш топырақ қабатын құрттар түбіне дейін бойлап өткені белгілі болды, оның үстіне бұл топырақтың басым бөлігі күңгірт түсті копролитпен толықтырылған болатын. 110 күн өткенде ыдыстағы бүкіл топырақ толығымен араластырылды. Солай бола тұра топырақтың жалпы көлемі де ұлғайған (бұл жауын құрттары өтуінің салдарынан қуыстар пайда болып, құрылымдық бірліктер арасында пайда болған аралықтардың арқасында болды деп түсінеміз). Әрине, табиғатта бұл процесс неғұрлым үлкен жылдамдықпен жүреді, дей тұрғанмен, ол топырақ эволюциясында үлкен маңызға ие.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер құрамында гумус бар топырақтың күңгірт қабаты мен неғұрлым ашық түсті қабат арасындағы шекара табиғатта ешқашан айқын болмайды, әрдайым су жырып кеткен, түсініксіз күйде болатындығымен түсіндіріледі. Осы күнге дейін жауын құрттарының топырақты тыңайтқышпен араластырудағы ролінің түсініксіз тұстары да баршылық. Кей ғалымдар, дәлірек айтсақ, «Францтың пайымдауынша, жауын құрттары жоқ топырақтағы көң жылдап шірімей, топырақпен араласпай жата береді, ол шымтезекке айналады да, топырақты жақсартудың орнына, қайта жарамсыз етеді». Мұнымен толық келісуге болады, бірақ топырақтағы көнді бөлуде роль атқаратын тек жауын құрттары емес, сонымен қатар болмашы болса да, топырақ насекомдары да роль атқаратынын есте сақтаған жөн. Осы бөлімде баяндалған барлық дәлелдерді біріктіре отырып, мынадай түйінге келеміз: жауын құрттары салынған топырақтың бүкіл массасы (жер шары топырағының басым бөлігі осындай) жауын құрттарының ішегінен өткен, бірнеше рет өткен болуы да мүмкін.

Жауын құрттарының ішегінен шыққан соң топырақ бір орыннан екінші орынға ауыстырылып ғана қоймайды, сонымен қатар сапасын да өзгертеді. Жауын құрт жұтқан топырақ оның асқазанында жапырақтармен және басқа да өсімдік қалдықтарымен үйкеледі, сонымен қатар ішектің түрлі бөлігіндегі темір бөлген заттардың көмегінің арқасында химиялық өңдеуге ұшырайды. Нәтижесінде ұсақ біртекті азықтық өнім пайда болады. Құрт жұтқан заттың шағын бөлігін, әрине пайдаға асырады.

Алдымен топырақтың құрт ішегінен гумус болған жағдайда қалай өтетінін қарастыра алдық. Осыдан жауын құрты топырақты жұтқан кезде ондағы гумус азаюы тиіс екені көрінеді.

Бірақ та құрттардың тек гумуспен емес, сонымен қатар топырақтың ішіне енгізіліп, үгітіліп, химиялық өңдеуге ұшыраған өсімдіктің қураған бөліктерімен де қоректенетінін ұмытпаған жөн. Бұл топырақ әрі қарай бактериялардың және белсенді химиялық заттардың өңдеуіне ұшырайды, нәтижесінде гумусқа айналады. Демек, жауын құрттар тұтынушы ретінде және топырақ гумусын өндіруші ретінде де қызмет атқарады.

Айта кету керек, жауын құрттарының кей түрлерінің гумус түзудегі ролі ауқымды. Мысалы, Ерекше Норденшельд эйнезиясы (*Eisenia nordenskioldi*) тек топырақ ішінде қоректенеді, яғни сыртқы беттен топыраққа органикалық заттар енгізбейді.

Құрттардың салыстырмалы тіршілік ортасы, сипаттамасы, топыраққа ену тереңдігін 2-ші кестеде көрсетілгендей, люмбрицидтің негізгі өкілдерін қарастыра отырып, жауын құрттың түрлерінің ең ұзыны 32-37 см-ге дейін, тіршілік ету тереңдігі 2 метрге дейін жететін үлкен қызыл құрт болды. Сыртқы сипаты қошқыл - қызыл күлгін реңді болып келеді. Ең қысқа құрт Ерекше эйнезия Норденшельд, оның ұзындығы 22-28 см, ал тіршілік ету тереңдегі қалың жерде тереңге бойлайды.

Үлкен қызыл құрттың копролиттері сол құрттар тіршілік еткен топырақпен салыстырғанда гумустың көп бөлігіне ие. Кейбір люмбрицид жолдарының қаптамасында гумустың көп бөлігі бар. Алайда, жауын құрттардың гумус түзуші ретіндегі қызметі ерекше маңызға ие емес. Топырақты жаңартудағы олардың басты міндеті бұл емес, өйткені олигохет, энхитреид және басқа да топырақ жәндіктері мен микробтардың гумус түзудегі маңызы айтарлықтай үлкен. Оның үстіне, жауын құрттары шірудің бактериалдық процестері пайдаланылған өсімдіктердің қалдықтарымен қоректенеді (жасыл азықты олар қажет етпейді), соған қарағанда оларды гумус түзуде пионер деп санауға болмайды, олар бар болғаны «полуфабрикат» болып табылатын азықты өңдейді.

#### **Әдебиеттер**

1. Байдулова Л.А., Болатова Қ.Б. Омыртқасыздар зоологиясының практикумы. – Орал, 2012. – 74 б.
2. Высоцкий Г.Н. Дождевой червь (1900). Избранные сочинения. Т. 2. – М.: АН СССР, 1980. – С. 19-28.
3. Пономарева И.Н., Соломин В.П., Сидельникова Г.Д. Общая методика обучения биологии. – М.: Издательский центр «Академия», 2008.

ӨОЖ 528.2

**Жансейтов М.Қ.**  
*Алматы қ.*

### **КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Автомобиль көлігі инфрақұрылымын геодезиялық қамтамасыз ету теориясы мен әдістерін дамыту бойынша теориялық және қолданбалы зерттеулер жүргізу.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі негізгі міндеттер қойылды:

- автомобильдер, темір жолдар мен көпірлер үшін инженерлік-геодезиялық жұмыстардың қазіргі жағдайына талдау жасау;
- білімді жүйелеу негізінде автомобиль көлігі инфрақұрылымын геодезиялық қамтамасыз ету теориясы мен әдістері туралы мәліметтер базасын (білім базасын) құру;
- жолдарды жобалау мен салу кезінде маршруттың кеңістіктік ұзындығын анықтау әдісін жасау;
- теміржол вокзалдарында кейіннен құру үшін пайдалануға болатын автомобиль көлігі инфрақұрылымын геодезиялық қамтамасыз етудің оңтайлы әдістерін қолдану бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Көліктік кеңістікті құрудың маңызды факторы автомобиль жолдарын, темір жолдар мен көпірлерді жобалау, салу және пайдалану кезінде сапалы геоақпараттық деректермен қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге, геокеңістік деректерін (ГКД) алу әдістері және автомобиль көлігі инфрақұрылымы объектілері үшін инженерлік-геодезиялық

жұмыстарды орындау технологиясы автомобильдер мен теміржолдардың жобалық ерекшеліктерімен анықталады.

Қазіргі жағдайда ғылым, техника мен технологияның жетістіктерін ескере отырып, жол-көлік инфрақұрылымын геокеңістіктік қолдаудың біртұтас жүйесі жоқ. Сонымен қатар, геодезиялық жұмыстың жаңа теориялық қағидаттарға негізделген және жақсы геокеңістіктік деректерді алуға мүмкіндік беретін әдістерін жасау қажет.

Алайда геодезиялық жұмыстарды жүргізудің заманауи өлшеу құралдары мен әдістері әрдайым жобалау мен құрылыстың жаңа әдістеріне дұрыс қолданыла бермейді. Сондықтан жаңа ақпараттық базаға негізделген және жол инфрақұрылымы объектілерінде басқару, бақылау және техникалық бақылау үшін дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін автомобильдер, темір жолдар мен көпірлер үшін геодезиялық жұмыстардың әдістері туралы мәліметтер базасын құру қажеттілігі туындады.

Өндірістік жұмыс материалдарын, автомобиль жолдарын, темір жолдар мен көпірлерді жобалау, түсіру, салу және пайдалану кезінде геодезияны пайдалану туралы нормативтік құжаттарды зерттеу кезінде келесі тұжырымдар жасалды және пайда болған геодезиялық есептерді шешу жолдары көрсетілді.

Қазіргі уақытта автомобильдер, темір жолдар мен көпірлер үшін инженерлік-геодезиялық әдістердің бірыңғай дерекқоры жоқ. Сондықтан жаңа ақпараттық негізге сүйене отырып, геодезиялық жұмыстардың әдістерінің мәліметтер базасын (білім қорын) құру қажет.

Автокөлік инфрақұрылымын геодезиялық қамтамасыз етудің жаңа әдістері мен құралдары:

Автомобиль жолдары

Жобалау

1. Жолдарды жобалауда геодезиялық өлшеулердің дәлдігін жақсарту тәсілі түзу учаскелердің, көлденең және тік қисықтардың кеңістіктік ұзындығын ескереді.

2. Жасанды конструкцияларды жобалау кезіндегі су жиналу аймағын анықтау әдісі.

Құрылыс, сертификаттау

3. GNSS қабылдағыштары мен электронды тахеометрлердің көмегімен автомобиль жолдары мен автомобиль жолдарының геометриялық параметрлерін бақылау әдістері геометриялық параметрлерді тез анықтай алады.

Темір жолдар

Зерттеулер

1. Қайта пайдалануға болатын геодезиялық белгінің құрылымы жерсеріктік қабылдағыштарды теміржолдарда эталондық геодезиялық желілер мен тірек жүйелерін құруда тиімді пайдалануға арналған.

Құрылыс, модернизация

2. Теміржол вокзалдарында геоақпараттық мәліметтерді алу әдістері нақты станцияның ерекшелігін, экологиялық-климаттық жағдайларын, геодезиялық пункттердің болуын, инфрақұрылым объектілерінің санын және өнімділігін арттыруды ескереді.

Көпірлер

Құрылыс

1 Көпір тіректерінің жоспарланған жағдайын бақылау әдісі.

2 Көпір тіректерін бір станциядан түзулігін басқару.

Автомобиль жолдарын, темір жолдар мен көпірлерді жобалау және салу, инженерлік ізденіс технологиялары жетілдірілгендіктен, оларға сәйкес геодезиялық бақылаудың жаңа әдістерін жасау қажет:

- жолдарды жобалау кезінде маршруттың кеңістіктік ұзындығын анықтау әдісі;

- GNSS қабылдағыштарын қолдана отырып, жолдардың геометриялық параметрлерін анықтау әдісі, бұл сізге құрылысты және пайдалануды қамтамасыз ету үшін деректерді жылдам алуға мүмкіндік береді;

- теміржол вокзалдарының ерекшелігін, климаттық жағдайларын, спутниктік және дәстүрлі технологияларды қолданатын инфрақұрылым нысандарының санын ескере отырып, геодезиялық жұмыстардың әдістері;

- көпір құрылысында геодезиялық жұмыстарды орындау әдістері, бұл бір бақылау нүктесінен жалпы мәліметтерді тез алуға және кеңістіктік орналасуын түзету үшін инженерлік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Автомобиль жолдарын жобалау мәселелері

Кеңістіктік деректерді алу әдістерін қарастыра отырып, автомобильдер, темір жолдар мен көпірлер үшін инженерлік-геодезиялық жұмыстардың көлемін нақтылау қажет.

Бұл жүйенің іргелі кезеңі келесі өндірістік кезеңдер үшін негіз болатын инженерлік ізденістерді өйдеу болып табылады. Ізденістің негізгі міндеті - оңтайлы маршрут пен көпір өткелін таңдау талаптарына сәйкес келетін рельеф туралы ақпараттар. Зерттеу барысында жасалған геодезиялық ізденіс жобаны кейіннен рельефке ауыстыру үшін негіз болуы керек.

Ізденіс нәтижелері туралы ақпарат автоматтандырылған жобаны қамтамасыз ететін нысанда өңделуі және шығарылуы керек. Зерттеу процесінде алынған материалдардың ақпараттық сыйымдылығын анықтау, оларды ГАЗ түрінде ұсыну маңызды міндет болып табылады. Жолдың астына жолдың бойлық осінің кеңістіктік орналасуы жатады. Маршруттың орналасуы оңтайлы және жобалық сипаттамалары бар жолдарды салу және пайдалану процесін қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар жобалау стандарттарымен белгіленген нормативтік шектеулерге сәйкес келуі және тиісті техникалық көрсеткіштер мен пайдалану өлшемдеріне ие болуы керек. Әдетте жол көлденең (жоспар) және тік (бойлық профиль) жазықтықта оның проекциясы ретінде көрсетіледі.

Маршруттың геометриясы рельефпен анықталады, бойлық профиль сынықтар мен пикеттердің нүктелеріндегі жер белгілерімен, ал төменгі жақтың конструкциясы - сол нүктелердегі жұмыс белгілерімен сипатталады.

Қалыпты жазықтығы бар жолдың көлденең қимасында көлденең профиль алынады, оның үстіне жол төсемі және жасанды құрылымдар жасалады. Маршрутты таңдау құрылыс ережелері мен ережелерінде көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келуі керек. ҚНЖЕ 2.05.02-85-де іздің беткейлері шектеулі, конструкциялық профиль сызығының сыну нүктелеріндегі беткейлердің айырмашылықтары, профильдің минималды элементінің ұзындығы, бекітілген нүктелердегі жобалық сызық белгісі. Жоспар жолдың айналу бұрыштарын, дөңгелек қисықтардың радиусын, дөңгелек және ауысу қисықтарының басы мен аяғындағы қашықтықты, тік қисықтардың радиусын, өтпелі қисықтардың ұзындығын шектейді.

Анықтамалық геодезиялық желілер мен эталондық жүйелерге арналған геодезиялық белгінің жобасын жасау.

Соңғы онжылдықта геодезиялық жұмыстардың технологиясы мен приборларында түбегейлі өзгерістер болды, бұл тіректердің дәстүрлі белгілерінен, орталық және мемлекеттік желілерден бас тарту қажеттілігіне әкеледі. Заманауи технологиялар электронды тахеометрлер, GNSS қабылдағыштары сияқты құралдарды қолдануды көздейді, ал геодезиялық белгілерде көру цилиндрі және бос, шатыр, бақылау үстелі (құралды орнату) сияқты құрылымдық элементтер қажет емес болып қалады.

Жобаның ашықтығы негізгі геодезиялық жұмыстардың заманауи технологиясында қажет емес белгінің тұрақты ұзақ мерзімділігі мен қозғалғыштығын қамтамасыз етпейді.

Себебі, бақылаулардан бұрын пирамидалардың тұрақтылығы тексеріліп, қажет болған жағдайда кесілген пирамидалардың аяқтары қосымша жерге көміліп (бітелген), ал белгінің бастапқы қалыптан ауытқуы құрылыс мен рефлекторларды орталықтандыру процесінде жойылады және өлшеу дәлдігіне әсер етпейді.

Геодезиялық белгінің жоғарғы бөлігінде оның бүйірлік тіректері болаттан жасалған қораппен бекітіледі, оның көмегімен көру қондырғысының тірегі қажет болған жағдайда бекітіледі. Ұсынылған белгіні дәстүрлі технологиямен бірге бөлу базасын құру, желілерді қалыңдату және мемлекеттік қолдау желісінің нүктелерін қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындау үшін пайдалануға болады.

Бұл жағдайда электронды тахеометр, жалпы станция штативке орнатылып, нүктенің ортасынан жоғары шпангоут сызығы қолданылады.

Бақылау арнайы массивті крест тәрізді тіректерге ішкі немесе сыртқы кесілген пирамидалардың тақтайшаларына бекітілген және нүктелер центрлерінің үстіндегі ауыр соққылардың көмегімен жасалады. Нүктелер арасындағы үлкен қашықтықта, дәлірек анықтау үшін, олардың жоғарғы бөлігінде цилиндрлер бар.

Дизайн келесі жүктемелердің ең қолайсыз үйлесуіне арналған: ферманың өз салмағы; операциялық жүктеме (оның салмағы, оның жоғарғы палубада болуы мүмкін қозғалысы, қажетті құралдар мен құрылғылардың салмағы); еденнің салмағы; жел жүктемесі.

Бүкіл құрылым жиналмалы болуы мүмкін. Жеке элементтердің байланыстары бұрандалы болады деп қабылданады. Бөлшектеуді қажет етпейтін элементтер тойтармалармен немесе дәнекерлеумен бірге бекітіледі.

Сығымдау кезінде жұмыс жасайтын өзектердің көлденең қимасын таңдағанда олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Сегменттің тек бір бөлігін (бүйірлі жалпақ ферма) ескере отырып, элементтің тұрақтылығының мүмкін болатын жоғалуын жазықтықта да, осы ферма жазықтығынан да ажырату керек. Сығымдалған өзектің көтергіштігі оның икемділігіне байланысты.

#### Әдебиеттер

1. Никитин А.В. Теория и методы геодезического обеспечения дорожной транспортной инфраструктуры. – Новосибирск, 2018.
2. Авакян В.В., Касымканова Х.М., Джангулова Г.К. Қолданбалы геодезия. I бөлім: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
3. Карпик А.В., Никитин А.В. Информационная система построения инфраструктуры геопространственных данных для автомобильных и железных дорог. – 2016.
4. Библиотека диссертаций. – <http://www.dslib.net/geodezja/teorija-i-metody-geodezicheskogo-obespechenija-dorozhnoj-transportnoj-infrastruktury.html>

ӘОЖ 911.3(574)

Имашев Э.Ж., Кунтуганова А.Е.  
Орал қ.

### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРІН ОРНАЛАСТЫРУДЫ АУМАҚТЫҚ САРАЛАУ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Өңірдегі қоғамның аумақтық ұйымдастырылу жүйесінде әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін аумақтық бөлуде басты орынға ие, бұл өз алдына білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және демалыс саласындағы халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге жағдай жасайды.

В.С. Антонюк пен А.Ж. Буликеевтің пікірінше, аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымы – бұл салалардың кешені (денсаулық сақтау, білім беру, дене шынықтыру және спорт, мәдениет және өнер), олардың жұмыс істеуі өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына, өмір сүру сапасын арттыруға және халықтың қызметін ұтымды ұйымдастыруға ықпал етеді [1]. Осы түсінікті әлеуметтік-экономикалық география тұрғысынан қарағанда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуге тиіс аймақтық аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің маңызды факторы ретінде әлеуметтік-инфрақұрылымдық кешеннің рөлін айқындауға болады.

Бірінші кезекте географиялық, әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық (негізгі) факторлардың, сондай-ақ табиғи-климаттық, мәдени және экологиялық (жанама) факторлардың әсерінен әлеуметтік-инфрақұрылымдық жүйенің нысандарі аумақ бойынша біркелкі бөлінбейді, бұл аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымын аумақтық саралау ерекшеліктерін анықтайды. Тиісінше, өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын әдіснамалық аспектіде зерттеу әлеуметтік-инфрақұрылымдық жүйенің өмір сүру ортасын қалыптастыратын факторлар мен алғышарттардың әсерін бағалау және талдау қажеттілігін анықтайды, өйткені «... жүйе тұтастық оның ортасы ретінде әрекет ететін қалған әлемнен салыстырмалы түрде оқшауланған» [2, 84 б.].

Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына әсер ететін факторлардың талдауы Ю.А. Большакова [3], А.В. Костарева [4], Э.Н. Карницкая мен А.Г. Дмитриева [5], Чебанов [6] және т.б. сияқты экономистердің еңбектерінде келтірілген. Ю.А. Большакова ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымының тұрақты дамуына әсер ететін факторлардың жіктелуінде факторлардың 2 класын бөледі: сыртқы және ішкі. Сыртқы факторлардың класы, соған байланысты ішкі факторлары класы (объективті факторлар мен субъективті факторлар) 2 клас астына бөлінеді (жанама әсер ету және тікелей әсер ету факторлары) (кесте 1).



Кесте 1 – Ю.А. Большакова бойынша ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымының тұрақты дамуына әсер ететін факторлардың жіктелуі [3]

Сыртқы факторлар		Ішкі факторлар	
Жанама әсер ету факторлары	Тікелей әсер ету факторлары	Объективті факторлар:	Субъективті факторлар:
Ғылыми-техникалық даму деңгейі	Ауылдық жерлердегі инженерлік инфрақұрылымның жағдайы	Жергілікті ерекшеліктерге сәйкес әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының орналасуы, мамандандырылуы және шоғырлануы	Әлеуметтік сала мамандарының біліктілік деңгейі
Табиғи-географиялық факторлар	Демографиялық жағдай	Ауыл тұрғындарына көрсетілетін әлеуметтік инфрақұрылым қызметтерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі	Әлеуметтік инфрақұрылым институттарын ұйымдастыру және басқару
Ауылдық жерлердегі мәдени-тарихи ерекшеліктері	Нарықтық инфрақұрылымы	Кәсіпорындардың әлеуеті және ресурстық базасы	Ауылдық жерлердегі кәсіпорындардың өзін-өзі дамытуға жұмысшылардың белсенді қатысуы
Ауылдық маскүнемдік және қылмыс деңгейі	Ауылшаруашылық өндірісінің даму деңгейі	Ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымның инвестициялық тартымдылығы	Ауыл халқының менталитеті, салт-дәстүрлері
Саяси және экономикалық жағдай	Мемлекеттік қолдау және мемлекеттік реттеу		Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі

1 кестеде көрсетілгендей, сыртқы факторлардың класы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарінің аумақтық желісін қалыптастыруға және дамытуға тікелей әсер етеді, ал ішкі факторлардың класы аумақтың әлеуметтік-инфрақұрылымдық жүйесін жаңғыртуға және сапалы жұмыс істеуіне әсер етеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сыртқы факторлардың әсерін қарастырамыз, өйткені олар өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастырудың аумақтық саралануын айқындайды.

Белгілі бір дәрежеде Ю.А. Большакованың жіктелуін пайдалана отырып, біздің пікіріміз бойынша әлеуметтік-экономикалық география тұрғысынан аймақтың әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастыруды аумақтық саралаудың келесі негізгі сыртқы факторларын атап көрсетуге болады: халықтың саны мен тығыздығы; халықтың қоныстануы; урбанизация деңгейі; халықтың жастық құрамы; халықтың жұмыспен қамтылуы.

2 кестеде берілген Батыс Қазақстан облысының (БҚО) әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастырудың аумақтық саралануының негізгі факторлары мен алғышарттарын сипаттайтын сандық көрсеткіштерді талдаймыз.

Кесте 2 – 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша БҚО-да әлеуметтік инфрақұрылымды орналастырудың аумақтық саралануына әсер ететін негізгі факторлардың сандық көрсеткіштері. [7; 9-57 б.]

Әкімшілік аудандар атауы	Негізгі факторлардың сандық көрсеткіштері			
	Халық саны, адам	Халық тығыздығы, 1 шаршы км-ге келетін адам саны	Ауылдық елді мекендер саны (халық қоныстануы), бірлік	Қала тұрғындарының саны (урбанизация деңгейі), %
Ақжайық	40 574	1,6	52	0
Бөкей ордасы	15 222	0,8	22	0
Бөрлі	56 086	10,0	30	63,0
Жаңақала	24 029	1,2	27	0
Жәнібек	16 147	2,0	18	0
Бәйтерек	57 762	7,8	68	0
Казталов	29 129	1,6	48	0
Қаратөбе	15 467	1,5	22	0
Сырым	18 924	1,6	38	0
Тасқала	16 701	2,1	28	0
Теректі	38 086	4,8	52	0
Шыңғырлау	14 744	2,0	25	0
Орал қ.а.	309 454	442,1	10	98,2
Барлығы	652 325	4,3	440	52,0
Әкімшілік аудандар атауы	Негізгі факторлардың сандық көрсеткіштері			
	Негізгі жас топтары бойынша халықтың саны (халықтың жастық құрамы), адам және %			Жұмыспен қамту деңгейі, %
	0-14 жастағы	15-64 жастағы	65 және одан жоғар жастағы	
Ақжайық	10 991 (27,1)	26 772 (66,0)	2 811 (6,9)	95,7
Бөкей ордасы	4 254 (27,9)	9 970 (65,5)	998 (6,6)	94,0
Бөрлі	14 345 (25,6)	37 550 (67,0)	4 191 (7,4)	95,7
Жаңақала	6 824 (28,4)	15 862 (66,0)	1 343 (5,6)	95,0
Жәнібек	4 181 (25,9)	10 801 (66,9)	1 165 (7,2)	93,8
Бәйтерек	12 966 (22,4)	38 284 (66,3)	6 512 (11,3)	95,4
Казталов	8 530 (29,3)	18 630 (64,0)	1 969 (6,7)	93,9
Қаратөбе	4 179 (27,0)	10 304 (66,6)	984 (6,4)	93,8
Сырым	5 194 (27,4)	12 416 (65,6)	1 314 (7,0)	94,9
Тасқала	4 218 (25,3)	11 020 (66,0)	1 463 (8,7)	95,0
Теректі	9 624 (25,3)	25 167 (66,1)	3 295 (8,6)	95,1
Шыңғырлау	3 605 (24,3)	9 893 (67,1)	1 246 (8,5)	95,0
Орал қ.а.	81 240 (26,3)	201 118 (65,0)	27 096 (8,1)	95,2
Барлығы	170 151 (26,1)	427 787 (65,6)	54 387 (8,3)	95,1

2 кестеде көрсетілгендей, 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша БҚО әкімшілік аудандары арасында халық саны бойынша Орал қалалық әкімшілігінің аумағы көш бастап келеді, әрі қарай айтарлықтай артта қалу бойынша Бәйтерек және Бөрлі аудандарын атап айтуға болады. Осы әкімшілік аудандарда БҚО халқының 64,9% оқшауланған (оның ішінде Орал қалалық әкімшілігінің аумағына 47,4% келеді). Ақжайық, Теректі, Казталов және Жаңақала аудандарында халық саны 24,0 мыңнан 40,5 мың адамға дейін өзгерді. БҚО-ның жалпы санындағы осы 4 әкімшілік ауданның жиынтық үлес салмағы 20,2% құрады. Сырым, Тасқала және Жәнібек аудандары тұрғындарының саны 17-19 мың адамнан аспайды (олардың жалпы

үлесі БҚО халқының 7,9% құрайды). Қаратөбе, Бөкей ордасы және Шыңғырлау аудандарында тұрғындардың ең аз саны, олардың әрқайсысында халық саны 15,5 мың адамнан аспайды. Аталған 3 әкімшілік аудандарда БҚО халқының 7,0% өмір сүрді.

БҚО шегінде халықтың ең жоғары тығыздығы Орал қалалық әкімшілігінің аумағында байқалады (1 шаршы шақырымға 400-ден астам адам). Орал қалалық әкімшілігінің аумағымен салыстырғанда қалған әкімшілік аудандарда халықтың тығыздығы айтарлықтай төмен. Осы көрсеткіш бойынша 12 әкімшілік ауданның ішінде Бөрлі ауданы, Бәйтерек ауданы және Теректі ауданы ерекшеленеді, мұнда халықтың тығыздығы орташа облыстық көрсеткішінен жоғары. Қалған 9 әкімшілік ауданда халықтың тығыздығы 1 шаршы шақырымға 0,8-ден 2,1 адамға дейін өзгереді. Халықтың ең төмен тығыздығы Бөкей ордасы ауданына тән (кесте 2).

БҚО қоныстандыру жүйесі 440 елді мекеннен тұрады (оның ішінде 2 қалалық және 438 ауылдық елді мекен). Елді мекендердің саны бойынша халықты қоныстандыру жүйесінде Бәйтерек ауданы, Ақжайық және Теректі аудандары көш бастап тұр. Аталған әкімшілік аудандарда БҚО елді мекендерінің 39,1% оқшауланған. Сондай-ақ Казталов ауданы да ерекшеленеді. Қалған әкімшілік аудандарда елді мекендер саны Орал қалалық әкімшілігінің аумағында 10-нан 38-ге дейін Сырым ауданында өзгереді (кесте 2). Алайда, БҚО-да елді мекендердің адам саны айтарлықтай өзгеріп жатқанын атап өту қажет. Адамдардың көп болуына байланысты (әсіресе Орал қаласында) және ең аз елді мекендер бола отырып, Орал қалалық әкімшілігінің аумағы халықтың саны мен тығыздығының ең жоғары көрсеткіштерімен сипатталады.

2 кестеде келтірілген деректер бойынша БҚО-да қала халқының үлесі 52,0% құрағанын көруге болады. БҚО қала мәртебесіне облыс орталығы – Орал қаласы (республикалық маңызы бар қала) және Бөрлі ауданының әкімшілік орталығы – Ақсай қаласы (облыстық маңызы бар қала) ие. Қалған 11 әкімшілік ауданында қалалар жоқ. Тиісінше қала халқы Орал қалалық әкімшілігінің аумағы мен Бөрлі ауданында бар. Орал қалалық әкімшілігі аумағының урбанизация деңгейі 98,2% құрайды, ал Бөрлі ауданында бұл көрсеткіш 52,0% тең.

БҚО әкімшілік аудандары халқының жастық құрылымында әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастырудың аумақтық саралануына әсер ететін қаралған негізгі факторлармен салыстырғанда мұндай елеулі айырмашылықтар байқалмайды. Дегенмен, әкімшілік аудандар халқының жастық құрылымы бірдей емес. Облыстың барлық әкімшілік аудандарында халықтың жастық құрылымында 15-тен 64 жасқа дейінгі адамдар басым. Осы санаттағы халықтың ең көп үлес салмағы Бөрлі және Шыңғырлау аудандарында (67%). 15-тен 64 жасқа дейінгі адамдардың ең аз үлесі Казталов ауданында (64%) байқалады. Қалған 10 әкімшілік ауданда бұл көрсеткіш 65%-дан 66,9% дейін өзгереді. Балалардың үлес салмағы бойынша (0-14 жас) халықтың жастық құрылымында Казталов (29,3%) және Жаңақала (28,4%) аудандары ерекшеленеді. Бәйтерек ауданында балалардың ең аз үлесі (22,4%). 65 және одан жоғары жастағы тұрғындардың үлес салмағының жоғары көрсеткішімен Бәйтерек ауданының халқы сипатталады, ол 11,3% құрайды. Жаңақала ауданында егде адамдардың үлесі 5,6% құрайды, ал қалған 11 әкімшілік ауданда бұл көрсеткіш 6,4%-дан 8,7% дейін өзгереді (кесте 2).

8 әкімшілік ауданда жұмыспен қамту деңгейі 95% және одан жоғары көрсеткішті қамтиды. Жәнібек, Қаратөбе, Казталов, Бөкей ордасы және Сырым аудандарында халықтың жұмыспен қамтылуы орташа облыстық көрсеткіштен төмен (93,8%-дан 94,9% дейін).

Егер халықтың саны мен тығыздығы, елді мекендердің саны (халықтың қоныстануы) сияқты факторлар бірінші кезекте әлеуметтік инфрақұрылым нысандарінің аумақтық орналасуын анықтаса, қала халқы үлесінің (урбанизация деңгейінің) және тұрғындардың жастық құрылымының әсері әлеуметтік инфрақұрылымның аумақтық-салалық құрылымына әсер етумен айқындалады. Мысалы, тұрғындардың жастық құрылымында балалардың үлес салмағының жоғары көрсеткіштері тұрғындарды орналастыру жүйесімен үйлескен білім беру, спорт және мәдени нысандардің көп санын орналастыруды талап етеді, ал егде жастағы адамдар үлесінің өсуі бірінші кезекте денсаулық сақтау және демалыс нысандарі желісін дамыту қажеттілігін айқындайды. Халықты жұмыспен қамту деңгейі оң демографиялық жағдайға (көші-қонның оң сальдосы мен халықтың табиғи қозғалысы) және әлеуметтік сала қызметтеріне сұраныстың өсуіне ықпал ету арқылы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастырудың аумақтық саралануына әсер етеді.

Осылайша, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарін орналастыруды аумақтық саралаудың негізгі факторлары мен алғышарттарын қазіргі заманғы талдау негізінде БҚО әлеуметтік сала мекемелерінің басым бөлігі солтүстік әкімшілік аудандарда, атап айтқанда Орал қалалық

әкімшілігінің, Бәйтерек ауданының, Бөрлі ауданының аумағында окшауланды деп болжауға болады. Осы көрсеткіш бойынша аталған әкімшілік аудандарға Ақжайық, Теректі, Казталов аудандары айтарлықтай орын береді. Әлеуметтік нысандардың ең аз саны, әлбетте Жәнібек, Таскала, Сырым, Шыңғырлау, Бөкей ордасы, Жаңақала және Қаратөбе аудандарында орналасқан. Әрине, әлеуметтік нысандарды орналастырудағы осы аумақтық айырмашылықтар БҚО әкімшілік аудандары мен елді мекендері халқының өмір сүру сапасына әсер етеді.

#### Әдебиеттер

1. Антонюк В.С., Буликеев А.Ж. Социальная инфраструктура в системе региональной инфраструктуры // Вестник Тюменского государственного университета. – 2013. – №11. – С. 31-39.
2. Садовский В.Н. Основания общей теории систем: логико-методологический анализ. – М.: Наука, 1974. – 279 с.
3. Большакова Ю.А. Обеспечение устойчивого развития социальной инфраструктуры сельских территорий / Дисс. на соискание ученой степени канд. экон. наук. – Княгинино, 2014. – 185 с.
4. Костарев А.В. Стратегия развития социальной инфраструктуры сельского муниципального образования / Дисс. на соискание ученой степени канд. экон. наук. – Пермь, 2004. – 167 с.
5. Карницкая Э.Н., Дмитриева А.Г. Анализ факторов, влияющих на развитие социальной инфраструктуры села Чувашии // Агропродовольственная экономика. – 2015. – №8. – <http://arej.ru/article/11-17> (дата обращения: 15.09.20219 г.).
6. Чебанов Э.И. Факторы и условия развития региональной социальной инфраструктуры в условиях модернизации экономики России. – <https://www.sworld.com.ua/index.php/economy-311/business-sectors-of-the-economy-311/7621-factors-and-conditions-of-regional-social-infrastructure-in-the-modernization-of-russian-economy> (дата обращения: 27.10.20219 г.).
7. Батыс Қазақстан облысының аудандары 2018 жылы: статистикалық жылнамалығы (қазақ және орыс тілдерінде) / Бас ред. Б.Алимбаева. – Орал: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті, 2019. – 126 б.

ӘОЖ 581.93(574)

**Қайсағалиева Г.С., Кенжеғалиева А.Қ.**  
*Орал қ.*

### **ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ОРТА АҒЫСЫ ЖАЙЫЛМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАЛҒЫН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНЫҢ ФЛОРАЛЫҚ ТАЛДАУЫ**


Жайылма шалғындар – кіші және үлкен өзендердің жағалауындағы жерлерд алып жатқан алқаптар. Жайылма биіктігінде өсетін шалғын өсімдіктер қауымдастықтары ылғалмен негізінен атмосфералық жауын - шашын есебінен ғана, ал алқаптар мен арқалықтарда - атмосфералық жауын-шашын мен жер асты сулары есебінен қамтамасыз етіледі.

Жайық өзені жайылмасының флорасын зерттеудің өте ұзақ тарихы бар. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап өлкенің флористикалық зерттеулеріне көптеген отандық саяхатшылар П.С. Паллас, Г.С. Гмелин, И.И. Лепехин, И.П. Фальк, К. Гебель, ботаниктер И.Г. Борщов (1905), В.М. Савич (1908) және басқалар қатысты. Өлкені жоспарлы зерттеу социалистік ауыл шаруашылығының қажеттіліктеріне байланысты Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін басталды. Осы кезеңдегі зерттеулерден бірінші кезекте И.В. Лариннің, Б.А. Федченко, Н.Ф. Гончаров (1929), В.В. Ивановтың (1948-1966) құнды жұмыстарын атап өткен жөн [4].

Өсімдік жамылғысын далалық зерттеу және флоралық талдау жалпы қабылданған геоботаникалық әдістерге сәйкес және А.П. Шенников пен Б.А. Быковтың зерттеу әдістемесіне сүйене отырып жүргізілді. Тіршілік формасын талдау И.Г. Серебряков әзірлеген жүйелер бойынша жүргізілді.

Жайық өзені аңғары жайылмасы 840 км алып жатқан шалғынды өсімдік қауымдастықтарынан және орманнан тұрады. Шалғынды өсімдік қауымдастықтары жайылманың 50-ден 70%-ға дейін қамтиды [1].

Зерттеу аумағы Коловертное ауылы мен Орал қаласы маңы Жайық өзені жайылмасының орталық поймасында орналасқан (сурет 1).



Сурет 1 – Зерттеу ауданының карта – схемасы, автормен

Зерттеу ауданының флоралық құрамы туралы алынған мәліметтер 2018-2019 жылдар аралығын қамтитын далалық зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Зерттеу барысында, далалық зерттеуге алынған аумақтан флоралық құрамы 22 тұқымдасқа біріккен 49 туысқа жататын 57 түр тіркелді (сурет 2).

Тіркелген өсімдіктерге сәйкес тіршілік формасы, фитоценотикалық тобы, экологиялық тобы, географиялық элементтері, шаруашылық топтары бойынша жіктеу жүргізілді.

Жайылма шалғынында көпжылдық шөптесін поликарпты өсімдіктер басым болып келеді 43 түр (75,43%). Оның ішінде тамырсабақты өсімдіктер 21 түр (36,85%) саны үстем (кесте 1).

Кесте 1 – Жайық өзенінің орта ағысы жайылмасы флорасының биоморфологиялық спектрі

Топ атауы	Түр саны	Барлық түр санына шаққанда
<i>Ағаш және жартылай ағашты өсімдіктер (5,27%)</i>		
Жартылай бұташық	3	5,27%
<i>Көпжылдық шөптесін поликарпты өсімдіктер (75,43%)</i>		
Негізгі тамырлы	12	21,05%
Тамырсабақты	21	36,85%
Атпатамырлы	7	12,28%
Шымқабатты	2	3,50%
Шашақтамырлы	1	1,75%
<i>Біржылдық шөптесін монокарпты өсімдіктер (19,3%)</i>		
Біржылдық	8	14,03%
Екіжылдық	3	5,27%
Барлығы	57	100%

Тамырсабақты өсімдіктердің ішінен *Asparagus officinalis L.*, *Cichorium intybus L.*, *Convulvulus arvensis L.* т.б. атап кетуге болады. Екінші орында негізгі тамырлы өсімдіктер тұр. Негізгі тамырлы өсімдіктер флораның 21,05% (12 түр) алып жатыр. Бұл топтың ішінде *Taraxacum officinale Wigg.*, *Eryngium planum L.*, *Rumex confertus W.* т.б. кездеседі. Ал үшінші орында Атпатамырлы өсімдіктер 7 түр (12,28%) орын алады. Атпатамырлы өсімдіктерден флорада *Lactuca tatarica (L.) C.A.Mey.*, *Glycyrrhiza glabra L.*, *Linaria vulgaris Mill.*, т.б., кездестіруге болады.

Фитоценотикалық талдаудың нәтижесінде 8 топқа жататын және басым көпшілігі шалғынды өсімдіктер (40,34%) екендігі анықталды (кесте 2).

Жайық өзені орта ағысы жайылмасында орманды өсімдіктердің, яғни шалғынды-орманды өсімдіктердің 3 түрі (5,27%) кездеседі. Олар: *Lithospermum officinale L.*, *Euphorbia palustris L.*, *Galium boreale L.* Далалы өсімдіктер флорада кездесетін түрлердің 40,34% алып жатыр, яғни 23 түр. Атап айтқанда *Atriplex patula L.*, *Limonium gmelinii W.*, *Artemisia lerchiana Web. Ex Stechm.* және т.б. Келесі топ флорада басым болып келетін шалғынды өсімдіктер 28 түр (49,12%). Бұл топта кездесетін *Elytrigia repens (L.) Nevski*, *Plantago media L.*, *Carex melanostachya Bieb. ex Willd.* т.б. Ал арамшөпті өсімдіктердің 3 түрі (5,27%) кездеседі. Олар: *Arctium lappa L.* *Lactuca tatarica (L.) C.A.Mey.* және *Thlaspi arvense L* [2].

Кесте 2 – Жайық өзенінің орта ағысы жайылмасы флорасында кездесетін фитоценотикалық топтар

Топ атауы	Түр саны	Барлық түр санына шаққанда
<i>Орманды 3 түр (5,27%)</i>		
Шалғынды-орманды	3	5,27%
<i>Далалы 23 түр (40,34%)</i>		
Шөлді-далалы	2	3,51%
Далалы	8	14,03%
Шалғынды-далалы	13	22,8%
<i>Шалғынды 28 түр (49,12%)</i>		
Орманды-шалғынды	1	1,75%
Далалы-шалғынды	3	5,27%
Шалғынды	24	42,10%
<i>Арамшөпті 3 түр (5,27%)</i>		
Арамшөптес	3	5,27%
Барлығы	57	100%

Экологиялық талдау кезінде мезофит өсімдіктердің басымдылығы көрінеді. Мезофит өсімдіктер 39 түр (68,44%), ксерофит өсімдіктер 17 түр (29,81%) және гигрофит өсімдіктер 1 түр (1,75%). Бұл талдау нәтижесінде доминант топ ретінде біз мезофит өсімдіктер екенін байқадық себебі, барлық флораның 68,44% алып жатыр (кесте 3) [3].

Кесте 3 – Жайық өзенінің орта ағысы жайылмасының флорасына экологиялық талдау

Экологиялық топ атауы	Түр саны	Барлық түр санына шаққанда
<i>Мезофит өсімдіктер 39 түр (68,44%)</i>		
Мезофит	19	33,33%
Ксеромезофит	14	24,57%
Евмезофит	3	5,27%
Гигромезофит	3	5,27%
<i>Ксерофит өсімдіктер 17 түр (29,81%)</i>		
Мезоксерофит	7	12,28%
Ксерофит	6	10,52%
Эвксерофит	4	7,01%
<i>Гигрофит өсімдіктер 1 түр (1,75%)</i>		
Гигрофит	1	1,75%
Барлығы	57	100%

Қазір жер бетінде антропогендік әсерді сезінбейтін өсімдік қауымдастықтары жоқ екенін біздің деректер растайды. Қазіргі уақытта табиғи кешендерге антропогендік әсер күшейгенде, табиғатты қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және табиғи тіршілік ету ортасын сақтау мәселелері бірінші орынға шығады. Бұл мәселелерді жан-жақты флористикалық зерттеулерсіз шешу мүмкін емес. Әсіресе табиғи алқаптарды пайдалану, өсімдік жамылғысын жою, флораның антропогендік қайта құрылу процестерін күшейту деңгейі жоғары аудандарда өзекті [5].

Зерттелген шалғындардың флоралық құрамын талдау өсімдіктердің әртүрлі топтарына жататын түрлердің ара қатынасы олардың арасындағы фитомассаның бөлінуіне әсер ететінін көрсетеді. Осылайша, орындалған жұмыс негізінде, келесі қорытынды жасауға болады.

Далалық зерттеулер және талдаулардың нәтижесінде аумақтан флоралық құрамы 22 тұқымдасқа біріккен 49 туысқа жататын 57 түр тіркелді. Шалғынды қауымдастықтардың флоралық құрамын талдау 8 тіршілік формасына бірігетін көпжылдық шөптесін поликарпты өсімдіктер (75,43%) үстемдік ететінін дәлелдеді. Фитоценодикалық топтары бойынша жасалған талдауға сәйкес шалғынды өсімдіктер 28 түр (49,12%) басымдылық танытты. Экологиялық топтарға жасалған талдау нәтижесінде мезофит өсімдіктер барлық түр санының 68,44% құрайтынын байқадық. Зерттеліп отырған жайылма алқаптарының жағдайы қалыпты жағдайда деген қорытындыға келеміз.

### Әдебиеттер

1. Агелеуов Е.А. Пойменные луга реки Урал. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 223 с.
2. Агелеуов Е.А. Флора поймы реки Урал. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 102 с.
3. Арыстанғалиев С. Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. – Алматы, 2002. – 285 б.
4. Петренко А.З., Джубанов А.А. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. – Уральск., РИО ЗКГУ им А.С. Пушкина, 1998. – 176 с.
5. Туремуратова Ж.М. Жайық өңірі. Приуралье. Приуралье. – Алматы: Дастан. – 2001, 200 б.

ӨЖ 581.9: 633.1: 378.4 (574)

Кайсағалиева Г.С., Сапарова С.О.  
Орал қ.

### М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ КЕППЕШӨП ҚОРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСТАРЫН ТАЛДАУ

Профессор В.В. Ивановтың ұйымдастыруымен 20 ғасырдың ортасынан бастап көптеген кешенді ауқымды зерттеулер өткізілді, жаратылыстану- география факультетінің ғалымдары Солтүстік Каспий маңы аумағында өсімдік-топырақ жамылғысын, жануарлар әлемін зерттеп, үлгілер әкелінді. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің ботаника кафедрасының жанындағы кеппешөп қоры жаңа гербарий беттерімен толықтырылып, түрлерді анықтау жұмыстары жүргізілді. Кеппешөп – кепкен өсімдіктер коллекциясы – систематикалық, флористикалық және ботаника – географиялық зерттеулерге таптырмайтын ең маңызды негіз болып табылады. Ғылым үшін жер бетінің үлгілерін, табиғаттың құнды құжаттарын сақтауға және өсімдіктерді жылдың кез-келген мезгілінде оқып зерттеуге, анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда гербарий қорының жағдайын анықтау, тіркелген флораны инвентаризациялау, толық флоралық талдау өткізу негізгі мәселелердің бірі болып табылды.

Кеппешөп (гербарий) – барлық мүшелері белгілі форматта толық жиналып, кептірілген және этикетка толтырылған өсімдік даналары. Кептірілген дайын өсімдіктерден кеппешөп жасалынады. Кеппешөп көлемі 45 x 30 см, оның бір беті қалың қағаздан немесе картоннан, ал екінші беті калькадан жасалады. Кептірілген өсімдікті белгілі көлемдегі картонның бетіне салып, оны ине жіппен тігеді [1]. Гербарий үшін жиналатын өсімдіктер пышақпен, қайшымен кесіліп немесе кішкене күрекшемен қазылып алынып, гербарийлік папкаға қатталып, престерде кептіріледі, содан соң қатты қағаз бетіне тігіліп немесе желімделіп, астына өсімдіктің атауы, қай жерден, қашан, кім жинағаны жазылады. 16 ғасырда тұңғыш рет өсімдіктерді осындай

тәртіппен кептіріп сақтаған Болонья университетінің профессоры Лучо Гини. Алғашқы гербарийлердің басым көпшілігі көп томдық кітап сияқты қатталынып сақталған. Гербарий – ботаникалық зерттеулердің негізі болып табылады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің гербарий қоры 1937жылы ботаника кафедрасының жанынан биология ғылымдарының докторы, профессор В.В. Ивановпен бірге құрылған. Қазіргі гербарий қорына В.В. Ивановтың аты берілген. Систематикалық гербарий Энглер жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Әрбір ұяшықта белгілі тұқымдасқа жататын өсімдік түрлері орналасқан, ал олар белгілі тұқымдасқа жататын секцияларға біріктірілген. Гербарий қорында 1594 түрге жататын 30000 гербарий беттері жинақталған.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті кеппешөп қорының жасақталу тарихы. Гербарий белгілі ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор Всеволод Вячеславович Ивановтың басшылығымен өткен ғасырда 1930 жылдары құрыла бастады.

1934-36 жж. олар Борлы тауларды, Трекин-Рубежинск құмдарын, ауыл шаруашылық-тәжірибе стансасын қамтыды. Кейін 1937-40 жж. экскурсиялар Деркул өзенінің бассейнін, Жалпы Сырттың (Соболев ауылы ауданы) оңтүстік сілемдерін, Ичка және Глазистая қырларындағы борлы шығыстарды қамтыды [2].

Өткен ғасырдың 50-шы жылдарының аяғында кафедраның Каспий маңы жазығының әр түрлі ландшафттық аудандарын қамтитын экспедициялық қызметі кеңейді. Гербарийлік материалдар жинағы Бузулук орманының, жалпы Сырттың, Мұғалжар, Ембі, Боғда және Салтов орман өзендері алаңдарының әр түрлі жерлерінен жасалынды, бұл гербарийдің жиналуына көмектесті [3].

Гербарий негізін 1937 мен 1990 жж. кезеңіндегі көпсанды ғылыми экспедиция және кешенді алыс далалық тәжірибе ақытындағы б.ғ.д. профессор В.В. Иванов бастаған кафедра қызметкерлерінің жинақтары құрайды (В.Х. Урожок, И.Т. Кольченко, О.В. Фокина, Е.А. Агелеуов, П.Г. Пугачев, А.З. Петренко, Г.М. Мулдашева, Л.М. Позднякова, А.Ю. Богданов, А.Т. Шуйншалиев және т.б.).

Кеппешөп материалдары негізінде б.ғ.д., профессор В.В. Иванов басшылығымен Солтүстік Каспий маңы флорасының анықтамалығы жасалды (1964-1989 жж.).

Гербарийлік жинақтаманы ғылыми өңдеу бойынша жұмыстарды ұзақ уақыт бойы б.ғ.к., профессор А.З.Петренко басқарды. Соңғы жылдары ең ірі ботаникалық жинақтар б.ғ.д., профессор Т.Е. Дарбаевамен, доцент және оқытушылар Г.С. Кайсағалиевамен, А.У. Утаубаевамен, Е.Х. Мендыбаевпен, Б.Б. Сарсеновамен, Ф.Г. Гимадиевамен, Н.О. Кин, Д.Т. Утеулиевамен жасалды.

Қазіргі уақытта биология ғылымдары докторы, профессор Т.Е. Дарбаеваның басшылығымен Биология және экология кафедрасының Бағдарламалау және ҚБЖ ІТ бөлімінің қызметкерлерімен гербарийдің электронды тізбесіндегі фотографиялық материалға сілтемемен бірге гербарийлік үлгілерге қатысты деректер ұсынылған гербарийлік қор сайты жасалған.

Биология және экология кафедрасының гербарийі – біздің ЖОО-ның ғана емес, сонымен қатар профессор, Корольдік Мадрид ботаникалық бағының қызметкері (Испания) – Мария-Луиза Лопез; Гетенген университетінің профессоры (Германия) профессоры – Гельмут Фрайтак; Айова штатының (АҚШ) Ұлттық университетінің профессоры, PhD докторы – Роберт Шультц; РФА В.Л. Комаров атындағы БИН (Санкт-Петербург) қызметкері, б.ғ.д., профессор – И.Н. Сафронова; М.В. Ломоносов атындағы ММУ Геоботаника кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор - В.Г. Олимпченко және Ломоносов атындағы ММУ Ботаникалық бағының жетекші ғылыми қызметкері Е.В. Ключиков сияқты алыс және жақын шет елдерінің биология саласындағы көптеген мамандарының ғылыми жұмыстары базасы.

Қазіргі кезде М.Өтемісов атындағы БҚМУ гербарийлік қорының негізгі мақсаты болып БҚО және іргелес жатқан аумақтар студенттері, магистранттары, ғылыми-қызметкерлері үшін ғылыми, тарихи және оқыту-әдістемелік мағына табылады. Гербарийлік қорлардың жаңа және жаңартылған үлгілері ботаника бойынша аудиторлық және аудиторлық емес жұмыстар кезінде және де тұрғындар арасында ғылыми білімдерді тарату және оқушылармен кәсіби-бағытталған жұмыста экскурсия кезінде қолданылады [4].

Гербарий базасында студенттермен ғылыми-зерттеу, курстық және дипломдық жұмыстар жасалады. Осылай студенттерді гербарийлік үлгілерді өңдеуге тарту мамандарды дайындауды күшейтуге және олардың деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.



Гербарийдегі жұмыс ЖОО-дағы білім беру үдерісінің қажетті саласы болып табылады, бұл - студенттермен биологиялық дәрістерді қызыға оқудың бір тәсілі [5]. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің гербарийлік қорын қолдану теориялық материалды табиғат және биологиялық әртүрлілік туралы деректермен толықтыра алады (сурет 1).



Сурет 1 – астық тұқымдас өсімдіктерді анықтау сәті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасы жанындағы гербарий қорымызда зерттеу жұмыстары бойынша астық тұқымдасының 43 туысы кездесетіні анықталынды. Осы туыстарда кездесетін өсімдіктер саны 121 түр (кесте 1).

Кесте 1 – Кеппешөп қорындағы астық тұқымдасының туыстық және түрлік қатынасы

№	Туыс атауы	Саны	Үлесі,%
1	Aeluropus	1	0,8%
2	Agropyron	7	5,8%
3	Aucurolepidium	3	2,5%
4	Agrostis L.	9	7,4%
5	Alopecurus L.	4	3,3%
6	Aneurolepidium	3	2,5%
7	Apera Adans	1	0,8%
8	Aristida L.	1	0,8%
9	Avena	2	1,7%
10	Atropis	3	2,5%
11	Beckmania Host.	1	0,8%
12	Bromus	4	3,3%
13	Calamagrostis	8	6,6%
14	Colpodium	1	0,8%
15	Crypsis	4	3,3%
16	Dactylis L.	1	0,8%
17	Deschampsia P.B.	1	0,8%
18	Diplachne	1	0,8%
19	Echinochloa P.B.	1	0,8%

20	Elymus	2	1,7%
21	Eragrostis	3	2,5%
22	Eremopyrum	3	2,5%
23	Festuca	5	4,1%
24	Glyceria	2	1,7%
25	Hierochloe	1	0,8%
26	Hordeum	3	2,5%
27	Koeleria	3	2,5%
28	Melica	2	1,7%
29	Millium	1	0,8%
30	Ovena	1	0,8%
31	Oryza	1	0,8%
32	Panicum	1	0,8%
33	Phalaris L.	2	1,7%
34	Phleum L.	3	2,5%
35	Phragmites Adans	1	0,8%
36	Poa	11	9,1%
37	Psathyrostachys	1	0,8%
38	Puccinella Parl.	1	0,8%
39	Secale L.	3	2,5%
40	Setaria P.B.	3	2,5%
41	Stipa	8	6.6%
42	Triticum	3	2.5%
43	Zea	1	0.8%
Барлығы			100%

Флора құрамында пайыздық үлесі бойынша нақты тұқымдастық және туыстық спектр көрсеткіштері жекелеген флораларға салыстырмалы сипаттама бергенде, олардың арасындағы байланысты немесе бір бірінен айырмашылықтарын анықтауда ескерілетін маңызды объективті көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Кеппешөп қорында астық тұқымдасының 43 туысы 103 түрі бар. Олардың арасында басым үлесін Poa туысы алып жатыр (11; 9.1%). Одан кейін Agrostis L. (9;7.4%), Calamagrostis (8; 6.6%) алып жатыр. Бұл 3 туыстың үлесі барлық түрлердің 23,1 пайызын құрайды.

Қазіргі таңда қорда гербарийдің 1500 түрі сақталған. «Индекс Herbariorum РРІУ» Бұл халықаралық қорында қазақстандық бес гербарий болса, солардың бірі — М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қоры. Гербарий қоры жыл сайын толықтырылып отырады.

Қорыта айтқанда, кеппешөп қоры биоалуантүрлілікті зерттеуде, аймақтың өсімдік жамылғысының қазіргі жағдайы мен динамикасын анықтауда қажетті құжат болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. – Алматы: Қазақ ССРның Ғылым баспасы, 1977. – 125 б.
2. Иванов В.В. Солтүстік Каспий маңы өсімдіктерінің анықтамалары. Солтүстік Каспий маңының ботаникалық географиясы. Ғылыми еңбектер жинағы. – Л., 1977. – 102 б.
3. Дарбаева Т., Отаубаева А., Цыганкова Т. Батыс Қазақстан облысының өсімдік әлемі. – Орал, 2001. – 47 б.
4. Иванов В.В. По флоре и растительности северного прикаспия. –Л., 1966. – 21 б.
5. Арыстанғалиев С. Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. – Алматы, 2002. – 280 б.

6. Павлов В.Н., Барсукова А.В. Гербарий. Руководство по сбору, обработке и хранению коллекций растений: учеб.-метод. пособие. – М.: Изд-во МГУ, 1976. – 32 с.

UDC 38.47.03+38.53.21

**Koshim A.G., Kanatkaliev D.A., Sargelekov B.A., Smagul O.N.**  
*Almaty c.*

## **GEOMORPHOLOGICAL RISKS IN OIL AND GAS SPHERE (ON THE EXAMPLE OF WESTERN KAZAKHSTAN)**

Natural resources and organizers should take into account the geomorphological risks that are manifested in adverse and dangerous phenomena. The source of the occurrence of such processes is the human himself, who creates new irregularities on the earth's surface, which perform not natural, but economic, technological or cultural functions. Artificially created, they become an integral part of cultural or man-made landscapes, forming anthropogenic landforms. Moreover, they form their own microclimate of the territory, change the runoff of surface and groundwater. They arise at a certain time, function, and then are destroyed in a natural way or replaced by a person with others. One of such regions where it becomes necessary to consider the ecological and geomorphological state of the territory, determine the ecological functions of human habitats, and study its behavior based on risk assessment associated with nature use of a certain type is Western Kazakhstan.

Rest of the western Kazakhstan, where the relief is at risk, is the area of the main oilfields in the region of the Caspian lowland, which is a marine accumulative plain. The surface of the plain is inclined towards the Caspian Sea, the absolute heights vary from 80-50 m along the periphery to 28 m below the level of the World Ocean off the coast of the Caspian. Numerous wells, oil and gas pipelines, roads and other enterprises of the oil and gas industry transform the relief as a whole, creating artificial forms.

In the studied region, 90% of hydrocarbon deposits (206 out of 230 republican) from the explored are concentrated, and 98.2% of them are at different stages of operation. The most famous Caspian oil and gas region includes a number of large fields. These include over 130 deposits, such as Tengiz, Karashyganak, Kenbai, Dossoxr, Kulsary, and others [1]. The largest fields of Mangistau region are Karazhanbas, Kalamkas, Ozen, Zhetybai, Tenge, which have significant reserves of oil and gas condens.

Based on the analysis of the territory, we can distinguish next anthropogenic relief types: mining, linear road, construction, hydrotechnical. Such a distinguishing of relief types made according to the prevailing territorial and technological complexes that determine the nature of the anthropogenic load on the environment [2].

The mining relief is widespread around numerous deposits of oil and gas and mineral raw materials (brick clays, loams, kira and bitumen). The result of mining and oil and gas production, various forms of anthropogenic relief forms: dams, subsidence funnels, quarries, dumps, sites, embankments — access roads. A typical example of this type of relief is fencing dams 3-3.5 m high around the Tazhigali and Karaarna deposits in the west and north-west, Karazhanbas, Kalamkas.

As a result of intensive oil and gas production, a significant amount of associated formation water is extracted along with it, which is not compensated by their 100% back injection into the formation, resulting in a drop in reservoir pressure and the surface settles on the surface around the deposits and subsidence occurs. . These new forms of anthropogenic-related relief appear around oil and gas fields. Given that most of the oil fields are located within the sea plain, composed of clay, loamy and sandy fractions, subsidence processes are widely developed here. The manifestation of subsidence widely developed in the area of the old Dossor and Makat oil fields, where the amplitude of subsidence is 1.5-2.5 meters [3].

The process of subsidence of the surface and the formation of subsidence in the described area will develop further, because oil and gas will extract from old and newly developed fields more than one year. New areas will develop, the territory of the region will be done by Quaternary and modern scurf, which are susceptible and will retain the ability to subsidence deformations. Cause if these, it is now necessary to establish a control system and monitor the development of this process and take protective measures to prevent or deter them, because the occurrence of subsidence over time makes

them especially dangerous for hydraulic, industrial, residential and road facilities. Area, especially located along the coasts of the sea.

Because of field development, building a lot of access roads or roads between fields and individual objects are constructed in the form of earthen embankments. The average width of which is from 4 to 6 m, the height is 2 m, and the length depending on the terrain conditions is from 100 m to 7 km (Koshkar field - highway). The same landforms are in the Makat, Sagyz, Terenozek, Prorva, Tengiz, Karazhanbas, Kalamkas, Karashyganak, and other oil fields. In addition, various sizes of sites constructed around the fields with concrete or asphalt coatings to house wagon houses, storage rooms, parking lots and do on. At the Tengiz and Karaarna fields, such sites are significant (300 m long and 200 m wide). Near the places of oil production, there are small dumps of clay and sand, 1.5 m high.

Thus, the relief around the deposits are completely different by techno genic processes and, for the most part, is newly formed relief forms, areas of techno genic degradation.

The linear-road type of relief includes oil and gas pipelines, railways and roads, including country, field and ground, various water conduits, power lines and other linear and technical structures. As a result of linear road construction, in order to flatten the longitudinal profile of modern automobile and railway routes, roadside excavations are created, which are often joined with embankments, ditches and are found everywhere throughout the region. They are more developed along major highways: Uralsk –Atyrau; Uralsk-Karashyganak; Atyrau-Dossor-Sagyz-Kulsary-Tengiz and railways: Uralsk-Aksai; Atyrau-Makat-Beineu, where their length is hundreds of meters and a depth of 6-10 meters, they are less developed along country and dirt roads. On both sides of the Kulsary-Karaton highway, spring water accumulated in the recesses, giving them the character of shallow reservoirs for some time.

Another form of relief is artificially created sandy dams around the village of Karaton. The dams are not big; their height is 2-2.5 m. south of the village, along the routes of roads and oil pipelines, there are scours with a depth of 0.5-0.7 m and a length of 3 to 6 m with traces of salinization. The same scourges are found along the southern highway of the village. Kulsary, Munayly, Makat, Dossor and others. If do not take into account appropriate protective measures, they can turn into ravines. The most characteristic form of relief of this type are artificially created straightened rectilinear sections - roads: country, dirt and highway, differing not only in size but also in function. Country roads have a small width of 1-2 m and are ubiquitous. The most widely developed dirt roads that connect various settlements, oil fields and other economic facilities. They done mainly from local sandy soil and reach a width of up to 5 m. An important linear artery is asphalted highway roads that connect the largest settlements and industrial facilities with cities and neighboring areas. The width of such a road reaches 6–7 m, their height is from 1–1.5 to 2–3 m (along the sory territory of the North Bozash field). So, as a result of the interaction of the linear-road relief everywhere along the roads of highways, oil and gas pipelines, the formation of technogenic soils takes place.

The formation of the building type of relief is characterized by the creation of various relief forms within residential and industrial buildings located in the areas of oil production (especially there are a lot of them in the central part) and the territories adjacent to them. These are various embankments, dumps, quarries, landfills, leveled sites, which, which have different sizes. A typical relief form of this type is quarries, which found around almost every settlement, round or square, with a depth reaching up to 5-6 m in some places. As a rule, soil and vegetation cover is severely disturbed around the quarries due to the movement of vehicles. The impact on the natural environment of industrial civil construction is currently manifest, in general, localized. Only within the framework of industrial buildings, the separate construction of an object and the territories adjacent to it is it manifested in violation of the soil cover and activation of deflation, ravine formation, and the formation of technogenic soils. It is also possible to increase the level of groundwater and the associated hydrostatic weighing of rocks, flooding of basements, swelling of clay rocks, subsidence of loess and loesslike rocks, subsidence of the earth's surface.

Today, the longest Kigach aqueduct is Mangyshlakyyu. It transports fresh water of the river. Kigach (left tributary of the Volga) to the Mangyshlak peninsula, simultaneously providing water supply to many settlements of the Atyrau region, including such large ones: Kulsary, Makat. The Kigach aqueduct supplies water to all large industrial enterprises of the Atyrau and Mangistau regions, in particular, the Bolashak plant of the North Caspian project, the Tengiz field with its entire complex. Today it is the only source of water for oil fields, since the region is poor in water resources, except for the main artery of the region in the north - the Zhayik River. From a Zhayik River where a canal to

the eastern part of the region is drawn, about 60 km long, up to 3 m deep, for drinking needs of the population. Because of the interaction of this type of complex, various forms are create: dams, canals, pits, bridges. Wells, artesian and hydrogeological wells, existing and destroyed reservoirs are also separate forms.

So, the analysis of technogenic changes in the environment allows us to conclude that the territory is most susceptible to geomorphological risks with the development of sandy clay and loose deposits. It is in these territories that numerous artificial forms are create that are constantly changing, forming new landforms under the influence of exogenous processes, causing deeper changes in the natural environment. In emergency, technogenic processes can become more complex and dangerous in any area. Therefore, when implementing any project, it is necessary to consider environmental measures. Without this, in modern conditions it is generally impossible to exploit the natural resources of nature.

#### Reference

1. Abdulin A.A., Votsalevsky E.S. Fuel and energy resources of Kazakhstan // *Geology of Kazakhstan*. – 2001. – No. 3-4. – P. 86-92.
2. Kushimova A.G. The technogenic factor of modern technomorphogenesis of the Priembinskoe oil-bearing region // *Bulletin of KazNU. Geographical series*. – 2000. – No. 1. – P. 46-50.
3. Materials of the Atyrau hydrogeological expedition. – Atyrau, 1996.

ӘОЖ: 37.29.35

**Көшім А.Ғ., Жунисов А.Т., Саяхметова А.Е.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.)*

#### **АЙМАҚТЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ІЛІ АЛАТАУ ЖОТАСЫНЫҢ МҰЗДАНУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТАЛДАУ**

XX- ғасырдағы жылыну мен климаттық өзгерістердің 95% себебі адам іс-әрекетінен болған өзгерістер деп есептеуге болады. Климаттық өзгеріс ұзақ жылдық проблема болғанымен, жылдам әрекеттерді қажет етеді, ауадағы парниктік газ қосындысының көбеюі әлімдік температураның Цельсий шкаласымен 2 градусқа көтерілуіне себеп болады. Соңғы онжылдықтардығы әлемдік көптеген мұздықтардың азаюы жаһандық жылынуудың негізгі себебі болып саналады [8]. Соңғы уақыттағы гляциометеорологиялық бақылаулармен тәжірибелер негізінде жасалған модельдік зерттеулер климаттық процестермен мұз балансының байланысын көрсетті.

Мұздықтар санының өзгеруі келесі нәтижесінде жүреді: 1) мұздықтардың толық еруін; 2) ірі мұздықтардың кіші-гірім мұздықтарға бөлінуі; 3) салалардың тілімденуі.

Іле Алатау жотасының солтүстік беткейінде 1955-1990 ж.ж. аралығында 56 мұздық еріді, яғни 1955 жылдағы олардың санының 18 %, жалпы ауданы 2,57 км<sup>2</sup> [4; 7]. Барлық еріген мұздықтар абсолюттік биіктігі мен мұздықтардың вертикальді диапазоны жотаның сілемдеріне орналасқан еді. Олардың барлығы беткейлік мұздықтар тобына жатқзылған, көбінесе – аспалы, тек біреуі – қарлық-аспалы (Есік өзені алабында) және біреуі – қарлық (Түрген өзені алабыда). Еріген мұздықтардың көбісі (60% дейін). Талғар және Есік өзені алаптарында тиесілі. Қарғалы және Кіші Алматы алаптарында бірде-бір мұздық еріген жоқ. Мұздықтар санының өсуі олардың ыдырауынан және салалардың тілімденуінен, сонымен қатар «жаңа» мұздықтардың табылуы нәтижесінде іске асады. Қарғалы және Проходной өзендері алаптарыда 1990 жылы ғарыштық суретті дешифрлеу нәтижесінде 3 «жаңа» ұсақ мұздықтар бар екені анықталды. Осы мұздықтар 1987 жылғы картада дақ ретінде белгіленген. Бұл кішкентай мұздықтардың орташа ауданы – 0,02 км<sup>2</sup>, ал жалпы ауданы - 0,048 км<sup>2</sup> [1].

Аймақтағы дегляциация процесі 80-ші жылдары кіші-гірім мұздықтардың толық еруімен бірге, орташа көлемдегі мұздықтардың бөлінуімен, ыдырауымен сипатталады. Жиі көп камералы цирктерде жайғасатын, макробеткейдің орталық бөлігіндегі мұздықтармен қатар, ұзындығынан екі үлкен мұздықтар (шлейфтік, қарлық) ыдырауға неғұрлым қарқынды ұшырады. Барлығы 35 жылдың ішінде 131 мұздықты құрайтын 57 мұздық бөлінген.

Мұздықтардың бөліну есебінен және жаңа түрлерінің табылуынан олардың барлық саны 1979-90 ж.ж. аралығында 63-ке өсті [1; 3].

Ауданы  $0,1 \text{ км}^2$  – ден үлкен мұздықтар саны 35 жылдың ішінде 31-ге қысқарды (яғни 12%), бірақ олардың тек қана 11-і еріп кетті, ал қалғандары ауданы кішкентай мұздықтар қатарына «ауысты». Олардың ауданы  $0,1 \text{ км}^2$  кем. Осындай кішкентай мұздықтардың саны 1979 жылмен салыстырғанда 1990 жылы 6 есе өсті [2].

Макробеткей бойынша жалпы мұздықтар саны 1990 жылы 330-ға жетті, ол 1955 жылы олардың санының 107% және 1979 жылы – 124 %. Бұл жағдай мұздықтар бөлшектерінің ұлғаюына аз ықпалын тигізді, мұздықтардың орташа ауданы оның қосымша көрсеткіші болып табылады. Осы көрсеткіштер «реперлі» жылдар бойынша өзгереді: 1955 жылы -  $0,94 \text{ км}^2$ , 1979 жылы –  $0,86 \text{ км}^2$  және 1990 жылы –  $0,62 \text{ км}^2$ . Сонымен мұздықтың орташа мөлшері 35 жыл ішінде  $0,32 \text{ км}^2$  немесе 34%-ға қысқарды [4].

Алдағы жылдары және он жылдықтарда мұздықтардың деградациясына байланысты процесстер (мұздықтардың еруі, олардың бөлінуі т.б.) қарқынды түрде жалғаса береді. Мұздықтардың жалпы саны, олардың көпшілігінің еруіне байланысты ұлғая береді, ал олардың орташа ауданы кеми түседі [4].

Шамалған және Қарғалы өзендрі алаптарындағы мұздықтардың қысқаруға ең бейім екендігін 14-ші кестедегі мәліметтерден көре аламыз. Қаскелең және Ақсай өзендері алаптарындағы, жиі терең және көлеңкелі «түпкірлі» бедерлерге сәйкес жайғасқан мұздықтары қысқаруға төзімді келеді. Абсолюттік биіктігі 5 км-ге жақын, Орталық Талғар өзені алабындағы мұздықтар ауданының 20% -ғана жойылады. Мұздықтардың 35 жыл ішіндегі орташа қысқару жылдамдығы  $2,4 \text{ км}^2/\text{ж}$ . құрады, және осы уақыт аралығында мұздану ауданы 29,2%-ға қысқарады, яғни 0,8%/жылына [2].

Көрсеткіштері 2-3  $\text{км}^2$  болатын мұздықтардың ауданы қысқаруға көп ұшыраған. Сонымен қатар кіші-гірім мұздықтарда өз ауданын қарқынды түрде жоғалтқан, тіпті олардың көбі жоғалып кеткен. Ірі мұздықтардың арасында, қарастырылған кезең ішінде аудандары тұрақты немесе аз шамада қысқарғандары бар. Яғни бұл мұздықтардың соңдары өте жоғарыда жатады немесе олар мореналық қабатпен көмкерілген. Ауданның қысқаруы динамикалық белсенділікке де байланысты. Жалпы кезең ішінде бірде бір мұздықтың ауданы ұлғайған жоқ. Мұзданудың қысқару ауданы 1990 жылы -  $83,76 \text{ км}^2$ -ге тең,  $45,22 \text{ км}^2$  (54%) аңғарлық мұздықтарға тиесілі,  $37,47 \text{ км}^2$  (45%) – беткейлік мұздықтарға (шлейфтік, карлық, аспалы) және  $1,07 \text{ км}^2$  (1%) – жайпақ шыңдық мұздықтарға тиесілі. Бірақ беткейлік мұздықтар 1955 жылы бастапқы аудандардан 36 % жоғалтса, ол аңғарлық мұздықтар – 25% ғана, яғни 11% аз. Сондықтан да негізінен деградацияға беткейлік мұздықтар ұшыраған. Мұндай мысалға Қаскелен өзені алабындағы өте қарқынды қысқаруға ұшырап жатқан №29 карлы аспалы мұздықты келтіруге болады. Оның ауданы 37,5 есе кішірейді –  $0,30$ -дан  $0,008 \text{ км}^2$ -қа дейін, қазіргі таңда бұл мұздық жоқ болуыда мүмкін [2].

Аңғарлық мұздықтар ауданының қысқаруының орташа шамасы 35 жыл ішінде  $0,65 \text{ км}^2$  құрады ( $0,018 \text{ км}^2/\text{ж}$ ), беткейлік мұздықтарда  $0,16 \text{ км}^2$  дейін қысқарады. Орташа алғанда жотаның солтүстік беткейінің әрбір мұздығы жылына  $0,008 \text{ км}^2$ -ден айырылады.

Максимальді биік гипсометриялық деңгейде орналасқан осы топтағы кейбір мұздықтар өзінің ауданын 1955 жылдан өзгеріссіз сақтады деуге болады. Мысалы, осындай мұздықтарға №109 аспалы мұздық Кіші Алматы өзені бастауындағы Партизан мұздығы жатқызылады. Ол тек  $0,01 \text{ км}^2$ -қа ғана қысқарады, 3880-4383 м биіктіктер аралығында жайғасқан [2].

Аймақта мұзданудың жалпы деградациясы мұздық ұзындығының қысқаруынан да байқалады. Мұздық жүйесі бойынша мұздықтың жалпы орташа ұзындығы 35 жыл ішінде 480 м-ге қысқарады, немесе 1/3-ге, 1979-90 ж.ж. ұзындықтың қысқаруы 1955-79 ж.ж. қарағанда 1,7 есе көп. Шамалған алабынан басқа, қалған барлық алаптардағы мұздықтардың орташа ұзындығы 1955 ж.  $>1 \text{ км}$  болған, ал 1990 жылы мұндай ұзындық тек үш бассейінде – Талғар, Есік, Ақсай сақталды, ал қалған мұздықтарда  $<1 \text{ км}$ . [9].

Мұздықтардың ауытқуын зерттегенде және олардың мониторингісі өткізгенде мұздықтың жалпы ұзындығының өзгерісін емес, ең маңыздысы олардың соңдары шегінісінің шамасы мен жылдамдығын білу қажет. Сондықтан да 1990 жылы түсірім бойынша мұздықтардың пішінін картографиялық өңдеу кезінде мұздық соңдарының шегіну көрсеткіштеріне ерекше көңіл бөлінді.

Әрине, көптеген факторларға және жағдайларға байланысты шегіну шамасы әрбір алапқа, әсіресе әрбір мұздыққа жеке өзіндік сипаттамасы болып табылады. Тек 1979-90 ж.ж.

аралығында бірқатар мұздықтар (Қаскелең өзені алабындағы - №33,36В, Үлкен Алматы алабындағы -№ 96, Талғар алабындағы -№166 және т.б.) 400-500 м-ге шегінді, яғни 45 м/ж жылдамдықпен, Қаскелең алабындағы №29 және Кіші Алматы алабындағы №104 мұздықтар 600-670 м шегінді, яғни 60 м/ж; Сол Талғар алабындағы -№139-оң Тоғыззақ мұздығы 1000 м шегінді, яғни 100 м/ж. [6].

Аймақтағы көптеген мұздықтың ішінде тек төртеуі (№36-Қаскелең алабында, Ақсай алабындағы -№53, Үлкен Алматы алабындағы №93 және Есіктегі -№214) тілдерінің соңдарының стационарлық күйін сақтап қалды. Алайда бұл мұздықтар ауданы бойынша кішірейді, сондықтан да нақты стационарлы, яғни ауданы және де ұзындығы бойынша өзгермеген деп санауға болмайды [6].

Іле Алатауы солтүстік беткейінде алға жылжыған 2 мұздықтың бар екені анықталды. Мұндай мұздықтарға алға жылжудың анық белгілері бар №65—ші және №79-ші мұздықтар жатады. Олар Үлкен Алматы өзені бастауында жайғасқан. Оны мұздықтардың біріншісі он бір жыл ішінде 30 м-ге (орташа алғанда 2,7 м/ж), ал екіншісі 100 м-ге (9 м/ж) жылжыған. Бұл мұздықтардың феномені былай түсіндіріледі: қалың мореналық қабаттың астында және ауырлық күшінің әсерінен ақырындап төмен жылжыған, броньдалған (сақталған) мұздықтар қатарына жатады.

Тілдер соңдарының шегінуінің орташа көрсеткіштері мұздықтардың барлық морфологиялық типтеріне бірдей. Мұздық ұзындығының өзгерісі 35 жыл ішінде жалпы 480 м-ді құрады, оның 2/3-і (300 м) олардың соңдарының шегінуіне байланысты. Мұздықтардың шегінуінің орташа жылдамдығы 1955-79 ж.ж. - 6,7 м/ж тең, 1979-90 ж.ж. -12,6 м/ж, ал 35 жыл ішінде 8,5 м/ж тең [5].

Қазіргі ғылымда болжаудың ондаған және жүздеген түрлі әдістерін қолданады. Болжам жасайтын мамандар барлық әдістерді үш топқа бөледі: экстраполяция, эксперттік баға беру және модельдеу. Бірақ экстраполяция әдісін модельдеу әдісіне қарсы қоюға болмайтын сияқты, себебі экстраполяция модельдеу әдісінің жеке қолдануы болып келеді.

Әдетте, болжам дегеніміз — бұрыннан қазіргі кезең арқылы болашаққа баратын экстраполяция. Хронология немесе экстраполяциялық дағды деп аталатын әдістің география болжамдарының ішіндегі ең бір жақсы тәсілі болып саналатыны кездейсоқ емес, сондықтан да бұл тәсіл климат көрсеткіштерін он жыл бұрын білу үшін қолданылады [1].

Бұл әдістің басты мәні — өзгеру жағдайын қайта түсірілген әуетүсірімдер және үлкен масштабты карталардағы барлық мұздық жүйесінің жағдайының өзгеруін, яғни құрамын, түрін және көлемін тіркеуде болып табылады. Содан кейін жақын он жылдықта мониторинг пен экстраполяциясы дағдысы шығарған сызықты немесе сызықсыз өзгерістердің заңын анықтау керек. Бұндай болжамдарды жасау үшін үш қайтара әуетүсірім жасалу керек, себебі екі түсірілу арқылы тенденцияның сызықты немесе сызықсыз екенін анықтау мүмкін емес. Экстраполяциялық әдісті мұздықты жүйенің негізгі элементінің жағдайын — абсолюттік және салыстырмалы көлемін — болжауға қолдану үшін ыңғайлы.

Жоғарыда берілген әдісті, біздер мұздықтың түгелдей қай күні еріп кететінінің нақты мезгілін болжау үшін қолдандық (Вилесов, 2013). Сонымен, экстраполяциялық болжам болған жағдайды "киноның лентасындағыдай" қайта көрсетіп қана қоймайды (мұздықтар көлемінің ХХІ ғасырда қысқаруы), сонымен қатар, зертеу үшін аса қажетті, мұздың еру уақытын да береді.

Іле Алатауының мұздану көлемінің қысқаруы сызықты заң бойынша жүретіні дәлелденді. Қазіргі уақытта аймақтың мұздану ауданы 200 км<sup>2</sup>-ден азайды, ал 2025 жылы ол 132 км<sup>2</sup> төмендейді, 2050 жылы - 82 км<sup>2</sup>-ге, ал ХХІ ғасырдың соңғы он жылдығының басына мұздықтар мүлдем жойылып кетеді. Бұл кезеңде, біріншіден, 2015 жылы дейін Шамалған мен Қарғалы өзендерінің бассейндегі мұздықтар еріп кетеді, ал 2080 жылға қарай - Үлкен Алматы, Есік және Түрген өзендерінің бассейндеріндегі мұздықтар ериді. Талғар өзенінің жоғары саласындағы мұздықтар басқаларға қарағанда көбірек сақталады, олар 2090 жылға дейін жетуі мүмкін. [2].

Сонымен, бұл болжам бойынша Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтардың тек қана жүз жылдық «өмірі» қалды.

### Әдебиеттер

1. Вилесов Е.Н., Макаревич К.Г., Поляков В.Г. Пространственно-временная изменчивость ледниковой системы Заилийского Алатау // МГИ. – 1993. – Вып. 76. – С. 90–95.

2. Вилесов Е.Н., Уваров В.Н. Эволюция современного оледенения Заилийского Алатау в XX веке. – Алматы: изд. Казах. нац. ун-та, 2001. – 252 с.
3. Вилесов Е.Н., Морозова В.И., Северский И.В. Оледенение Джунгарского (Жетысу) Алатау: прошлое, настоящее, будущее. – Алматы: Казах. нац. ун-т, 2013. – 244 с.
4. Вилесов Е.Н. Динамика и современное состояние оледенения гор Казахстана. – Алматы: КазНУ, 2016. – 268 с.
5. Ерасов Н.В. Метод определения объема горных ледников // МГИ. – 1968. – Вып. 14. – С. 307–308.
6. Кокарев А.Л. Оценка современных изменений горно-ледниковых систем Юго-Восточного Казахстана / Автореф. дис. на соиск. уч. степ. канд. геогр. наук. – Алматы: Институт географии, 2009. – 20 с.
7. Пальгов Н.Н. Современное оледенение в Заилийском Алатау. – Алма-Ата: изд. АН КазССР, 1958. – 312 с.
8. Тронов М.В. Ледники и климат. – Л.: Гидрометеиздат, 1966. – 407 с.
9. Усманова З.С. Оценка изменений ледников бассейнов рек Шарын и Текес (казахстанская часть бассейна реки Иле) по данным космического мониторинга // Вест. Казах. нац. ун-та. Сер. геогр. – 2014. – № 1(38). – С.72–79.

ӘОЖ 37.29.35+89.57.45

**Көшім А.Ғ., Жүнісов А.Т., Орынбек Н.М.**  
*Алматы қ.*

## **СОЛТҮСТІК ТЯНЬ-ШАНЬ МҰЗДЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕ ҒАРЫШТЫҚ СУРЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Тау мұздықтары климаттық өзгерістердегі негізгі индикатор болып табылғанымен, климаттық ерекшеліктер уақытқы және әр түрлі аумаққа сәйкес ерекшеленеді. Кіші мұз дәуірінен бастап мұздардың азаюы байқалуда, ал соңғы онжылдықтарда олардың көлемі күрт азайды. Мұздықтардың сандық көрсеткіштерінің өзгерістері мен олардың сапалық қасиеттерін анықтау мұздықтардың ұзақ уақыт аралығындағы жиналған бақылау мәліметтерін қажет етеді. Мұндай мәліметтер автоматты және жартылай автоматты әдістермен үлкен аумақты қамтитын мультиспектрлі ғарыштық мәліметтерден алынады. Үлкен көлемдегі арақашықтық зерделеу мәліметтер негізінде мұздықтардың көпжылдық өзгерісін анықтауға болады. Мысалы, Жер серіктері зерделеуі бойынша мұздықтардың ғаламдық аумағы 1960 жылдардан бастап шамамен 10% төмендеді [4]. Мұздықтарды зерттеуде Жер бетінің сандық моделі мен геоинформатиканың синтезі арқылы жаһандық өзгерістерді және алынғын мәліметтерді модельдеу арқылы климаттық өзгерістермен өзара байланысын анықтауға болады.

5. Харламов И.Ф. Педагогика: Крат. курс: Учеб. пособие / И.Ф. Харламов. – 2-е изд., стер. – Минск: Выш. шк., 2004. – 272 с.
6. Куренкова Р.А. Эстетика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 368 с.
7. Гильберт К.Э., Кун Г. История эстетики: Изд-во «Алетейя», 2000. – 652 с.
8. Жданова С.Н. Педагогика эстетического освоения мира: Монография. – Оренбург. 2006. – С. 7.

ЭОЖ 740

**Карабалина С.С.**

*Орал қ.*

### ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АДАМЗАТ ИНТЕЛЛЕКТИСІ ТУРАЛЫ ЕҢБЕГІ

Дарынды адамдар туралы айтылған сөздер, ойлар бірнеше ғасырлардан аса айтылып келеді. Антикалық дәуірде осы дарынды адамдар туралы, яғни ІХХ ғасырда ғылыми трактаттарда «данышпан» және «дарынды» деген түсінік қалыптасты.

Антикалық дәуірде дарындылықты кейбір философтар – «құдайдың тартуы» деп түсінген. Олардың қатарына Платон, Сенека, Демокрит жатқызамыз. Антикалық философтардың ойынша дарынды адам – ақиқат білімге ие деп түсінген.

Орта ғасырларда «дарындылық» құдайдың сыйы деп түсінген. Сондықтан дарындылық бар немесе жоқ деп түсінгендіктен оны ешкім зерттемеген. Дарындылық құбылысына Қайта өркендеу дәуірінде (ғылым мен білімнің) қызығушылық таныта бастаған. Бұл кездейсоқтық емес. Қайта өркендеу дәуірі әлемге Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонаротти, Мишель Монтень, Николай Коперник, Николо Макиавелли, Данте Алигьери, Вильям Шекспир және т.б. тектес ұлы ғұламалардың, ерекше дарын иелерінің тууына алып келгендіктен, көптеген философтарда сұрақ туындады: «Данышпан және дарындылық дегеніміз не?». Бірақ бұл сұраққа ортақ пікір болмады.

ХІХ және ХХ ғасырларда дарындылық тұжырымдамалары пайда бола бастады. Көрнекті ағылшын оқымыстысы Френсис Гальтон ең бірінші рет «Данышпандықтың тұқымқуалаушылығы және оның заңы мен салдары» атты кітабында дарындылық тұқымқуалаушылықтың факторын эксперименталды түрде дәлелдегісі келді.

Артынан дарындылықтың адам өміріндегі тәрбиеге, білім алудың жағдайына, өмір сүру сапасына байланыстылығы анықталды.

1940 жылы «Қабілеттілік және дарындылық» атты мақаласында Борис Михайлович Тепловтың ойынша: Дарындылықты қабілеттің және ортаның факторларының үйлесімділігін, болашақта табыстарға жетудің бірден – бір жолы ретінде қарастырған.

Жоғарыда келтірілген ұлы тұлғалардың қатарына түркі жерінен шыққан көптеген дарынды тұлғаларды да қосуымызға болады. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр әл-Фараби- шын дарын иесі.

Әл-Фараби білімге деген құштарлығының арқасында Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанды. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Ғалым философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді [3].

Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған еңбектеріне қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан соң екінші орында болған. Әл-Фарабидің ғылымға деген ынтасының, жан- жақты осы Отырар кітапханасында пайда болған сияқты. Өйткені араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Ғалымдардың бір тобы: «Бұл шындыққа жанаспайды» десе, біраз ғалымдар ибн Халликанның жазғандарын мақұлдап, қайталап та жүр. Яғни бала Мұхаммед өз кезіндегі ұлы ғұламалардың еңбектерін оқу үшін жастайынан тіл үйренуге ден қойғандай [1].

Әл-Фарабидің астрономия мен астрология жөніндегі еңбектері, физика, медицина, биология салаларындағы туындылары, «Музыканың ұлы кітабы» атты музыка теориясына арналған шығармалары, этика, психология, тіл ғылымы, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор. Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады. Әл-Фарабидің осыншалықты сала бойынша еңбектерінің құндылығы осы заманға дейінгі маңызын жоғалтпай адамзат ғылымының, өркениеттің дамуына зор септігін тигізіп келе жатқандығын көре аламыз. Өзінің артында әр салада осынша маңызы зор еңбектің қалуы данышпандықтың белгісі. Қазіргі таңда дарындылықты анықтап дамыту бойынша көптеген шаралар мен зерттеулер қарқынды жүргізіледі. Әсіресе ерте жастан анықтау, дамуына жағдай жасау қоғамның өзекті мәселесі. Дарындылықты анықтауда бірнеше әдіс-тәсілдер (А.И. Савенковтың дарындылықты анықтау картасы, бақылау, анкета, психодиагностика, социометрия, әңгімелесу, интервью сынды жұмыс түрлері) қолданылады. Ең алдымен дарындылықтың бір үлкен қыры ретінде адамның интеллект дәрежесін анықтау маңызды болып саналады. Адам бойындағы осындай қабілеттерді анықтау бағытында Әл-Фарабидің еңбектерінде аз емес. Адамзат ақыл-ойының эволюциясын Әл-Фараби таным процесіне қатысатын адам жанының қабілеті мен бөлшектеріне байланысты зерттейді. Адам интеллекті – бұл туа біткен қабілет, - деп көрсетеді Әл-Фараби. Бұл алғашқы интеллектіні философ потенциалдық және алғашқы материалдық интеллект деп атайды. Ол тәжірибеге дейін болады, яғни адамзат ие болғанға дейін болады. Тәжірибе пайда болып, сақталғаннан кейін потенциалдық ақыл актуалды ақылға айналады. Таным процесінің екі жақты сипаты бар: ол потенциалды ақыл-оймен қатар потенциалды ақыл жететін нәрселерді де жүзеге асыруды көздейді. Материалдық болып табылатын заттардың субстанциясында өзбетінше актуалды интеллект болу қабілеті жоқ. Бұл объектілердің мүмкін, яғни потенциалды танылудан актуалды танылуға өтуі үшін материядан да асқан субстанциялы мән қажет. Өзінің “Ақыл (деген сөздің) мағынасы жайындағы пайымдама” деп аталатын шығармасында Әл-Фараби интеллект деген сөздің түрлі мағынада пайдалануы туралы жазады. Бірінші - қарапайым сөзде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады. Екінші – мутакалимдердің түсінігінде, парасат теріске шығарылған кезде айтылады. Үшінші – Аристотельдің “Екінші Аналитика” атты шығармасында берілген мағынада, интеллект жанның қабілеті болып табылады. Туа біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті деп қарастырылады. Төртінші мағынасы – тағы да Аристотельдің “Этика” деген еңбегінің алтыншы кітабында айтылған. Мұнда Аристотель интеллект деп өзіне сәйкес келетін тектегі объектілерге ұдайы қолданудан келіп туатын сол жанның бір бөлігін айтады. Бұл өзі жүре келе тәжірибеден туады, жан бұл тәжірибені объектідегі әрбір дара нәрседен алады. Пікірлер мен шарттардың анықтығы ерік істерінен

туады; оның қабылданатыны немесе қабылданбайтыны ерік істерінің табиғатында болады. Жанның нақ осы бөлігін Аристотель “Этиканың” алтыншы кітабында интеллект деп атаған, - дейді Әл-Фараби. Интеллект сөзінің бесінші мағынасы Аристотельдің “Жан туралы” трактатынан алынады. Мұнда Аристотель интеллектті төрт түрге бөледі: а) потенциалды; б) актуальды; в) жүре келе дарыған және г) әрекетшіл интеллект. Потенциалды интеллект дегеніміз формаларды жүзеге асыратын субстанция болып табылады. Форма деген ұғым Аристотельде, Әл-Фарабиде мән деп алынады. “Ақбилфил” – “актуальды интеллект”. Бұл мағынаға Аристотельдің “ойлауды-ойлау” деген ұғымы сай келеді. Мұнда Әл-Фараби ойлау мен болмыстың ұқсастығы қатынасын дамытады. Таным әрекетіне жеткенге дейін интеллект екі жағынан потенциалды. Субъект жағынан интеллект, әлі өзі дамытпаған пайымдау қабілеті ретінде потенциалды. Объект жағынан, оның потенциалды болатын себебі затқа ой жүгіртуге, оны ақылмен пайымдауға болады, оған мүмкіндік бар. Ақылмен пайымдауға болатын парықтарды – “интеллектция объектілерін” пайымдау, оларды потенциалдылықтан нақтылыққа айналдыру арқылы потенциалды интеллект актуалды интеллектке, яғни шын интеллектке айналады. Егер субстанциядан абстракцияланған интеллектцияның пайымдағыш объектілері осы парықта жүзеге асатын болса, онда бұл объектілері интеллектцияның актуальды объектілеріне айналады. Субстанциядан абстракцияланудан бұрын бұлар интеллектцияның потенциалды объектілері болып еді, ал субстанциясынан айрылып, олар актуальды объектілерге айналды. Актуальды интеллект, бұлар актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектінің формалары болып табылатын интеллектцияның пайымдағыш объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды деп саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллектіге айналады. Болмыста пайымдалғыш парықтар пайда болады. Заттың формалары, ақылмен пайымдалатын интеллектция объектілері ретінде, тек жан дүниесінде өмір сүреді. “Жан туралы” трактатының үшінші кітабында Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма, - деп түйіндейді Әл-Фараби. Әрекетшіл интеллект дүниеде бар нәрселердің ішінен алдымен ең жетілгендерін таниды, ал материалдық формалар әрекетшіл интеллектіде материядан абстракцияланған болып табылады. Әрекетшіл интеллект материяға өзінің парқында бар қасиетті береді, бірақ материя оларды түрліше қабылдайды. Әл-Фараби философиясында онтология мен гносеология өзара байланысты, олардың тамыры бір, олар Мән туралы бірегей іліммен біріктірілген [2]. Әл-Фараби: “Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш” деп көрсетеді. Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен. Әл-Фарабидің интеллект туралы талдауы әлі күнге дейін адам бойындағы белгілі бір қабілеттерді анықтауда негізге алынып қолданылады.

Энциклопедист-ғалымның әлемдік ғылым дамуына ықпалы туралы трактаты қоғамдық-философиялық ой-санада көптеген көрнекті туындылар өмірге келді. Адамзат соларды тыңғылықты оқып, өткен күннің рухани мұрасын ыждағаттылықпен бағалауда. Әл-Фарабиге деген кейінгі ұрпақтың таңданысы шексіз. Кеменгер ойшылдың шығармашылық мұрасын терең меңгеру жолында барлық әлем ғалымдары бірігіп жұмыс істеуі парыз. Қайырымды адамзаттың, дарынды ұрпақтың Дала өркениетінің перзентіне деген ең керемет шынайы ілтипаты да сол болмақ.

### Әдебиеттер

1. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – Алматы: Ғылым, 1996. – 112 б.
2. Екінші ұстаз әл-Фарабидің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» пайымдамасы // Қазақ: Оқу құралы. —Алматы: Білім, 1994. — Б. 116-129.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедия 1 том А-Ә. – Б. 20-22.
4. Машанов А. Әбунәсір әл-Фараби еңбектері алғаш рет қазақ тілінде // «Білім және еңбек» журналы. – 1962. – №1.

**РАЗВИТИЕ ВОКАЛЬНО-ХОРОВЫХ НАВЫКОВ КАК ЭСТЕТИЧЕСКОЕ  
ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ ТВОРЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ**

В настоящее время большое внимание уделяется возрождению нашей духовности и перед учителями, композиторами, деятелями искусства стоят важные задачи по музыкальному воспитанию подрастающего поколения. Человек воспитывается постоянно, личность его формируется в течение всей жизни. Воспитание сложный диалектический процесс, целенаправленное воздействие которого осложняется широким кругом обстоятельств и совпадений разнообразных влияний на учащуюся молодежь. Процесс воспитания направлен на формирование социально важных качеств личности, на расширение круга ее отношений к окружающему миру, к обществу и людям. Чем шире и глубже система отношений личности к различным сторонам жизни, тем богаче ее собственный духовный мир [1, с. 45].

Человек – индивид представляет совокупность физического и психического содержания. Существовая в определенной социальной и материальной среде, взаимодействуя с окружающими людьми и природой, участвуя в общественном производстве, человек проявляет себя как сложная самоуправляющаяся система с огромным спектром различных качеств и свойств. Эта система и есть - личность.

Объективное проявление личности выражается во всех и всяческих взаимодействиях с окружающим миром. Субъективно же она проявляется как осознание человеком существования своего «Я» в мире и обществе себе подобных (самосознание).

Личность – это психическая, духовная сущность человека, выступающая в разнообразных обобщенных системах качеств:

- совокупность социально значимых свойств человека;
- система отношений к миру и с миром, к себе и с самим собой;
- система деятельности, осуществляемых социальных ролей, совокупность поведенческих актов;
- осознание окружающего мира и себя в нём;
- система потребностей;
- совокупность способностей, творческих возможностей;
- совокупность реакций на внешние условия и т.д.

Все это образует содержательное обобщение «личность».

Всякая наука, как и наука о преподавании изобразительного искусства имеет свою методологию, систему терминов и свой теоретический фундамент.

Искусство требует нечеловеческого мужества. Тайна высокой художественности открывается не сразу, нет ясности, чему в искусстве воистину уготовлена вечная жизнь. Но в любом процессе есть своя логика, законы, свои точки отсчета и критерии ценности [2, с. 21].

Без эстетического отношения мировоззрение не может быть подлинно цельным, способным объективно и во всей полноте охватить действительность. Как не возможно представить себе человеческое общество без истории его культурного и художественного развития, точно так же невозможно представить культурного человека без развитых эстетических взглядов.

Система эстетического воспитания призвана научить видеть прекрасное вокруг себя и в окружающей действительности, и она должна быть прежде всего единой, объединяющей все средства искусства.

Важнейшей частью эстетического воспитания является художественное воспитание, использующее в качестве воспитательного воздействия средства искусства, формирующие специальные способности и развивающие дарования в определенных его видах – изобразительном, музыкальном, хореографическом, театральном, декоративно – прикладном и т.д. Художественно – творческое начало в социально однородной среде становится могучим фактором эстетического воздействия на человека. Нравственно – эстетическое глубоко проникает в труд, искусство, литературу, градостроительство и новый быт людей, в отношения их друг к другу [3, с. 15].

В процессе воспитания происходит приобщение индивидов к ценностям, перевод их во внутреннее духовное содержание путем интериоризации. На этой основе формируется и развивается способность человека к эстетическому восприятию и переживанию. Воспитание красотой и через красоту формирует не только эстетико – ценностную ориентацию личности, но и развивает способность к творчеству, к созданию эстетических ценностей в сфере трудовой деятельности, в быту, в поступках и поведении, и конечно в искусстве.

Задачи эстетического воспитания связаны с формированием у каждого воспитуемого эстетической творческой способности. Главное состоит в том, чтобы воспитать, развить такие качества, потребности и способности личности, которые превращают индивида в активного создателя, творца эстетических ценностей, позволяя ему не только наслаждаться красотой мира, но и преобразовывать его по законам красоты. Оптимизации процесса художественно-эстетического воспитания способствуют высшие и средние учебные заведения: вузы культуры и искусств, художественные и музыкальные училища [4, с. 45].

В основе выразительного пения, формирование слуха и голоса лежат вокально-хоровые навыки. Необходимым условием их формирования является певческая установка. Под термином «певческая установка» понимается комплекс обязательных требований, стоять или сидеть подтянуто, ненапряженно, развернув плечи и держа голову прямо.

Указанные требования способствуют правильному звукообразованию, формированию певческой установки, очень важный момент хорового исполнительства, певческая установка непосредственно связана с навыком певческого дыхания. Тремя составляющими дыхания является: вдох, мгновенная задержка дыхания и выдох. Рекомендуется дышать открытым ртом и носом одновременно по следующим причинам:

1. Вы не можете совершить быстрый и полный вдох только через нос по сравнению со вздохом через рот и нос вместе, поскольку одни носовые каналы препятствуют полноценному набору воздуха.

2. Быстрое дыхание через нос обычно со стороны выглядит неприглядно, шумно и не доставляет удовольствия аудитории слушателей.

3. Когда вы берете дыхание через рот и нос одновременно вы открываете себе дополнительные резонансные возможности.

Наиболее целесообразно для пения грудобрюшное дыхание, предусматривающее при вдохе расширение грудной клетки в средней и нижней ее части с одновременным расширением передней стенки живота [5, с. 21].

С певческим дыханием связано понятие певческой опоры. В пении она обеспечивает наилучшие качества певческого звука, а также является необходимым условием чистоты интонации.

Эстетическое воспитание способствует формированию всесторонне развитой личности, нравственному и интеллектуальному самосовершенствованию личности студента. В процессе формирования эстетического отношения к действительности у студентов развивается эстетическое сознание, которое позволяет судить о степени эстетической культуры человека.

Музыкальная культура служит показателем уровня эстетического развития и воспитания студента. По своей сущности человек призван творить красоту и реализовать себя через эстетическую культуру. Под эстетической культурой личности следует понимать определенный уровень потенциала, насыщенности и целенаправленности эмоционально-чувственным переживанием и духовным наслаждением, радостью человека от всех видов его жизнедеятельности.

Культура человека может выражаться в слове или жесте, в математической формуле или в историческом трактате. Но главным способом выражения является трудовая деятельность, так как именно в труде открываются безгранично широкие возможности для проявления всех сущностных сил человека. А также труд является фактором возвышения и развития личности.

Сегодня в образовательных учреждениях существует проблема организации эстетического воспитания студентов, поэтому основными задачами учебных заведений по формированию у студентов эстетического отношения к действительности будут являться:

- формирование способности у студента воспринимать, чувствовать, правильно понимать и ценить прекрасное в окружающей действительности и искусстве, формирование навыков использования средств искусства для познания жизни людей и самой природы;

- развитие глубокого понимания красоты природы, способности беречь эту красоту;

- вооружение знаниями, а также привитие умений и навыков в области видов искусств – музыки, пения, рисования, художественного слова;
- развитие понимания красоты в человеческих отношениях, желание вносить красоту в быт.

Для достижения высоко эстетически развитого студента нужно, чтобы вся система эстетического воспитания была единой и объединяла все учебные дисциплины, всю общественную жизнь студента, где каждый учебный предмет, каждый вид деятельности внес свой вклад в формирование эстетической культуры личности студента [6, с. 30].

Эстетическое воспитание в вузе способствует активизации самосознания студентов, формированию их активной социальной позиции, основанной на гуманистических ценностях; гармонизирует эмоционально-коммуникативную сферу и снижает остроту реагирования на стрессовые ситуации, то есть оптимизирует поведение студента и расширяет его возможности для общения в совместной деятельности с коллективом.

Главной особенностью вокально-хоровой работы со студентами является творческий процесс, прочно взаимосвязанный с процессами обучения, воспитания и организации.

Главное это систематический подход, и правильное обучение пению, это и есть наиболее массовая форма охраны голоса. Важно с самого начала приобщения студентов к музыке, пению, уделять важное место основам вокального творчества: посадка, дыхание, звукоизвлечение, все это помогает сохранить здоровье голоса.

Развивая не только вокально-хоровые навыки, но и прививая культуру вокального пения и музыкально-теоретическую работу музыкального творчества [7, с. 41].

### **Литература**

1. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Теория музыкального образования: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2004.
2. Алиев Ю.Б. Пение на уроках музыки: конспекты уроков, репертуар, методика. – М., 2005.
3. Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. Учебное пособие. – М., 1983.
4. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. – М., 2002.
5. Кирнарская Д.К. Музыкальное восприятие. – М., 1997.
6. Назаренко И.К. Искусство пения. – М., 1968.
7. Петровский А.В. Ярошевский Н.Г. Психология. – М., 2002.

ЭОЖ 159.9.01

**Муканова Н.Е., Кулдашева Н.У.**  
*Орал қ.*

### **ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Есімі дүниежүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, тарих жазбасында халықтың рухани қазынасына айналған әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр-әл-Фараби болып табылады.

Әл-Фараби ортағасырлық ғылымдардың қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады.

Әл-Фараби шығармаларының тізімін Байхаки, ибн Усайба, Омар Харрух, М.Хортен, Ф.Дитериц, М.Штейншнейдер еңбектерінен кездестіреміз.

Фараби мұрасын зерттеуші өзбек ғалымы М.М.Хайруллаевтың айтуынша, ойшыл бабамыздың шығармаларының тізімін, яки 160 еңбектің атауын түрік ғалымы А.Атештің еңбектерінен табасыз [1].

Әл-Фараби трактаттарының қолжазбаларын Каир, Дамшық, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк және басқа да қалалардың кітапханаларынан кездестіруге болады.

Ұлы ғұлама өзінің пәлсапалық пайымдауларын негізінен идеалистік сарында өрбіткенімен, оның еңбектерінде сол дәуірдегі ғылым жетістіктерін қорытындылайтын прогрессивтік, материалистік идеялар баршылық. Мәселен, ол дүниенің мәңгілігін мойындап, табиғат құбылыстарын детерминистік (себептілік) принципі бойынша түсіндірді, жанның мәңгі-бақи жасамайтындығын, өліп-өшіп отыратындығын мойындайды. Кезінде ол болжам жасап, пікір айтпаған ғылым-білім саласы кемде-кем. Мәселен, тек психология саласында ғана ол жеті еңбек («Жанның мәні туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жан туралы», «Ақыл және ұғым», «Жасөспірімнің ақылы туралы кітап», «Ересектердің ақылы туралы кітап», «Темперамент туралы») жазған екен. Бірақ бұл еңбектер біздің заманымызға жетпеген. Оның жан дүниесі туралы толғаныс -тебіреністері бізге басқа еңбектері («Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат», «Азаматтық саясат», «Даналық таңба тастар», «Бақыт жолын сілтеу», «Мәселелердің мәні», т.б.) арқылы біршама мәлім болып отыр [2].

Психология іргетасы болып табылатын жан мен тәннің ара қатынасы, бұл екеуінің бір – бірімен байланысы жайлы мәселеде Фараби өзін сол кездегі ғылыми ой-пікірдің биігінен көрсете білді. Ол жанның мәңгі өлмейтіндігін уағыздаған грек ғалымы Платонға қарсы дау айтып, оның «Жан тәннен бұрын пайда болады, жан мәңгі-бақи өлмейді деуі қате түсінік»-деп түйді. Оның пікірінше, «жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан тәннің тірлік қасиеті, адамда екі жан болмайды, адамның тәні де, жаны да өткінші, уақытша. Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Тәннің саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ. Шыққан жан еш уақытта қайтып келмейді, бір денеден екінші денеге көшіп жүрмейді, бірақ көңілі мен рухы кіршіксіз таза, көзі ашық оқыған адамның жаны мәңгі-бақи өмір сүреді де, надан залым, зымыян адамның жаны өшіп кетіп отырады».

Фараби адам жанының табиғатын қазіргі термин бойынша (психикалық құбылыстары) тәннің құрылысына орайлас түсіндіруге тырысады. «Тәннің де, жанның да иесі – жүрек, бұған мидың да қатысы бар, бірақ тәннің басқа мүшелері сияқты ми да жүрекке бағынышты».

Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» дейтін еңбегінде адамның тану процестері екі басқыштан тұратындығын айтады. Оның біріншісі-сезімдік кезең. Бұған түйсік, қабылдау, ес процестері жатады. Түйсік -дүние танудың алғашқы көзі, бірінші баспалдағы. Адамның есі мен елесінің сапалы, әрі нәтижелі болуы оның дұрыс түйсіктене алуына байланысты. Ойлау дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл танымның екінші басқышы, оның ең жоғарғы сатысы. Ойлау сөйлеумен тығыз байланысты, ол жалпы адамзатқа тән құбылыс, ал тіл болса әр ұлттың, халықтың өзіндік өрнегі. Жаттағаннан түсінген артығырақ, өйткені жаттауда шала түсінікті сөздер көбейіп кетеді, барлық нәрсені жаттап алуға болмайды. Түсіну әр нәрсенің тегін ашып, жалпы ережелер мен қисындар жөнінде талдау жасауға мүмкіндік береді [3].

Фараби эмоция, сезім процестерін жан қуатының дербес көрінісі деп санамайды. Бұл психиканың қалған түрлеріне бояу береді, оларды қозғалысқа итермелейді. Талпыну, әсерлену қуаты адамның мәнерлі қозғалыстарынан жақсы байқалады. Мәселен, адам ұялғанда қызарса, қорыққан кезде сұп -сұр болып, түсі қашады.

Жан қуаттары туралы ілімінде Фараби адамның ерік-жігер, қажыр -қайратын да жеке процесс ретінде пікірлерінде жол-жөнекей сөз етеді. Ол ізгі қала, ондағы адамдардың қажыр-қайраты, ерік-жігері рухани қасиеттерді қалыптастырудың негізгі факторлары дейді. Қылық пен іс - әрекеттің саналылығы, тоқтамға келушілік, батырлық пен ерлік, рухани жағынан жетіле түсу т.б. ерік-жігердің жақсы сапалары болса, мейірімсіздік, қорқақтық, дүниеқоңыздық, нәпсіқұмарлық т.б. адамның ұнамсыз қасиеттері болып табылады.

Фараби танымның бірінші басқышы-түйсіктер табиғатын дұрыс түсіндіргенімен ойлауға келгенде жаңсақ түсінікке жол береді. Ол ойлау материядан тыс тұрған ерекше рухани күштің әсерінен туып отырады дейді. Бірақ оның түйсік, қабылдау, қиял процестерін сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының денедегі (жүйкедегі) түрлі бейнелер деуі - ғылыми өте байсалды түсінік еді. Мәселен, көз айна тәріздес нәрсе, ол сыртқы дүниенің сәулесі түсіп отыратын алғаш саңылау. Көру түйсігі көзге зат әсер еткенде ғана пайда болады. Егер көзден зат кетсе, онда түйсік тумайды, құлақ ауадағы тербелістер әсер еткенде ғана естиді. Сезім мүшелерінің қай-қайсысы да адамды сыртқы дүниемен байланысқа түсіретін аспап. «Сыртқы нәрселердің,- деп жазады ол әсерімен... заттардың образдары пайда болады» - көру түйсігі көзден шыққан шырақтың нәтижесі, көзге зат әсер етпей-ақ түйсік пайда болады



дейтін Платон пікірімен Фараби келіспейді. Қараңғыда зат та, оның бояуы да анық көрінбейді-деп жазды ол, көзге сырттан күшті әсер келіп түскенде ғана адамда түйсік пайда болады. Бұл жерде ғұлама психологияны іргелі теориялық қисыны «бейнелеу теориясының» төңірегінде сөз қозғап отыр [4].

Ұлы ойшылдың еңбектерінде бала психикасының қалайша дамып жетілетіндігі жөнінде де қызғылықты пікірлер көп. Баланың жасы өскен сайын оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындайды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Ана құрсағында-ақ тән түйсігі, біртіндеп дәм түйсігі, иіс айыратын түйсіктер, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасады. Жан қуаттары өмір барысында, оқу тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Адамның адамгершілік, имандылық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, үлкендердің жақсы өнегесінен туындайды. Адам дүниеге ақылды не ақылсыз, зұлым не ақ ниетті болып келмейді, мұның бәрі де жүре пайда болады.

Фарабидің психологияның түрлі салалары (әлеумет, музыка, өнер, медицина т.б.) жайлы айтқан саликалы пікірлері, сондай-ақ психологиялық терминдердің жүйесін жасағандығы жайлы мәселе өз алдына бір төбе.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» трактатында қала адамдарының әр түрлі топтарына жеке-жеке сипаттама беріп, бұларды қоғамдық (әлеуметтік) психологияның негізгі категориялары ретінде ұсынып талдау жасады [5].

Осылайша әр топтағы адамдардың психологиялық өзгешіліктері туралы айта келіп, Фараби былайша түйіндейді: адам өз өмірінің қожасы; сондықтан да ол өз бақытын өзі жасауы тиіс. Бұл үшін ол нәрсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез-келген адамға, кім көрінгенге сыр ашып сене бермей, өзінің мақсат-мүдделері туралы тек ғазиз достарымен ғана сырласып отырулары тиіс. Осылайша өмір сүрген адам ғана өзіне де, өзінің қаласына да қиянат етпей, ар-ожданы таза адам болып табылады.

Г.В. Плехановтың айтуынша, қоғамдық психологияның мән-мағынасын түсінбейінше, бізге әдебиеттің, өнердің, философияның және тағы да басқасының тарихында бір адым ілгері басуға болмайды [6].

Әбу Насыр Әл-Фараби ұғымынша әлеуметтік топтардың ең үлкені адамзат қоғамы, халықтар мен тайпалар. Ғұлама ғалым планетамыздағы халықтар бір-бірінен үш ерекшелігімен ажыратылады дейді. Бұл айтқандарға әрбір халықтың табиғи әдет-ғұрпы мен салт-санасы, мінез-бітістері мен тіл ерекшеліктері жатады.

Адам табиғи жемісі екенін мойындай келе, Фараби оны сол кездегі көптеген ойшылдардай биологиялық тұрғыдан «сөйлейтін хайуан» деп қана қарастырмайды. Адам-қоғамның бір атрибуты. Ол өзінің табиғатында ынжық, нашар, қаскөй емес, қажыр-қайраты, күш-жігері бар мейірбан тұлға. Ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Сөйтіп, Фараби әр алуан топтың өкілдері туралы сөз қозғап, әлеуметтік психологияның іргелі мәселелерін күн тәртібіне бірінші қойған ғалым болып табылады. Психикалық әрекетті психолог ғалымдар бейнелеу теориясы негізінде түсіндіреді.

Осы қисынның іргетасы Әл-Фараби еңбектерінде алғаш сөз болған «сыртқы әсерлердің әсерімен.. заттардың образдары пайда болады». Бұл теория бойынша сыртқы дүние біздің сезімде, мида түсінік, қабылдау, елестету, ой сезім түрінде бейнеленеді. Бұлардың бәрін кейде бір сөзбен адамның санасы немесе психикасы деп те атайды [7].

Қайырымды қала тұрғындарының әр түрлі әлеуметтік топтарына осылайша баға беру арқылы Әл-Фараби қоғамдық психологияның іргелі проблемалары жайлы өз көзқарасын білдірген еді. Ғұламаның науқастың көңіл-күйін арттыру, сөйтіп оның зардаптарын азайту жайлы айтқандарының, яғни қазіргі ғылым тілімен айтқанда, оның психотерапевтік, психопрофилактикалық тұрғыдан жасаған түйіндерінің мәні ерекше. Ол адамды хирургиялық жолмен (сою, күйдіру т.б.) емдеуден гөрі сөзбен сендіру, иландыру әдістерімен емдеуге ерекше мән берді, кейбір дәрігерлердің адамның көңіл-күйін, психологиялық ерекшеліктерін жақсы білмейтіндігін, тіпті мұнымен жөнді санаспайтындығына қынжылады. Ғалымның пікірінше, дәрігердің медицина өнеріне жетілуі:

- біріншіден, адам ағзаларының ерекшеліктерін білуден;
- екіншіден, денсаулықтың өлшемін (критерийін) анықтап, оның дұрыс сақтап, егер бұзыла қалса, қалпына келтіруге қолданылатын шараларды білуден;

- үшіншіден, аурудың түрлерін, оның тудыратын себептерді, кеселді жоятын тәсілдерді дұрыс айырудан;
- төртіншіден, сау адам мен науқастың психологиясын салыстырып қараудан;
- бесіншіден, ауруға берілетін дәрі-дәрмектің қолдану жолымен, оның әсерін арттыру (психофармакология) тамақтану режимін белгілі жүйеге түсіруден;
- алтыншыдан, науқаспен, оның жақындарымен байыппен тілдесе, сөйлесе білу өнеріне машықтана білуден көрінуі тиіс.

Ғұлама-ғалым жаратылыстану ғалымдарының ішіндегі ең сүбелілерінің бірі-медицина адамның өмір сүру, тіршілік қасиеттеріне жақындата түсуді ойластырған. Сондықтан да оны Шығыс әлемінде медициналық психологияның іргетасын алғаш қалаған эмбебап ғалым деп айтуымызға әбден болады [8].

Қазақ перзенттерінің көбі табиғаттан (жаратылысынан) жантану шеберлері (психологтар). Әл-Фарабиді халқымыз ғалым дейді, Абайды ақын дейді. Психология адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл, қайрат, көңілдің жайын баяндайды.

Қоғамдық (әлеуметтік) психологияның сан қилы мәселелері Әл-Фараби еңбектерінде елеулі орын алған ғылыми проблемалардың бірі деп саналады.

### **Әдебиеттер**

1. Жусанбаева Г. Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі // Қазақстан тарихы. – 2004. – №11. – 49 б.
2. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. Оқулық – Ы.Аалтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. – Алматы, 2000, 27 б.
3. Келімбаев Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерлері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
4. Көбесов А. Әл-Фарабидің педагогика – психологиялық пайымдаулары // Ұлағат. – 1995. – №1. – 36 б.
5. Қалиев Ж. Халық педагогикалық және ағартушы ғалымдардың шығармаларындағы ұлттық тәлім – тәрбие үлгілері // Ұлт тағлымы. – 2005. – №2. – Б. 31-34.
6. Медетбаев Т.С. Әл – Фарабидің әдеби - ғылыми мұрасы / Автореферат. – Алматы, 1998.
7. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
8. Ж.Исахметұлы Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері. – [https:// akikat.kazgazeta.kz. baankreferatov.kz](https://akikat.kazgazeta.kz.baankreferatov.kz)

UDC 38.03.319.07.

**Sagadat A.S., Duisen S.B.**  
*Uralsk c.*

### **AL-FARABI'S VIEWS ON THE SOCIALIZATION OF CHILDREN IN THE ACTIVITIES OF A TEACHER**

*"First of all, a person needs education, not knowledge, since knowledge obtained without education is the enemy of man"*  
*Al-Farabi*

The study of al-Farabi's social views is becoming increasingly relevant in modern conditions of strengthening democratic reforms, creating a legal and secular state, and establishing harmony in society. At this stage, the study of al-Farabi's social philosophy is overly topical, especially his teachings on society, freedom, happiness, the need for mutual assistance between people, his appeal to science, intellectual and moral improvement of man and society. In particular, the concept of social leadership of the thinker, his ideas about a virtuous society, justice, equality, preserving peace, preventing wars, and condemning unjust wars are still relevant today. In this regard, the political

philosophy and ideas of the thinker can become a valuable source for the social education of the younger generation.

Introduction. The life and work of a great thinker of the middle Ages is a rare example when the individual plays a key role in the cultivation of an entire cultural tradition and the formation of public opinion based on the cultivation of society. There are outstanding names in the history of mankind who have made a significant contribution to the development of various branches of knowledge, moreover, they were the founders of science and are considered not only at the level of national culture, but also on a global scale. This includes al-Farabi. According to Kazakh Farabi researchers, "the enduring significance of al-Farabi's legacy is determined by the fact that many of his positions in the field of philosophy, sociology, logic, ethics, aesthetics, natural science ideas had a great impact on the subsequent development of socio-philosophical thought of the peoples of not only the East, but also Europe in the Middle ages and the Renaissance". Thus, al-Farabi can be considered as a person of the world who, in the process of searching for knowledge and truth, managed to overcome existing differences in ethnic, cultural, linguistic, and religious grounds. The proof of this is the fact that the philosopher, despite the fact that he was a native of the Turkic lands, became famous as a philosopher of the Arab-Muslim culture, who deeply comprehended and popularized Greek philosophy.

He is the author of about 160 treatises covering a wide range of disciplines . A large place in his works was occupied by questions of sociology, ethics, aesthetics, philosophy, logic, and others that were relevant to that time. The roots of his philosophical, social-ethical and aesthetic research were progressive, humanistic ideas of ancient Greek thinkers. His works influenced the development of the liberation movement, the culture of indigenous peoples, and the folklore of the peoples of the Near and Middle East.

In al-Farabi's social views, the Central place is occupied by the concept of a society, which will be headed by a group of people with a leader who must have the highest wisdom to properly manage and contribute to human society.

Although a long time has passed since the formation of al-Farabi's social philosophy, his ideas and social philosophy have largely retained their value and are essential for modern society. Several treatises of Farabi are devoted to the doctrine of public life ("a Treatise on the views of the inhabitants of a virtuous city", "the way to happiness", "marking the paths of happiness" and other small treatises) [1].

Drawing on the political and ethical ideas of Greek philosophers, especially Plato and Aristotle, and using the social ideas of the Ancient East, Farabi developed a coherent theory of social structure. In his opinion, the rulers of virtuous cities (al-Madina, al-Fazila) are philosophers who act as leaders of a religious community. In virtuous cities, they strive to achieve true happiness for all people, where good and justice prevail, and injustice and evil are condemned. Farabi contrasted virtuous cities with ignorant cities (al-Madina, al-jahiliya), where the rulers and people had no idea of true happiness and did not seek it, but only focused on physical health, pleasure and wealth.

"Treatise on the views of virtuous citizens" - one of the most Mature works of al-Farabi. It originated in 948 in Egypt. He expounded the doctrine of a virtuous city, which is headed by a philosopher. Al-Farabi believes that the goal of human activity is happiness, which can only be achieved through rational knowledge. The thinker identified society with the state. Society is the same as the human body. "A virtuous city is like a healthy body, all the organs of which help each other to preserve the life of a living being". Farabi creates the doctrine of a virtuous city on the principles of Platonism, although the neo-Platonic and constructive elements of the Aristotelian teachings should not be underestimated. Like any ordinary ideas of his time, Farabi's social concept did not coincide with the theoretical operating canons of Arab culture, focused on real images of the Islamic Caliphate [3].

Farabi in his treatise classified urban communities ("City and society") according to the following characteristics:

- "City and society by necessity" - the purpose of which is "to provide mutual assistance in acquiring (what) is necessary for the existence and protection of the organism ...";
- "The city and society of exchange are those (people) who help each other achieve prosperity and wealth";
- "The city and the society of meanness-this is where people help each other in obtaining sensual pleasures ...".

Farabi considers the best city of Aristotle, a "collective city", one where every citizen is completely free to do what they want. Its inhabitants choose their own ruler, who rules them in accordance with the will of the people.

Perhaps Farabi's idea is unnatural and sounds naive in our understanding, but we must not forget the time in which Farabi lived and under what conditions his political concept of an ideal city developed. Farabi's time was a time of collapse of the Arab Caliphate and political instability, when every person, deprived of state support and protection, sought help and support in the family, neighbors, and urban community. Therefore, Farabi's thoughts are based primarily on the most important considerations - about the person and his problems. Based on this definition, Farabi divides society into qualitative and quantitative characteristics : total - society of a small city, population - average society, and society of humanity - large, and incomplete - family, village, city block. Perfection in human society is achieved through the growth of the number of people connected to each other in unity [4].

"The future is in the hands of the schoolmaster," Victor Hugo once said. And in the treatises of al-Farabi, we will note that in the socialization of children, the main responsibility is in the teachers. Al-Farabi calls on teachers not only to give knowledge and educate correctly in order to bring up friendly and decent people in society. Knowledge received without education will not lead to good, because a person with knowledge without education can use his knowledge against humanity. For example, the invention of nuclear weapons, invent new epidemics against humanity. Therefore, in the activity of the teacher, the main role is played by education.

In sociology, al-Farabi also deals with such issues as the causes of society, types of societies and the assessment of their viability, and the relationship of personal dependence, which is specifically characteristic of feudalism, is the criterion for considering any public relations. He pays primary attention to the figure of the monarch, the Supreme ruler, seeing in his merits and enlightenment the main condition for the implementation of virtue in society. The rationalism inherent in al-Farabi in epistemology is also evident in sociology - in the recognition of reason as a force capable of solving all human problems. The highest category of al-Farabi's ethics is happiness, because it concentrates the good as such, the highest good, which is preferred not for the sake of anything, but only for the sake of itself. It is in this limit that cosmology and ethics, the General philosophical construction and its practical meaning meet, since true happiness cannot be achieved without understanding the General harmony of the world and the beauty of its structure... After all, what constitutes pleasure in this world can turn into suffering in another world [5].

Happiness-the Central category of Farabi's ethics-is not individual. In a virtuous city, people's happiness, kindness, justice and beauty are fulfilled. "A city where the unity of people is aimed at mutual assistance, where real happiness is found-this is a virtuous city and society, where people help each other to achieve happiness - this is a virtuous society. People who live in cities where everyone helps each other to achieve happiness are virtuous people. Therefore. the whole earth will become virtuous if people help each other to achieve happiness".

As a theoretical prototype, the city of Farabi had a "Platonic state" - a social utopia of antiquity, but there are some differences between the " original "and"prototype". Like Plato, Farabi divides people according to their native public interests. But its division does not create the impression of a sharp inequality between people, they all have a common goal - the pursuit of happiness through self-improvement, it depends on their positions. Plato gives the possibility of perfection to rulers, philosophers, and to a lesser extent to guard the soldiers, another's fate is to be an obedient tool in their hands, to create wealth for them and for themselves, and to have the first opportunity to engage in contemplative activities.

Farabi compares the teacher and the head of the family to the ruler, but he is realistic enough to understand that the education of citizens includes a moment of social, political, i.e., coercion to comply with social norms through violence, the armed forces, the courts, etc. In addition to the method of persuasion, you can resort, according to Farabi, to " coercive methods used against rebellious and disobedient citizens and people who are not encouraged to volunteer on their own and do not obey orders, this method is also applied to those who resist the assimilation of theoretical knowledge that they have begun to acquire" [6].

It can be concluded that the philosophical doctrine of al-Farabi was and remains relevant at all times of the development of human society and every modern person will find in it answers to their concerns on all issues of development of society and the individual.

It is also true that today's political initiatives in the form of the national idea of "eternal nation" are in contact with the ideas of the great scientist. Since 1997, the President of Kazakhstan has been giving political messages and guidelines to the people. The national idea of "eternal nation" appeals primarily to all people, to all citizens of Kazakhstan, which is what al-Farabi did in his time with his

works. It is safe to say that the idea of an "eternal nation" is a logical continuation of Plato's ideas about an ideal state and al-Farabi's teaching about a virtuous city.

To achieve happiness, according to al-Farabi, residents of a virtuous city should strive for humanity and discipline that will allow them to be happy in both worlds. In other words, it means the kinship and unity of the inhabitants of a virtuous city. The same can be said about the construction of the "eternal nation". The future of our country and state depends on every citizen of Kazakhstan, on his attitude to himself, his family and his country. The unified national idea of "eternal nation" should be close to people of all ages, despite national, linguistic and religious differences. "Eternal nation" is a national idea, first of all, of all Kazakhstan at home and the dream of all our great ancestors [7].

### References

1. Burabayev M.S., Kenisarin M., Kurmangaliev G.K. Problems of being and knowledge in philosophy of al-Farabi: scientific publication. – Alma-Ata: Nauka, 1988. – 224 p.
2. Corden History of Islamic Philosophy / lane. Asadullah Mubashiri. – Tehran: Amir Kabir, 1983. – P. 214.
3. Mahdi Alfarabi's Imperfect State // Journal of American Oriental Society. – 1990. – Vol. 110. – No. 4. – P. 694.
4. Ali Bulach, Islam dushundzhesinde din-felsefe vahij-akyl // Jeni akademija jajynlary. – Stambul. – 2006. – P. 153-160.
5. Reza Al-Farabi is philosopher culturologists. – Tehran, 1998. – P. 65.
6. Mehmet Bajrakdar, Isljam felsefesine girish. – Ankara: Turkie. – 174. – 233.
7. Al-Farabi. Philosophical treatises. – Alma-Ata, 1970. – 156 p.

ӘОЖ 929(09) 045

Утаубаева А.У., Қалыбаев А.Б.  
Орал қ.

### ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒИБРАТТЫ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.» - деп пайымдай отыра, тарихи сананы жаңғырту арқылы, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауға шақырған болатын [3].

Әбу Насыр Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымдардың қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Философия мен логика, математика мен физика, музыка мен поэзия, грамматика мен азаматтық саясат.... Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады. Әл-Фараби шығармаларының тізімін Байхаки, ибн Усайбия, Омар Фаррух, М.Хортен, Ф.Дитериц, М.Штейншнейдер еңбектерінен кездестіреміз. Фараби мұрасын зерттеуші көрнекті өзбек философ-ғалымы М.М. Хайруллаевтың айтуынша, Фараби шығармаларының толық тізімін, яғни 160-тай еңбектің атауын түрік ғалымы А.Атештің еңбектерінен табуға болады. Әл-Фараби трактаттарының қолжазбалары Каир, Дамаск, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларының кітапханаларында сақталған [4].

Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, қазіргі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде. «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті. Ортағасырлық Ислам ренессансының Еуропа ғылымына жасаған ықпалы еуропалық ренессанс дәуірінің басталуына алып келіп, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының дамуына жасаған әсері еуропалық өркендеу дәуірінің бетін ашты.

Әл-Фарабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап, ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы, адамға, өз халқына деген таза махаббат, ғылым

мен білімге деген құштарлығы мен берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді әл-Фараби.

Ғұламаның әлеуметтік-этикалық рухани дүниетанымына келетін болсақ, этиканы ол ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік сұлулық хақында былай дейді: оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды [2].

Фараби «Бақыт жолын сілтеу» трактатында: Бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

Бір сөзбен айтқанда Фараби адамдардың көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін өзі жетілдіріп отыруға тиіс екен, адам ақиқатты, тек айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фарабидің азаматтық саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары да, өзінің «Фусул ал-мадани» «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әртүрлі болса да негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның ара-қатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – денелік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Фараби «Азаматтық саясатта» адам қоғамдарын талдауды қаладан бастаса, «Нақыл сөздерде...» ол мұны ең кішкене ұядан – отбасынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз.

Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені, жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбандықты, сыйластықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды.

Әл-Фарабидің айтқан теориялық тұжырымдары дүние жүзі халықтарының қоғамдық-философиялық ойларына ықпал етті деп айтуға болады. Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас – мұның бәрі Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол — шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.

Әл-Фараби жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт деді: баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы; сабақ үдерісінің алатын орны. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің [“Риторика”](#), [“Поэзия өнері туралы”](#), [“Бақытқа жол сілтеу”](#) туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, [бақыт](#), мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымыдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қортындының басты түйіні — білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік — тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу. Білім құған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады. Шын білім – ақиқат, анық білім. Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт.» - деп толғанған ұлы ойшыл-ғалым шын білімнің ақиқаттығына, анықтығына зор мән береді. «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады...» деп жазған ғұлама өсиеттері күні бүгінде өзектілігін жойған жоқ [5].

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі үрдіс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады.

Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасы - ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдерінің іргелі қазықтарының бірі деп те айтуға болады.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді.

Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол:

«Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жантәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды. Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінез-құлық, іс-әрекеттер сипатталады [5].

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды [7].

Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деп қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу», - деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [6].

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерікжігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады. Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?- деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас төсетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби [1].

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр әл-Фараби рухани әлемі – адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы болып қала береді!



### Әдебиеттер

1. Ермекбаев М., Кенжебекова Р. Әл-Фараби тәрбие туралы // «Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз» атты Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теория. конф. матер. – Алматы, 2001.
2. Қамиева Г.Б. Әл-Фараби еңбектеріндегі білім және тәрбие мәселелері / «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздері» атты Ш.Есенов атын. Каспий мем. техн. және инжин. унив. апт. матер. – Ақтау, 2019. – Б. 37.
3. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан. – 21 қараша. – 2018.
4. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2013. – 164 б.
5. Фараби ғибратты ғалым:Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнам. сериясы / Қ.И. Сатбаев атын. Қазақ Ұлттық техн. унив. Алматы, 2006. – 397 б.
6. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары. – <https://baribar.kz>
7. Әл-Фараби еңбектеріндегі халықтық педагогика мәселелері. - <https://sites.google.com>

УДК 37.01:001.8

**Иргалиев А.С.**  
*г. Уральск*

### **ПРОБЛЕМА ПРАВСТВЕННОГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ И ДОСТИЖЕНИЯ СЧАСТЬЯ В НАУЧНЫХ ВОЗЗРЕНИЯХ АЛЬ-ФАРАБИ**

Одним из важнейших культурных и духовно-интеллектуальных наследий Республики Казахстан являются научные идеи великого Абу Наср аль-Фараби. В историческом контексте его имя получило высокое звание Второго после Аристотеля Учителя. В настоящее время энциклопедическое наследие Абу Наср аль-Фараби приобрело в нашей стране статус национального достояния и символа богатых культурных традиций Казахстана. Идеи этого великого мыслителя служат фундаментальными основами сохранения и приумножения интеллектуального и духовного богатства, национальной культуры Республики Казахстан, условием сохранения культурного кода страны (языка, духовности, традиций, ценностей), самоидентификации в глобальном пространстве [1].

Жизненный путь аль-Фараби складывался из повседневных наблюдений за жизнью разных регионов средневековой исламской культуры, пересечений и встреч с разными культурами и культурными мирами, что стало основой развития его особого интеллекта, глубоких философских размышлений и формирования неповторимого социально-культурного опыта. Это стало основой его постоянного интеллектуального самосовершенствования, преодоления узких рамок обыденности и ограничений, выхода на планетарный, общечеловеческий и универсальный уровень мышления в осмыслении проблем [2].

Философские взгляды аль-Фараби отличаются ярко выраженной гуманистической направленностью. Его гуманизм основан на бескомпромиссном признании абсолютной ценности человека как личности. По мнению аль-Фараби, человек - это Центр мироздания. Человек должен стремиться к совершенству, а для того, чтобы достичь совершенства, «он должен много учиться, иметь прекрасный характер», так как «счастливым человека делают духовное богатство и хорошие качества характера» [3, с. 57].

Важной проблемой в размышлениях аль-Фараби является проблема поиска пути достижения счастья. Аль-Фараби пишет несколько трактатов, специально посвященных этой теме: «Указание пути к счастью», «О достижении счастья», «Гражданская политика», «Трактат о взглядах жителей добродетельного города». Аль-Фараби, как истинный мыслитель, поднимается над обыденным понимаем счастья, которое трактовалось как «почести, достаток, наслаждение богатством и т.п.» [4, с.177].

Истинное счастье, по аль-Фараби, достигается посредством овладения всеми знаниями о существующих предметах, изучения их сущности, причин их возникновения и уничтожения, что, в конечном счете, ведет к познанию природы и первопричины всего сущего. «Счастье же - это абсолютное благо. Все, что необходимо для достижения и получения счастья, равным

образом является благом, но не ради себя, а потому, что это необходимо для достижения счастья. Все то, что в какой бы то ни было мере препятствует счастью, является абсолютным злом. Добро полезно для достижения счастья» [5, с.27].

Счастье, аль-Фараби рассматривает как достижение совершенного знания и высоких нравственных норм, которые могут служить человечеству. Эти блага духовной культуры, переходя от поколения к поколению, постепенно накапливаются, и лучшие интеллектуальные и нравственные достижения, выработанные каждым поколением, развиваются и совершенствуются их потомками. Это своеобразный вклад в дальнейшее развитие и усовершенствование общечеловеческой духовной культуры. Всякий человек может достичь счастья только сам при помощи свершения добрых дел, и лучшие деяния его будут бессмертны. Таковы ключевые моменты учения аль-Фараби о деятельном разуме и общем счастье [6].

Разум для аль-Фараби - высшее и особое благо человека. Он считал, что разум развивается с помощью теоретической философии, охватывающей естествознание, математику и метафизику. «Поскольку мы достигаем счастья только тогда, когда нам присуще прекрасное, а прекрасное присуще нам только благодаря искусству философии, то из этого необходимо следует, что именно благодаря философии мы достигаем счастья» [3, с.127].

Аль-Фараби считает, что «счастье - это добро, искомое ради себя... Действия, помогающие достижению счастья - это прекрасные действия. Нравы и привычки, которые производят их, - это добродетели. Человек не может быть с самого начала, от природы наделенным добродетелью или пороком, так же как он не может быть прирожденным ткачом или писцом» [6, с. 115].

Работы аль-Фараби показывают, что важнейшим условием и фактором достижения человеком счастья является его духовное развитие. Нравственной силе он отдавал бесспорный авторитет, так как она являлась единственной разумной альтернативой злу и физическому насилию. Идея облагораживания мыслей и нравственного облика человека посредством обучения и воспитания, рассматриваемая им как путь преодоления несправедливости и достижения счастья.

По аль-Фараби, счастье достигается через знание (ильм) и поведение (сира). Говоря о знании, он имел в виду знание сущности всего и всякого сущего. Поведение дающее счастье должно быть только добродетельным. Теоретическим искусством, дающим истинное знание о сущем, является философия. Практическим искусством, «выправляющим деяния и направляющим души к счастью», является политика. Они должны существовать в единстве. Философия и политика в их единстве дают и искомое знание, и искомое поведение [6].

Абу Наср аль-Фараби подчеркивал, что совершенствование человека, достижение им высшего блага и свободы, происходит через познавательную деятельность, активное отношение к действительности и обретение власти над вожделениями и страстями. Недостаточно понять, в чем заключается счастье и каков путь к нему, самое важное - практически осуществить стремление к счастью. В противном случае мы получим зло. «Если человек, - пишет аль-Фараби, - постиг и познал счастье, но не сделал его своей основой и целью и не желает или же слабо желает его, сделав целью своей жизни нечто другое, чем счастье, и отдает все силы для достижения этой цели, то от этого возникает абсолютное зло» [7, с. 116].

Для аль-Фараби знание является нравственной добродетелью, поэтому противоположные идеальному городу - города определяются по когнитивному признаку. Показателем невежественности городов становится нравственно-психологическая характеристика их жителей. Она делает невозможным принятие невежественного образа жизни и поведения за эталон нравственного совершенства, поскольку «невежественные города» являются выражением потребительского отношения к миру, где, в лучшем случае, формируются прагматические ценности и проявляются нравственные пороки и недостатки, спектр которых достаточно широк: от эгоизма, тщеславия и лени до хитрости, скупости и властолюбия. Негативные характеристики невежественных городов - это то, что необходимо преодолевать людям, перевоспитывать в тех из них, кто такими качествами обладает, и не допускать их развития в тех, кто таковыми не обладает [4, с. 166].

Именно нравственность и нравственная жизнь есть конечная цель государства и индивида в рассуждениях аль-Фараби. Политика - лишь средство достижения этого. Политика должна осуществлять свои многочисленные функции в соответствии с принципами этики, нравственные идеалы выполняют регулирующую функцию императивов долженствования в обществе и в жизни индивидов. Именно поэтому интеллектуальное понимание того, что такое счастье, так важно для аль-Фараби. Нравственное развитие человека - это преодоление и победа

разумной части души над ее животной частью, это воспитание в себе человека, выходящего за пределы естественных, природных потребностей и восходящего по ступеням совершенства в своей устремленности к высшему состоянию постижения божественного [4].

Говоря о пути достижения нравственного совершенства, аль-Фараби, утверждает и то, что «если человек достигает искомой цели и становится абсолютно хорошим и достойным, но идет к этой цели непохвальным путем, то это порицается. Самое лучшее - это достичь цели красиво и достойно» [8, с.150]. Помимо этого, аль-Фараби подчеркивает: «В пути приобретения привычки к справедливости, целомудрию, храбрости и других, равно как в отрицании дурных поступков, необходимо, чтобы прошло время, в течение которого человек отказывается от плохих поступков ... необходимо, чтобы была сильна надменность, с тем, чтобы сдерживать любовь от сладострастных желаний. В этом случае следует извлекать пользу от гнева, чтобы не дать своей душе всего того, что губит человека, а приучить его с самого начала к проявлению недовольства собой» [8, с.178]. Мощным средством формирования человека аль-Фараби считает также воспитание и обучение, благодаря которым вырабатываются нравственные и интеллектуальные качества, необходимые для молодого человека. Он пишет: «Воспитание - это способ наделения народов этическими добродетелями и искусствами, основанными на знании» [9, с. 335-337]. Помимо этого, он убежден в том, что воспитательный процесс порождает разумность и подчеркивает особую роль законом в этом процессе: «У кого отсутствует воспитанность, тот находит приятными пороки, а обладающий воспитанностью находит приятными только блага. Закон - это путь к благам, и, следовательно, законодателю следует приложить усилие в укреплении воспитания. Если привычки и характер человека не являются законными, прекрасными и удовлетворительными, то он всегда будет в состоянии низости, безобразности, он будет отступником всякий раз по мере того, как будет порицать закон» [9, с. 335-337].

Идеалы Аль-Фараби выражают общечеловеческое содержание стремления человека к совершенству, к достижению счастья и обретению смысло-жизненных ориентиров. Обращение к его наследию является одним из эффективных способов в поиске ответов на духовно-нравственный вызов современности. Идеалы выдающегося мыслителя выражают единство Истины, Добра, Красоты и Справедливости. Аль-Фараби сформировал концепцию, избегающую центрированности на индивидуалистически-эгоистической этике общественных отношений. Она нацелена на «согласованное проживание» жителей Добродетельного города, формирование жизнеутверждающей мировоззренческой позиции, в отличие от современных концепций, направленных на пессимизм, бегство и уход от социальной жизни.

### Литература

1. Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. - 232 с.
2. Аль-Фараби. Афоризмы государственного деятеля // Аль-Фараби. Избранные трактаты. - Алматы: Ғылым, 1994.
3. Сатыбекова С.Х. Гуманизм аль-Фараби. - Алма-Ата: Наука, 1975.
4. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей Добродетельного города. - В кн.: Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII–XII вв. - М.: Изд-во АН СССР, 1960.
5. Хайруллаев М.М. Фараби и его философские взгляды. - М.: Знание, 1975.
6. Аль-Фараби. Указание пути к счастью.// Аль-Фараби. Избранные трактаты. Алматы, 1994.
7. Аль-Фараби. Гражданская политика // Аль-Фараби. Социально-этические трактаты / Пер. с арабского. - Алма-ата: Наука, 1973. - С. 45–168.
8. Абдильдин Ж.М., Бурабаев М.С. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Перевод с арабского. - Алма-Ата: Наука, 1985.
9. Юсубов Ж. К., Джураева Н. А. Философия нравственного совершенствования Абу Насра аль-Фараби // Молодой ученый. - 2013. - №4. - С. 335-337. - URL <https://moluch.ru/archive/51/6487/> (дата обращения: 13.03.2020).

**ОНТОЛОГИЯ РАЗУМА И ПОНИМАНИЕ ИНТЕЛЛЕКТА  
В ТРАКТАТАХ АЛЬ-ФАРАБИ**

Интеллектуальное совершенствование человека актуально для развития современного гражданского общества. Достижения научно-технического прогресса и инновационных технологий возможны только при продуктивной деятельности разума. В философских вопросах психологии учение аль-Фараби о разуме и счастье занимает одно из главных мест. Основная идея учения аль-Фараби - вера в силу человеческого разума, способность человека познать все многообразие окружающего мира, в его «способность проникать в сущность вещей» [1].

В аспекте проблемы развития онтологии разума и интеллекта в трудах аль-Фараби, человек «должен обладать прекрасным пониманием и представлением сущности вещей и, более того, он должен быть сдержанным и стойким в процессе овладения науками, должен по природе своей любить истину и ее поборников, справедливость и ее приверженцев, не проявлять своенравия и эгоизма в своих желаниях, не быть жадным в еде, питье, от природы презирать страсти, дирхемы и динары и все подобное этому. Он должен соблюдать гордость в том, что порицается людьми, быть благовоспитанным, легко подчиняться добру и справедливости и с трудом поддаваться злу и несправедливости, обладать большим благоразумием. Кроме того, он должен быть воспитан по законам и обычаям, соответствующим его природному предрасположению, должен обладать правильными убеждениями во взглядах религии, в которой он вырос, придерживаться добродетельных действий, которые предписываются его религией, не нарушая их всех или небольшую их часть, при этом придерживаясь добродетелей, которые являются таковыми в общераспространенном мнении, и не выступая против прекрасных действий, которые являются таковыми в общераспространенном мнении» [2, с. 345-346].

Практически во всех трудах аль-Фараби рассматривается проблема онтологии разума и развития интеллекта человека. Это философские сочинения «Слово о субстанции», «Существо вопросов», «Книга о законах», «Книга о постоянстве движения вселенной», «О смысле разума», «Книга о разуме юных», «Большая сокращенная книга по логике», «Книга введения в логику», «Книга доказательства», «Книга об условиях силлогизма», «Трактат о сущности души», «Слово о сновидениях», «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга об определении и классификации наук», «Книга о смысле философии», «Книга о том, что нужно знать для изучения философии», «Примечания к философии»

Проблема формирования разумного отношения к окружающей действительности представлена в социально-этических трактатах аль-Фараби посвященных учению об общественной жизни - «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга о достижении счастья», «Указание путей счастья», «Гражданская политика», «Книга о войне и мирной жизни», «Книга изучения общества», «О добродетельных нравах».

В научных взглядах аль-Фараби акцентируется проблема рациональности мышления. Рациональность понимается им «как мыслительная способность, питаемая жизненным светом Первосущего, поскольку она рождена от светоносного разума Первосущего». Поэтому разум, о котором говорит аль-Фараби - это разум, который не ограничивается лишь только целесообразностью или практической эффективностью, а действует сообразно свободному волеизъявлению и одухотворяющему нравственному началу. Это разум, который действует на основе любви человека к миру и Богу, к другому человеку. Он не может быть лишен чувства ответственности, милосердия, благочестия. Поэтому аль-Фараби чрезвычайно много занимается проблемами разума. Разум - объективная всеобщность, следовать которой и означает быть разумным». Разум, по аль-Фараби, выступает как универсальный принцип человечности как качества личности [3].

Онтологический источник разума, аль-Фараби находит в интеллектуальной способности человека, имеющей по происхождению бесконечный источник и несущей в себе его бессмертный потенциал. Соответственно человек никогда не должен забывать о нем и

осознавать, что исключительно благодаря собственному разуму он достигает вершин совершенства.

Онтология разума человека аль-Фараби является ключом к его гносеологии, так как способствует пониманию не только того, каким образом способность интеллектуального постижения возникает у человека, но и того, каким образом человек может постигнуть волю Первосущего и его план в виде устройства мира, а также механизм человеческого постижения мира. Концептуально взгляд аль-Фараби на этот аспект понимания «интеллекта» и его деятельности выражен в его трактате «Рассуждение Второго Учителя аль-Фараби о значении слова интеллект», где он выделяет четыре «вида» интеллекта - деятельный, потенциальный, актуальный и благоприобретенный [4].

Говоря об этих «видах» интеллекта (потенциальном, актуальном, благоприобретенном и деятельном), аль-Фараби основывается на философских рассуждениях своих предшественников и ссылается на мысли Аристотеля, подчеркивая те или иные нюансы понимания.

1. Согласно его изложению, **потенциальный интеллект** - это разум или ум, находящийся в состоянии возможности воспринимать предметы мысли, это - некая способность и готовность человека к познавательной деятельности. Как пишет аль-Фараби: «Потенциальный интеллект - это некая душа, часть души, одна из способностей души или нечто, сущность чего способна или готова абстрагировать сущности и формы существующих предметов от материи» [4, с. 23].

2. До начала акта познания разум находится в состоянии возможности, со стороны как субъекта, так и объекта, т.е. **актуального разума**. Со стороны субъекта он потенциален, поскольку он актуализируется лишь в том случае, когда он извлекает формы из вещей, т.е. извлекает их из погруженности в материю, т.е. зависит от «разума вещей». Со стороны объекта он тоже потенциален, поскольку способность мыслить самого себя не зависит от него, а реализуется в акте постижения субъектом, когда он приобретает действительно адекватное состояние [4].

3. Когда разум отделяет формы вещей от материи, вбирая в себя их сущность, т.е. понятие, он превращается в **приобретенный разум**, разум, имеющий знание о вещах. Разум же в возможности вещей в результате акта познания становится актуальным, действительным разумом. В процессе познания отношение актуального интеллекта к потенциальному можно уподобить отношению солнца и глаза. Как только свет реализуется в зрении, глаз, получая освещение, становится актуально видящим окружающие предметы, их цвета, конфигурацию [4, с. 34].

Аналогично цвет, конфигурация вещей становятся актуально видимыми. Но глаз становится видящим не только в силу того, что свет в нем реализовался, но и в силу того, что он приобрел формы видимых предметов. Поэтому, подчеркивает аль-Фараби, глаз стал видящим, т.е. его способность видеть актуализировалась. Принципом, согласно которому, глаз, обладавший потенцией к зрению, стал видящим, а вещи, потенциально видимые, стали действительно видимыми, является прозрачность, реализуемая в глазу с помощью солнца. Принципом, превращающим потенциальный интеллект в актуальный, является Деятельный разум [4].

4. **Деятельный разум** - это духовное сущее, трансцендентное по отношению к подлунному миру, которое одновременно сообщает материи ее формы, а человеческим интеллектам в возможности - знание об этих формах. «Деятельный интеллект - пишет аль-Фараби, - упомянутый Аристотелем в третьей книге трактата «О душе», представляет собой некую абстрагированную форму, которая никогда не была в материи и с нею совершенно не связана... Это он превращает ту сущность, которая была в потенции, в актуальный интеллект, и он же претворяет потенциальные умопостигаемые объекты интеллекции в соответствующие актуальные объекты» [4, с. 33–34].

Каждый человек, согласно аль-Фараби, обладает потенциальным разумом, наделен способностью мыслить и осуществлять интеллектуальную деятельность. Но, чтобы потенциальный разум актуализировался и стал благоприобретенным разумом, т.е. культивируемым посредством постоянной интеллектуальной работы с помощью образования, необходимы не только личностные усилия человека, но и участие государства в этом процессе.

Интеллектуальное развитие выступает одним из главных условий совершенствования человека и общества, так как оно открывает и показывает человеку и обществу путь к достижению высшего счастья - обретению гармонии. Философия аль-Фараби, таким образом,

онтологически укоренила концепт образования в процессе воспитания и обосновала обладание разумом и способность разумного постижения нравственной добродетелью.

### Литература

1. Телебаев Г.Т. Философия аль-Фараби в контексте традиции существования // Наследие аль-Фараби и мировая культура / Материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». 28–29 сентября 2000 г., г. Алматы / Гл. ред. А.Н. Нысанбаев. - Алматы: КИЦ ИФП МОН РК, 2001. - С. 335-340.

2. Аль-Фараби. О достижении счастья // Аль-Фараби. Социально-этические трактаты / Пер. с арабского. - Алма-Ата: Наука, 1973.

3. Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. - Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. - 232 с.

4. Аль-Фараби. Рассуждение Второго Учителя аль-Фараби о значениях слова интеллект // Аль-Фараби. Философские трактаты / Пер. с арабского. - Алма-Ата: Наука, 1972.

ӘОЖ 376.3.018.42

Иргалиев А.С., Мухамбетова И.У.  
г. Уральск

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАЛАРМЕН БАЛАБАҚША ЖАҒДАЙЫНДА ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі әлемде қоғамның өркендеуі мемлекеттің білім беру жүйесінің жоғары нәтижелілігімен бағаланады. Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің басты міндеттерінің біріне әрбір балағы сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының білім алу құқығы «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңдарында бекітілген [1; 2]. Балалар арасындағы дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың саны көп. Дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігін алдын-алуға бағытталған Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық-психологиялық түзету арқылы қолдаудың нысандары мен әдістері айқындалып, дамуында кемістіктерді түзетіп, жоюға бағытталған тиімді жүйені жасау жолдары көрсетілген [2]. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру процесін Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық-коррекциялық қолдау туралы» заңы мен арнайы мемлекеттік нормативті құқықтық актілері негізінде ұйымдастырылады [3; 4].

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық-коррекциялық қолдау туралы» заңы арнайы білім беру жүйесін жоспарлы түрде кеңейтуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [3]. Осы ұйымдардың жаңа түрлері дами бастады: сауықтыру орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, балабақша мен мектеп жанындағы арнайы топтар мен сыныптар. Сөйлеу тілі дамуында ауытқушылықтары бар балаларға арналған арнайы мекемелер жүйесін кеңейту қажеттілігі де көп айтылып жатыр. 2019 жылдың 27 желтоқсанында бекітілген Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру мәселесі қайта өзектеледі [5]. Осы орайда сөйлеу тілі дамымаған балаларға, сонымен бірге ата-аналарына қолдау мақсатында МДҰ-да арнайы түзету топтары ашылып, логопед-дефектолог мамандармен толықтырулар жүргізілу мәселелері де қолдау тапқан.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында 506 мектепке дейінгі ұйым, сонын ішінде 211 балабақша, 60 «мектеп-бақша» кешені, 235 шағын орталықтар тіркелген. Осы мекемелерде 48 мың астам мектепке дейінгі жастағы балалар тәрбиеленеді [6]. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке дейінгі 6 балабақша бар, соның ішінде «Зерде» бұзылыстары бар балаларға арналған №8-ші «Сказка» бөбекжайы ашылды. Аталған балабақшалардың арнайы жұмыс бағыттарының негізгісінің бірі ол - логопедиялық жұмыс.

Зерттеудің фундаменталды негіздерін Л.С. Выготский (ой сөз арасындағы байланысты), М.С. Певзнер, Т.А. Власова, Г.Е. Сухарева В.И. Лубовский (дамуында ауытқуы бар балаларды зерттеген), И.П. Павловтың (бірінші және екінші сигналды жүйесінің өзара әсерлесіп әрекет жасауы, шартты рефлекторлық байланыстың заңдылықтары), П.К. Анохины (функционалды жүйе туралы ілім және сөйлеу тілінің әрекеттері туралы қазіргі нейропсихоллингвистикалық ілім ретінде) еңбектерінен көруге болады.

Магистрлік зерттеу аясында сөйлеу тілінің бұзылу түрлерін зерттеген келесі ресей ғалымдары: В.И. Лубовский, Л.В. Кузнецова, Н.М. Назарова (арнайы педагогика мен психологияның салалары); Т.Б. Епифанцева, Т.Е. Киселенко, М.А. Повалеева (дефектолог-педагог, логопед қызметін); Л.И. Белякова, Е.А. Дьякова, Л.С. Волкова, С.Н. Шаховская, Ж.М. Флерова (логопедияның ғылыми-әдіснамалық негіздері); Н.С. Жукова, Е.М. Мастокова, Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова, Г.В. Чиркина (мектепке дейінгі жастағы балалар логопедиясы); В.М. Акименко (жаңа логопедиялық технологиялар); О.Е. Грибова (логопедиялық зерттеуді ұйымдастыру); М.Е. Хватцев, Т.Б. Филичева, Н.А. Чевелева (арнайы балабақша топтарында логопедиялық жұмыс) және т.б.

Ерекше оқыту мен тәрбиелеуді қажет ететін балаларды зерттеу мәселесімен көптеген қазақстандық ғалымдар айналысқан:

- жалпы және арнайы психологияда ауытқу мәселесін зерттеген: Ж.И. Намазбаева, Қ. Жарықбаев, К.С. Тебенова, А.Р. Рымханова;

- девиантология мен дефектология бағытында: А.Т. Акажанова, Г.Н. Төлебиева, Р.А. Сулейменова;

- логопедиялық негіздерін қалағандар: А.Қ. Дүйсенбаев, Қ.Қ. Өмірбекова, Г.С. Оразаева, Г.Б. Ибатова, З.А. Мовкебаева, К.Ж. Төребаева (сөйлеу тілі бұзылыстар түрлерінің сипаттамасы және түзету жолдары), М.С. Грушевская, А.Г. Муханбетчина, М.С. Исакова (сөйлеу дамуының тежелу мәселесі мен сөйлеуі бұзылған балалар сипаттамасы, тіл кемстігінің себептері мен классификациясы) және т.б.

Логопедиялық жұмыста оқытудың ауызша, көрнекілік және тәжібелік әдістер қолданылады. Оларды таңдалуы мен қолданылуы сөйлеу бұзылысының ерекшеліктерімен, коррекциялық-педагогикалық әсер етудің мазмұнымен, мақсатымен, міндеттерімен және логопедтердің индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерімен анықталады.

Логопедияда сөйлеу тілінің жетілмеуі, сөйлеу тілінің бұзылуы, тіл кемістігі деген ұғымдар кездеседі. Сөйлеу қабілетінің немесе сөйлеу жүйесінің құрамдарының төмен деңгейде қалыптасуы сөйлеу тілінің жетілмеуі деп саналады [7].

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бір жүйесі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру болып табылады. Оған бөгет болатын жағдайлар біріншіден тіл кемістіктерінің көптігінен түрлерінің кездесуі және олардың дәл күйінде кездеспей күрделі түрде кездесуі болып табылады. Логопедия сөйлеу тілінің бұзылуының белгілеріне байланысты нақты терминдермен белгілейді.

Жалпы тіл кемістігі есту қабілеті мен ой-өрісін әдеттегідей дамыған балалардың мағналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрылымының компоненттерінің бұзылуынан болатын күрделі тіл кемістіктері. Отандық ғалымдар жалпы тіл кемістігінің үш деңгейін белгілейді: дыбыстарды бұзып айтады, фонемалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрылыстарын арта дамуы жалпы сөйлеу түрі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік сөйлеу мүмкіндігі төмен баланың өмірден алған тәжірбиесі аз және айналасындағы өмір тіршілігі туралы мағұлматы жеткіліксіз болып келеді [8].

Жалпы сөйлеу тіл дамымауы (ЖСТД) - есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әр түрлі күрделі тіл кемістіктері.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ЖСТД кезінде сөйлеу жеткіліксіздігі сөйлеудің толық болмауынан лексика-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық дамымаған айқын көріністерімен толық сөйлеуге дейін өзгеруі мүмкін. Дизартриясы бар және жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселесі жеткіліксіз ғылыми талдануы осы проблеманың өзектілігінің негізі болып табылады.

Бүгінгі таңда балабақша жағдайында сөйлеу тілі дамымаған балаларға (ЖСТД) арналған «Зерде» атты бағдарлама құрастырылған. Аталған бағдарламада ЖСТД категориясымен арнайы оқу әдістемесі қолданылады. Оларға жеңіл түрде дидактикалық ойындар, оңайлатылған тапсырмалар беріледі. Мысалы: «төртіншісі артық» немесе «көлеңкесін тап» сөйлеуді дамыту арналған ойын жаттығулар да бар.

Сөйлеу тілінің бұзылуы - мектеп жасына дейінгі және бірінші сынып балалары арасында жиі кездеседі. Егер сөйлеу тіліндегі кемістікті уақытымен түзетпесе, бала бастауыш сынып бағдарламасын игеруде қиындықтарға кездеседі.

Сөйлеудің фонетико-фонематикалық бұзылуы (СФФЖ) - фонемді қабылдау және айтуындағы ақаулықтардың салдарынан әр түрлі тіл кемістіктері бар балалардың ана тілінде сөйлеу жүйесінің бұзылуы. Есту қабілеті және ойлау қабілеті сақталған.

Тіл кемістігі деп сөйлеу қабілетінің психофизикалық механизмнің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтамыз. Қатынас теориясының көзқарасында тіл кемістігі ауызша сөйлеу қатынасының бұзылуы болып есептеледі [9].

Осыған байланысты логопедияда мектепке дейінгі жастағы бұзылудың келесідей түрлері кездеседі: дисфония, брадилалия, кекештік, дислалия, ринология, дизартрия.

Сөйлеу бұзылысының әртүрлі түрде болатындығы белгілі, олардың дәрежесіне байланысты, зақым келген функцияның локализациясына және екінші ауытқуының көрінуі, осы дефектінің жетілуіне әсер етуінен туындайды. Көп уақыттан бері сөйлеу бұзылыстары медицина биологиялық пәндерді оқыту циклында болғандықтан, сөйлеу бұзылыстарының клиникалық классификациясына жатады.

Магистрлік зерттеу аясында арнайы логопедиялық диагностикалау әдістемелері қолданылды: М.Ф. Фомичеваның «Сөздердің дұрыс айтылуын тексеру әдістемесі», Л.Ф. Спиридованың «Фонематикалық талдауды тексеру әдістемесі», А.К. Маркованың «Сөздердің буындық құрылымын зерттеу әдістемесі», С.Г. Шевченконың «Сөздік қорды зерттеу әдістемесі (заттарды, іс-әрекеттер мен сапаларды атау, біртектес сөздерді таңдай білуді анықтау, ұғымдарды жинақтау)», «Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын зерттеу әдістемесі», «Әңгіме құрастыру және тапсырмаларды орындау» әдістері; логопед-педагог пен тәрбиешілердің қызметін бақылау, логопедтік тексеру, балалармен, педагогтармен және ата-аналармен әңгімелесу; медициналық және психологиялық-педагогикалық құжаттаманы зерделеу.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы. – Астана, 2002.
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-11 «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық-коррекциялық қолдау туралы» Заңы. - Алматы, 2002. – 69 б.
4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Арнайы білім беру мекемелерінің іс-әрекетін белгілейтін, нормативті құқықтық актілерді бекіту туралы» 03.09.2004 ж. № 712 бұйрығына қосымша.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2019 жылдың 27 желтоқсанында № 988 бұйрық. - Астана, 2020. - 76 б.
6. Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі білім берудің дамуы / Батыс-Қазақстан облыстық білім беру басқармасының ресми сайты - [https://edu-bko.gov.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=11&=ru](https://edu-bko.gov.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=11&=ru)
7. Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында балаларға білім беру мекемелерінің әр түрлерінде логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. - Алматы: «Нур-Принт», 2014. - 66 б.
8. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия: оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 648 б.
9. Исакова М.С. Дефектология негіздері: педагогикалық мамандықтарға арналған оқулық. - Алматы: «Эверо», 2014. - 86 б.



## 6 СЕКЦИЯ

### ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

#### ГУМАНИСТИЧЕСКИЕ ИДЕИ АЛЬ-ФАРАБИ И СОВРЕМЕННОЕ ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

ӘОЖ 796.83

Байтлесова Н.Қ., Тлебалиев А.А.  
Орал қ.

#### ЖАСӨСПІМ БОКСШЫЛАРДЫҢ ҚУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІСТЕР

Боксшының арнайы жылдамдығы реакцияның латентті уақыты, жоғары қарқында бір соққы орындау уақыты көрініс табады. Арнайы күш қолдану арқылы жекпе жекте бұлшық еттің қатаюы азайса нәтижені бағалауға болады.

Спортшыларда жоғары қуаттылықты екі жол арқылы жүзеге асыруға болады:

а) бұлшық ет массасын ұлғайту;

Допты тартып алған топ шабуылдаушы топ болады. Шабуыл – ойындағы топтың негізгі функциясы болып табылады. Шабуылдаушы іс-әрекеттер арқылы топ басымдылыққа ие болып, қарсыласушыға тиімді тактикалық жоспарды пайдалануға міндет еткізеді.

Шабуылдаушы топтың негізгі мақсаты – қарсыласушының қоржынына допты кіргізу. Бұл мақсатқа 30с. ішінде жету үшін арнайы ұйымдастырылған, бұрыннан ойластырылып қойылған және дайындалған тактикалық жүрістерді пайдалану керек. Олар доптың қарсылас қоржынына жақындауына, нәтижелі шабуыл үшін тиімді шарттар құрастыруына, аталып отырған шабуылды өткізу және доптың кері түсуіне байланысты күресу мүмкіндігін тудыруына бағытталған. Шабуыл тактикасы топқа нақты қарсыласқа және ойынның түрлі кезеңдеріне байланысты мақсатты бағытталған тәсілдерін, жоспарлық шабуылды жүргізудің формалары мен әдістерін таңдап, пайдалануға мүмкіндік береді [4].

Өзінің сипатына қарай шабуылдың барлық іс-әрекеттерін жеке және топтық деп жіктейді. Тактиканың топталуына сәйкес топтық іс-әрекеттердің өзі топтық және командалық деп бөлінеді.

Доппен ойнау және қарсыласу техникасы.

Қарсыласу әдістері техникасына үйрену реті оқылатын шабуыл тәсілдеріне тәуелді: шабуылдаудың сәйкес ойнау тәсілі үйренгеннен кейін оған қарсыласу тәсілі үйретіледі.

Атап өтуге тұратын жайт, баскетболшы қарсыласу тәсілдерін аз ықыласпен және ниетпен үйренеді. Сондықтан, келісті түсініктемелер, әңгімелер, үлгілер арқылы қорғану тәсілдерін үйренуге қызығушылықты арттыру қажет. Үйренудің аса маңызды негізі болып бақылай білуі, қарсыласушы іс-әрекетін бағалауы, ойын тәсілін уақытында, әрі тиімді пайдалануы саналады. Қандай-да болсын ойын тәсіліне үйрену барысында оқытушы негізгі зейіннің қайда бағытталуы және ойын тәсілін қалай дұрыс орындау керектігін нақтылап көрсетуі керек.

Баскетболда шабуылдау техникасын жетілдіру [5].

Баскетбол техникасының негізі – қозғалыс. Ойын алаңы бойынша баскетболшының қозғалысы нақты ойын жағдайларының орындалуы барысында құрылатын шабуылдау мәселелерін шешуге арналған іс-әрекеттер жүйесінің белгілі-бір бөлігі болып табылады. Ойын алаңындағы қозғалыс үшін жүріс, жүгіру, секіру, тоқталыстар, айналуларды пайдаланамыз. Осы ойын тәсілдерін пайдалану арқылы баскетболшы қажетті орын тауып, қарсыласушысынан кетіп қала алады, кейінгі шабуыл жасау үшін тиімді қажетті бағытқа қарай орналаса алады. Сонымен қатар, қозғалыста аяқтардың дұрыс жұмыс жасауынан және тепе-теңдікті ұстап тұруына доппен орындалатын ойын тәсілдерінің тиімділігі тәуелді болады: қозғалыс және секірген кезде допты беру, допты жүргізу және онымен алдату, секіріп лақтыру және т.б.

Ойындағы жүріс басқа қозғалыс тәсілдеріне қарағанда азырақ пайдаланылады. Ол, негізінен, қысқа тоқтамдарда орын ауыстыруға немесе ойын жағдайының интенсивтілігін төмендетуге, сонымен қатар жүгіріспен қоса темпті жайлату үшін пайдаланылады. Қарапайым жүрістен айырмашылығы, баскетболшы аяғында тізесін бүгіп жүреді, бұл оған кенеттен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жүгіру ойындағы негізгі қозғалыс тәсілі болып табылады. Ол жеңіл атлеттің жүгірісінен біршама ерекшеленеді. Ойыншы ойын алаңының шегінде, кез-келген бағытқа, алдымен немесе артымен алға қарай түрлі бастапқы орналасулардан жылдамдығын арттырып отыруы керек. Қарсыласушыға кенеттен болған, тез арадағы жүгіріс жылдамдығын арттыру немесе бастапқы старт спорт ойындарында талпыныс деп аталады. Талпыныс – қарсыласушы қарауынан босатылуына және бос орынға шығуға арналған негізгі құрал болып табылады. Талпынысты жүзеге асыру үшін алдымен 4-5 қадам өтеді. Олар өте қысқа, әрі жыдам (соққылы) болады. Орындау барысында аяқты аяқ ұшынан қояды. Жүгіру жылдамдығы қадамның созылуына байланысты артады. Осы уақытта ойыншы допты қабылдауға әзір болуы тиіс.

Секірулерді өзіндік әдіс ретінде де қолдануға болады. Көбінесе, ойыншылар жоғарыға және ұзындыққа жоғары қарай немесе бірнеше секіруді қатарынан пайдаланылады. Секіруді орындаудың екі түрін пайдаланылады: екі аяғымен және бір аяғымен итеріліп секіру. Екі аяғымен итеріліп секіруді көбінесе негізгі қалыптан бастап жасайды. Ойыншы кішкене ғана отырып, қолдарын артқа қарай жібереді де басын көтереді. Жерден тебіну аяқтың қуатты бүгілуінен, дененің және қолдың алға және жоғары қозғалысынан туады.

Жүгіріп келіп екі аяғымен итеріліп секіру көбінесе қоржынға допты лақтырғанда және допка қайта таласқанда пайдаланылады. Жүгіріп келіп бір аяғымен итеріліп секіру. Жүгірудің нәтижесінде пайда болған инерциялық қуатты максималды түрде пайдалану итерілуге тәуелді болып келеді. Итерілуден бұрынғы соңғы қадам алдыңдағы қадамдарға қарағанда бірнеше кең болады. Тізеде бүгілген итермелеуші аяқты алға қояды да, жайлап итерілу үшін аяқ ұшына қарай отырады. Секіруден кейін баскетболшының денесі ең жоғарғы нүктеге жетсе, сермелетін аяқты бүгіп итермелейтін аяқпен бір деңгейде ұстайды. Жерге түсу қандай тәсіл болмасын жұмсақ, дененің салмағы тепе-теңдікте болуы керек. Ал ол алшақ тұрған аяқтардың аздап бүгілуімен жүзеге асады. Мұндай қалып баскетболшыға келесі ойын қимылдарын тездетіп жасай беруіне мүмкіндік туғызады.

Жағдайға байланысты ойыншы жүгірудің бағытының өзгеруі кезінде жүгіріп қарсыластың қарауынан босануға мүмкіндік алады және ары қарай шабуыл жасау мақсатында ашық жерлерге шыға алады. Тоқталыс екі тәсілмен: секіріс және екі қадам жүзеге асады.

Шабуылдаушы қорғаушыдан кету үшін, допты соғудан қорғану мақсатында айналымдар жасайды. Айнарудың екі әдісі бар: алға және артқа. Алға қарай айналу баскетболшы бетімен қарап тұрған жаққа қарай аттап өтеді, ал артқа қарай айналу арқасымен тұрған жаққа қарай аттау. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, онда топтың жеңіп кетуі екіталай.

Шабуылшының техникалық қабілеттілігі қорғанушыға қарағанда көбірек. Тәжірибе көрсеткендей қорғаныс іс-әрекеттері олар дұрыс және зейін қойып орындалған жағдайда, олар тиіді болады. Қорғану техникасын екі негізгі топқа бөледі:

- 1) қимылдау техникасы;
- 2) доппен ойнау және қарсы іс-әрекеттер техникасы.

Алаң ішінде қимыл –қозғалыстарды жасау ерекшеліктері мен мінезі, жеке қорғаныс қимылдары ойыншының мақсатты орнатуы мен нақты ситуацияларды жоспарлауға мүмкіндік береді [6].

Тік тұру. Қорғаушы тұрақты орналасуы керек , аяқтары кішкене бүгілу керек және қарсыластың допты алуға және допты қоржынға алуға шабуыл жасау әрекеттерін жасауға мүмкіндік бермеу керек. Өзінің қол астындағы ойыншының қимылдарын бақылай отырып, қорғаушы ойыншы допты және қарсыластардың басқа да ойыншыларының іс-әрекеттерін қадағалау қажет. Қимыл-қозғалыстар. Қорғаушының қимылдау бағыттары мен мінезі шабуылшының әрекеттеріне байланысты. Сондықтан қорғаушы әрқашан тепе-теңдік қалыпты сақтау керек және кез-келген бағытта қозғалып, кез-келген уақытта жан жаққа, артқа, алға жүгірулердің бағыттарын өзгертіп, қарсы қозғалыстар жасағанда өзінің қозғалыс жылдамдығын реттеу керек, сонымен қатар лезде жасалатын тоқталысты қамтамасыз ете отырып қысқа дистанцияда жылдамдықты өсіру керек. Доппен ойнап тұрған және ойнап тұрмаған ойыншыға қарсы іс-әрекеттер. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, онда топтың жеңіп кетуі екіталай.

Баскетбол дамуының түрлі кезеңдерінде техникаларды жетілдіру жолдары, әдістер саны, олардың орындалу әдістерін бағалау түрлері өзгеріп, жетілдіріліп отыруы тиіс. Дене тәрбиесі жүйесінде баскетбол ойынының маңызы зор. Қазақстан Республикасының құрамасы Азия ойындарында, әлем чемпионаттарында, олимпиада ойындарында еліміздің намысын қорғауға дайындалуда. Адам ойын үрдісі кезінде жоғары эмоциялды жүктеме және үлкен қуанышқа бөлініп, қанағат алады. Осындай ойын барысында, нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның координациясы қалыптасады. Әр адам баскетбол ойынының түрлі қажетті дағдыларын игере отырып, өз бегінше үнемі дене шынықтыруды жетілдіруге, денсаулықты сақтауға, көңіл-күйін көтеруге және ұзақ өмір сүруге мүмкіндік бары сөзсіз.

#### Әдебиеттер

1. Дрюэт Д. *Баскетбол: спорт для начинающих*. – М., 2002. – 48 с.
2. Тілеуғалиев О. Дене тәрбиесі. – Алматы: “Жазушы”, 2002.
3. Тойжанов С. Құлназаров А. Дене тәрбиесі. – Алматы: “Жазушы”.
4. Гомельский А. Я. *Тактикий баскетбола*. – М.: Фис, 1966.
5. Зинин А. *Детский баскетбол*. – М.: Фис, 1969.
6. Төтенай Б. Дене тәрбиесі. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2017.
7. Сихымбаев Қ.С. Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі. – Алматы, 2014.

## 7 СЕКЦИЯ

### ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

ӘОЖ 82-9

Ғабдықұл А.Ә., Ақболатов А.А.  
Орал қ

#### М.ЕСЛАМҒАЛИЕВТИҢ «ӘЙТЕКЕ БИ» ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДИОЛОГИЯСЫ: ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты арқау ету кеңінен қанат жайған келелі дәстүр деуге әбден болады. Жалпы, тарихи тақырып – көркем әдебиеттің басты нысаналарының бірі болды. Тарихты көркем әдебиетте бейнелеудің әлем әдебиетіндегі тамаша үлгілерін еске ала отырып, бізде яғни қазақ әдебиетіндегі тарихи-танымдық тақырыпты кеңінен толғап жазған Мұқадес Есламғалиұлының «Әйтеке би» романының үлгі ретінде атауға толық хақымыз бар. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Тарихи шындық өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы., яғни, көркемдік шындық» [2, 195 б.] делінген. Міне, осы пікірді басшылыққа алсақ, Мұқадес Есламғалиұлы қазақ елінің тұтастығы жолындағы ақылмандық парасатымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен тарихта қалған Әйтеке бидің өмірімен тарихтағы орнын көркемдік шындыққа ұластыра білген.

Мұқадестің «Әйтеке би» романын жазу барысында көптеген тарихи фактілерді зерттеп, салыстыра келіп, жинақтау арқылы тамаша, кесек туындыны дүниеге әкелгенін көреміз.

Ең бастысы, Мұқадес Ақжайық өңірінің шежіресін, яғни өз туған топырағының тарихын бүге-шүгесіне дейін зерттеп, тарихи фактілерді қарастырып, оны толыққанды меңгергенін, кейін барып, оны көркем дүниеге айналдырған. Бұл турасында профессор Ш.Елеукуеновтың: «Тарихи тақырып үлкен әзірлікті, білімділікті, дәуір тереңіне жіті үңіле білушілікті талап етеді» [1, 80 б.] деген ғылыми пікірін келтіре кеткен жөн.

”Әйтеке би” романы - жазушының емес, ғасырларға салмақ, қазіргілерге қиын жұмбақ - ұлан-ғайыр феномен. Кітаптың басты қасиеті - бұқара мұң-мүддесін ханға өз аузынан жеткізетін, сауал-жауабын ыждағатты әзірлеп апаратын халықтың принцип жоқшысы - Әйтеке би образын ою.

Ия, белгілі жазушы, Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты Мұқадес Есламғалиұлының екі кітаптан тұратын жаңа романында негізгі кейіпкері әйгілі Әйтеке би ғұмырнамасын Темірқазық ете отырып, тарихымыздың “алтын ғасыры” саналатын 17-18 ғасырдағы есімдері ел аңызына айналған Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әнет баба, Соқыр Абыз, Мәті, Болпыш секілді және олардың төңірегіндегі, кейінгі ұрпаққа бекзаттықтарымен белгісін қалдырған алып тұлғаларымыз-батырларымыз, шешендеріміз, айыр көмей ақындарымыз бен өнерімен өнеге өрнегін кестелеген серілеріміз жақында тарихи-философиялық ой толғайды.

«Әйтеке би» романындағы басты кейіпкер, тарихи тұлға - Әйтеке би. «Ерлік өнегелері тарихты нұрландыра түседі», - дейді В.Гюго. Әр халықтың тарихында бүкіл өмірін елі үшін арпалыспен өткізген, саналы ғұмырын соған арнаған асыл азаматтар, ерлер, қайраткерлер, жалынды күрескерлер, ақылман билер болған. Ондай тарихи тұлғалар қазақ тарихында да жетіп артылады.

М.Есламғалиұлының тарихи тақырыпқа жазған «Әйтеке би» ғұмырнамалық романының негізгі оқиғасы тікелей Әйтеке бидің қатысуымен өрбиді. Ол тек билік айтқан әділ қазы ғана



емес, керекті жерінде қолына қару алған қолбасшы, ірі саясаткер, сан-алуан сыр иесі, тарихи тұлға.

«Әйтеке би» тарихи-философиялық диология романы 1998-2003 жылдары жарияланды. Шығарма архитектурасы бір адам, нақты тарихи тұлға бас қаһарман Әйтеке бидің өмір жолы, бастан кешкен сергелденді тағдырына негізделген.

Роман-диология екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап «Ар жолында» деп аталады. Оның өзі Әйтеке бидің белгілі бір кезеңін қамтитын тарихи оқиғалардың хроникалық тізбегінген тұрады деуге болады. «Қарабалық», «Сыбаға», «Қонақ әкелген хабар», «Жолда», «Төремен текетірес», «Кілем жайған», «Дүрбелең», «Қалдан Бошақтымен жекпе-жек және сауыш», «Сайрамның күйреуі», «Күлтөбедегі кеңес», «Оңаша хат», «Самарханда», «Самарқан Мәліктің сыры», «Әмиірмен арбасу», «Сәтсіздік», «Хиуа сапары», «Сарайдағы әбігер», «Ел ықыласы», «Қарсыласу», «Күйген қаладағы құрмет», «Қайтар жолдағы бұрылыс және сөз арасы» деген бөлімдерден тұратын бірінші кітап тарихи оқиғаларды көркем тілмен баяндай отырып, авторлық көркемдікке барады. Кейіпкерлердің қатысуымен, кейде авторлық баяндаулармен ел-жер тарихына қатысты көптген жәйттар құр баяндалмай, көркем әдеби тілмен жекізілгеніне дән риза боласыз.

Екінші кітап «Ғадауат» деп аталып, оның өзі іштей «Бұқара сапары», «Жастар сайысы», «Хан сәлемі», «Соқыр қазақ», «Қырғыз-қарақалпақ егесі», «Төбе би», «Ордабасыдағы той және тағы да дүрбелең», «Атсоқты күндер», «Ұрыны ұстаған «ақ лак», «Әнет бабада», «Соңғы кеңес», «Халалды келісім», «Ән-өсиет», «Қоштасу», «Хан мен батыр», «Би мен батыр», «Сартөсек айлар», «Бата», «Бидің құпиясы», «Ел азасы», «Қаралы көш немесе соңғы сөз» (эпиплог орнына) деген бөлімдер Әйтеке бидің талайлы тағдыраны қазақ тағдырынан бөле-жара қарау мүмкін еместілігін көрсетеді. Себебі, Әйтеке би ел мүддесін ойлаған сұңғыла кемеңгер, әділ би, тіпті саясаткер екендігі белгілі.

Шығармада Әйтеке би болып, әбден ел мүддесін ойлайтын жасынан бастап суреттеледі және одан кейінгі қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиалар тізбегін бидің өмірімен тығыз қамтиды. Осы уақыт ішінде ерлікке, талас-тартыс, қайғы-қасіретке толы қаншама оқиғалар өтті. Бұл оқиғаның барлығы дерлік романда көрініс тапқан. Әр кітатың әр бөлімінің өзіндік көтеріп тұрған жүгі бар.

«Әйтеке би» роман-диологиясының басталуы: *«...Оу!..Ие, саған не бар, қарабалық! Қара! Қарай гөр өзін! Көзінің сондай көргіш, ә? Менің сәулем саған сонша таңсық болғаны гой, шамасы? Ал, қарай гой онда. Жер бетіндегі қара сақал, қапсаға кісінің бейнесі саған соншалықты қызық көрінсе...Тәйірі, о несі-ей, жетіп келіп, түймеддей көзімен телмеңдей қалғаны!? Бар! Бара гой, енді. Әне көрдің бе, сен менің судағы бейнеме аузыңды ашып, таңырқап тұрғанда, үйірің шашырап, жан-жаққа босып кетті. Жолыңнан қалма. Көзіңді мөлтілдетіп, желбезегің желпілдейтіндей жер бетіндегі екі аяқтының еш сыйқыры жоқ. Болды. Бара гой...»*

*Қасиетіңнен айналайын Нұрбылақтың иесі де, киесі де бір өзің болғаның аз ба! Әне, қарашы! Суы зәмзәм кәусар бұлақта өзіңнен, сосын анау қотандастарың ба, қарындастарың ба – кім еді, солардан басқа қыбыр еткен тірі мақұлық бар ма! Құдды құдіреті күшті Аллатағала осы бұлақтың Әзірет-Әліге емес, бір сендер үшін жаратқандай жүрген жоқсыңдар ма қоралы қотандарыңмен қожалық етіп...Ие, «киелі жерде киесіз мақұлық жүрушімет?» дейсіңдер ме? Оныңа кімнің таласы бар? Нұрбұлақ та киелі, соған жалғыз өздеріңді ие гып жарата салған Жасаған Иенің, қарабалығы, сендер де киелісіңдер...Шебер Құдай-ау, не астында, не үстінде қыбыр еткен жәндігі жоқ, мөп-мөлдір тас бұлақтан сонда сендер не тауып, не талғажасу етесіңдер? Әлде бар қорек-нәрлерің қасиетіңнен айналып кетейін Нұрбұлақтың суы гана болғаны ма!? Онда пейіштің нұрынан жаралып, пейіштің нұрымен тірлік ететін судағы періштелер өздерінің болмаса нетті! Әлде балық атаулының сәргары – Қарабай өздерің болармысыңдар...» [3, 6 б.]. Бұл жолдардан оқырман Әйтеке биді қалың ой құшағында, қарабалықпен сырласып, ел қамын ойлаған небір қилы кезеңдерді еске алуына кезігеді. Авторлық философиялық баяндау кейіпкердің ішкі монологына құрылған. Әйтекенің ұзақ сонар монологынан қазақтың сол бір жылдардағы тарихының қатпарларымен танысамыз. «Монологтың негізінен кейіпкер өмірінің шиеленіскен қиын сәттерінде, рухани күйзеліс пен қауіп-қатер тұстарында туындауы да жазушы стиліне әсер етпей қоймайды», [4, 15 б.] - демекші, бидің ойы ішкі монологпен берілген.*

Келесі «Сыбаға», «Қонақ әкелген хабар», «Жолда» тағы басқа бөлімдерінде сұңғыла жазушы тарихи деректің әр жолынан сыр қуып, жазушылық қиялымен көркемдеп отырған.

«Әдеби қаһарманға дербестік сипатты суреткердің ойдан қосуы, қиялы емес, тарихтың өзі береді. Дербестік тарихи шындық өзегінен туындайды, демек, ол өз уақыты мен заманындағы нақтылы-тарихи өмірдің дамуы ерекшелігі арқылы тұлғланады» деген пікірге сүйенсек, қаламгер кей тұстарда таза тарихи деректерді сөйлеткен.

Туындыда халық салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары, әдет-ғұрпы жақсы жазылған, ол бас кейіпкердің бейнесін ашуға негізделе жасалған әдіс. Қаламгер бас кейіпкер Әйткенің тұлғасын ашуда бірде таза тарихи дерекпен сөйлесе, енді бірде әдісті алмастырып, халықтың өзіне етене таныс, жақын жолмен өрбіте сөйлейді. Тіпті кітаптың кейбір бөлімдерінің өзі «сыбаға», «ел азасы», «жастар сайысы» деп аталады. Мысалы, «Ел азасы» бөлімін алып қарайық, қазақтың салтындағы оның бір бөлек орны бар. Ал, осы ел азасы тарауындағы авторлық баяндаудағы Әйткенің жоқтауының өзінен автордың қара сөздің ділмар шешені екенін байқатады. Ел атынан жоқтау айтқан автордың сөздік қолданысы терең мағыналы философияға құрылады. Енді үзіндіге кезек берсек. Автор Мүрсәлінің жоқтауы арқылы шешендік небір тіркесті ойлар айтады.

*« - Әй, тойымсыз қара жер-ай, дара туған дарағымды алғанда қойным толады дедің бе?*

*Бетімдегі беделімді алғаның – Алатауымды аласартқаның емес пе?*

*Арқамдағы сүйенішімді алғаның – исі қазақтың атакүлдігі – Қаратауымды құлатқаның емес пе!*

*Ниеті құлап бет сипаса, талай жанның бағын жандырған баталымды алғаның неткенің?*

*Жақсының жанын жадыратып, көңіліне нұр құятын, жаманның жанын қақыратып, төбесіне от шайнап, шоқ бүркетін «айыр тілің» енді сөйлемейді дегенге кімді сендіремін!*

*Шабысып келген бақасты табыстырып таратушы ең!*

*Қуысып келген қаскөйді туыстырып таратушы ең!*

*Пышақтасып келген даугерді құшақтастырып таратушы ең?*

*Азып туған масылды, асыл еткен, жасық туған жаманды жасын еткен сен ең-ау! Мына қазақ деген жұртың соны да ұмытар ма екен!*

*Арман мұратың қылыш тоздырған еліңді ақылмен оздыру еді-ау!*

*Қамшы сабындай келте ғұмырыңды жылағанның қасында, жызылғанның басында өткізген әр күнің ұлыға ұлағат боп қалар-ау!*

*Дарасын баптай алмаған, данасын сақтай алмаған біз сияқты бейбақтарыңа өкпе артпай аттанғайсың, асылым! Әйкем!*

*Бақұл бол қайта тумас, газизім!*

*Сені білген пәруана біткен ғұмыр бойы атыңды дұғасына қосып өтері анық. Артыңда аңырап қалған әулетіңді, беубеулеп қалған жұртыңды әруағыңмен жебей жүргейсің, әулием!..» [3, 365 б.].*

Роман-диологияда Әйтекені жоқтаған Мүрсәлінің жоқтауының авторлық менді анық байқаймыз. Себебі, әр бір кейіпкердің сөзі автордың да сөзі екенін ұмытпағанымыз абзал.

Басты кейіпкердің ойына келген алуан түрлі жайттарды жазушы баяндау стилімен берген сияқты әсер қалдырғанымен, оқи келе сол баяндау стилінің бас қаһарманның ойлауына, ой ағымына негізделіп кеткенін көруге болады, яғни авторлық баяндау мен кейіпкер монологы шебер қиюласып, жарасымды күйде беріліп тұр. Бұл жазушы шеберлігің, стиліңнің бір қырын көрсетсе, екінші қыры тек сол кейіпкерлердің өзіне ғана тән ерекшелікпен берілуінде жатыр.

Мұқадес Есламғалиұлының «Әйтеке би» романындағы өзіне тән стильдік ерекшеліктерін жоғарыда аз да болса келтіріп кеттік, егер көркем әдебиеттегі тақырып, идея, образ, сюжет, композиция, жанр тағы басқа ұғымдардың бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, біртұтас жүйені құрайтынын, органикалық бірлікте болатынын ескерсек, жазушы стилінің және бір ерекшелігін атап өткен жөн. Романның атауының өзінде көрсетілгендей, тарихи-философиялық диологияның ішіне үңілсек, философиялық толғаныстың көрінісін бас қаһарманның ұзақ монологтарынан айқын байқаймыз.

Әйтекедей үнемі ойда, үнемі толғаныста жүретін, пікір таластыруға, ой жарыстыруға дайын кейіпкердің бейнесін сомдауда автор оның істеген іс-әрекеті, қимылы, кесек шешімдерге баруын сол тұстағы дала өмірі, қоғамдық-әлеуметтік жағдайын толық ескеріп барып, ақыл-санасынан өткізіп барып, батыл шешімге баруынан туындап жатқанын ашып көрсетеді. Осынау тәсілдің нетижесінде жазушы қаламынан күшті характерлер, шымыр тартыстар, масштабты шығарма туған. Диологияның бір ерекшелігі сол, автор бас қаһарманнан бастап, әр кейіпкердің

кәдімгі адамға тән тыныс-тіршілігін, қуаныш-ренішін, пиғылын, мінезін – бәрін-бәрін кең ауқымда бейнелей отырып, жанры жағынан «Әйтеке би» терең философиялық сипат қана емес, лирикалық сипаттағы новелла элементтерін де ұтымды енгізе білген. Оған мысал диологиядағы әр бір шағын бөлімнің шағын сюжеттік оқиғасы, шағын құрылымы біріктіріліп, ең ақырғы үлкен диологияны құрап тұрғанынан аңғарамыз. Диологияның композициялық құрылымында оқиға басталуы жоғарыда келтіріліген Әйткенің ұзақ ойға шомған монологынан көрінісе, оның мәресі «Ғадауат» деп аталатын екінші кітаптағы соңғы картин, бас қаһарманның әрі-сәрі күй кешіп, қайғылы қазасымен, оны жоқтаған қалың бұқараның азанамасымен аяқталады. Жазушының стиль саласындағы шеберлігіне осынау ерекшелікті де жатқызуға әбден болады.

Қаламгер Әйтеке би тұлғасын бірегей сомдау мақсатында психологиялық талдау әдісін өте ұтымды меңгерген. Осы арқылы кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлайды. Профессор Т.Сыдықов: «Психоанализ – көркем әдебиеттің зерттеу әдістемесі. Өйткені, ол адамның жан-жүрегіне үңіледі. Адам жанының иірімдері, тылсым тұңғығы, нәзік тебіреністері, томаға тұйық сырлары адамның ішкі әлемінде бүгүлі, бүркеулі жатады. Сол басқаның көзінен қалтарыстағы сана мен сезім ағысын, тек қуатты қалам иесі ғана көрмек, кестелемек», - деп өте дәл айтқан [5]. Яғни қаламгердің әу баста алдына қойған мақсаты – Әйтеке би тұлғасын орталық кейіпкер ретінде ұсыну болса, сол жолда жазушы бейнелеудің барлық құралдарын қатар қолданып отырған.

Тараушамызды қорытсақ, романның басталуынан аяқталуы арасында сан тарау оқиғалы философиялық, сюжеттік желіні бір ғана толғысқан. Ол Әйтеке би образы. Әйтеке би образы өз мінезімен, өз түйсігімен даралана көрінеді. Бұл жазушының алдына қойған мақсатын асқан шеберлікпен мүлтіксіз орындағанының куәсі. Мұқадестің «Әйтеке би» романы оның шығармашылығындағы еңселісі деп айтсақ артық болмас. Ғылым кандидаты, профессор С.Ғ. Шарабасовтың: «Осы кітапты мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға әбден болады» деген пікірі толық қуаттаймыз. Автордың өз кейіпкерін жасауда шұрайлы тіл мен көркемдік құралдарды молынан пайдаланғанын байқаймыз. Әр жазушы кейіпкер болмысын өзіндік айшықтармен, өзгеше талғаммен, көркемдік ерекшеліктерімен, стильмен беріп отыратынын ескерсек, Мұқадес Есламғалиевтің тарихи-философиялық диологиясынан қайталанбас бейнелер сомдаудың шебері екендігін шығармасын оқыған сайын, парақтаған сайын мойындамасқа лажыңыз қалмас.

### Әдебиеттер

1. Елеуенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.
2. Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
3. Мұқадес Е. Әйтеке би (тарихи-философиялық диология). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 376 б.
4. Есламғалиев М. Ғұмырнамалар мен Ғибратнамалар. – Алматы, «Сөздік-словарь» баспасы, 2001.
5. Есламғалиев М. Өз жүрегіңе үңіл. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1996.

ӘОЖ 82.09:821.512.122

**Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А.**  
*Орал қ.*

### **ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ АФОРИЗМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАНЫМДЫҚ, ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ**

Түркі әлемінің рухани жұлдызы, көрнекті ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы қазіргі Ұлы Даламыздың Отырар қаласында туған. «Адамзаттың екінші ұстазы», «Шығыстың Аристотелі» атанған энциклопедист ғалым, Ислам пәлсапасының алып қайраткерінің толық тегі, аты-жөні – *Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки*. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби хижра жыл санауы бойынша 329 жылы Дамаскіде қайтыс болып, сол жерде жерленген, кесенесі де сол жерде. Кемеңгер ұстаздың туған жері, балалық шағы, есімі, өмірден озуы өз алдына бөлек әңгіме.

Бүгінде бізді «көп ойласаң, дана боларсың» қағидасына сай, Әбу Насыр әл-Фараби ойшылдығы, ғұламалығы таңғалтпай қоймайды. Тұңғық терең білімқорлыққа қалай қол жетпек. Туа біткен таланттылық па. Дау жоқ, жаратылысы бөлек тұлға. Ақиқаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің тұңғық ғұламалығы, теңіздей терең білімпаздығы білуге, білім-ғылымды игеру, меңгеру құмарлығының ағыл-тегілділігінде. Ал жаңа ұрпақ бойына осы ізгі құмарлық, игі ынтызарлық қайдан жұғысты болмақ. Ұстаздан, жақсы ұстаз өнегесінен. Ұстазы мықтының ұстамы мықтылығы содан. Ойландпай қоймайды. Десек те, зерттеушілер әл-Фарабиді өздігінен шарқ ұра іздене жүріп, басын тауға да, тасқа да соға жүріп, аса табандылық танытуымен жетілген ғалым деседі. Мәселен, айтулы тарихшы Ибн Халликанның жазбаларына сүйенсек, әл-Фараби Аристотельдің «Метафизикасын» 40 рет, «Жан туралы» туындысын 100 рет, ал «Риторика» атты трактатын 200 рет оқығаны туралы дерек келтірілген. Неткен табандылық десеңіші! Тіпті, бізге жеткен деректерге үніле бағдарласақ, ғұлама Әбу Насыр сөз қадірін ерекше жоғары бағалаған, ғалымды ағыл-тегіл, аста-төк байлық емес, уақыт қадірі, адамдық биік парыз терең ойлантқан. Қарапайым да қанағатшыл болған. Қолға алған, бастаған ісін жалғастыруды, тереңдетуді, жазбаларының қалың көпшілікке қолжетімді әрі түсінікті болуын ойлаған. Қысқасы, ғұлама ойшыл қара қарынның тойғанына мәз болмаған, қара басының амандығын ғана ойламаған. Жаратушы Тәңіріне тағызым ете білген. Ғұламаны руханият мәселесі ерекше толғантқан. Нәтижеде әл-Фарабидің ғылыми мол мұрасы бүгінде бүкіл әлемдік ғылым дамуының тарихи іргетасы, бастау көзі ретінде бағаланған. Ұлы ойшылдың 160-тан астам трактатында көрініс тапқан шығармашылық мұрасы ғылым атаулының негізгі бағыттарын дамытуға ерекше ықпал еткен. Ғалым математика, геометрия, физика, метафизика, филология, педагогика, жантану, әдістеме, химия, биология, философия, астрономия, минерология, медицина, логика, элеуметтану, саясаттану, құқықтану, дінтану, музыка, астрология, этика және тағы басқа да салаларға өлшеусіз үлес қосқан. Әл-Фараби мұрасын зерттеуді алғашқы болып қолға алған, еліміздегі фарабитанудың ірге тасын қалаушы ғалым Ақжан Машани: *«Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған»*, -дей келе: - *«Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, үндестіру – халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз»*, - деп түйіндейді. Ал белгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі: *«Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның пәлсапа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын да тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған»*, -деп ой түйі де бекер болмаса керек.

Дау жоқ, ғалым трактаттарындағы тұңғық қилы тұжырымдарды түсіну белгілі бір жоғары деңгейді, ішкі дайындық пен сананы қажет етері анық. Асылы, бидің сөзін құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ. Ұлы Даланың ұлағатты тұлғасы Әбу Насыр әл-Фараби – дуалы ауыз тұлға. Ойшыл адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетерін баса айтады. Ғалым адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиістілігін болжап, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетілеріне арқа сүйейді. Бұл тұжырымды ойға имандай сенесің, себебі Әбу Насырдың өзі де өмір бойы тап осы қағидатты басты кредо етті емес пе. Нәтижеде телегей табысқа, кемел парасатқа жетті емес пе. Өкініштісі, тап осы түйінді тезиске екінің бірі мүлдем мән бермейді, бастапқыда тіпті түсінбейді, кештеу ұғынып жатамыз. Адам санасының жаңғыруы нәтижелі жаңалыққа әкелмек. Шын білімді ақиқат, анық білім деп ұққан ғалым білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатарын бағдарлай келе, білімді болуды жаңалық ашуға қабілетті болу тұрғысында пайымдайды. Осы тұста да ойшыл бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында екендігіне акцент береді. Осыдан кейін білімге, білуге ұмтылмай гөр! Өз кеудеңде өзіңе Америка ашқың келсе, өз-өзіңді танығың келсе, түбірімен өзіңді түлеткің келсе, білімге ұмтыл. Өзге жол жоқ. Жетік білімнің айқын көрінісі – сенің білігің. Тек білім ғана телегей-теңіз білік қалыптастырмақ. Бірегей білігің – Сіздің күнделікті алуан жағдаяттағы ұтымды сөзіңіз, сізге еселей қуаныш сыйлар күнделікті қисынды да мақсатты мағыналы іс-әрекетіңіз. Адам баласының межелеген айқын мақсаты арқасында тұлға ретінде сомдалуға септесер білік-

жүйе молая түспек. Демек, білімнің - білігің, сөзің – өзің. Бұл саты ғылым өріне өрлетпек. Ғұламаның айтуынша, ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұшқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұяламақ. Олай болса, ғылыммен айналысар адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Тіпті бұл реттегі ғұламаның ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажеттілігін астын сыза айтуы ойлантпай қоймайды. Демек, бүгінде қаншама қажет болғанымен ғылымға бет бұру, ғылыммен айналысу еріккеннің ермегі емес. Білім-тәжірибе, ғылым-ілім нәтижесі адам бойына орасан ақыл-парасат сыйлайды. Білім-ғылымның құдіреті осында. Ал адамға ғана тән ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына бірден-бір жәрдемдесер, бірден-бір көмектесер бірегей құдіретті күш іспетті құбылыс. Демек, әл-Фарабише түйінделер тезис – қоғамдағы барша қиыншылықты жеңетін адамды бақытқа жеткізетін күш – адамның ақыл-ойы, ақыл-парасаты.

Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыс әлемінің рухани ұстазы. Ғұлама адам бойындағы мінез-құлық мінін рухани кеселге балайды. Мінезді жанның айнасы деуі де осыдан болса керек. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы өзге емес, тек жақсы мінез-құлыққа байланыстылығы тегін емес. Қалай болғанда да мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтары даусыз. Әл-Фарабише ой өрсек, рухы мықты ұстаздың әркез ескерер түпкі мақсаты – шәкірт мінез-құлқындағы жағымсыз мінез, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру.

Бұл ғаламда әр адамның өз орны барлығын мойындар болсақ, ғұлама ар, адалдық, адамгершілік қасиеттерін алғы кезекке қояды. Ақиқаттың адалдықпен ағзаластығын айта келіп, ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланыстылығын баса көрсетеді, тіпті бұл ретте «өзгенің пікірін иемденіп кетудің надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс» екендігіне налиды. Таңғалар тұс, бүгінде көз майынды ағызып, маңдай терінді тамызып, ми ашыта, жан қинай, сансыз секундынды сарп ете терлеп-тепшіп жазған жазбаларыңды екінің бірі мысқал да ойланбастан, еш шімірікпестен селт етпей көшіріп алып, өз аттарынан жариялай саларын көргенде ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзі еске түсері кәміл. Өз бойында жоқ қасиеттерге құмар кісінің көлгір келері де осыдан болса керек-ті.

Әркімнің өзі шығар биігі бар десек, Әбу Насыр әл-Фараби - өзіндік шырқау биігіне шыға білген, бір өзі-ақ бір университет бола алған заңғар тұлға. Ғұлама тұлға тұғырының берік болуына баса мән береді. Мына әлемді адасудан жартылай құтқарар тек тәрбиелі тұлғалар екендігіне кәміл сенеді, сендіреді. Сәйкесінше, тәрбиелеуді адамның бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнер қуатын дарыту тұрғысында таразылайды. Ұлы педагог әл-Фараби: *«Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді»*, - деп жазады. Демек, тәрбие – толыққанды тұлға қалыптасуының басы. Бұл ретте әйгілі әл-Фарабидің: *«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»*, - деген тұжырымы әлем педагогтарының санасында. Бұл орайда ғұлама әл-Фарабиге сүйене айтар болсақ, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. Жаман қылық – жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек. Ғалым: *«Еңбек студің өзі – өнер. Еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады»*, - деп жазады. Қысқасы, педагог-ғалым әл-Фараби: *«Тәрбиеші – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол – күллі ой мен қимыл іс-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі»*, - деп түйіндеген. Әбу Насыр әл-Фарабише, адамның тоқымашы не атбегі болып тумайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға бітпейді. Егер де адамның тәндік жаратылысы дамуының негізгі көрсеткіші дененің саулығы болса да, адам атаулы кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Десек те, адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетері даусыз. Тек дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталмақ. Асылы, ең тамаша әрекет - бақытқа қол жеткізетін еркіндік болса керек-ті. Ал еркіндік аясында қол жеткізер бақыт, қуаныш және ләззат сезімдері

асқан сұлу, ең әсем және аса көркем дүниелерді қолмен ұстағандай айқын және кемел дүниелер ретінде танып-білу арқылы ғана пайда болып, толық болмысқа ие болмақ. Дұрысы - ізгі де қажетті шаруа атқарған адамның бәсі де жоғары болуы тиіс. Кезекті қарапайым аксиома. Ұлы тұжырымдар қашан да қарапайым болып келмей ме? Бізде солай ма? Өкінішке орай, бізде көбінесе, керісінше. Мәселен, педагог мәртебесі турасында енді-енді қолға алудамыз. Қуанарлығы - бұл бағыттағы істе оңды қозғалыстың барлығы. Жалпы өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу қажет-ақ. Тек қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да, игілігін көріп, рақатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ойшылдығына үніле келе, таңдай қағарлық бір құбылыс - данышпан кеудесінен өнген сериалды түйіндердің бір-біріне қарама-қайшы келмей, қайта бір-бірін толықтыра, толыстыра байыта түсетіндігі, тұтастана толығымен тәнті ететіндігі. Мәселен, ғұлама адамға тән бір жақсы қасиет өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, одан рухани нәр алу өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алуы дей келе, тән ауырса, жан да ауыратындығы, сұлу саз жан сергітерлігі тұрғысында толғатады. Музыканы рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл-күйдің ісі, музыканың негізгі міндеті адамның эстетикалық қажетін өтеуі десек, ғалым өнердің теориясын меңгеруді өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну, оның қабілетін игеру тұрғысында дәл болжауы Әбу Насыр ғұламаның өз қағидатына тастай берік, гүлдей нәзік жан болғанын аңғартады. Өнертану тұңғышына бойлай алу білігі де енді түсінікті. Ол - энциклопедиялық тұрғыда тұңғыш білімді жан. Нәтижеде айналысар болсаң, әр іске де өзге дүниені ұмыта, беріле кіріс, сонда ғана шынайы түйінге қол жетері, шын беріле қызықтаған нәрсе ғана жүрекке жетері айқындығын аңғартады. Не болмаса, ғұламаның ұстаздық, достық хақындағы тұжырым-түйіндері де ақиқат дәлдігімен тамсантпай қоймайды. Ұстаздың мінез-құлық нормасына келгенде *«ұстаздық еткен адамның әдісі тым қатаң да болмасын, тым босаң да болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарлы болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босаңсытып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, берген білімі мен ғылымына селқос қарау қаупі туарын»*, құдды бір эксперимент жасағандай дәл анықтайды. Ал данышпан әл-Фараби ұстаз тұлғасы хақында төмендегіше түйіндер жасайды: *«Ұстаз – қала басшысы сияқты ел жетекшісі, халық қадірлісі. Ұстаз да, қала басшысы да – қай жағынан болса да барша халықтан көш ілгері тұрған сегіз қырлы бір сырлы кісілер»*. *«Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Ол мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»*. *«Нағыз ұстаз – айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей теңіздей, ақыл-ой парасатына да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады»*. *«Ұстаз тарапынан мейлінше ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар – тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді»*. *«Біздіңше, төрт ғылым саласы (арифметика, геометрия, астрономия, музыка) оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады»*. *«Оқып-үйренуде жаттап алу дұрыс па, әлде түсініп алу дұрыс па? Түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы»*. Осыншама сіз бен бізге жаңа ұрпақты рухани тұлға тұрғысында баулуда ауадай қажетті, аса керекті келелі тұжырымдарға қалай тамсанбассың! Өмірдің өзінен өрілген ойлы түйіндер. Бір ғажабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің қай трактатының қай тарауын оқысаңыз да ойлантпай қоймас ойлы тұжырымдарға кенелеріңіз даусыз. Мәселен, ғұлама дос хақында ой өруге келгенде, құдды бір ақынға айналғандай күй кешеді. *«Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен»* деп, ыссылай қаппай дос атаулыны таңдай біл дей келе, аузы күйген үрлеп ішетініндей *«досың дос болғанға шаттан, дұшпанмен дос болудан сақтан»*, *«дұшпаныңнан бір сақтан, жаман достан мың сақтан»* дегендей, *«жүргендер көп достық атын малданып, қалмағайсың сен де бірде алданып»* деп *«өзі саққа құдай жақ»* сатысында сақтандырады. Бейқамдықтың сәтсіздікке бастар алғышарт боларын баса атайды. Ғұлама қай іске де табандылықтың, төзімділіктің қажеттілігін жоққа шығармайды. Ғалым табандылықты талпыныс тәжі тұрғысында пайымдап, *«тіршілікте құрыштай бол төзімді, сан*

*мәрте ел алдаса да өзіңді, тағдырыңды еш уақытта жазғырма, кезде дағы азәзілдер азғырған»* тұрғысында түйіндейді.

Қысқасы, ғұлама өнер біткеннің бәрі бір адамның құшағына сыймайтынын білсе де, «*ғақлия көзбен қарасаң, дүние – гажап, сен – есік, жаһлы көзбен қарасаң, дүние – қоқыс, сен - меншік*» деп өмір бойы шарқ ұра ізденумен өткен. «Көп іздеген көмбе үстінен шығады» дегендей, ғалым ізденгіштігіне шек жоқ. Ғалым өмірінің басты мәні де – тар жол, тайғақ кешулі кезеңдердегі сан тараулы қилы қиындықтарға мойымастан, жүнжіп кетпестен аса сабырлылықпен ізденуінде, ғалам құпияларына бойлауында. Ғұламаның еш уақытта толдым, толыстым, жеттім, жеңдім демеуі де бүгінгі жаңа ұрпаққа тағылым болса керек-ті. Ақырында ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі «*даналар талай нысан тапқанымен, тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі*» деп кейінгіге үміт арта өткен екен.

### Әдебиеттер

1. Сындалы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы // «Egemen Qazaqstan» газеті. – 2019. – 3-қыркүйек. – №169. – Б. 1-5.

2. «Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік». Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqun» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті. – 2019. – 2 сәуір. – №62. – Б. 1-2.

3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті. – 2017. – 12 сәуір. – №70. – Б. 1-2.

4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті. – 2018. – 21 қараша. – №223. – Б. 1-2.

5. Айталы А. Ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну // «Egemen Qazaqstan» газеті. – 2019. – 8 сәуір. – № 66. – Б. 7.

6. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін) / Құрастырушы Е.Шаймерденұлы. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2012. – 320 б.

7. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.

ӘОЖ 82-84(574)

Мүқият Д.  
Талдықорған қ.

### ӘЛ-ФАРАБИ АФОРИЗМДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК АСТАРЫ

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» және Шығыстың Аристотелі – атанған данышпан, философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші, ақын. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Толық есімі – Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ ибн Тархан. Негізі – түрік. Әл-Фараби Түркістан өлкесіндегі Фараб жерінде туылған.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өскен Әл-Фараби алғашқы білімін туған жері Отырарда қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдат, Қорасан, Дамаск, Каир, т.б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің аса көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз зергелерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады [1].

Әл-Фараби түркі тілімен қатар араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген. Ғылыми шығармаларын, өлең-жырларын өз дәуірінің рухани-ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды. Оның екі жүзге жуық трактаттары белгілі. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетімен таныстыруда зор роль атқарды.

Жоғары атап өткеніміздей, Фараби атсалыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, тіл білімі, әдебиет теориясы, т. б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда, оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ. Десе де хаты өлмеген ғалымның бізге жеткен әрбір нақыл сөздері күні бүгінге дейін өзінің маңызы мен құндылығын жоғалтпаған, солардың ішіндегі құлағымызға сіңісті болып кеткендері [2]. Мысалы:

- Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы.

- Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

- Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.

- Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.

- Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Мінез бен ақылжарасса - адамгершілікүтады

- Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

- Сұлу саз жан сергітеді.

- Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш.

- Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту. Осы аталған нақыл сөздерді тақырып жағынан жіктесек, төмендегідей:

мінез-құлық

адамгершілік тәрбиесі

ғылымға тәрбиелеу

мақсатқа жету жолдары

Ұстаз келбеті

Бақытты болудың жолдары

Әл-Фараби шығармашылығында және афоризмдерінде көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «Ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің ең негізгі қағидасы мен ұранына айналып кеткен «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген атақты афоризмінің астарында «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының ізі көрінеді. Яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатқаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады.

Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам – „мәңгі нұрдың қызметшісі”. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі” деп ойларын түйіндей келе ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де “сегіз қырлы, бір сырлы” қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болғарын атап өткен:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейімболуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;



4. Көрегенейлы, талғампаз, ақылдыадамболуы;
5. Ойынанық, дәлбералатын, көркемсөйлейалатыншешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымдыжантәнімен, ұңғыл-шұңғылынақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззатсанайтынадам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;
8. Өтірік-өсекті, мылжыңдықтыжеккөріп, шындықты, әділдікті бар ынтасыменсүйебілу;
9. Өркеуделі, жан мен арынбірдейкіршіксізұстайтынадам;
10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;
11. Табиғатынанәділ, шынайы, шыншыл;
12. Басқаға дау, өзіне де қиянатқыңыр-қикарболмай, әр кезшешімге келеалатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүреалатын, қорқыныш пен үрейгежолбермейтінадам.

Осылайша, бабамыз әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама. «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды.

Бірде әл-Фарабиден: «Егер Аристотель заманында өмір сүргенінде, оған кім болар едің?»- деген сұраққа, «Оның ең сүйікті шәкірті болар едім»- деп жауап береді. Логика және басқада ғылым саларында алғаш ой қозғаған, жетпіс тілді меңгерген ғұлама ретінде әлемнің бірінші ұстазы атағын ұсынғысы келетін ғалымдарға Фарабидің осы сөзі үлкен тосқауыл болды. Қарағанды қайран қалдыратын ғалымның дәл осы қарапайымдылығы мен қанағатшылығында өз сөзіне дәлел болатын тәрбиенің қайнар көзі жатқандай.

Бұдан түйіндейтініміз жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығына және жетілгендігінде деген мағынада айтқымыз келеді. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады!

Жоғарыда атап өткеніміздей, адам тәрбиесінің және іс-әрекетінің мақсатқа сай жүруінің табиғат пен адам бірлігінде маңызы зор. Өмір сүретін табиғи заттар және қасиеттер адамның түйсігіне, ақыл-ойына әсер етуі арқылы өзін қоршаған ортаны танып-білуге көмектеседі. Осылайша танм тұрғысында белгілі бір білім жүйесін қалыптастыру керек екендігін әл-Фараби өз ілімдерінде дәлелдеп көрсетеді.

Егер бір нәрсенің өмір сүруін қажетті ететін себеп белгілі болса, онда сол нәрсенің өзі де белгілі. Себептер ретімен орналасқан уақытта соңғылары себепті тізбек ретінде жеке-дара нәрселерге жетеді. Осылайша, бірінші себептің айқындылығы арқасында бүкіл жалпы мен жеке-дара нәрселер анық болады [3, 170 б.]. Осы тұрғыдан қарастырғанда кемел адам деңгейіне жету жолындағы ең маңызды бағыт өзін-өзі табу, өзін-өзі тәрбиелеу.

XI ғасыр бұрын Фараби өз сөзінде«Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы ғана жетпек» деп айтып кеткен. Расында, шын асыл өзінің жарқырауын еш тоқтатпак емес.Арада мыңжылдық өтседе, осы ұстанымның күннен күнге маңызы артпаса, кеміген емес. Дәл бүгінгі ақпараттың легі желден асып түсетін кезеңде түрлі мотивациялық тренингтер мен психологиялық курстардың көбеюі осыған дәлел.Қым қуыт тіршіліктің қазанында қайнап жатқан адамзат баласының өсуге, өзгеру, жетілуге арқылы ғана дегеніне жете алатынмойындайды.

Бір адам өз бойындағы берекесіздіктен, екінші біреу-тұйықтықтан, үшіншісі – орынсыз артық мінезінен арылығысы келеді. Бұл үшін ол жоспар құрып, оған қажетті әр түрлі іс-әдістер шараларымен белгілейді. Әрине, бұл белгілі жүйемен жүргізілсе, нәтижесіз болмайды. Абайша айтқанда «Кісінің игілікке жету жолы өзіне өзі ұдайы есеп беруінен, өзін-өзі аңғара, байқай алу, өзінді тізгіндеуді үйренуден басталады».

Ал үйренуге келгенде еш уақытта қоршаған ортамыздан ажырап кете алмасымыз анық. Адам адамнан үйренеді. Адам адаман жиренеді. Бәрі сабақ. Біреу бойындағы білгенін кәдеге жаратады. Енді біреу жинап алып, тарата алмай қор болады.Ал қор болуына не себеп? Себебі, білгенінің бәрін тарата алмасаң, өзіңнің қазына сандығың болып тұра береді. Әрі қарай ізденбейсің. Ал өмірдың тылсым сырлары үздіксіз ізденісте жүретін адамға ғана құпиясын ашады. Сондықтан, мен таңғалатын дүние қалған жоқ дейтіндер баршылық. Ал кей адам үнемі

таңғалып отырады. Себебі қазына сандығын уақытылы босатып, уақытылы толтырады. Демек нағыз ақылы мен жүрегі үйлесім тапқан білімді кісі өзін жетілдіре отырып, айналасын нұрландырып отырады.

Қазіргі таңда жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен жеделдетілген психологиялық тренингтер мен мотивациялық сабақтар, бір айда «кемел адам» жасап шығатын «сиқырлы курстардың» көбейгені жасырын емес. Десе де, санамызды ояту, өзіндік менімізді қалыптастырып, жан дүниеміздегі тереңде жатқан тұныққа бойлай алу үшін үлкен ыждахаттылық пен табандылық керек екенін ескеруіміз керек. Кейдебіз бойымыздағы пенделік әлсіздіктен, қайратсыздықтан, шыдамсыздық қасиеттеріміздің әсерінен жылдам жетістікке жылдап жету, биік мақсаттарды тез бағындыруды көздейміз. Соның нәтижесінде өзімізді жетілдіреміз деп жүріп, өзгенің қанжығасын қалай майлап бергенімізді өзіміз түсінбей қаламыз.

Бір күні әлде кім Әбу Наср әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен.

Бұл жердегі ғалымның пікірінше, кез келген нәрсенің шегі болады, ол шектен еш нәрсе де шығып, асып кете алмайды. Мәселен батырлықтың шегі тарих, кез-келген батырлық тарихтан асып, немесе озып кетпейді, оның ұясы – тарих. Сол сияқты жалған әдетте қоғамнан, уақыттан асып кетпейді, қоғам қажеттіктері, уақыт, заман талабы шынайы мінезді талап етеді, уақыты келгенде ол айқындалып отырады. Яғни жетілу жолында шектен тыс берілу ізгілік пен жетістікке алып баратын тура жол емес.

Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық мәселелерді шешуге қабілетті ең басты күш — ақыл-парасат деп біледі. Фараби философиясындағы адамның танымдық қабілеті ерекше қойылады. Оның пікірінше, тек адамға ғана дүниені тану құштарлығы тән, ал дүниені тану үшін адам әуелі өзін өзі танып үнемі жетіліп отыруы шарт. Осылайша қоршаған ортамен үйлесім таба білген адам өзін бақытты сезінеді.

«Бақыт» ұғымына аса ден қойған ғалым «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен. Оған тек білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт дей келіп, тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

«Бақытқа жету жолдары» еңбегінде «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Байқағанымыздай, Фараби нақыл сөздері бірінен бірі туындап, бір-бірін толықтырып өрбіп отыратын жүйелі ілім іспетті. Қазіргі жаңартушылық пен жаһандануға тап келіп отырған еліміз бен халқымыз үшін болашаққа дұрыс бағдар ұстануда өткеннің өсиетінен тәлім береді. Әсіресе, бүгінгідей мәдениеттер мен өркениеттер қиюласқан заманда дәстүрлі дін мен мәдениеттің қазбаланып, оның кей тұстарының қайта бағамдалуы, қараңғы түнде бағдар көрсететін темірқазықтай болған ойшылдарымыздың асыл сөздері мен дүниетанымын қайта пайымдау осы заманның өзекті мәселелерінің бірі.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 1 том. А-Ә. – Б. 20-22.
2. Абдихаева Ф., Балабеков Е. Тәрбие жүйесіндегі музыканың алар орыны туралы Әл-Фарабидің ой-пікірлері // «Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз» атты Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2001.
3. Ғабитов Т., Құрманғалиева Ф. Әлемдік философиялық мұра. 4 том // Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Б. 156-157.

ӘОЖ 82-1(574.1)

Мүтiev З.Ж., Салауатов Б.Д.  
Орал қ.

### АҚУШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАНЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ: АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Ақындық өнер – А. Бақтыгерееваның шығармашылық тұлғасын құрайды. Әу бастан-ақ «Депутатыңмын туғаннан, / Дауыссыз, даусыз сайланған» [1, 191 б.] – деп жырлаған ақынның шығармашылық әлемі оның азаматтық ұстанымымен біте қайнасып жатыр. Әр жылдары жарық көрген «Қуанышым, іңкәрім» (1971), «Сені ойлаймын» (1973), «Ақ қанат» (1975), «Жайық қызы» (1980), «Ақ желең» (1985), «Сүмбіле» (1990), «Ақ шағала» (2001) т.б. жыр кітаптарының шоғырын «Қайран, қарлығаштар-ай!» (2014) [2], «Шығармаларының» 3 томдығы (2014) [3-5], «Екі томдық таңдамалы өлеңдер» жинағы (2018) [6-7] – түйіндей түседі және бұлар – ақынның шығармашылық әлемінің бітім-болмысын толық танытатын еңбектер.

Ақын шығармаларын тақырыбына қарай топтасақ, бұның баршасы шарттылық қана. Ақұштап ақын жырламаған, толғамаған тақырып жоққа тән. Оның ақындық миссиясындағы бірінші ерекшелік, Ақұштап ақындығының айбарлы тұсы – ел мен жер, қоғамның, халықтың жайы алдыңғы орынға шығады. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның беталысына, даму жағдаятына ақын сын көзімен қарап, өз көзқарасын, пайымын білдіріп отырады. Мәселен, «Әділет», «Ауылға хат», «Адрессіз бала», «Ішкіш әйел», «Ерлікті көзбен көрген күн» (Ақын Жұбан Молдағалиев рухына), «Бүркіт пен қарға» (ертегі ізімен), «Қазақ тілі», «Көк дөнненің кісінеуі» (Ақын Қадыр Мырзалиев рухына), «Сөйлейді өктемдерді ығыстырып» (Шерхан Мұртазаға) т.б. өлең-жырларында қазақ ұлты мен жұртының жаратылысынына тән мінез-құлық, ұлттық характер, адами-имани қасиеттер оқырманын еріксіз баурайды.

Ақын өлеңдері оқушысымен сырласқандай, кеңескендей боп оқылғанымен оқырманына үлкен ой тастайды. Аталған туындылар түйінінен ақынның азаматтық ажары, қоғам дамуындағы түйткіл мәселелер қозғалады. Ұлтының өсу-даму өткелі мен белесін ақын әлеуметтік және рухани-мәдени тұрғыдан қатар алып жырлайды. «Ауылға хатта» құрбысын сан қилы сұрақтың астына алған кейіпкер «Қалай жеңге, келіннің сыйластығы, / Кеткен жоқпа азайып жөргектері» немесе «Марғасқа деп аталған жігіттердің, / Бұрынғыдай биік пе мәртебесі?» деп, «Көршілердің түзу ме сәлемдері, / Ойнақтаған тату ма тай-құлындар?», «Ұлағатты сөз айтып, қымыз ішіп, / Той төрінен тарқай ма қариялар?», «Кешкі ертегі айтатын әжелерден, / Бесіктегі жас сәби ән тыңдай ма?» - деп сауалдатады. Бұл туынды қазақ ұлтының барлық буынын қамтуымен, ұлттық менталитетті дәстүрлеу ұлағаттылығымен ерекшеленеді.

«Әділет» аталған өлең аты затына сай ақынның әділдік пен адалдықты ту еткен туындысы іспетті көрінеді. Өзі көзімен көріп, куә болған жәйттерді ақын әділеттен сұрап, оған тіл бітіре, жан бітіре сырласады:

Әділет – қастерлі сөз алты-ақ әріп,  
Күнәнді талай жерде арқаладық,  
Бетпе-бет бір жолықшы, тым болмаса,  
Оңданып отырайық ортаға алып [8, 198 б.].

Жұбан мен Қадыр ақынға, Шерхан суреткерге арналған өлеңдер өрімінде елімен жұртының маңдай алды тұлғаларының адами келбеттері, жас ұрпаққа үлгі болар ерлікке толы іс-әрекеттері, халықтың оларға деген құрмет-сезімдері әсерлі баяндалады. Оқырманын ойландырып, толғандырып, бір мезет сезім жетегіне алып, рухтандырып, қайрап отыратын бұл шығармалардың өркенді елдің өсер ұрпағын тәрбиелеудегі маңызы зор болмақ.

Ақынның лирикалық кейіпкерлері ұдайы ой үстінде жүретін, қашанда оқырманымен сырласуға, көңіл күй сырын шертуге асық жандар боп келеді. Кейіпкерімен өзін әрдайым бірлікте сезінген автор кімнің атынан сөз алса да мендік үнін батыл айтып, тереңнен толғап отырады. Ақынның өзіндік көзқарас-стиліне тән ерекшеліктің бірі – ұлтжандылық қасиеттер, еліне, халқына деген құрмет сезімі алдыңғы орынға шығып, шығармашылық сапарының ақ желкені боп тартылған. Мәселен, «Жан сыры» аталған өлеңінде:

Қызыңмен сырлассаңшы, туған Дала,  
Қай жаққа кетемін сен қуғанда да?  
Менің кім болғанымды қалап едің,  
Қолымнан келгені ме жырлау ғана?

Бұл күнде шынымды айтсам сенер ме едің,  
Жоқ шығар жасырғаным сенен менің.  
Ежелден Дала қызы атанғалы  
Мен сенің құшағыңда не көрмедім [ 9, 6 б.].

– деп бірдің емес, мыңның атынан сөз ала жырлайды. Ескі заманның дәстүріне сай малға сатылған қазақ қызының жағдаятын баяндай келе «Сонда да сыңсып тойға сән бергенмін / Ғашықтар аңызына айналғанмын, / Өшпейтін, өлмейтұғын ән бергенмін» және де өзін құрбандыққа қиумен бірге «Соғыста ел мен елді бітістіріп, /Бесікте батыр ұлдар тербеткенмін» деп толғана сыр ашады. Ақын қазақ қызының жаратылысындағы ұлттық болмысты дәл тауып айтады, дәлелді жеткізеді. Көлемі шағын лирикалық туынды арқылы қазақ аруының кемел, толыққанды образын сомдайды автор. Ар мен намысты ту етіп көтерген өлең-жырдың тінінде «Менің кім болғанымды қалап едің, / Күн туса қол бастадым, атқа міндім», сондай-ақ «Ортайған теңізің мен өзеніңді / Ұлыңдай жоқтасамын мен де сенің» сынды намысқа жанылған өткір үні үстем шығады автордың. Ақын кең Даласына ерекше назар аудара алаңдайды, сырын соған ақтаруға асық. Болмысы нәзік жаратылыс иесі болса да, қол қусырып бұғып қалуды ар көреді. Елі, Отаны үшін жан қиған, ерлігі ел есінде қалған батыр қыздарымызды мақтан тұтады.

Қоршалып ортасына көп дұшпанның,  
Жасықтар жүрегіне от тастадым.  
Өзінді қорғау үшін, туған Дала,  
Әлия, Мәншүк болып оққа ұшқанмын

- деп кестеленген ерлік жыры « Сен, мені қызым деме, туған Дала, / Қорғауға жаралмаған намысыңды» деген көңілді, жігерлі пафоста аяқталады.

Ақынның азаматтық ажарын танытатын туындының бірі – «Азамат» аталыпты. Бұл бес-ақ шумақтан тұратын өлеңінде ақын Азамат деп кімді танимыз, елдің Азаматы атану деген ұғымдарға жауап іздейді және оның озық үлгісін ұсынады.

Азамат! Жігіттің екінші есімі.  
Жұртшылық сынының қорытынды шешімі.  
Азамат - ауылда әр үйдің қонағы,  
Ол үшін төр дайын, ашулы есігі [10, 53 б.].

Ақын пайымынша Азамат болу - қиынның қиыны. «Ол елдің таңдаулы ұлының атағы, / Азамат болмайды кез келген ат мінген». Аталған атқа лайық болудың және бір шарты. «Азамат емессің, сендегі жақсылық / Жүрсе егер өз қара басыңнан ауыспай». Бір сөйлеп, анық айтып, серт беру де – азаматтықтың бір белгісі, негізгі шарты. Жалған тіршілікте күңкіл мен пасықтықтан алыс жүру де - азаматтықтың белгісі. Сонымен бірге «Тек нағыз жігіттің қолынан келеді. / Өзге үшін қуану, көп үшін мерт болу». Ақын шынайы Азаматтықтың белгілерін қарапайым баяндайды, оқырманына жөн-жоба нұсқап, жол көрсетеді. Көңілі жарқын, жайдары, қуана білетін жандарды құрмет тұтады. Елі мен жұртының бір қажетіне жарайтын асыл жандарды ардақ тұтады. Ой түйіні мынаған саяды.

Азамат! Көңілдің риза шешімі,  
Жігіттің шындалып, биіктеп өсуі.  
Азамат – халықтың үмітін ақтаған,  
Ұлына қоятын екінші есімі [10, 55 б.].

Халқының қалаулы, елінің елеулі Азаматы атанудың теориялық тәлім-тағылымын ұсынған Ақұштап ақынның шығармашылығында аталған тақырыпты тереңдетіп тербеген күрделі туындылары аз емес. Соның ішінде ақынның өзі тек таңдап, айдар тақпаған, алайда

толғау-дастан жанрының талабына толық жауап беретін туындылары «Бабаның сазы», «Көк дөнениң кісінеуі», «Әжемнің әңгімесі», «Ана махаббаты», «Бүркіт пен қарға» т.б. делінген шығармалар.

А. Бақтыгерееваның бірқатар лирикалық шығармалары қазақтың біртуар тұлғаларына, ұлттық құндылықтарды қолдаушы мемлекет қайраткерлеріне, айтулы абзал азаматтарға арналған. Айталық, «Ерлікті көзбен көрген күн» өлең-жыры ақын Жұбан Молдағалиев рухына бағышталған. Қазақ жастарының 1986 жылғы тәуелсіздік жолындағы күресін айыптаушы Колбинге қарсы сөз сөйлеген Ж. Молдағалиевтің батылдығын һәм батырлығын, ерлігін көзбен көрген ақын осы тарихи оқиғаны көркем дүниеге айналдырған.

Желтоқсан – 86, ызғарлы күн,  
Мұз бенен қар жылжығандай құздан бүгін.  
Өттің де астан-кестен ойда-жокта,  
Артыңа ұмытылмас із қалдырдың.

Айтамыз ертегі етіп ол күндерді,  
Батыр деп мадақтаймыз жөн білгенді.  
Халыққа Жаңа жылдық сәлем жолдап,  
Жазушылар үйіне Колбин келді.

Біреулер бастық көрсе, қуанатын,  
Біреулер жалпылдайды сұрап атын.  
Бір кезде жазушылар мінбесіне  
Барады көтеріліп Жұбан ақын [10, 25 б.].

Өлең көлемі шағын болғанымен осы туындыда қазақ деген халықтың ұлттық намысы, оның қорғаушы ердің ерлігі тақырып боп қозғалған. Сол өткен дәуірдің идеологиялық қысымына қарсы тұрған Жұбанның шешімі ұлттық патриотизмді уағыздаудың озық үлгісі боларлықтай дәрежеге көтерілген. «Қазақша акцент, толқыған қатал үнмен: / «Замандаспыз» - деді оған қатар жүрген. / Желтоқсанның көргенше он алтысын / Бір күн бұрын батсамшы батар күнмен». Кейіпкер үнінде батылдықпен қатар намыс туын көтерген ар мен қайрат, абзал борыш сынды адамгершілік иірімдері қатар өрілген. Кеңес елін фашизмнен қорғаушылар қатарында Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер Жұбанның асқан үні айқын һәм анық, сенімді естіледі.

- Қорғағанмын жаудан мен Совет елін,  
Әлі күнге Отанды ән етемін.  
«Мен қазақпын!» - деуші едім біле тұра,  
«Шовинизм» дегеннің не екенін.

Ұрпағыма халім бар не дер енді,  
Қорладыңдар бұл қазақ деген елді.  
Қыздарымды сүйретіп бұрымынан,  
Ит таласын деп пе едім немеремді?

Жұбан баяндауындағы монологты ақын-автор қазақтың бастан кешкен, көрген қорлығын рет-ретімен байланыстыра жеткізеді. Тың игерудің қазақ даласына әкелген қияметін, тіл мен діннен айырылған, мәңгүрттелген ұлттың бар жан азабын ақын Ақұштап Жұбан аузымен айтқызып, нақты факті, мысалдармен баяндап береді. Мәселен, «70 жылдай, құрбым-ау, келесіндер / Пайдаланып қазақтың момындығын» немесе «Кеше алаңда сабаған – сенің тегің, / Ал таяқты жегендер – менің балам», «Кешір мені, замандас, осы жолы / Жұбан саған пікірлес бола алмайды» деп келетін монологты тіркестерден өлең авторының туынды идеясын терең жеткізгенін аңдауға болады. Туындыда Жұбан қайраткердің әдеби бейнесі де шебер сомдалған.

Намыс пен кек түнеріп қабағында,  
Мұң аралас жас тұнып жанарында,  
Ел алдында арқадан жүгі түсіп,  
Ақын тұрды тазарып ар алдында.

Өлеңде ақын-қайраткердің образымен қоса залда отырған әріптес ақын- жазушылардың да жай-күйі жанды қозғалыс тапқан. Сол бір сәттегі психологиялық ахуал оқырманын еріксіз илантады, шандырады, сендіреді. «Тынып қалды, зал тегіс күбірлемей, / Бір адамның жанары күлімдемей. / Біз отырдық төбеден жай түскендей, / Арқамыздан құмырсқа жүгіргендей».

Талай-талай зұлматты, қуғын-сүргінді көрген, сүттің бегіндегі қаймағынан айырылғандай хал кешкен, әбден зәрезап болған қазақтың, маңдайының соры бес елі халықтың Жұбанды қорғап немесе қолдап сөйлей алмай, жақ ашпай, үнсіз, қатып қалған әрекетін ақын жетесіне жеткізе суреттейді. Әйтсе де тұяқ серпімей қалмау керектігін көпшілік қауым ұғынғандай күй кешеді.

Кетті залды ақынның өртеп демі,  
Әлі есімде, біреулер селт етпеді.  
37 қуғынын көрген сорлы  
Қол соғудан сескеніп, жер тепкені.

Жұбан – бөрі, өзгелер – қояндардай,  
Колбин жүзі сәл қанға боялғандай.  
Зал гуілдеп, бір кезде жер солқ етіп,  
Ұйқысынан бар қазақ оянғандай [10, 27 б.].

Туынды Жұбан Молдағалиевтің жеке ерлігін, ел басына күн туғанда ештеңеден қаймықпай, кеңестік кезеңнің қатымыр саясатына қарсы тұрып, қазақ жастарына таңылған жалған жаладан оларды қорғап қалуымен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда ақын А. Бақтыгереева поэзиясында суреткердің стилін танытуда азаматтық ұстаным ерекше сипатты иеленеді және қаламгер шеберлігін танытатын құбылыс.

### Әдебиеттер

1. Бақтыгереева А. Ақ шағала. – Алматы: Өлке, 2001. – 424 б.
2. Бақтыгереева А. Қайран қарлығаштар-ай. Таңдамалы өлеңдер, аудармалар, ойтолғақ. RS; Халықаралық Абай клубы, 2014. – 324 б.
3. Бақтыгереева А. Шығармаларының 3 томдығы: Бақтыгереева А. Ақжайық айдыны. 1-том. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2014. – 376 б.
4. Бақтыгереева А. Боз жусан дала. 2-том. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2014. – 376 б.
5. Бақтыгереева А. Аманат. 3-том. Өлеңдер, аудармалар, мақалалар, хаттар, ой түйіндер. – Астана: Фолиант, 2014. – 376 б.
6. Бақтыгереева А. Екі томдық таңдамалы өлеңдер жинағы: Бақтыгереева А. Ана әлдіі. 1-том. – Алматы: Айғаным, 2018. – 380 б.
7. Бақтыгереева А. Өлең деген құдірет. 2-том. – Алматы: Айғаным, 2018. – 380 б.
8. Бақтыгереева А. Шығармалары. 1-том. Ақжайық айдыны. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2014. – 376 б.
9. Бақтыгереева А. Сүмбіле. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 120 б.
10. Бақтыгереева А. Ақ айдын. Өлеңдер мен балладалар. – Алматы: Жазушы, 2011. – 144 б.

ӘОЖ 82

<sup>1</sup>Насимуллина А.Б., <sup>2</sup>Насимуллина А.Е.

<sup>1</sup>Орал қ., <sup>2</sup>Атырау қ.

### ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Тәржіме тарихын түзететін тұста қазақ аудармасының шежіресіне орай бірқатар тың тұжырымдарды ортаға салған. Аударма қазақ даласында ерте пайда болған. Түркінің «тілмаш» деген сөзінен ( тегінде, бұлай деп тілге мәш, яғни сөзе ұста адамдарды айтқан) орыстың «толмачы» шыққан. Ұлы Жібек жолының алтын арқауы – аударма десек те артықтығы жоқ. Ал нақты көркем аудармаға көшкенде түркі халықтарына ортақ Алтын Орда дәуіріндегі аудармалар қатарында Сарай қаласынан шыққан ақын Сейф Сарайдың Сағидидің «Гүлстанын» XIV ғасырдың аяғында аударғаны айтылады. Тұрсынбек Кәкішевтің : «Алтын орда дәуіріне біз түгелдей ортақпыз. Ал оның негізгі әдеби тілі – қыпшақ тілі болса, онда қазақ даласы мен тілі жетекшілік сипатқа ие болғанынан қашсақ та құтыла алмаймыз деген пікірін есте ұстаған жөн. Қазақ аудармасының бастапқы кезеңдерінде аударма, нәзира, қайта баяндау, еліктеу бір бірімен араласып, қойындасып жатады. Бұларды аударманың балама түрлері, танымал шығарманы жаңа тілде жеткізудің жолдары ретінде қарастырған орынды.

Ағылшын көркем аудармасының тарихын жазу үшін біз міндетті түрде әлемдік аударма тарихындағы үрдістер мен үдерістерді ой елегінен өткізуге тиіспіз. Аударма тарихы, оның бел-белестері, даму эволюциясы жөнінде сөз еткенде біз бұл бағытта терең зерттеулері бар орыс әдебиеттануын айналып өте алмаймыз. Сондықтан да еңбекте жалпы аударма тарихына қатысты мәліметтер көбірек ортаға салынып, қарастырылады. Бұлай еткенде оларды қазақ әдебиеттануының ғылыми айналымына түсірудің артықтық етпейтіні де сөзсіз.

Ағылшын жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты көркем шығармасы орыс және қазақ тіліне аударылып, оқырманның көңілінен шығып отырғаны белгілі. Ағылшын жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты көркем шығармасын қазақ тіліне аударған Нығмет Ғабдуллин. Нығмет Ғабдуллин оқырманды жалықтырмайтындығымен, қарапайымдылығымен баурап, сыпайы сөз саптауымен ширықтыра тартып, әкетеді. Оның осындай қасиетіне, аудармашылық шеберлігіне мәдениет өнері саласындағы әріптестері өте риза болатын. « Солай екен- ау, өзі » деп, кішірейіп, басқаны жетелей, алғы іске тамызық жасап, бөлім жұмысын саралағанда, редакцияның портфеліне көп сүйенетін. Оқушылар хатына құлақ асуды жөн санайтын, ұжымның ұйытқысы болу – оның басты қасиеті еді, авторлармен жұмыс жасағанды ұнататын, мақтау сөзге құмар еместі, қазақтың қарапайым тілімен – ақ жүрекке жетер жылы сөз таба қоюшы еді. Иә, біз білген Нығмет Ғабдуллин осындай жан болатын, нағыз тәрбиеші ұстаз еді. Автор жазушылықтың алғашқы басқышын балалар әдебиетінен бастап, кейін жастар өмірін шығармашылығының негізгі арқауы етті. Ол әрі қысқа, әрі нұсқа жазатын. Шұбалаңқылықпен жаны қас еді, оқушысын зеріктірмей, баурап отыру басты бағыты, шығармалары, жылы лиризмге толы болатын, аз сөзбен көп мағына беруге ұста еді. Оның әңгіме – повестерінен құлжаның асығындай топ етіп шиырып, шымыр соғар стиль аңғарылатын. Кейіпкерлері ашық бейнелі, оқушыға ескі танысындай әсер етуші еді. Мұны ерекшелік десек, жазушының көркемдік шеберлігі де сонысында болатын. Тілі құнарлы да, шырайлы болатын. Н.Ғабдуллин аудармамен айналысып, Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» хикаятын т.б шығармаларын аудару арқылы әлем әдебиетіне өз үлесін қосты. Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» хикаятын аударуда екі жазушының арасында рухани үндестік байқалады. Осындай үндестікті жасайтын, ұлыларды танытып, бір-біріне жақындататын әлем әдебиеті болып табылады. Көркем шығармаларды аударуға қойылар талаптарды айтқанда, алдымен ауызға алынатыны, сөзбе-сөзділіктен қашу, жолма-жолдылықтан қашу, шығармашылық еркіндікке құлаш ұру сияқты болып келеді. Бірақ, осы айтылғаннан көркем шығарма аудармасында сөзбе-сөздік, дәлдік, жолма- жолдық көркемдік болуы мүмкін емес деген ой шыға ма? - Шықпайды. Бәрі де дарынды аудармашының қолында.

Көркем шығарманы аудару тәжірибесіне талдау жасаған тұста аудармашы жұмысының бүкіл үдерісі шартты түрде төрт кезеңге бөлінген:

- Түпнұсқаның мазмұны;
- Оның семантикалық және стилистикалық құралдарын жан-жақты зерделеуі;
- Көркем шығарманың ырғақтық байланысы;
- Фонетикалық, синтаксистік құрылымдарының заңдылықтарға сәйкестігі;

Көркем шығарма аудармасының өнері дегеніміз - бір тұста ұтып, бір тұста ұтылып жүріп барып, шығармашылық жеңіске жету. Аудармашы өзі қолға алған шығармадағы тастап кетуге, алмастыруға болатын тұстарды бар жан-жүрегімен, ақыл-ойымен, бүкіл болмыс-бітімімен сезінуі тиіс. Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» аудармасында жазушының сөз сәйкестігінің де, бейне баламалылығының да, уәжін, екпін, ұйқас, интонация барабарлығының да үздік үлгісін жасағандығын мына жолдардан көруге болады:

Гольфстримде бір шал жалғыз өзі қайығымен балық аулап жүрді. Шал сексен төрт күнде бірде бір балық аулай алмады. Алғашқы қырық күнде жанында бала болды. Күн сайын балықсыз келген баласына ата-анасы «бұл қайықпен жолың болмайды, сондықтан басқа қайықпен барып аула», - деді. Шынында да, бірінші аптада бала үйіне үш үлкен балық әкелді. Күн сайын теңізге барып, бос қайтқан қартқа бала ылғи да аяушылық білдіріп қарап, оған көмектескісі келіп жағалауға шықты. Шал арық, өте жүдеу, желкесіндегі терең әжімдері теңіз айдынымен шағылысқан тропикалық теңіздерді шақырып тұрғандай... Самайынан мойнына дейін созылып жатқан теңбіл дақтар мен үлкен балықтарды ұстау кезінде жырылған ескі жарақаттардың орны көзге түседі. Әбден жүдеген қарияның өн бойынан теңізге ұқсаған көгілдір көзі мен қиындыққа қажуды білмейтін күлімдеген жанарынан басқаның бәрі аянышты көрінеді деп суреттеуі жазушының шеберлігін, саяси әлеуметтік жағдайды анық көрсете алуында. Бала:

- Сантьяга, біз біраз ақша таптық, енді мен тағы да сенімен бірге балық аулауға шығуыма болады ма?!, - дейді.

- Жоқ балам, сен ырысы мол, бақытты қайыққа кездестің. Сен енді сол қайықта қала бер, - дейді Сантьяга

- Есінде ме, сексен төрт күн қатарынан теңізге балық аулауға барып, бірде-бір балық ұстай алмай бос қайтқанымыз?

- Иә, есімде! Сен менің қайығымнан маған сенбегендіктен кетпегеніңді білемін, - деді шал балаға.

- Ол сенбейді! - деді бала.

Э. Хемингуэйдің шал мен теңіз аудармасынан бала мен балықшы-шалдың арасындағы достық қарым-қатынасты, мейірімділікті көреміз. Сондай-ақ бала мен балықшы қарттың бір-біріне деген сыйластығын, жанашырлығын аудармашы оқырманға дәл жеткізе білген. Аудармадағы нақтылық, сәйкестік назар аударарлық.

- Сантьяга, мен ертең нәлім балық ұстап берейін, - дейді бала.

- Жоқ, одан да сен вейсбол ойна, - деді шал.

- Мен саған кішкене де болса көмектескім келеді. Мені теңізге өзіңмен бірге бірінші рет алғанда мен неше жаста едім? Сол кездің өзінде де шамам келгенше көмектесіп едім ғой.

Осындай үзінділерден Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» аудармасынан баланың қарияға бауыр басып, оның өзіне жасаған жақсылығын бағалай білетінін, еңбекшіл екенін және балықшы қарттың басына түскен қиыншылықты түсіне білетінін көреміз. Бала мен қарттың жас ерекшеліктеріне қарамастан бір-біріне деген достығының жарасуын автор өте тартымды, әсерлі етіп суреттесе, аудармашы Н.Ғабдуллин де оқырманның жүрегіне жылы әсер етерліктей аударып білген. Міне рухани үндестік дегеніміз де осы үзіндіден көруге болады.

Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» шығармасында:

The old man dropped the line and put his foot on it and lifted the harpoon as high as he could and drove it down with all his strength, and more strength he had just summoned, into the fish's side just behind the great chest fin that rose high in the air to the altitude of the man's chest. He felt the iron go in and he leaned on it and drove it further and then pushed all his weight after it. Қария қармақбауды тастай беріп, табанымен басты да, қолына гарпунды ала салып, шалқая беріп, бар пәрменімен балыққа сілтеп қалды. Гарпунды жайынның бауыр қанатының артқы жағынан дәл бүйіріне қадады. Үшкір темір балықтың жұмсақ етіне кірші етіп қадалған соң, шал оны енді бар салмағын сала иетріп, бойлата берді.

Аударма – уақытқа тәуелді өнер. Ешкім де барлық замандарға бірдей жарай беретін аударма жасай алмауы мүмкін. Сондықтан да әр дәуір өз аудармасын талап ететіні ақиқат. Аудармашы өз тіліндегі оқырман үшін жазады. Ол ұлттық көркем әдебиет мектебінде, тәрбие алған оқырманның түсінік-пайымын, таным деңгейін, талғамын, қалыптасқан дәстүрлерді ескермей отыра алмайды. Аудармашы өз оқырманының талғамын жаңа өрістерге тартып жатса, биіктерге көтеріп жатса, ғанибеттің ғанибеті. Өзге тілдегі үздік үлгіні қолға алған ақын өз оқырманының эстетикалық тұрғыдан қабылдампаздығын тәрбиелеуді де дәйім есте ұстағаны, өзге ұлттық мәдениеттердің өлең өнеріндегі құнды қасиеттердің қыр-сырын ашу арқылы сол тілдердегі өлең өрімдерінен өзімізге де өнеге болатындай өрнектер тауып жатқаны абзал. Зерттеудің өн бойында жалпы бір тілден екінші тілге аудару мүмкін бе өзі дегеннен бастап, көркем шығарма аударыла ма, соның ішінде ағылшын тілінен көркем шығарманы қазақ тіліне аударуға бола ма, аударылса түпнұсқаға теңдес етіп шығаруға бола ма деген тұрғыда неше түрлі пікірлер қазіргі таңда жауабын толық алып отыр. Ал дұрысында көркем шығарма аудармасында түпнұсқасынан асып түсу кездеседі. Бұл арада негізгі мәселе–тәржімеші тұлғасы.

Көркем аударма – лингвистика заңдылықтарына арқа сүйеу арқылы көркем әдебиеттің міндеттерін шешетін сөз өнерінің өзгеше түрі. Кез келген аударма бес қаруы бойында лингвистикалық талдаудан басталып, әдеби шығармашылықпен бітуге тиіс. Аталмыш идеялардың жүзеге асуын 6 сатыдан тұратын жүйелі қадамдар тізбегі ретінде айқындалып, өйткені ғалым « тек олардың жиынтығы ғана қойылар мәселе мен оның шешілу жолдары туралы көзқарасты қалыптастыра алады», - деп тұжырымдалады. Парадигмалық өлшемдерге төмендегідей мәселелерді жатқызуға болады: ХХ ғасырда ағылшын тілінің құрылымдық – жүйелік ерекшеліктерін, сөзжасамдық қабілетін, ұғымдық аясын кеңейте зерттеуге бет алынды. Мысалы, В.С. Виноградов: « Адам өзінің ойлағанындай нәтижеге жету үшін барша көркем құралдарды жұмылдыруға тиіс» - дей келе, бұған не көмектеседі деп өз - өзіне сұрақ қояды да, былай жауап береді : « ...басқа тілдер сияқты ағылшын тілі кез – келген қиындықты еңсереді,



бәрін де бейнелей алады, бәрін де жеткізе алады. Бұл тіл үшін алынбайтын қамал жоқ деген айқын сана, қаны мен жанына сіңіп кеткен сенім көмектеседі. Бұл сенім болмайынша, ағылшын тіліне депген сүйіспеншілік болмайынша, аудармашының алдынан кездескен қиындықтарды жеңуі екіталай».

Шетел жазушыларының көркем шығармаларды қазақ тіліне аудару кезінде маңызды лингвистикалық мәселелерді жалпы теориялық және жеке тілдік негізде саралай отырып, аса құнды тұжырымдар жасауда, ана тіліміз қоғамдық – әлеуметтік, әрі этно – мәдени мүмкіндігін дәйектеп көрсетуде үлкен жетістіктерге жетті.

### Әдебиеттер

1. Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М., 2001. – С. 203-204.
2. Ғабдуллин Н. «Шал мен теңіз», ғаламтор желісінен. – <https://kitap.kz>.
3. Жакыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана: Аударма баспасы, 2004. – Б. 234-236.
4. Жұмайқызы Г. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырмалы ерекшеліктер. – Алматы, 2006. – Б. 53-54.
5. Кашкин И.А. Теория перевода. – СПб., 1997. – 378 с.

УДК 821

Наурузбаев С.М.

г. Ақтобе

## ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ ТЕРМИН КАК СМЫСЛОРАЗЛИЧИТЕЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ УРБАНОНИМА

Большая часть урбанонимов Лондона и Ақтобе представлена в виде двучленных номинаций, а географический номенклатурный термин является одним из его составляющих. Его роль в урбанонимии очень высока. «Словарь русской ономастической терминологии» представляет следующее определение данного термина:

«Географический термин (далее ГТ) – это слово, которое обозначает определенную географическую реалию. За данным термином стоит географическое понятие. Может являться видовым и родовым». Например: село, деревня, город, плато, пустыня, гряда, пик, мыс, долина, болото, залив, озеро, река. Необходимо отметить, что географический термин очень часто входит в состав топонима или порой выступает в роли топонима (топонимизируется); чаще всего используется при формировании астротопонимов, таких как кратер, мыс, равнина, залив, океан, море, однако подобное употребление географического термина является метафоричным. Видовой термин отмечает природную особенность определенного объекта и более существенен для смысловой характеристики названия [1].

Данный словарь определяет народный географический термин (локальный географический термин) как термин диалектной апеллятивной лексики, которое обозначает разновидность географической реалии. Автор отмечает, что народные географические термины могут представляться и в специальных научных географических терминах, могут быть словами литературного и общенародного языков. Наподобие географических терминов, они часто топонимизируются [2].

В различных терминологических и топонимических работах необходимые компоненты географического названия определяются различными терминами: проприатив и детерминатив, оним и номен; европейские языки и международная практика, в целом, для стандартизации географических названий используются термины *specific term* и *generic term* (англ.), *terme spécifique* и *terme générique* (франц.), *termino específico* и *término genérico* (исп.), то есть лексические единицы, которые включают индивидуализирующий и обобщающий элементы.

Следуя «Глоссарию топонимической терминологии», который был разработан Н. Кадмоном, географический термин – это часть топонима, описывающая природу определенной географической единицы в общих чертах с помощью фиксированных характеристик [3].

Для наименования физико-географических объектов, которые, как правило, состоят их двух функционально и сигнификативно различных компонентов: самого топонима и сопровождающего его термина, И.П. Литвин указывает следующие термины [4]:

➤ полная топонимическая формула (ПТФ), или номинационный комплекс - сочетание обоих компонентов;

➤ *топоним* (Т) - индивидуализирующий элемент ПТФ, собственное имя объекта (=specific term);

➤ географический термин – любой аппелятив с географическим значением вне зависимости от его роли в наименовании: он может быть составным элементов топонима или основой, например: мыс Канин Нос, Cape Sable Island (англ.), Cape Sable Island (англ.); может быть в связке с топонимом и таким образом «привязывать» его к данному объекту, например, New Providence Island (англ.), река Лена, lago di Garda (ит.); географический термин может, как соответствовать так и не соответствовать роду объекта, которого он называет;

➤ термин-указатель (ТУ) – географический термин в роли обобщающего элемента полной топонимической формулы; ТУ обязательно соответствует роду объекта, которого называет;

➤ географическое название (ГН) – термин с достаточно широким значением: чаще всего используется как синоним слова «топоним» или «полная топонимическая формула».

Анализируя географические названия необходимо различать их форму и структуру их функционирования.

Под структурой наименования природного объекта подразумевается:

- его состав: наличие одного из компонентов, то есть топонима или термина-указателя, либо наличие обоих эти компонентов;

- взаиморасположение данных элементов, орфографическое оформление и грамматические формы связи;

Под формой функционирования подразумевается практика использования либо употребления наименования в различных речевых и контекстных ситуациях.

Изучая структуру наименований физико-географических объектов, следует отметить, что состав наименований физико-географических объектов идентичен во всех языках, то есть это термин-указатель + топоним. Меняется лишь их грамматическая составляющая, причем вариантов не так много. С грамматической или синтаксической точки зрения цельная топонимическая формула представляется в виде атрибутивной синтагмы, где термин-указатель является определяемым, а топоним – определением. Их орфографическое оформление, связи, формы и взаиморасположение определяются нормами каждого языка отдельно.

Романские языки соответствуют такому порядку следования составных частей топонима, где термин-указатель расположен в препозиции (лишь единичные случаи допускают инверсивный порядок). Термин-указатель и сам топоним пишутся раздельно. Термин-указатель может писаться как с прописной, так и со строчной буквы (детальнее: французский - на карте с прописной, в тексте - со строчной; испанский, португальский, итальянский. - на карте с прописной, в тексте - по усмотрению автора).

В английском, казахском [5] и славянских языках термин-указатель может располагаться и в постпозиции и в препозиции с большей частотностью в том или ином языке того или иного варианта. Термин-указатель и топоним всегда пишутся раздельно: в английском языке топоним, преимущественно, пишется с прописной буквы (однако написание со строчной тоже встречается), в славянских и казахском языках – и со строчной, и с прописной.

Понятие структуры географического названия включает в себя также грамматическую характеристику, то есть: какие части речи используются для полной топонимической формулы, каковы грамматические средства и виды связи между ними. В виду того, что в атрибутивной конструкции термин-указатель всегда представляет собой определенный член словосочетания, обычно он выражается в виде существительного в именительном падеже (вне контекста). Топоним, в свою очередь, может выражаться существительным, числительным, прилагательным или сочетаниями: rue de Trois Bornes, улица Восьмое марта, Веселый переулок, Highland Croft, Back Lane.

В языках, где существуют грамматические категории числа и рода, топоним-прилагательное или топоним-числительное (порядковое) должен согласовываться с термином-указателем в числе и роде (романские, славянские языки).

Языки, где именные части речи склоняются, топоним-существительное, в роли определения, может иметь форму родительного или притяжательного падежа, иногда и косвенного.

В языках аналитического строя (романских, порой в английском) топоним-существительное может соединяться с помощью предлога с термином-указателем.

Наконец, термин-указатель и топоним могут быть связаны примыканием, то есть не владеть никакими особенными грамматическими показателями, которые их соединяют.

Обзор исследований, которые посвящены описанию структуры наименований физико-географических объектов позволяет выявить, что в построении и составе их в различных языках нет принципиальных различий. Полная топонимическая формула представляется единой (в обеих модификациях) для всех европейских языков и в обязательном порядке состоит из двух необходимых компонентов- это топоним и термин-указатель. Отсутствие одного из них необходимо рассматривать как эллипсис [5].

### Литература

1. Воробьева И.А. Топонимика Западной Сибири. – Томск, 1997. – 124 с.
2. Апресян Ю.Д. Избранные труды / Лексическая семантика. — М., 1995. – 472 с.
3. Kadmon Naftali. Glossaire de la terminologie toponymique. – [www.divisionfrancophone.org](http://www.divisionfrancophone.org), 1997.
4. Литвин И.П. О структуре и функционировании названий физико- географических объектов в своей и чужой языковой среде / Юномастика. Типология. Стратиграфия. – М., 1988. – С. 68-87.
5. Исаков А.И. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. – Алма-Ата, 1964. – 244 с.

УДК 821

Наурузбаев С.М.  
г. Актобе

## СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕИМЕНОВАНИЙ УЛИЦ В АКТОБЕ

Первый период реформирования национальной топонимии в начале XX века обусловлен двумя факторами: обновлением этнической структуры населения (результат переселенческой политики) и вытеснением казахских топонимов славянскими, доминированием антропонимического принципа. Данный принцип сохранялся на протяжении советского периода. Однако желание указать в номинации географических объектов итоги определенной идеологии, к примеру, цели переселенческой политики в девятнадцатом и двадцатом веках или идеологии социализма не всегда брали в расчет утилитарный смысл топонимов, тут подразумевается важность назначения ойконимов и удобство пользования. Переименования обрели массовый характер в двадцатом веке, тем самым определив систему промежуточных наименований географических объектов.

Двадцатый век был веком переплетения традиционных и искусственных топонимов, создания общесоветской ойконимии, которая отражала социалистическую идею государства. Развитие тяжелой, легкой и добывающей промышленности, эвакуация предприятий тяжелой промышленности стала толчком для формирования производственных топонимов в период Великой Отечественной Войны. В основе традиционных топонимов лежала адресная, первичная функция историко-географического названия, между тем как искусственные топонимы отражают авторитарное волеизъявление или решение, которое основывается на инициативе органов государственной власти. Второй этап миграции в период освоения целины русскоязычного населения был важным фактором распространения искусственных топонимов.

Сопоставительный анализ казахских и русских топонимов помог выявить когнитивные топонимические стереотипы факторов номинации и стал базой для выявления и изучения закономерностей, которые сопровождали переименования. Таким образом, выявление следующих закономерностей при переименовании стало возможным.

Первый период. Его особенность заключается в построении русской топонимической системы путем замещения казахских ойконимов, формирование русских онимов и появление субстратных онимов. Миграционные процессы и социальный фактор лежат в основе данного явления, отсюда и выявляется причина стихийности формирования топонимической системы.

Связь топонимической системы с топонимической средой тут четко прослеживается.

Второй период. Его особенность заключается в наличии двух срезов: 1920-1930 годы и послевоенный период (1950 годы, период восстановления разрушенного хозяйства). Отличительной чертой второго периода от первого заключается в выработке концепции топонима, это обусловлено твердостью идей социалистической идеологии именно в ойконимах [1]. Происходит, своего рода, сглаживание этнико-национальных особенностей, выраженность когнитивной структуры сознания посредством языковых инструментов не столь явная. Связь топонимической системы и топонимической среды, соответственно, не является системной. В 1990 годы приходит осознание, что выработка топонимической политики необходима и это проявляется при формировании ономастических комиссий при областных и городских акиматах, с помощью маслихатов были выработаны идеи о переименовании населенных пунктов [2].

Оба периода характеризуются общностью. Как в советский период, так и в 1990 годы социальный фактор представлял идеологическую предопределенность, чаще всего политического характера. К сожалению, возвращение идеологических наименований не всегда соответствовал строгим научным обоснованиям, бережным отношением к уже сложившимся топонимическим системам, учету культурных традиций и игнорированию базового, а именно адресного назначения топонима. Необходимо также отметить, что определенные топонимы оказали влияние на формирование сознания не одного поколения населения данной области, а также на социальные установки и мировоззренческие позиции населения. Соответственно, тут не могло обойтись без известного внутреннего сопротивления.

Ономастические комиссии при областных и городских органах власти, созданные в период независимости ономастических комиссий, занимаются выработкой стратегий переименований. Разработка рекомендаций по переименованию ряда поселков, проведение и организация разъяснительной работы среди жителей, изучение общественного мнения выявили основные направления деятельности ономастических комиссий и стали причиной формирования областного управления по развитию языков. Расширению источниковедческой базы работы способствует привлечение ученых из разного рода областей науки в последние годы и дальнейшее новое качественное развитие краеведения [3].

Анализ топографической картины города Актобе подтверждает исконно казахское происхождение топонимов и последующей их замене русскими ойконимами, дает возможность утвердить устойчивость географических наименований природных объектов (чаще всего гидронимов) к воздействию внешних факторов и влиянию истории переименований, а также выявить в первоначальных казахских наименованиях языковые факторы, особенности и основания удержавшейся картины мира и этно-национального своеобразия в онимах [4].

Разрозненность сведений, полученных из архивных фондов или основанные на устных свидетельствах, которые зачастую не содержат четкой информации о датах и промежуточных наименованиях городских объектов очень осложняет задачу [4].

Крайний период переименований начался с 2002 года [1]. Антологические особенности формирования все больше доминировали на территории Актобе и всего Казахстана в целом. Одним из показательных примеров является переименование проспекта Мира в проспект Бейбитшилик [5]. Дословно, с казахского языка «Бейбітшілік» переводится как «мир». Однако вопрос о переименовании одной из главных и старых улиц города был принципиальным.

Таким образом многие наименования улиц, оставшиеся со времен Советской власти, были заменены в честь казахских биев, батыров, поэтов и писателей. Например, улица Фрунзе (советский государственный деятель и военачальник Красной армии) сменила название на улицу Жанкожа батыра, а улица Шмидта – в улицу Монке би [5].

Необходимо отметить зеркальный способ переименования. То есть улица, названная в честь значимой идеи, события или деятеля СССР меняет свое название в сторону человека, сыгравшего важную роль в истории Казахстана, будь то во время ЦК КП(б) или КазССР. Тут в пример можно привести улицу 50 лет Октября, именованную в честь пятидесятилетия Великой Октябрьской Социалистической Революции, которая была заменена улицей в честь Тахауи Ахтанова – народного писателя Казахстана и лауреата Государственной премии Казахской ССР [6]. Улица Дружба была изменена на улицу Тайбекова Елубая. Дружба в данном случае подразумевалась «дружба советского народа с народами социалистических стран» и многие города постсоветского пространства сохранили подобное именование как один из характерных

